Пән заманауи білімнің мазмұнын ішкі рухани-адамгершілік мағынамен толықтыруды көздейді және оқытудың маңызды мақсаттарының бірі білім алушылардың ажырату қабілетін және адамгершілік қасиеттерін дамыту, парыз, абырой, әділеттілікті ұғынуын нығайту болып табылады. Білім алушылар жақсылық пен жамандықтың, мейірімділік пен зұлымдықтың арасындағы

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

айырмашылықты ажыратуға үйренулері керек және бұл - өсіп келе жатқан ұрпақ үшін оқытудағы ең қажетті мәселелердің бірі.

Дұрыс әрекет пен дұрыс емес әрекетті ажыратуға көмектеспейтін, күнә алдындағы қорқынышты және адамдарға деген сүйіспеншілікті, адамгершілік заңдылықтарына үйретпейтін, ата-аналарына құрмет көрсетуге ықпалын тигізбейтін және де өз біліктері мен жетістіктерін отбасының, қоғамның, елдің, ұлттың, адамзаттың өркендеуіне арнауға шабыттандырмайтын кез-келген білім беру жүйесі қажетсіз.

Пәннің мақсаты – магистранттарды жоо-да оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша теориялық білімдермен және тәжірибелік дайындығымен қамтамасыз ету, болашақ педагог тұлғасының рухани-адамгершілік өзгеруіне ықпалын тигізу, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде кемел тұлға тәрбиелеу.

Пәннің міндеттері:

- ЖОО-да өзін-өзі тану пәнін оқытудың ғылыми-теориялық негіздерінің мазмұнын ашу;

- «Өзін-өзі тану» сабағының жоспарын жасауға және өтілген сабақты талдауға үйрету;

- біртұтас педагогикалық үдерісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды интеграциялауға студенттердің практикалық дайындығын дамыту;

- жалпыадамзаттық құндылықтарды ұғынуға, үздіксіз өзін-өзі тануға және өзін-өзі жетілдіруге ұмтылысын дамытуға ықпал ету [2].

Мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар қазіргі заманның білім беру мәселелерінің өзегі болғанда ғана өз шешімін табады, басқаша айтқанда бұл құндылықтар оқытып жатқандарымыздың барлығымен тұтастай бірлікті құрайды. Бұл жағдайда, біз тек академиялық жетістіктерге ғана қол жеткізіп қоймай, сонымен қатар адамның жан-жақты үйлесімде дамуын қамтамасыз етеміз немесе адамның кемел мінезді болуын қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Сондықтан болашақ мұғалім алдымен өзінің жоғары рухани табиғатын жете түсінуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолданудың үлгісі болуы тиіс. Сонда ғана ол әрбір оқушыға рухани-адамгершілік білімді жеткізе алатын болады. Осылайша, пәннің негізгі міндеті әрбір студентке өзінің адами және кәсіби мұратын жаңаша түрде ұғынуына көмек беру болып табылады [3].

Ұсынылған пән: «Өзін-өзі тану пәнін оқытудың аксиологиялық негіздері», Мектепте «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың әдістемелік және құрылымдық-мазмұндық аспектілері, «Өзін-өзі тану» тараулары мазмұнының әдістемелік сипаттамасы деп аталатын 3 модульден тұрады. Мұнда Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты, Дұрыс әрекет жасаудың тәжірибесі адамгершіліктің алтын ережесі, Тыныштық адамның ішкі табиғаты ретінде, Сүйіспеншілік – әлем құрылымының негізі, Қиянат жасамау – тұлғаның үйлесімді дамуының нәтижесі туралы терең мәліметтер беріледі. Сондай-ақ, студенттер болашақта мектепте өзін-өзі тану сабағын жоспарлаудың негіздерімен жете танысып, сабақтың құрылымы, мақсаты мен міндеттері, олардың жалпыадамзаттық құндылықтар және қасиеттерімен байланысын жете түсінеді. Өзін-өзі тану пәнін оқытудың әдістемелік тәсілдерін, өткізу тәртібі мен сабақтың рухани-адамгершілік тереңдігін және сабақты мектепте қалай өткізудің тиімді жолдарын меңгереді. Бастауыш білім беру, орта сыныптар мен жоғары сыныптар үшін тараулардың әдістемелік сипаттамасына жан-жақты талдау жасалады және тәжірибедегі мүмкіндіктеріне бас назар аударады. Сондай-ақ, төмендегідей: жағымды ойлау, сеніммен әңгімелесу, кейіпкерлермен жүздесу, қолмен сипау, жақын тарту,

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

сыбырлау, байқалмайтын қателік, жас зерттеуші т.б. ізгілік тәсілдемелері пайдаланылады.

Пәнді өткізуде семинар сабақтарды магистранттар өздері өткізуге дайындалады және ұйымдастырудың жаңаша бағыттағы формаларын әрбір тақырыпқа сәйкес таңдайды. Ұсынылған формалар: Кеңес беру, Үлкен шеңбер, Аквариум әдісі, Психологиялық консилиум, Сократтық әдіс, Дебат, Еркін микрофон, Миға шабуыл, Жобалау әдісі, Дискуссия, Дөңгелек үстел әдісі, Іскерлік ойындар әдісі, Әлеуметтік – психологиялық тренинг, Мозайка әдісі, Тренинг және т.б. әдістер қолданылды. Аталған формаларды әр магистрант өздері сабақтың тақырыбына сәйкестендіріп пайдаланудың жолдарын қарастырады, жоспар құрады, топта өткізіп көреді, басқалары оны талдау жасап, жетістіктері мен ұсыныстарын айтады.

Мысал ретінде төменде семинар сабақтардың қысқаша үлгісін ұсынамыз [4].

Тақырып 1. Ақиқат өзін-өзі танудың мақсаты ретінде.

Мақсаты: магистранттардың алған білімдерін топта талдау жасай отырып бекіту және кеңес беру формасын тәжірибеде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.

Талдауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Барлық болмыстың бастапқы табиғаты туралы білім (А.Құнанбаев, К.Д. Ушинский, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және т.б.).

2. Шындықтың мәні туралы (П.П. Гаряев). Абсолюттік және салыстырмалы ақиқат. Нағыз шындық – бұл ар-ұждан.

3. «Тап қазір» сәтінің күші. Ақиқатты анықтауға тән қасиеттер.

Ұйымдастыру формасы: Кеңес беру.

Кеңес беру техникаларын қолдануда студенттер жұпқа бөлінеді. Жұптың бір мүшесі «кеңес алушы» және екінші мүшесі «психолог-консультант немесе әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану пәні мұғалімі рөлінде болады». Кеңес алушы» рөліндегі студент «психолог-консультант рөліндегі» студентке өмір тәжірибесінен алынған мәселелерін шешуде көмек алу үшін кеңесшіге келеді. Біздің жағдайымызда көмек сұраушы білім беру бағытында бірінші талдауға ұсынылатын сұрақтар бойынша өз ойын айтып түсіндіруді сұрайды. 30 минут кеңес беру барысына арналады. 20 минут кеңес беру нәтижесін топта талдауға арналады.

1. Студенттер жұпқа бөлінеді. (санау арқылы, түс таңдау арқылы, музыка әуені арқылы т.б.)

2. Жұптың бір мүшесі «кеңес алушы» және екінші мүшесі «психолог-консультант немесе әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану пәні мұғалімі рөлінде болады».

3. «Кеңес алушы» рөліндегі студент «Барлық болмыстың бастапқы табиғаты туралы білім (А.Құнанбаев, К.Д. Ушинский, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы және т.б.). туралы өз ойын бөлісуге және кеңес алу үшін «психолог-консультант немесе әлеуметтік педагог рөліндегі» маманға келеді.

4. Келесі жұп «Шындықтың мәні туралы (П.П. Гаряев). Абсолюттік және салыстырмалы ақиқат. Нағыз шындық – бұл ар-ұждан» тақырыбында кеңес алуды бастайды.

5. Одан кейінгі жұп «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы сүйіспеншілік қағидасы. Сүйіспеншілікке толы, өмірлердің мысалдарын студенттерге түсіндіреді.

6. Кеңес беруде дәріс мазмұнына сәйкес мәліметтер тұтас талдауға түсетінін және оны толық қамтуды қадағалау керек.

7. 30 минут кеңес беру барысында талдауға ұсынылатын сұрақтар толық қарастырылып өздерінің теориялық білімдерін дәлелдеп, екінші адамға өз ойын

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

жеткізеді, басқалары өз ойларымен толықтырады. Осылайша магистранттар өз тәжірибелерін шыңдап, мүмкіндіктерін аша түседі.

Тақырып 2. Сүйіспеншілік – әлем құрылымының негізі.

Мақсаты: магистранттардың алған білімдерін топта талдау жасай отырып бекіту, “Үлкен шеңбер” формасын тәжірибеде пайдалана білу дағдыларын қалыптастыру.

Талдауға ұсынылатын сұрақтар:

1. Сүйіспеншілік мәңгілік жалпыадамзаттық құндылық ретінде. Сүйіспеншіліктің түрлері. Риясыз сүйіспеншілік. Сүйіспеншілік энергиясы.

2. Сүйіспеншілікті анықтауға тән қасиеттер. Сүйіспеншілік жолындағы кедергілер.

3. Педагогикадағы сүйіспеншілік (Я.А. Коменский, Л.Н. Толстой, Я.Корчак, В.А. Сухомлинский және т.б.).

4.«Өзін-өзі тану» пәнін оқытудағы сүйіспеншілік қағидасы. Сүйіспеншілікке толы өмірлердің мысалдары.

Ұйымдастыру формасы: “Үлкен шеңбер”. Бұл әдісті кез келген сұрақтың шешімін тез табу керек болған жағдайда қолдануға болады. Осы форманың көмегімен мысалы, заң жобаларын немесе нұсқауларды, нормативті-құқықтық актілерді жасауға болады. Жұмыс үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең. Топ үлкен шеңбер болып отырғыштарға отырады. Оқытушы мәселені ұсынады.

Екінші кезең. Белгілі уақыт ішінде (10 минут) әрбір студент жеке осы мәселені шешудің жолдарын қағаздарына жазады.

Үшінші кезең. Шеңбер бойынша әрбір студент өз ұсыныстарын ұсынады, топ бұл ұсынстарды сынамай тыңдайды және әңгіме бойынша тақтаға жазылып тұратын ортақ шешімге қосу, қоспауға дауысқа салады.

Жұмыс үш кезеңнен тұрады.

Бірінші кезең. 1.Сүйіспеншіліктің түрлері: өзімшіл сүйіспеншілік оған мысалдар. Сүйіспеншілік энергиясы.

Екінші кезең. Сүйіспеншіліктің түрлері: өзара сүйіспеншілік оған мысалдар. Сүйіспеншілікті анықтауға тән қасиеттер.

Үшінші кезең. Сүйіспеншіліктің түрлері: риясыз сүйіспеншілік оған мысалдар. Сүйіспеншілік жолындағы кедергілер

Қатысушылар ұсынылған тапсырмаларды жан-жақты талдау жасап сүйіспеншілік құндылығының мәнін ашып, тәжірибелік мысалдармен дәйекті дәлелдейді.

Екінші тапсырма бойынша педагогтардың идеяларын педагогикадағы сүйіспеншілік тұрғысынан: Я.А. Коменский, Л.Н. Толстой, Я.Корчак, В.А. Сухомлинский және т.б. «қысқа қайырым» әдісімен талдау жасау да магистранттар үшін жаңаша ойлауды қалыптастыруға, педагогикалық сүйіспеншіктің маңызын түсінуге, кәсіби шеберлікті қалыптастыруға ықпал ететіндігіне көз жеткізді. Магистранттар семинар сабақта өздерінің теориялық білімдерін тәжірибеде шыңдауға, болашақта ғылыми-зерттеу тәжірибесінен өткенде студенттермен «өзін-өзі тану» пәнін өткізудің әдістемесін жетік меңгеріп, қызықты мәліметтер мен жаңаша бағыт – бағдар алып шығады [5].

Ойымызды қорытындылай келе, үздіксіз өзгеріп тұрған заман адамнан сол заман талабына сай білім алып, жаңа істерді меңгеруді талап етеді. Осыған орай, жоғары мектепте өзін-өзі тану пәнін өткізудің әдіснамасы мен әдістемесін жаңа педагогикалық технология ретінде қолданудың маңызы зор. Білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үдерісін жаңалықтармен қамтамасыз ету барысында ғана, біз саналы да білімді азаматтар тәрбиелей аламыз. Ал, қазіргі уақытта жоғары мектеп оқытушылары аталған курсты инновациялық технология тұрғысынан

қарап, тәжірибеде тиімді пайдалану жолдарын дамытып, оны өз тәжірибесінде өмірлік дағды ретінде қалыптастыра білгенде ғана еңбек өз нәтижесіне жете алады.

Әдебиеттер:

1. Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn - bolashakka - bagdar – ruhani – zhangyru – atty - makalasy Пайдаланған уақыты: 10.11.2017 ж.

2. Типтік оқу бағдарламасы. 6М012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану. – Алматы, 2016. – 39 б.

3. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. – М.: Амрита-Русь, 2012. – 320 с.

4. Жұмабекова Ф.Н., Омарбекова А.И Қазақстанда «өзін-өзі тану» пәнінің жаңартылған бағдарламасын оқытудың негізгі ерекшеліктері // Общественные науки в Синьцзяне. – 2016.

5. Жұмабекова Ф.Н. Заманауи білім кеңістігін ізгілендіруде жаңа тәсілдемелерді пайдалану жолдары // «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты халықаралық ғылыми-парактикалық конференция жинағы. – Түркістан, 2016. – Б. 75-79.

Жумабекова Ф.Н.

НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ИЗУЧЕНИЯ ПРЕДМЕТА «САМОПОЗНАНИЕ» В ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЯХ

В статье рассмотрены актуальные проблемы, направленные на решение одной из основных задач - повышение качества и модернизацию современного отечественного образования. В частности, «Методология преподавания самопознания в высших учебных заведениях» - это вклад в содержание образования в принципиально новом направлении, поскольку цели, задачи, содержание, приспособление и организационные формы духовно-нравственного воспитания являются новыми направлениями.

На современном этапе это не формирование личности в прежней системе, а достижение идеального человека, а также возможность открыть духовные начала каждого нового поколения, совершенствование их морального и творческого потенциала, их мысли, слова, способы организации целевого образовательного процесса.

Представлены также виды работ, направлены на повышение квалификации магистрантов, использование полученных теоретических знаний на практике.

Ключевые слова: духовно-нравственные, духовные основы, доброта, самопознание, воспитание, воспитание и развитие совершенного человека.

Zhumabekova F.N.

NEW DIRECTIONS IN THE STUDY OF THE SUBJECT "SELF- KNOWLEDGE" IN HIGHER EDUCATION INSTITUTIONS

The issue discussed in this article is aimed at solving one of the main tasks of improving the quality and modernizing the modern domestic education.

In particular, "The methodology of teaching self-knowledge in higher education" is a contribution to the content of education, in a fundamentally new direction, since the goals, objectives, content, adaptation and organizational forms of spiritual and moral education are new directions.

At the present stage, it is not the formation of a personality like the old system, but the achievement of an ideal person, as well as the opportunity to discover the

spiritual principles of each new generation, the perfection of their moral and creative potential, their thoughts, words, ways of organizing a targeted educational process, the ability to be a good person.

There are also types of work aimed at improving the skills of undergraduates, the use of theoretical knowledge gained in practice.

Keywords: spiritual and moral, spiritual foundations, kindness, self-knowledge, education, upbringing and development of the perfect person.

УДК 630*114.27

Сергалиев Н.Х. – кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова
Тлепов А.С. – кандидат сельскохозяйственных наук, Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана
Нагиева А.Г. – доктор философии (PhD), Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана
Жиенгалиев А.Т. – докторант Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана
E-mail: nagievaliya@mail.ru

ИЗУЧЕНИЕ СОВРЕМЕННОЙ МЕТОДИКИ ИЗМЕРЕНИЙ ЭМИССИИ ДИОКСИДА УГЛЕРОДА ПОЧВ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

***Аннотация.** В статье рассматривается методика измерений эмиссии диоксида углерода, являющаяся актуальной в связи с глобальными проблемами парникового эффекта и загрязнения атмосферы. Изучение современного метода направлена на формирование у обучающегося знаний и навыков в профессиональном процессе. Приведены результаты проведения исследований сезонных изменений эмиссии диоксида углерода темно-каштановой почвы различных угодий сухостепной зоны Западно-Казахстанской области.*

***Ключевые слова:** темно-каштановая почва, эмиссия, диоксид углерода, целина, пашня.*

Одной из основных проблем современной экологии являются глобальные изменения климата, биоты и условий жизнедеятельности человека. Исследования эмиссии газов из почв, традиционные для экологии и почвоведения, являются актуальными в связи с глобальными проблемами парникового эффекта и загрязнения атмосферы [1]. Актуальность процессов, характеризующих изменение климата на планете, еще в прошлом столетии была признана на межправительственном уровне и выразилась в заключении в 1992 г. Рамочной конвенции ООН об изменении климата, а в 1997 г. - Киотского протокола к ней. И хотя основной сферой деятельности, регулируемой Киотским протоколом, являются промышленные эмиссии парниковых газов, он также касается изменений источников и стоков парниковых газов в лесном и аграрном секторах, которые напрямую связаны с деятельностью человека. Экологическая оценка различными специалистами повышенной эмиссии CO₂ весьма неоднозначна. Почвенный покров может выступать как в качестве стока, так и в качестве источника парниковых газов, выполняя в той или иной степени важнейшую планетарную функцию регуляции газового состава атмосферы и оказывая принципиальное влияние на изменение климата [2; 3].

При рассмотрении вопросов о потоках CO_2 необходимо разделять понятия: эмиссия CO_2 – процесс, характеризующий выделение CO_2 с поверхности почвы в атмосферу; продукция CO_2 – образование этого газа в результате биогенных и абиогенных процессов в почве; дыхание почвы – суммарная продукция CO_2 в результате дыхания корней растений, микроорганизмов и животных. Интенсивность дыхания и содержание CO_2 в почвенном воздухе зависит от температуры и влажности почвы, уровня грунтовых вод, от роста надземной и корневой массы, а также от особенностей трансформации органического материала [4]. Почвенное дыхание – один из наиболее принципиальных источников эмиссии углекислого газа, определяющий 25-40% от общей эмиссии диоксида углерода наземными экосистемами [1; 5; 6]. Следует отметить, что концентрация диоксида углерода увеличивается с глубиной [1; 5]. Суточная динамика выделенного CO_2 зависит от типа экосистемы и биоклиматического пояса, определяющих в свою очередь биологическую активность и термодинамические условия протекания процесса. В течение сезона максимальное дыхание обычно отмечается в середине лета, а минимальное – в зимнее время, чему способствуют низкие температуры и плохая проницаемость промерзшей почвы для газообразных веществ [6]. И если почвенное дыхание чаще всего возрастает экспоненциально как функция температуры, то почвенная влажность влияет на дыхание комплексно [7].

В настоящее время, как в России, так и за рубежом большое внимание уделяется изучению функционирования криогенных почв в условиях меняющегося климата, их гидротермического режима и также параметров биологической активности [7; 8; 9; 10; 11; 12]. Единичными являются исследования потоков парниковых газов в холодное время года [13; 14]. Ключом к пониманию глобального цикла углерода является оценка эмиссии CO_2 из криогенных почв, как интегрального показателя их биологической активности [15]. К сожалению, редки работы по изучению пространственной вариативности эмиссии парниковых газов и содержания органического углерода в почвах бореальных и арктических экосистем, которые необходимы для надежных оценок потоков углерода [16].

Потребность оценки эмиссии парниковых газов из сельскохозяйственных почв связана с важнейшей ролью, которую играют почвы в их образовании, особенно CO_2 [1]. Оценка эмиссии CO_2 из почв имеет важное значение для характеристики циклов углерода в биосфере. По интенсивности выделения CO_2 можно судить о направленности изменения содержания органического вещества в почвах, соотношений процессов минерализации и гумификации органического вещества, биологической активности почвы.

Измерения эмиссии диоксида углерода производится двумя способами: методом в модификации И.Н. Шаркова и метод с использованием полевого респирометра Li-8100A (Li-Cor biosciences, США).

При определении абсорбционным методом в модификации И.Н. Шаркова эмиссию CO_2 определяют в режиме оперативного мониторинга с интервалом 7-10 суток. Для этого используют полипропиленовые сосуды ($d = 10$ см, $h = 15$ см) с крышками. Сосуд-изолятор врезается в почву на глубину 7 см. В месте врезания сосуда-изолятора надземная часть растений срезается на уровне почвы. Внутри ставится чашечка ($d = 5$ см) с 10 мл 1 н. NaOH. Сосуд плотно закрывается крышкой на 24 ч, после чего чашечка извлекается и на месте титруется раствором 0,2 н. HCl по фенолфталеину. Выделенное почвой за экспозицию количество CO_2 рассчитывается с учетом холостого титрования (щелочь на период экспозиции помещается в сосуд без почвы объемом, равным объему

БММУ Хабаршы №3-2018ж.

свободного пространства в рабочем сосуде). Суммарные выделения CO_2 за вегетацию рассчитывают путем линейного интерполирования. Одновременно производится измерение температуры и влажности почвы в слое 0–20 см.

Определение содержания углерода в образцах проводилось в соответствии с международным стандартом ISO 10694:1995. Определение содержания органического и общего углерода методом сухого сжигания (элементный анализ), и инструкцией по применению прибора элементный анализатор серии Multi модели Multi N/C 2100.

Сущность метода заключается в окислении находящегося в почве углерода (C) до диоксида углерода (CO_2) в потоке кислородсодержащего газа при нагревании почвы до 900°C и в последующем определении количества CO_2 с применением инфракрасной спектрометрии.

Методика определения включает определение общего содержания углерода, в том числе углерода карбонатов, и определение содержания органического углерода. Скорость потока CO_2 с поверхности почвы измеряли по стандартному варианту закрытого динамического камерного метода (Closed dynamic chamber method (CDC)) с использованием полевого респирометра Li-8100A (Li-Cor biosciences, США). Для этого стальные кольца диаметром 10,5 см и высотой 5 см устанавливали в почву на глубину 3 см, предварительно срезав все растения. Затем на кольцо устанавливали камеру прибора. После установки измерительной камеры на кольцо воздух циркулирует внутри замкнутой системы, состоящей из камеры, насоса и инфракрасного газоанализатора. Концентрация CO_2 при этом растет, что позволяет по коэффициенту наклона рассчитать скорость эмиссии газа из почвы. Время измерения составляло 1 минуту. Температуру почвы измеряли почвенным термометром, входящим в комплект респирометра, с точностью $0,1^\circ\text{C}$, объемную влажность почвы – датчиком ThetaProbe ML2 (Delta-T devices, Великобритания), соединенным с блоком управления респирометра, с точностью 0,1%. Измерения влажности и температуры проводили в точке измерения дыхания на глубине 5 см.

Исследования проводились в 2015-2017 г.г. в программе «Грантовое финансирование научных исследований» на тему «Оценка запасов углерода пойменных лесов аридной территории», а также с 2018 г. проводятся научно-исследовательские работы по теме «Изучение запасов углерода и эмиссии диоксида углерода темно-каштановых почв в зависимости от типа землепользования в агроценозах Приуралья РК», которые используются при оценке современного состояния и мониторинга различных почв сухостепной зоны Западного Казахстана. Приведенные результаты исследований выполнены в 2018 году в весенний и летний сезон на темно-каштановых почвах по угодьям на территории Западно-Казахстанской области.


Таблица 1 – Сезонная динамика изменений эмиссии CO_2 в темно-каштановой почве по угодьям

Период отбора	Темно-каштановая среднемошная нормальная тяжелосуглинистая, целина			Темно-каштановая слабосмытая нормальная тяжелосуглинистая пашня		
	Эмиссия CO_2 , ммоль/м ² /сек	Влажность, %	Температура почвы, $^\circ\text{C}$	Эмиссия CO_2 , ммоль/м ² /сек	Влажность, %	Температура почвы, $^\circ\text{C}$
Март	410,31	48,9	25,0	402,1	47,7	24,3
Апрель	403,42	48,4	25,4	412,3	45,5	25,2

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

Май	393,28	32,2	36,4	396,8	10,5	24,9
Среднее за весенний сезон	402,33	43,2	28,9	403,7	34,6	24,8
Июнь	393,4	32,4	31,9	393,1	35,8	29,2
Июль	386,3	34,2	37,6	386,7	36,3	35,0
Август	385,4	39,0	35,0	380,1	42,1	32,6
Среднее за летний сезон	388,3	35,3	34,9	386,6	38,1	32,3

А
целина



Б
Пашня




Рисунок 1 – Сезонная динамика эмиссии CO₂, (ммоль/м²/сек) (А), температуры (°C) и влажности (%) (Б) темно-каштановой почвы по угодьям

В целом, эмиссия CO₂ по сезонам достоверно отличается достигая максимума в весенние месяцы, что вероятно связано с резким изменением температуры и влажности после зимнего периода, что косвенно подтверждают данными исследователей криогенных почв, которые указывают на сильное увеличения эмиссии после циклов оттаивания. Это вероятно объясняется оптимальными условиями температуры и влажности для разложения органического вещества. На пахотном угодье эмиссия выше, чем целинном, что связано с большей антропогенной нагрузкой на пашне. Наименьшая эмиссия CO₂ на целинном участке связано с балансом процессов разложения и создания органического вещества в целинных почвах и отсутствием антропогенной нагрузки.

Средне значение эмиссии диоксида углерода из почв по угодьям значимой не различаются, однако различие наблюдается между сезонами. *Эмиссия диоксида углерода в весенний период зависит от абиотических и биотических факторов, в частности таких как влажность, температура, тип землепользования. Это вероятно связано с оптимальными условия для микробиологической активности, и отрицательным воздействием вспашки, выпаса на активность микроорганизмов.* Эмиссия диоксида углерода в течении весеннего и летнего периодов варьирует по месяцам, максимальная величина отмечена в марте и минимальная в мае на целине и апреле-мае соответственно на пашне, на которое оказывает влияние мощность сезонноталого слоя, содержание углерода в почве и влажность.

Полученные результаты служат основой для сравнительной оценки эмиссии CO₂ из почв на уровне зоны и основных типов почв. Также могут быть использованы для экспериментального обеспечения и проверки региональных и глобальных моделей, описывающих взаимодействия углеродного цикла и климата на уровне других регионов.

Приведенные результаты научно-исследовательской работы выполнены за счет гранта Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан по теме «Изучение запасов углерода и эмиссии диоксида углерода темно-каштановых почв в зависимости от типа землепользования в агроценозах Приуралья РК» и внедрены в учебный процесс согласно учебной программе по дисциплинам «Химия почв», «Микроорганизмы и плодородие почвы», «Химическая экология» Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана для специальностей 5М080800-Почвоведение и агрохимия и 5М060800-Экология.

Литература:

1. Смагин А.В. Газовая фаза почв. – М: Изд-во Моск. ун-та, 2005. – 301 с.
2. Ouimet R., Tremblay S., Perie C., Pregent G. Ecosystem carbon accumulation following fallow farmland afforestation with red pine in southern Quebec // *Canadian Journal on Forest Resources*. – 2007. – V. 37. – P. 1118-1133.
3. Курганова И.Н. Эмиссия и баланс диоксида углерода в наземных экосистемах России / Автореферат дис. канд. биол. наук. – М., 2010. – 50 с.
4. Головацкая Е.А., Дюкарев Е.А. Влияние факторов среды на эмиссию CO₂ с поверхности олиготрофных торфяных почв Западной Сибири // *Почвоведение*. – 2012. – №6. – С. 658-667.
5. Bouwman A.F., Germon J.C. Special issue: Soils and climate change. Introduction // *Biol. Fert. Soils*. – 1998. – V. 27. – P. 219.
6. Кудяров В.Н. и др. Пулы и потоки углерода в наземных экосистемах России. – М.: Наука, 2007. – 315 с.

7. Pacific V.J., McGlynn B.L., Riveros-Iregui D.A., Welsh D.L., Epstein H.E. Variability in soil respiration across riparian-hillslope transitions // *Biogeochemistry*. – 2008. – DOI 10.1007/s10533-008-9258-8.
8. Davidson E.A. Janssens I.A. Temperature sensitivity of soil carbon decomposition and feedbacks to climate change // *Nature*. – 2006. – P. 165-173.
9. Малханова, Е.В. Эмиссия диоксида углерода мерзлотными почвами юга Витимского плоскогорья / Автореферат дис. канд. биол. наук. – Улан-Удэ: БГУ, 2007. – 19 с.
10. Карелин Д.В., Замолодчиков Д.Г. Углеродный обмен в криогенных экосистемах. – М.: Наука, 2008. – 344 с.
11. Turetsky M.R., Wieder R.K., Vitt D.H., Evans R.J., Scott K.D. The disappearance of relict permafrost in boreal north America: Effects on peatland carbon storage and fluxes // *Global Change Biology*. – 2007. – V. 13. – P. 1922-1934.
12. Walter K.M., Edwards M.E., Groose G., Zimov S.A., Chapin F.S. Thermokarst lakes as a source of atmospheric CH₄ during the last deglaciation // *III. Science*. – 2008. – V. 318. – P. 633-636.
13. Zimov S.A., Zimova G.M., Daviodov S.P., Davidova A.I., Voropaev Y.V., Voropaeva Z.V. Winter biotic activity and production of CO₂ in Siberian soils: a factor in the greenhouse effect // *Journal of Geophysical Research*. – 1998. – P. 5017-5023.
14. Курганова И.Н. Эмиссия и баланс диоксида углерода в наземных экосистемах России / Автореферат дис. докт. биол. наук. – Пущино: ИФХБПП РАН, 2010. – 50 с.
15. Raich J.W., Tufwackioglou D. Vegetation and soil respiration: correlation and controls. – 2000. – V. 48. – P. 71-90.
16. Замолодчиков Д.Г., Грабовский В.И., Краев Г.Н. Динамика бюджета углерода лесов России за два последних десятилетия // *Лесоведение*. – 2011. – № 6. – С. 16–28.

**Сергалиев Н.Х., Тлепов А.С., Нагиева А.Г., Жиенгалиев А.Т.
ТОПЫРАҚТА КӨМІРТЕК ДИОКСИДІ ЭМИССИЯСЫН ӨЛШЕУ
ЗАМАНУИ ӘДІСІН ОҚУ ҮРДІСІНДЕ МЕНҒЕРУ**

Мақалада парниктік әсер және атмосфера ластануының жаһандық мәселесімен байланысты өзекті болып келетін көміртек диоксиді эмиссиясын өлшеу әдістемсі қарастырылған. Замануи әдісті менҒеру білім алушылардың кәсіби үрдісте білім мен біліктілікті қалыптастыруына және нығайтуына бағытталған. Зерттеу барысында Батыс Қазақстан облысы құрғақ дала аймағы түрлі жерді пайдаланудағы қою қара-қоңыр топырағының көміртек диоксиді эмиссиясының маусым аралық өзгеруінің нәтижелері келтірілген.

Түйінді сөздер: қою-қоңыр топырақ, эмиссия, көміртек диоксиді, тын және жыртылған жерлер.

**Sergaliyev N.Kh., Tlepov A. S., Nagiyeva A.G., Zhiengaliyev A.T.
STUDYING MODERN METHOD OF MEASUREMENTS OF EMISSION OF
CARBON DIOXIDE OF THE SOIL IN THE EDUCATIONAL PROCESS**

The article discusses the method of measuring the emission of carbon dioxide, which is relevant in connection with the global problems of the greenhouse effect and air pollution. The study of the modern method is aimed at the formation of the student's knowledge and skills in the professional process. The results of studies of seasonal changes in carbon dioxide emissions of dark chestnut soil of various lands of the dry-steppe zone of the West Kazakhstan region are presented.

Keywords: dark chestnut soil, emissions, carbon dioxide, virgin land, arable land.

ӘОЖ 371.357

Байташева Г.У. – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Мусина А.С. – техника ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Шарипбаева А.М. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистранты
E-mail: Gauhar75e@mail.ru

ОБСӨЖ, СӨЖ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ҰТЫМДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа. Мақалада қоршаған ортаны қорғауға арналған тапсырмаларды ОБСӨЖ және СӨЖ сабақтарында инновациялық технологияларды пайдалану ұтымдылығы көрсетілген. ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтарының маңыздылығы мен әдіс тәсілдерді пайдалану ерекшеліктері берілген. Инновациялық технологияларды ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтарында пайдалану студенттердің шығармашылық қабілетінің дамуы мен өмірде қолдану дағдыларының қалыптасатындығы қарастырылған.

Тірек сөздер: ОБСӨЖ, СӨЖ, жоба, мониторинг, бағалау, бақылау, инновация.

Заман талабына орай білім беру мен оқыту мәселелері кең талқыланған уақытта студенттердің дағдысын қалыптастыру жолдарын іздестіру өзекті мәселе.

Қазіргі таңда, жоғары оқу орындарында қарқынды өзгерістер орын алуда. Бұл өзгерістер оқу мен оқыту процестерінде айқын байқалады. Студенттердің демографиясы, әлемдік деңгейдегі өзгерістер, жаһандық өзара байланыстар мен жоғары білім берудегі нарықтық бағдарлар және БАҚ-дағы желілік таралуы әсер етеді. Жоғары білім берудегі басқа да, мүмкін, институционалдық көрсеткіштерді бағалауды стандарттау мәселесі бойынша, соның ішінде студенттердың қаншалықты білім алғанын көрсету үшін стандартталған дәлелдер туралы көп пікірталастар айтылады. STEM пәндері инновациялық білім экономикасына қызмет көрсету үшін құпталады, әртүрлі пәндер арасындағы ресурстарды теңдестіру және зерттеудің әртүрлі салаларының салыстырмалы беделін ашу мәселесін ашық талқыланады. Кейбір педагогтар арасында студенттер білім деңгейіне бағдарланған жоғары білімді кәсіби және бейінді оқытуды артық көретіндіктен, өздерінің дәрежелерін арттыруға күш салуда. Жоғары білімнің құны барлық жерде өсіп келеді және көптеген елдер мен институттар жоғары білім беруді қаржыландырудың тұрақтылығын күмәнданады. Осыған орай, біз білетінімізді және алға жылжу жолын зерттеу үшін жоғары білім берудегі оқыту мен оқуды қарастырған ғалымдар, Көптеген мекемелерде жоғары білім берудің мұғалімдері өздерінің студенттерімен бағаланады, сәйкесінше өзін-өзі жетілдіру үшін ізденістермен айналысады деп атап көрсеткен [1].

Әлем деңгейіндегі өзгерістерге орай, педагог ғалымдар жан-жақты ізденістер жүргізуде. Бүгінгі күні цифрлық білім кеңістігінің деңгейіне көтерілу қажеттілігі әлемдік танылудың тиімді жолы екені аян. Ол- білім беру саласын толықтай ақпараттандыру электронды оқу жүйесін белсендіру. Инновациялық технологияларды қолдана отырып пәндер интеграциясын іздестіру. ҚР-ның «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесін ақпараттандыру осы саладағы мемлекеттік саясат негізінде анықталынып, осы жүйедегі басты міндеттердің біріне айналды.

Бүкіл әлем тек өнеркәсіптік революцияны ғана емес, білім революциясын, цифрлы революцияны бастан кешіріп отыр. Клаус Шваб айтқандай, оның негізгі

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

ерекшеліктері, мобильді Интернет, «кез келген жерде немесе барлық жерде» мобильді Интернет, миниатюрлы өндіріс құрылғылары, жасанды интеллект және оқу машиналары» [2].

Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауында барлық салаларды цифрландыру жөнінде баса айтылған. Осыған байланысты 21-ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін, білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу: компьютерлік техниканы, интернет ресурстарындағы желілерді, электрондық және телекоммуникациялық құралдарды, электрондық оқулықтарды оқу үрдісінде тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру көзделіп отыр. Осыған орай, жоғары мектептердің алдына қойып отырған мақсаты – инновациялық оқыту технологиясы арқылы оқу мен тәрбие жұмысын дамыту, еліміздің әлеуметтік –экономикалық жағдайын жақсарту бағытында студенттерге жүйелі, нақтылы білім беру [3].

Білім беру нәтижелерін шет елдік тәжірибелерге орай, студенттердің білімі арқылы университеттің білім беру деңгейлері айқындалып отырады. Төртінші курста ВОУД нәтижесі бойынша ұстаздарымыздың оқыту деңгейі айқын көрінеді. Сондықтанда үнемі оқу мен оқытудың әртүрлі жүйелі жолдары іздестіріліп отырады. Оқу мен оқытуда логикалық көзқарастарын арттыру мақсатында ғылыми зерттеулермен айналыстыру тиімді. Жаңа тұрпаттағы мұғалім төмендегі тұлғалық сапаларға ие болуы керек: сыни тұрғыдан ойлау; жүйелі дүниетанымдық көзқарас; шешім қабылдай білу; дербестік пен шығармашылық; мақсатшыл және табандылық; кәсіби құзырлық; коммуникативті қабілеттілік; өзін-өзі дамыту; рефлексивті мәдениет. Сондықтан мұғалімді шығармашыл тұлға етіп қалыптастыру үшін болашақ педагогтарды даярлаудың, мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарының сапасын жетілідіріп, теория мен практиканы ұштастырып, мұғалімнің рефлексивті-талдаушылық қабілетін арттыру және өзінің әдістемелік жұмыс жүйесіне өзгерістер енгізуіне ықпал жасаумен қатар болашақ педагогтарды даярлауда сындарлылық тетіктерін қолдану қазіргі таңдағы кезек күттірмейтін мәселелердің біріне айналды.

Ғылыми зерттеулерді жүргізу заман талабымен өзекті мәселелерді қамтуы тиіс. Бұл жағдайда ғылыми зерттеулермен айналысу дағдыларын қалыптастыру әрине ерте жастан жастаған абзал. Сондықтанда студенттерді ғылыми жұмыспен айналысу дағдыларын қамтамасыз ету үшін үнемі ұстаздар кіріктіре оқыту немесе ОБСӨЖ және СӨЖ тапсырмаларын беру арқылы жүргізуі керек. Осы сәтте ұстаз ізденімпаздығы мен күзиреттілігі үлкен роль атқарады.

Ғылыми зерттеулер мен инновациялық технологиялар пайдалану арқылы жүргізілетін «Экологиялық химия» атты ОБСӨЖ, СӨЖті курсын енгізудің студенттердің ғылыммен айналысуына әсерін бағалау үшін жүргізілген ғалымдардың зерттеулері оң нәтиже көрсеткен. «Экологиялық химия» атты ОБСӨЖ, СӨЖті курсын ғалымдар Түрік университетінде 2011-2012 оқу жылының көктемгі семестріне енгізіп ғылыми зерттеулер технологиясын енгізудің инновациялық технологиялар арқылы жүргізілуі ғылыми зерттеулерді түсініп қабылдауды жақсартатыны анықталған. Бұл зерттеулер Пилоттық жоба шеңберінде деректерді жинақтау үшін 21-23 жас аралығындағы 117 адамға жүргізіліп, инновациялық технологиялары мен қоршаған ортаны зерттеу бойынша зерттеулер пайдаланылған. Нәтижелер TESI моделінің «Экологиялық химия» элективті курсын инновациялық технологиялар арқылы жүргізу еркін сөйлеуге және ғылыми зерттеулер мүмкіндігінше өзіндік түсініп қабылдауын жақсартты [4].


Біздің тәжірибемізде элективті пәндердің СОБӨЖ, СӨЖ тапсырмаларына инновациялық оқыту технологиясы арқылы экологиялық білім беру жолдарын

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

іздігі тақырыптары берілді. Ол өзі туып өскен тұрғылықты жердің табиғатын танып-білуге, аялауға, қорғауға және экологиялық мәселерді шешуге үйретеді.

Студенттерге инновациялық оқыту технологиясы арқылы экологиялық білім беру қазіргі таңдағы ең өзекті мәселенің бірі. Сондықтан экологиялық білім мен тәрбие берудің орталық ядросы – сабақ болып табылады [5].

Инновациялық оқыту технологиясы арқылы экологиялық білім беру көп сатылы үрдістен тұрады. Оны кешенді тұрғыдан қалыптастыру қажет (сурет 1).



Сурет 1 – СОБӨЖ, СӨЖ тапсырмаларында қолданылған инновациялық оқыту технологиялары

Жүйелі түрде сатылы қабылданатын СОБӨЖ, СӨЖ тапсырмалары студенттердің білім алу дағдыларын кеңейтеді. Болашақ ұстаздарды даярлау барысында инновациялық технологияларды пайдалану жолдарын жан-жақты қарастыру – болашақтың азаматын даярлаудағы оқыту процесін барынша ізгілендіру. Болашақ эколог, биолог мамандардың қоршаған ортаны қорғау білім көздері арқылы практикалық зерттеу жұмыстарын жүргізу, статистикалық материалдарды, жүйелі бақылауларды пайдалану, видеоматериалдар түсіру, интервьюлар алу, экологиялық ойындарды өткізу, интернет желілеріндегі экологиялық мәселелерді талқылау оқу- тәрбиелілік дағдыларды қалыптастыру мүмкіндігін арттырады. Сондай-ақ, өлкетану материалын кеңінен пайдалану, туған өлке табиғатының ерекшеліктері мен шаруашылық іс- әрекетін оқып- үйрену негізінде көптеген экологиялық, географиялық, экономикалық түсініктер нақтыланады.

Берілген тапсырмалардың тақырыптары мен орындалу түрін жеке немесе топтық түрінде таңдау студенттер меншігінде.

Олар тақырыппен тапсырманың орындалу түрін өздері таңдай отырып, белгілі бір бағыт бойынша жұмыс жүргізеді.

Бұл: оқу-танымдық қызығушылығын арттыру<>пән бойынша терең білім беру<>шығармашылық қабілетін дамыту.

ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтар студенттерге кәсіби бағдар беру ісінің тиімді формаларының бірі. ОБСӨЖ, СӨЖ жұмыс бағыты бойынша теориялық практикалық және аралас болуы мүмкін. Сабақтарды ұйымдастырудың өзіндік ерекшеліктері де бар. Студенттер ОБСӨЖ, СӨЖ тапсырмаларын өздерінің қызығушылығы бойынша таңдайды, сондықтан сабақтарда студенттер белсенді және нәтижелі жұмыс істейді. Студенттердің ОБСӨЖ, СӨЖ курстарға белсенді қатысуы мұғалімнің өзекті тақырыптарымен қызықты жұмыс түрлерін таңдай отырып бағыт беруі, олардың ойлау қабілетін, зейінін, еске сақтауын, жеке қасиеттерінің дамуына мүмкіндік береді.

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

Студенттеріне экологиялық білімді ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтар арқылы беру, оны жүзеге асыру үшін инновациялық оқыту технологиясының тиімділігін анықтауда төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тексеру бағытталады:

- ОБСӨЖ – Оқытушы басшылығымен студенттің өздік жұмысы, бұл оқыту формасы оқытушының студент бойында проблеманың шешімін табу және өзіндік ізденіс күзіндеттілігінің қалыптастыруға бағытталған. Ол студенттің:

- мәселені айқындау;
- іс-әрекет мақсаттарын белгілеу;
- мәселенің шешімін айқындау;
- іс-әрекеттер қадамдарын жоспарлай алу;
- шешімге сәйкес іс-әрекетті ұйымдастыру;
- өзінің іс-әрекетін бағалау мен басқару – күзіндеттілігін қалыптастырары сөзсіз.

- СӨЖ – Студенттің өздік жұмысы, студенттің өз бетінше жүргізу жұмыстары бойында осы дағдылар қалыптасқан студент өмірде де жоспарлы түрде әрекет етуге, мәселелер туындағанда жедел және дұрыс шешім қабылдауға, тығырықтан жол табуға, өзін-өзі басқаруға қабілетті болады. Ал осы қабілеттер мен қасиеттердің студент бойында жинақталуы сабақтарда қалыптастырудың іс-әрекет түрі -тапсырмаларды орындау. Сондықтанда СӨЖ жұмысына берілетін тапсырмалардың маңызы ерекше. Ол тапсырмаларды беруде ұстаз үнемі ізденісте болуы қажет. Дұрыс тапсырмалар ғана студенттердің күзіндеттілігін шыңдайды. Оқу мен оқыту барысы қарқынды өзгеру сатысындағы студенттерге берілетін жіктеп көрейік:

1. Ақпараттық күзіндеттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар;
2. Тілдік күзіндеттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар;
3. Дарындылық қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар;
4. Коммуникативтік күзіндеттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар;
5. Мәселелердің шешімін табуға және өзіндік менеджмент күзіндеттілігін қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар.

Студент бойында мұндай күзіндеттіліктерді қалыптастыру үшін сабақ деңгейі жоғары әрі салалы болуы қажет. Оқу мен оқытуда ойын технологияларын пайдаланудың орны ерекше.

- Искерлік ойын – бұл оқытуды ұйымдастыру формасы, ол мұғалімнің басқарумен, студенттердің максималды өзіндік ұйымдастырушылығымен жоспарланған ойын сценарийі арқылы мақсатты бағыты. Искерлік ойындар – кейбір педагогикалық жағдайдың, сабақ фрагментінің модельденген түрі. Искерлік ойыны алдын ала дайындалып: сценарий құрылады, мақсаты көрсетіледі, рөлдер бөлініп яғни РАФТ әдісі қолданылады. Құрал-жабдықтар, көрнекіліктер әзірленеді. Искерлік ойынды қолдану ерекшеліктері: студенттердың ойлау қабілетін арттыру, танымдық белсенділігін қалыптастыру, шығармашылыққа баулу.

- Бағалау – бағалауда БЛУМ таксаномиясы қолданылады. Студентті бағалай отырып әрбір ұстаз өзін өзі тексереді. Әрі болашаққа қадам жасап отырады.

- Бақылау - оқытудың мұндай түрінде студенттер дидактикалық және зертханалық жұмыстарды орындайды. Бақылауда мұғалім студенттерді екі-үштен шағын топтарға бөледі, әр топ студенттері бір-бірінен ерекшеленетін бақылау жұмыстарды орындайды. Бақылауға кірісу лекциялармен нұсқау сабақтардың жалғасы болып табылады. Бақылау жұмыстарын жүргізу студенттердың танымдық ізденімпаздығын арттырады. Мұнда студенттер шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындайды, химиялық тәжірибелер

қояды, сызба жұмыстарын орындайды, биологиялық түрлерге зерттеулер жүргізеді [6].

Жүйелі өткізілген бақылау - жұмыстары студенттердың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ізденімпаздығының дамуына әсері мол.

- Шығармашылық – бір тақырып бойынша студенттер ай бойы өздерінің шығармашылық жұмыстарын жоспар негізінде, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарын жүргізіп, нәтижесін көрсетіп баяндайтын, көрме ұйымдастырып, өздерінің әр пән бойынша алған білімі, біліктерін шығармашылық тұрғыда көрсетуге себепші болады.

Студенттер өздері таңдаған шығармашылық жұмыстарды ықыласпен орындайды. Шығармашылық жұмыста барлық студенттерден ізденіс - бақылау жұмыстары бойынша нәтижелерін көрсетілуі талап етіледі.

- Мониторинг – Әр бір жасалған жұмыс видеоға түсіріліп топпен талқыланып нәтиже шығарылады. Себебі әр оқушының пән бойынша ізденімпаздық деңгейлері анықталуы қажет. Шығармашылық жұмыстар мынадай тәртіппен орындалады: мақсаты құрылады, жұмыс барысы көрсетіледі, алынған нәтижелері бойынша пікірлері мұғалімдердің және студенттердың пікірлері енгізіледі, таңдаулы жұмыстардың авторларына қорғау қорытындысы бойынша марапаттау рәсімі жүргізіледі. Жұмыс нәтижелері мақала түрінде рәсімделіп G-Globall парталында талқыланып репост арқылы бағаланады немесе шығармашылық жұмыс дәстүрлі түрде өтетін студенттік конференция материалдары жинағында жарияланады т.б.

- Постерлер галереясы- Қорғауға ата-аналар, мұғалімдері, жұмыс берушілер, курстастар қатысады. Студенттер постерлерін қорғап болған соң, оған сұрақтар қойылады, ауызша талданып, эксперименттік топ жұмысқа баға береді. Жақсы өзекті жұмыстар әрі қарай конкурстарға ұсынылады.

- Жоба – жеке ұжымдық жұмыстың бір түрі. Студенттердың танымдық біліктерінің және практикалық біліктерінің қалыптасуына, танымдық ізденімпаздығын арттыратын оқытудың тиімді түрі – жобалар. Бұл әдіс шет ел педагогикасында кең тараған [7].

Жобалар – көп уақытты қажет ететін, көлемді студенттердың өзіндік практикалық жұмысы. Жобаның мазмұнындағы әр кезеңдік жұмысының құрылымы нақты жоспарлануына байланысты әр түрлі жұмыстарға студенттердың қатысуынан өздерінің жұмыстарын орындауда олардың белсенділігі мен қызығушылығын байқауға болады.

Аталған міндеттерді шешуге іс жүзінде педагогикалық процесті зерттеу әдістері: бақылау, сұрақ- жауап, бағдарламалар, оқулықтар мен құралдарды талдау, өсімдіктер өсіру, белгілі бір түрді зерттеу, жағдайаттар шешу үшін анкеталар тарату оларды сараптау, интервью нәтижелері бойынша жұмыстар жүргізу қолданылды.

ОБСӨЖ, СӨЖ тапсырмаларын орындау бүгінгі студенттің пәнді игеруде болашақтағы мамандығы аралығындағы өткел қызметін атқарады. Әрбір маман қоршаған ортаның сапасын арттыру мәселесін игергені жөн. Ал қазіргі таңда Экологиялық білім беру туралы арнайы пән жоқ. Сондықтан, пәндерді оқыту барысында туған өлкенің табиғатын қорғау мәселелерін көтеру әрбір маманның рухани жаңғыруын арттыруы абзал. Жоғарыда аталған шет елдік ғалымдардың зерттеулерінде элективті пәндер енгізіліп экологиялық білімді арттыру жолдары қарастырылуда, ал біздің ұсынысымызда ОБСӨЖ және СӨЖ тақырыптарын пәннің мазмұнына орай 2-3 тапсырманы өмірмен байланыстыру. Әрине ұстаздың жан-жақты ізденісін қажет ететін процесс.

ОБСӨЖ, СӨЖ сабақтарда жоғарыда аталған технологияларды қолдана отырып, студенттерге экологиялық білім берудің тиімділігі дәлелденді. Әрине

БМУ Хабаршы №3-2018ж.


биолог, эколог мамандардың пәндеріне тапсырма енгізу ыңғайлы, дегенмен барлық пәндерді өмірдің практикалық тұсымен байланыстыру жолдарын іздестіру қажет.

Экологиялық білім мен тәрбие беруде инновациялық технологиялардың маңызын анықтау үшін жоғарыда баяндалған шаралар әртүрлі топтарда өткізілді. Білім мен тәрбие бұл егіз дүние. Білім бере отырып тәбиелеу арқылы біз үлкен жетістіктерге қол жеткіземіз. ОБСӨЖ, СӨЖ курсының негізінде өткізілетін сабақтардың табиғатты тиімді пайдалануға тәрбиелей отырып оқыту үшін маңызы зор. Демек, мұнда студенттерді табиғи қорларды тани отырып, оларды қорғауға шақыру қатар жүреді.

ОБСӨЖ, СӨЖ негізінде өткізілетін шараларда инновациялық оқыту технологияларын қолдану оларға бағыт бағдар беру мұғалімнің шеберлігіне байланысты болса, ал студенттердің ізденіс ынталары артып, әрбір тапсырмаға орай, кәсіби ғылыми негіздерін өз бетінше қарастыру дағдылары артады.

ОБСӨЖ, СӨЖ негізінде жоғарыда аталған әдіс тәсілдерді қолданып өткізілген шаралардың нәтижесі, Эксперимент топтармен бақылау топтары арасындағы сандық және сапалық көрсеткіштер айырмасы аталған экологиялық білім беру әдістемесінің қажеттілігін дәлелдеп отыр.

Эксперименттің қорытынды нәтижесі мынаны көрсетеді: егер анықтау кезеңдерінде зерттеу барысында эксперимент тобында жоба жұмысын таңдағандардың жоғары білім деңгейін көрсеткен студенттері 10% құраса, бақылау тобында 15% көрсеткішін берді. Эксперимент соңында олардың көрсеткіш деңгейі – 25%-ға ал бақылау тобында 45% артты. Бағалау жұмысын таңдағандар деңгейдің көрсеткіші -30,6%, бақылау тобында 38,8% құрады. Ал эксперимент соңында эксперимент тобының көрсеткіші 34,6%, бақылау тобында 31,6% - артты. Мониторингпен айналыскандар деңгей көрсеткішінде эксперимент тобы 40,9%, бақылау тобы 46,9% болса, қорытындысында эксперимент тобында 43% ал бақылау тобы 58%-ге артты (сурет 2).



Сурет 2 – Студенттердің ОБСӨЖ, СӨЖ арқылы экологиялық білім деңгейін салыстыру

Демек, ОБСӨЖ, СӨЖ арқылы экологиялық білім деңгейін көтеруде инновациялық технологияларды жүйелі студенттердің өз еркімен таңдауы арқылы пайдалану қажеттілігі өте жоғары.

ОБСӨЖ, СӨЖ барысында оқу мен оқыту ғылыми-теориялық, психология - педагогикалық оқу -әдістемелік тұрғыдан негізделіп зерттеу жүргізу ұстаздың шеберлігі. Сондықтан студенттерге экологиялық білім берудің мақсаты мен міндеттерін, мазмұнын анықтаудың дидактикалық ұстанымдары жан- жақты қарастырылып, инновациялық оқыту технологиясын пайдалана отырып тапсырма берудегі шеберлілік ең маңызды мәселелерінің бірі екенін дәлелдейді.

Әдебиеттер:

1. Klemen M., Ashwin P. *Teaching and Learning: An Overview of the Thematic Section // The European Higher Education Area. – 2016. – №1. – P. 315-324.*
2. Шваб К. *Четвертая промышленная революция / Пер. с англ. – М.: Эксмо, 2016. – 230 с.*
3. *Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 327 бұйрығы. – Астана, 2016. – 130 б.*
4. Çalik M., Ebenezer J., Özsevgeç T. *Improving Science Student Teachers' Self-perceptions of Fluency with Innovative Technologies and Scientific Inquiry Abilities// Journal of Science Education and Technology. – 2015. – Volume 24. – Issue 4. – P. 448–460.*
5. Аймағамбетова Қ. *Педагогикалық үрдісті экологиялық білім мен тәрбие беру негізінде ұйымдастыру // Бастауыш мектеп. 2004. – №3 – Б.43-46*
6. Маткаликова Т. *Экология және біз // Биология және сауаттылық негізі. – 2006. – №2. – Б. 70-73.*
7. Әлімов А. *Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану. – Алматы, 2009. – 137 б.*

Байташева Г.У., Мусина А.С., Шарипбаева А.М.

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ СРСП И СРС

Статья посвящена рассмотрению эффективности использования инновационных технологий, рациональность их применения на уроках СРСП и СРС. Рассмотрено значение уроков уроков СРСП и СРС и особенностей методических подходов. Использование новых технологий в СРСП и СРС обеспечивает развитие творческих способностей ученика и способность применять знания на практике.

Ключевые слова: СРСП, СРС, проект, мониторинг, оценка, контроль, инновация.

Baitasheva G.U., Mussina A.S., Sharipbaeva A.M.

THE EFFECTIVENESS OF USING LEVEL PROBLEMS IN SRSP AND IWS LESSONS

The article is devoted to the consideration of the effectiveness of using the level tasks, the rationality of their application in the lessons of SRSP (Independent work of students with a teacher), IWS (Independent work of students). Considered the value of the lessons of the lessons of SRSP and IWS and features of methodological approaches. The use of new technologies in the subject of biology ensures the development of the student's creative abilities and the ability to apply knowledge in practice.

Keywords: SRSP, IWS, project, monitoring, evaluation, control, innovation.

Мулдағалиев В.С. – кандидат физико-математических наук, доцент ЗКГУ им. М.Утемисова
Нургазинова М.К. – старший преподаватель, Филиал АО «Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Западно-Казахстанской области
E-mail: nurgazinova0@mail.ru

МЕТОДЫ РЕШЕНИЯ ОЛИМПИАДНЫХ ЗАДАЧ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СИСТЕМ СЧИСЛЕНИЯ И СВОЙСТВ ДЕЛИМОСТИ

Внимание к полю тяготения в науке и в содержании обучения возросло в середине XX века в связи запуском ИСЗ. Часто наблюдаемые падения тел на Землю объясняются одним из фундаментальных законов природы – законом всемирного тяготения. Активизации обучаемых, повышению их интереса к предмету способствует информация о том, что падение камня на Землю, движение планет Солнечной системы, и других тел Вселенной определяется одними и теми же законами. Расчет полетов ИСЗ, МКС, космических аппаратов, посылаемых к другим планетам Солнечной системы и за ее пределы, ведутся на основе закона тяготения. Сила тяготения играет большую роль в судьбе Вселенной после Большого взрыва. Открытие явления тяготения и его дальнейшее исследование связано, как указано выше, с именами И.Ньютона и А.Эйнштейна. Знание истории любого открытия, понимание его значимости способствует более глубокому пониманию рассматриваемого явления. Поэтому вопросы истории физики рекомендуется включать в содержание обучения. В связи с этим подробнее рассмотрим историю открытия первого фундаментального закона физики.

Легенда об упавшем на голову И.Ньютона яблоке помнят все, кто хотя бы раз слышал о нем, при изучении явления тяготения. Но возникает вопрос о том, замечали ли другие падения тел. Конечно, замечали. Например, еще в 1538 году задолго до И. Ньютона Фрескатор писал, что все тела взаимно притягиваются. И.Кеплер, объясняя причину приливов, указывал действие Солнца на Землю [3, с. 4]. И.Ньютон представил Королевскому обществу в Лондоне рукопись «Математические начала натуральной философии» 28 апреля 1686 года, в которой был сформулирован и закон тяготения. Приоритет автора об открытии тяготения оспаривали Гук, Галилей и другие. Они знали о силе притяжения, о ее зависимости от расстояния по обратному квадрату, о том, что это объясняет

движение планет. Но, во-первых, И.Ньютон получил закон в 1686 году (за 20 лет до его представления) при построении теории движения Луны. Во-вторых, что особенно важно, в работах И.Ньютона тяготение, его количественная формулировка закона тяготения представлена как общий закон Всемирного тяготения. Именно И.Ньютон мог осознать всеобщность фундаментального закона тяготения.

Особенность труда И.Ньютона в том, что он не ограничился общими рассуждениями. К явлению тяготения он подошел на основе разработанной им теории классической механики. Использованием математического аппарата были получены общие уравнения механики, описывающие движение. Важная роль в теории классической механики принадлежит второму закону динамики, который привел к отказу от существовавшего длительное время представления о том, что механическое движение требует внешнего воздействия. Г.Галилей первым на основе экспериментов пришел к выводу о том, что движение не требует воздействия. Внешние действия только изменяют движение. И.Ньютон определил математическую связь характеристик движения. Именно он первым четко определил понятие силы, как количественной характеристики действия одного тела на другое, и сформулировал закон связи силы с характеристикой изменения скорости движения, ускорением ($\vec{a} = \frac{\vec{F}}{m}$). Принятие этого закона означало, что наличие ускорения предполагает наличие действующих сил. Движение планет вокруг Солнца по определенным орбитам – криволинейное. Скорость движения изменяется по направлению, следовательно, есть нормальное (центростремительное) ускорение, которое должна создавать сила. Такой силой является сила тяготения. Основной вывод И. Ньютона: законы движения, сформулированные на Земле, являются всеобщими. Так была создана небесная механика [18, с. 28].

Классическая механика Ньютона была первой фундаментальной физической теорией. Физика продолжала и продолжает развиваться, разрабатываются новые теории на основе современной квантовой физики и теории относительности, которые определяют границы применимости классической физики. Однако все они не уменьшают значимости классической механики, как в практической деятельности человека, так и в исследовании процессов окружающего мира. Поэтому механике Ньютона, в том числе теории тяготения отводится значительное место в содержании обучения физике в школе и в ВУЗе.

Литература:

1. *Физический энциклопедический словарь / Ред. кол. Алексеев Д.М., Бонч-Бруевич А.М., Боровик-Романов А.С. и др. – М.: Сов. Энциклопедия, 1983. – 928 с.*
2. *Григорьев В., Мякишев Г. Силы в природе. – М.: Наука, 1973. – 416 с.*
3. *Сморodinский Я.А. Законы и парадоксы элементарных частиц. – М.: Знание, Серия физика и астрономия, 1969. – 64 с.*
4. *Компанеев А.С. Может ли закончиться физическая наука? – М.: Знание. – 46 с.*
5. *Башарулы Р., Токбергенова У., Казахбаева Д. Физика и астрономия: учебник для 7 класса общеобразовательной школы. – Алматы: Атамұра, 2003. – 224 с.*
6. *Башарулы Р., Казахбаева Д., Токбергенова Д., Бекбасар Н. Физика и астрономия: учебник для 9 класса общеобразовательной школы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 248 с.*
7. *Штепа Н.И., Серков В.В., Кроль А.С., Мистюков А.И. Вес и невесомость. – М.: Просвещение, 1964. – 48с.*

8. Журнал: *Физика. Изд-тво: Новый взгляд, знание в современном мире.* – 2005. – №4.
9. Сурдин В.Г., *Астрономия: век XXI.* – Фрязино: Век 2, 2007. – 608 с.
10. Михайлов В.К. *Физика. Часть 2. Иерархия взаимодействия тел. Электромагнитное поле.* – М.: МГСУ, 1998. – 72 с.
11. Популярная механика. – <https://www.popmech.ru/science/390252-nobelevskaya-premiya-po-fizike-2017-gravitacionnyye-volny/> Дата обращения: 01.02.2018 г.
12. Смородинский Я.А. *Тяготение.* – М.: Знание, 1975. – 64 с.
13. Кронгарт Б., Кем В., Койшыбаев Н. *Физика: учебник для 10 классов естественно-математического направления общеобразовательных школ.* – Алматы: Мектеп, 2006. – 352 с.
14. Матвеев А.Н. *Механика и теория относительности.* – М.: Высш. школа, 1976. – 416 с.
15. Балашов М.М., Гомонов А.И., Долицкий А.Б. и другие. *Физика Механика.* – М.: Просвещение, 1965. – 480 с.
16. Енохович А.С. *Справочник по физике.* – М.: Просвещение, 1990. – 384 с.
17. Шинибаев М.Д. *Динамика поступательного движения пассивно гравитирующих тел постоянной и переменной масс в нецентральной поле тяготения / Диссертация на соиск. уч. степени д.ф.-м.н.* – Бишкек, 2002. – 292 с.
18. Смородинский Я.А. *Тяготение.* – М.: Знание, серия физика, 1975. – 64 с.

Кузьмичева А.Е., Хасанова Р.К.

**ІРГЕЛІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕР, ГРАВИТАЦИЯ ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУ
МАЗМҰНЫНДА**

Мақала физика әлемінің көрінісінде бейнеленген және физиканы оқыту мазмұнын қамтитын заманауи ғылымға негізделген іргелі өзара әрекеттерге арналған. Гравитациялық өзара әрекеттесуге ерекше көңіл бөлінеді. Бүкіләлемдік тартылыс, оның заңы мен қасиеттерін Исаак Ньютонның классикалық механикасында ашу; Альберт Эйнштейннің гравитация теориясына қосқан үлесі қарастырылады. Ғаламның үдеуі мен кеңеюін ашумен байланысты қазіргі заманғы ғарыштық мәселелерге назар аударылады.

Тірек сөздер: Өзара әрекеттесу, күштер, өзара іс-қимыл механизмі, ұзақмерзімді әрекет, қысқа ауқымды өзара әрекеттесу, суперпозициялық принцип, аспан механикасы, космологиялық тұрақты, антигравитация.

Kuzmicheva A., Khassanova R.

**FUNDAMENTAL INTERACTIONS, GRAVITATION IN CONTENT OF
TEACHING PHYSICS**

The article is devoted to the fundamental interactions known to modern science, manifested in the physical picture of the world and included in the content of teaching physics. Particular attention is paid to gravitational interaction. We consider: the discovery of universal gravitation, its law and properties in the classical mechanics of Isaac Newton; contribution of Albert Einstein to the theory of gravitation. Attention is drawn to the modern cosmology problems associated with the discovery of the expansion of the universe with acceleration.

Keywords: Interaction, forces, machine of interaction, long-range action, short-range interaction, superposition principle, celestial mechanics, cosmological constant, antigravitation.

ӘОК 573.01

Кайсағалиева Г.С. – биология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ
Саттықличева А.К. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: sattyklicheva@mail.ru

ОБЛЫСТЫҚ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП- ИНТЕРНАТЫҢДА БИОЛОГИЯДАН БЕЙІНДІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Қазіргі заманның өзекті мәселесі оқушының таңдаған бағыты бойынша бейінді білім беру туралы қарастырылды. Бейінді білім беру – оқушының таңдаған бағыты бойынша даралап оқыту, оқушының әлеуметіне және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерімен сабақтастығына бағытталған арнайы дайындық жүйесі. Бейінді білім беру - білімнің сапалық деңгейінің жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Тірек сөздер: бейінді білім беру, бейіндік мектеп, бейінді оқыту, институциолды форма, 12 жылдық білім беру моделі, дараланған білім, оқушылардың қызығушылық бағыты, арнайы факультатив, үйірме.

Қазіргі таңда білім беруде өзекті болып отырған мәселенің бірі – оқушылардың таңдаған бағыты бойынша бейінді білім беру. Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа Жолдауында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Біздің мақсатымыз айқын, бағытымыз белгілі, ол – әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу» [1]. Елбасымыздың жолдауын жүзеге асырудың бір өлшемі- еліміздің білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру, бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлау болып табылады. Білім беруде өзекті болып отырған бейіндік оқыту аталған мәселені шешудің бір жолы болып табылады. Қазақстан Республикасында бейіндік оқыту жалпы білім беретін мектептің жоғары сыныптарында жүзеге асырылады, сондықтан білім берудің осы сатысын «бейіндік мектеп» деп атауға толық негіз бар. Бейіндік мектеп бейіндік оқытуды іске асыратын оқытудың институционалды формасы болып табылады. Бейінді оқыту дегеніміз — оқушылардың қызығушылық бағытының, қабілетінің дамуына жағдай жасайтын және олардың келешекте ие болуға тиісті кәсібіне бейімделуді қамтамасыз ететін оқыту.

Білім беруді түбегейлі жаңарту – Қазақстанның өркениетті дамыған 30 елдің қатарынан орын алуына кепіл болуы тиіс. Ол, ең алдымен, елдің шығармашылық, интеллектуалдық баға жетпес ұлттық байлығы дарынды балалар мен жастарды әлеуметтік- педагогикалық тұрғыдан қолдау мен дамытудағы тікелей қатынасты. Демек, бұл проблема өркениетті елдің, соның ішінде, біздің еліміздің де білім берудегі мемлекеттік саясаттың бүгінгі таңдағы басымдылық бағыты.

Қазіргі заманғы мектеп оқушысы нарықтық қатынастар мен ақпараттық қоғамның өзгермелі жағдайларына анағұрлым дұрыс бейімделген, жүйелі білім негіздерін тәжірибелік іс-әрекеттерге ұштастыра білетін, функционалды сауатты, өмірлік қажетті дағдылары қалыптасқан, өзін-өзі дамытуға, өз бетінше табысты өмір сүруге, өзіне және қоғамға пайдалы қызмет атқаруға лайықты тұлға болып шығуы тиіс. 12 жылдық білім беру жүйесіндегі басты артықшылық оқушыға білім берумен тоқталмай, өз таңдаған мамандығына қарай алғашқы кәсіби бағдар алып шығуында жатыр.

Дамыған елдерде жоғары сыныптағы жалпы білім бейіндік болып табылады және бейінді білім беру бағдарламасы мектептердің соңғы екі оқу

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

жылын қамтиды. Бұндай елдердің қатарында Германия, Швеция, АҚШ, Канада, Франция, Италия, Англия, Қытай, Жапония және т.б. елдер бар. Осы аталған елдерде бейіндік мектептерде оқитын оқушылардың саны қазіргі таңда 70 пайыздан кем емес. Мысалы, Англияда бейіндік білім 12-13-ші сыныптарды қамтиды және оқушыларды жоғары оқу орындарына дайындайды. АҚШ-та бейіндік оқыту жүйесі орта мектептің соңғы 2-3 жылын қамтиды және үш бағыт бойынша: академиялық, академиялық емес және кәсіптік бағытта білім беріледі. Оның ішінде, бірінші бағыт – жоғары оқу орындарына түсуге, қалған екеуі – колледждерге түсуге мүмкіндік береді [2].

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында 2007 жылғы Қазақстан республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес орта білім беру деңгейінің жоғарғы сынып оқушыларына бейіндік оқытуды енгізу қарастырылуда. Бейіндік оқыту, білім беру сапасын көтерудің, мемлекеттің және қоғамның, тұлғаның өзекті және келешектегі қажеттіліктерін жүзеге асырудың бірден бір құралы ретінде қарастырылады [3].

Стратегиялық тұрғыдан анықталғандай, жалпы орта білім беру бағдарламалары «білім беру мазмұнын кәсібилендіру және кіріктіру, саралану негізінде әзірленетін болады». Оқушыларға «шығармашылық қызметіне және жеке қабілетінің дамуына ерекше орын берілетін, дараланған білім беру бағдарламаларын таңдауға мүмкіндік береді. Жинақталған білім алуға, өздігінен және шығармашылықпен қолдана білуге ұмтылу, әлем, қоғам және адам туралы жүйеленген түсініктерді кеңейтіп, тереңдетіп игеруге көшу қамтамасыз етіледі».

Қазақстанда бейіндік оқыту жүйесін дамыту өзектілігі бірқатар факторлармен анықталған:

- мектептердің 12 жылдық білім беру үлгісіне көшуі;
- шетелдік тәжірибедегі жоғарғы сыныптағылардың оқуын ұйымдастыру тенденциялары;
- еңбек нарығының мектеп түлектерінің дайындығына қоятын талабы;
- білім берудің келесі деңгейлерімен сабақтастығын жүзеге асыру қажеттілігі.

Қазақстанда бейіндік оқыту жүйесін дамытудың ықпалдастығы:

- білім алушыларды әлеуметтендіруде педагогикалық жағдайды кеңейту, алдағы уақытта еңбек нарығының алға қарай даму жағдайында оларды саналы таңдау жасауға дайындау
- орта білім алу жолдарын анықтауда негізгі мектеп түлектеріне әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету;
- үздіксіз білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде оқытуды ұйымдастыруға тәсілдерді үйлестіру.

Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басым бағыттарының бірі ретінде көрсетілген 12 жылдық оқыту моделіне көшу үдерісі білім беру мазмұнының когнитивтік, іс-әрекеттік және аксиологиялық компоненттерін кіріктіру негізінде жаңартылған мазмұндағы стандарттарды әзірлеу мен енгізуді ұйғарады [3].

Бейіндік оқыту жеке тұлғаға бағыттала отырып, мынадай міндеттерді жүзеге асырады:

- жалпы орта білім бағдарламасының жеке пәндерін тереңдете оқыту;
- білім мазмұнын саралауға және әр оқушының өзіндік білім траекториясын құруға жағдай жасау;
- жалпы орта және кәсіби білім арасындағы сабақтастықты, бағдарлы сынып оқушыларын жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету;

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

- оқушының белгілі сала бойынша қабілетін ұштау, оның бойында келешекке қажет білік пен дағданың қалыптасуына мүмкіндік жасау.

12 жылдық мектептегі жоғары сынып, бұл жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылады. Бұл деңгейдің негізгі мақсаты – оқытудың саралануы мен даралануына бағдарланған жалпы орта білім беруде бейіндік оқыту, оқушылардың болашақ кәсіби қызметіне саналы да жауапты таңдау жасауына, жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына жағдай жасау.

12 жылдық білім беру жағдайында бейіндік оқытуды ұйымдастыру барысында жаңа формаларды қолдану төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- оқушы өзі таңдаған бейіндігіне сәйкес терең білім алуға, алғашқы кәсіптік білімді меңгеруге мүмкіндік алады;

- өзінің қабілеті мен бейінділігіне қарай білім мазмұнын таңдап оқуға қол жеткізеді;

- оқу мүмкіндігіне қарай білім мазмұнының игерілуі мүмкін, әрі міндетті деңгейлері жүзеге асырылып, мұғалім мен оқушы арасындағы қайшылықтың бір үлкен түйіні шешіледі;

- білім алушы оқу үрдісінде белсенді ұйымдастырушы, өздігінен білім жолын игеруші, нәтижесін бағалаушы тұлғаға айналады;

- бейіндік оқыту жеке адамның өзін-өзі дамытуда жетілдіру тұрғысынан ұйымдастырылғандықтан, сыртқы әсерден гөрі сыртқы мотивацияның үлес салмағы артып білімді игеру жолындағы табыстан туатын құштарлық, құлшынысы жетіледі, білімді игерудің жаңа қайнар көзі пайда болады;

- білім алушының даму кеңістігіне толық мүмкіндік беріліп, өзін-өзі дамыта, басқара отырып, өсу траекториясын өзі белгілеуші болады.

12 жылдық білім жүйесіндегі бейіндік мектепте негізгі үш бағыт басшылыққа алынады:

1-бағыт: оқушының жеке қабілеттерін есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

2-бағыт: оқушының потенциалдық мүмкіндіктерін есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

3-бағыт: ішкі қажеттіліктерді есепке ала отырып жеке даралық бағытта оқыту.

Оқытудың 12 жылдық моделі бойынша жалпы орта білім беру деңгейінде білім беру сапасын жетілдіру, мемлекеттің және қоғамның, тұлғаның өзекті және болашақтағы қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және технологиялық бағыттар бойынша бейіндік оқыту ұсынылады [4].

Бейіндік оқытудың мақсаты – кәсіптік білім беру бағдарламаларын игеруге жоғары сынып оқушыларын даярлау, оларға кәсіптік бағдар алу үшін жағдай жасау, оқушылардың арнаулы бейімділігі мен қызығушылығын, танымдық қабілетін ескеруге бағытталған білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнын ұйымдастыру, білім беруді даралау мен саралап жіктеу [4]. Сондықтан бейіндік оқыту жүйесі дамуының өзектілігі бірқатар факторларға байланысты, олар: білім беру нәтижелері жүйесінің кеңейуі: білім, білік, дағды және құзыреттіліктер; жоғары сыныпта оқу үдерісін ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесі; техникалық, кәсіптік және жоғарғы білім беру жүйесінің дамуымен байланыстырылады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде бейіндік оқыту жүйесінің дамуы 16-18 жастағы азаматтардың білімділік деңгейін, олардың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында мүмкіндіктерді кеңейтуге; жоғары сыныптағылардың мектептен кейінгі өмірлік жолды таңдауға бейімделудің негіздерін жасау, олардың кәсіптік мақсаттарын

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

іске асыруға; еңбек нарығын кәсіби техникалық кадрлармен қамтамасыз ету проблемаларын шешуге бағытталған.

Осыған орай 12 жылдық мектептің жалпы орта білім беру деңгейіндегі бейіндік оқытуды дамытудың тұжырымдамалық негіздерін және оны жүзеге асыру механизмдерін анықтау, бейіндік оқытудың құзыреттілікке негізделген оқу бағдарламаларын әзірлеудің ғылыми-әдістемелік негіздерін анықтау, яғни 12 жылдық бейінді мектепте оқытуға ауысу еліміздің экономикалық және әлеуметтік өркендеу мақсаттарына жету үшін зор маңызы бар мәселе болып отыр.

Жалпы орта мектептегі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы білім мазмұны 11-12 сынып оқушыларының мүдделерін, қабілеттері мен қажеттіліктерін есепке ала отырып тиімді педагогикалық жағдайлар жасауға бағытталған. Сонымен қатар, ол барлық оқушыларды жоғары оқу орындарының сәйкесінше мамандықтарында кәсіби білім алуға қажетті дайындық деңгейімен қамтамасыз етеді.

11-12 сыныптарда бейіндік оқытудың білім мазмұны жаратылыстану - математикалық, қоғамдық-гуманитарлық және технологиялық бағыттардың ішкі бағдарларға бөлінумен жүзеге асырылады, яғни жаратылыстану-математикалық бағыт химия-биологиялық, физикаматематикалық және т.б. бағдарларға, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыт филологиялық, тарихи-құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және т.б. бағдарларға бөлінеді.

Жаратылыстану-математикалық білім берудің мақсаттары: жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету; қоршаған әлемді түрлендірудегі математиканың, информатиканың, физиканың, биологияның және химияның ролі туралы түсініктерін қалыптастыру; оқытуды бейіндендіруге жағдай жасау және оқушыларды одан әрі кәсіби өзін-өзі анықтауға, өзін-өзі дамытуға даярлау.

Жаратылыстану-математикалық бағыт жаратылыстану-математикалық циклдегі пәндер бойынша білім беру үдерісінде оқушы тұлғасының интеллектуалдық әлеуетін дамыту мақсатында физика-математикалық және химия-биологиялық білім беруді, оқушылардың логикалық, математикалық, ғылыми-жаратылыстану, инженерлік ойлауын қалыптастыруды, әртүрлі өмірлік жағдайларға және болашақ кәсіби қызметіне қажетті оқушылардың аналитикалық, практикалық біліктері мен дағдыларын жетілдіруді қамтиды.

Жаратылыстану-математикалық бейіндік бағыты келесідей бейіндік пәндер құрамымен қамтамасыз етіледі: бағдар бойынша терминология (шетел тілінде), математика, қолданбалы математика, физика, астрофизика, химия, биология, география, информатика, биохимия және биотехнология негіздері, экология және тұрақты даму, қазіргі заманғы химиялық технологияның негіздері, графика және проекциялау, компьютерлік моделдеу, ақпараттық жүйелер мен технологиялар және т.б.

Бейіндік оқыту оқушыларға өздерінің болашақ мамандығын таңдауға зор әсерін тигізеді. Қазіргі кезде мектеп бітіруші түлек мамандықты дұрыс таңдауды білмей, кейде адасып жатады. Бейіндік оқыту осы мәселені түбегейлі шеше алады. Мектепте арнайы бір бағытта бағдарлы білім меңгеріп шыққан оқушы ЖОО адаспай таңдайды. Дұрыс таңдау жасалған жерде оқудың сапасы да артады, әрі болашақ маман өз ісіне сүйіспеншілікпен, жауапкершілікпен қарайды. Олай болса, бейіндік оқытуды саннан сапаға қарай көшудің бірден-бір жолы деп қарастыруымызға болады.

Бейінді білім берудің мәні оқушылардың, жоғары сынып оқушылардың өздерінің қабілет икемділігі кәсіпке дейінгі даярлығын қамтамасыз етуде ерекше рөл атқаруда. Себебі, 10-11 сыныптарда оқушыларға берілетін жалпы білімнің

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

негізгі қызметі, біріншіден, олардың кәсіпке дейінгі даярлығын қамтамасыз ету болса, бейінді білім осы мақсатты көздейді.

Екіншіден, қазіргі біздің елімізде әжептәуір тәжірибе жинаған жаңа типті мектептер соның ішінде мамандандырылған дарынды балалар мектептерінің ең басты атқаратын қызметі, баланың болашақ кәсіпке дейінгі даярлығын қамтамасыз етуді, өзінің ең басты міндеті деп санайды. Осы негізде жаңа типті мектептерде бейінді білім беруді, оған қойылатын талапты жүзеге асыруда мол тәжірибе жинақтады. Әсіресе, оған дәлел ретінде жоғары көрсеткішке жеткен республикада өзіндік орны бар Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – интернатының бейінді білім берудегі инновациялық тәжірибені ерекше айтуға болады.

Батыс Қазақстан Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп- интернатында оқушыларға сараланып бейінді білім беру жүзеге асырылып жатыр және Республикада ең жоғарғы көрсеткішке ие болып отыр. Онда: оқушылар өз қабілеттеріне таңдаған мамандықтарына сәйкес, шағын топтарға бөлініп, бейінді білім беріледі; бейінді оқытылатын пәндердің көлемі апталық жүктеме жай мектептермен салыстырғанда бірнеше есе көбейтіледі (жай мектептерде биология пәні 1сағ немесе 2 сағ), бұл – мектептерде биология пәні 5 сағатты қамтиды; бұл мектептерде биология жылдық жұмыс уақытына сәйкес биология қайталанып жоғары курс тереңдетілген бағытта жүзеге асырылады; оқушылар бейінді өздерінің таңдаған курстар бойынша, оқу мүмкіндігіне ие болады; оқушылар сол пәндер бойынша олимпиадаға, ғылыми жобаларға қатынасады; сабақ қосарланған сабақ әдісі бойынша жүргізіліп күрделі теориялық білімдерді, лабораториялық жұмыстарды кең көлемде түсіндірілуі және тұрақты әрбір тақырыптың меңгеріліп отыруы қамтамасыз етіледі; бейінді білім беруге жоғары категориялы мұғалімдер, университеттің ғалымдары шақыртылып, білімнің сапалық деңгейін жоғары болуды қамтамасыз етіледі [5].

Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – интернатына 8 сыныпты үздік аяқтаған оқушылар өз таңдаған бағыты бойынша сынақ тапсырады. Сынақ екі этаптан тұрады, бірінші, өз таңдау пәні бойынша ауызша немесе бақылау түрінде болады. Екінші сынақ, барлығына бірдей оқушының ойлау қабілетін анықтау үшін психологиядан күрделілігі әртүрлі тест тапсырмасын орындайды. Сынақтан сүрінбей өткен оқушы мектепке қабылданады. Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – интернатында (ОДБАММИ) оқушылар үш жыл 9, 10 және 11 сыныпта оқиды. Оқушылардың таңдау мамандығына байланысты алты бағытта оқытылады: физики- информатика, математика – информатика, биология, биология- экология, химия және ағылшын. Оқушылардың барлығына бірдей жалпы білім беріледі. Мектеп бағдарламасындағы жалпы пәндер толықтай оқытылады. Таңдау пәндері әр сыныптың бағыттарына қарай көлемі жағынан өзгертілген. Бұл жағдай оқушыларға өздерінің таңдаған бағыттарына қатынасты пәндерге көбірек уақыт беріп, ал жалпы пәндерді жеңілдетуге мүмкіндік жасайды.

Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп – интернатында биология пәнін таңдаған оқушылар екі бағыт бойынша оқытылады, яғни биология және биология- экология бағыты. Осы бағытты таңдаған оқушыларға медицина, биология және экология саласына қатысты арнайы факультатив, үйірмелерде мамандық алды даярлық жүргізіледі.

Нәтижесінде, ондай әзірлік деңгейден өткен оқушылар 100% оқуға түсуі ғана емес, өздерінің даярланған бейінді бағыты бойынша жоғары оқу орындарда үздік білім алып, қазіргі заманға сай маман болып шығуын қамтамасыз етіледі.

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

Мысалы, 2015-2018 жылдар аралығында Облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп - интернатында биология пәні бойынша ұлттық бірыңғай тестілеудің көрсеткіші төмендегідей.

Кесте 1 – ОДМАММИ –да биология пәні бойынша соңғы жылдардағы көрсеткіш

Оқу жылы	ҰБТ-ға биология пәні бойынша қатысқан оқушылар саны	Орташа балы
2015 ж.	7	23,8 (25 балдық жүйе бойынша)
2016 ж.	6	23,5 (25 балдық жүйе бойынша)
2017 ж.	8	36,8 (40 балдық жүйе бойынша)
2018 ж.	5	37,20(40 балдық жүйе бойынша)

Кесте 2 – 2018 жылғы ОДБАММИ түлектерінің биология пәні бойынша жинаған балы, түскен оқу орны.

№	Оқушының аты-жөні	Жалпы балы	Биология пәнінен жинаған балы	Жалпы биология пәнінен жіберген қателер саны	Түскен оқу орны
1	Тулегенова Ранида Разымқызы	136	37	14	С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті
2	Жақсылықұлы Жайсаңбек	135	38		С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті
3	Хамзиева Милана Мирасқызы	133	37		С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медициналық университеті
4	Құдайберген Жанат Мейрамбекқызы	124	31		Л.Н.Гумилёв атындағы Еуразия Ұлттық университеті
5	Кенесова Айкөркем Салауатқызы	121	28		Әлі-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

Сонымен, бейінді оқыту оқушыны әртүрлі әдіс тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір пән бойынша толық білім қалыптастыруымен аяқталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген нәтижелі жұмысқана емес, қоғам талабына сай оқушыны жеке тұлға ретінде қалыптасуына көп деген мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» - http://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293 Пайдаланған уақыты: 03.04.2018 ж.
2. ҚР Білім және Ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. «Бейіндік мектеп: 12 жылдық білім беру жағдайындағы даму болашағы» әдістемелік құрал. – Астана, 2013.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 ж. 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығымен бекітілген. – Астана, 2010.
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 Жарлығымен бекітілген. – Астана, 2007.
5. Даулетов Н.Д. Дарынды балаларға сапалы білім берудің инновациялық негіздері. – Орал, 2009. – 130 б.

Кайсағалиева Г.С., Саттыкличева А.К.

ОСОБЕННОСТИ ПРОФИЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ ПО БИОЛОГИИ В ШКОЛЕ-ИНТЕРНАТЕ ДЛЯ ОДАРЕННЫХ ДЕТЕЙ

В статье представлены актуальные проблемы профильного образования обучающихся по выбранному направлению подготовки профильного обучения. Профильное образование обеспечивает качественный уровень обучения.

Ключевые слова: профильное образование, профильная школа, профильное обучение, институциональная форма, модель 12-летнего образования, специальных факультативов, кружков, интересы учащихся.

Кайсағалиева Г.С., Саттыкличева А.К.

FEATURES OF SPECIALIZED TRAINING IN BIOLOGY AT WEST KAZAKHSTAN SPECIALIZED BOARDING- SCHOOL LYCEUM

The actual problem of modernity is considered in profile education in the chosen one of the student. The system of special education is a system a med of personalized training of the student in the chosen field, the continuity of educational institutions and higher education institutions. Profile training - high-quality education.

Keywords: profile education, specialized school, to teach specially, institutional form of education, model of 12 years education, personal teaching, pupils interests, extra lessons, circles.

Куанбаева Б.У. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор, Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау мемлекеттік университеті
E-mail: bayan_Kuanbaeva@mail.ru

MACROMEDIA FLASH ОРТАСЫНДА ФИЗИКАЛЫҚ ЗЕРТХАНАЛАРДЫ КОМПЬЮТЕРЛІК МОДЕЛДЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа. Физикалық құбылыстардың мәнін түсінуде процестерді көрнекі демонстрациялайтын анимациялық бағдарламалардың маңызы зор. Сондай бағдарламалардың бірі - Macromedia Flash бағдарламасы көмегімен күрделі заңдылықтарды, алгоритмдерді және динамикалық процестерді зерттеуге, сонымен қатар білім беру ойындарын және имитацияларды енгізуді, зерттеу тренажерлерін құруды, материалды меңгеруді бақылау және өзін-өзі бақылауды автоматтандыруға болады.

Ұсынылып отырған мақалада қазіргі кезде программалаушылар арасында кеңінен қолданылатын Macromedia Flash бағдарламасын қолданып, «Macromedia Flash ортасында физикалық зертханаларды модельдеу әдістемесі» берілген.

Тірек сөздер: модель, Macromedia Flash бағдарламасы, физикадан зертханалық жұмыс, сұйықтың тұтқырлық коэффициенті, Стокс тәсілі.

Модельдеу танымның негізгі әдістерінің бірі, ол шындықты бейнелеп көрсетеді және басқа объектілердің, құбылыстардың, процесстердің көмегімен реал объектінің кейбір қасиеттерін нақтылайды, көзге елестетеді немесе абстрактілі сипаттау арқылы бейне, процесс, жоспар, карта, теңдеулер жиынтығы, алгоритмдер және бағдарламалар түрінде түсіндіру болып табылады [1].

Қазіргі заманауи ақпараттық технологиялар табиғаттағы және техникадағы түрлі процестерді модельдеуге мүмкіндік береді.

Компьютерлік модельдеуге қатысты алғашқы жұмыстар физикамен байланысты, яғни модельдеу көмегімен гидравлика, сүзу, жылу алмасу және жылу беру, қатты дене механикасы және т.б. салалардың негізгі мәселелері модельдеу әдісімен шешілді. Модельдеу негізінен итеративті схемалар көмегімен математикалық физиканың күрделі сызықты емес есептерін шешуде қолданылды, яғни математикалық модельдеу болып табылды. Физикадағы математикалық модельдеудің жетістіктері химия, энергетика, биология және тағы да басқа ғылымдардың салалары бойынша міндеттерді шешуге көмектесті және сондай-ақ, олардың модельдеу схемалары бір-бірінен тым ерекшеленбеді.

Жаратылыстану, тірі және тірі емес, қоғам туралы барлық ғылымдар үшін модельдерді құрастыру және қолдану танымның күшті құралы болып табылады. Нақты объектілер мен процестердің табиғаты соншалықты көп қырлы және күрделі болатындықтан, оларды зерттеудің ең ұтымды (кейде жалғыз) тәсілі көбінесе нақтылықтың белгілі бір қырын бейнелейтін модельді құру және зерттеу болып табылады, сондықтан модель шындыққа қарағанда бірнеше есе қарапайым болады.

Ғылым дамуындағы ғасырлық тәжірибелер іс жүзінде бұл тәсілдің нәтижелілігін дәлелдеді. Нақтырақ айтқанда, модельдеу әдісін қолданудың қажеттілігі көптеген объектілердің (немесе осы объектілермен байланысты мәселелердің) тікелей зерттелмейтін немесе толықтай мүмкін еместігін сондай-ақ, бұл зерттеудің көп уақыт пен ресурстарды қажет ететін физикалық процестерді модельдеудің өзектілігін анықтайтын фактымен айқындалады.

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

Компьютерлік графиканың, соның ішінде үш өлшемділік дамыған сайын, физикалық құбылыстар мен процесстерді бейнелеу мүмкіндігі артты, бұның өзі білім беру процесі үшін өте маңызды болып табылады. Бүгінгі күнде көптеген білім беру мекемелерінің лабораториялық базасы қалаған жағдайда емес, сондықтан мұғалімнің физикалық құбылыстарды немесе процесстерді көрнекі түрде түсіндіріп, көрсетуіне мүмкіндіктері бола бермейді, бұл, әрине, оқушылардың құбылыстарды қабылдауына және түсінуіне әсер етеді.

Осы орайда мұғалімдер мен оқушыларға оқу құралы ретінде компьютердің көмегі зор. Бүгінгі күні 3D-Max, Macromedia Flash және т.б. сияқты компьютерлік физикалық анимациялардың әр түрлі әдістері бар. Біздің зерттеу жұмысымызда жеке процесстерді модельдеу мүмкіндігін аша алатын Macromedia Flash бағдарламасы қолданылады. Macromedia Flash соңғы уақытта жасалды, бірақ жыл сайын және әр жаңа нұсқасымен ол танымал болып келеді. Флешті анимациялық фильмдер жасау үшін және тіпті компьютерлік ойындар жасау үшін табысты қолдануға болады.

Flash технологиясы Shockwave Flash (SWF) форматында векторлық графиканы пайдалану негізінде жасалған. Бұл бірінші векторлық формат болмаса да, SWF жасаушылары визуалды физикалық мүмкіндіктері, онымен жұмыс істеу құралдары және веб-беттерге нәтижені қосу механизмі арасындағы ең сәтті үйлесімділікті таба алды.

SWF-дің қосымша ерекшеліктері сол, оның көшірілуінің қолайлылығы, яғни бұл формат кез-келген аппараттық-бағдарламалық платформада (атап айтқанда, MacOS операциялық жүйесімен басқарылуымен жұмыс істейтін Macintosh компьютерлерінде және OS Windows жұмыс істейтін IBM компьютерлерінде) қолданылуы мүмкін. SWF-тің тағы бір артықшылығы: оның негізіндегі суреттер тек қана анимацияланып қоймайды, сонымен қатар интерактивті элементтер мен дыбыспен толықтырылады [2].

Физика сабағында оқу процесін ұйымдастыру формасы мен әдістемелік сапасының өзгеруі оқытылатын құбылыстардың комплексті орнықтырылатын жүйелік тәсілінің негізінде пайда болады, сыртқы жағдайдың өзгеруіне қарай оқушылардың үйренуі (зертхананы жаңа аспаптармен және ДЭЕМ базасында есептеу құралдарымен жабдықтау, жаңа әдістеменің материалды жасау және т.б.) қажеттігі туады. Физиканы оқыту кезінде ДЭЕМ-ді қолданудың мынадай бағыттарын ажыратуға болады [3]:

- Физикалық құбылыстарды модельдеу табиғат құбылыстарын және олардың бір-бірімен әсерін оқып үйрену мақсатында ақпарат алу үшін эксперименттер жүргізу;

- Зертханалық эксперименттер жасау және эксперименттік деректерді өңдеу;

- Анықтама - мағлұматтар іздеу және өңдеу жұмыстарын жүргізу;

- Есептер жасау және т.б.

Физика курсына оқушылар негізгі физикалық құбылыстармен танысуға міндетті. Бұл физикалық құбылыстардың бір бөлігін оқушылар арнайы эксперименттер жасаған уақытта оқып үйренеді.

Физика сабағында ЭЕМ арқылы жұмыс жасағанда мыналарды:

- Физикалық экспериментті демонстрациялай білуі;

- Дисплей экранында оның нәтижелерін шығара білу, бақылаушы эксперимент моделін көрсете білуі;

- Эксперимент кезінде параметрді өзгерту мүмкіндіктерін білуі;

- Сабақта оқытылатын құбылыстармен заңдылықтарды қолданылуы нақты көрсете білуі қажет.

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

Компьютерде физикалық процестер мен құбылыстарды модельдеу бағыты оқу процесін дамыту мен жетілдіруде маңызы зор. Соның ішінде оқушылардың шығармашылық белсенділігін көтеруде, зерттеу жұмыстарын дамыта білуде оның ролі ерекше. Әртүрлі құбылыстарды компьютерде модельдеу сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, оқушыларға білім беру жүйесі мен ғылыми зерттеу әдістері арасындағы тығыз байланыстардан хабардар егуді қамтамасыз етеді.

Сол сияқты 11-10 сыныптың физика сабағындағы “электростатикалық өрісті оқып үйрену” тақырыбын қарастырғанда компьютерде әртүрлі өрістерді модельдеп көрсетуге болады.

Мысалы:

1. Зарядталған шексіз жазықтықтағы өрісті бақылау және сызып көрсету;
2. Нүктелік зарядтың өрісін бақылау және сызып көрсету;
3. Әр аттас екі нүктелік зарядтардың (диполь өрісі) өрісін бақылау және сызып көрсету;
4. Алынған суреттен кернеулік сызықтарын жүргізу.

Қазіргі көптеген мектептерде физикадан көрнекі құралдар мен зертханалық жабдықтар жетіспейді. Ал, физика сабағында компьютерді қолданып осы мұқтаждықтарды жеңілдетуге болады. Мысалы “Дыбыс толқындары” тақырыбын өткен кезде оқушылар дыбыс тонының жоғарлығының тербеліс жиілігінен тәуелділігін анықтау үшін, олар тонның жоғарлығын 10 рет өзгерте отырып дисплей экранында әртүрлі жиілікпен тебелістің синусойдалық графигін алады. Бұл жерде гармониялық дыбыс тербелісінің дыбыс толқынының жоғарлығынан қандай тәуелділікте болатынын график түрінде қарап оқушы өздігінен қорытынды жасай алады.

Мектептегі физика сабағында компьютерді қолдануда мыналарды басшылыққа алған жөн:

1. Зертханалық жұмыстарды немесе эксперименттерді жасауда құрал-жабдықтар жетпеген жағдайда физикалық процестерді компьютерде модельдеуге болады;
2. Оқушы ЭЕМ-мен жұмыс жасағанда тапсырмалар бірсарынды болмай, біртіндеп күрделенуі қажет;
3. Оқушы дисплейді мөлшермен пайдалануы қажет, өйткені ЭЕМ-ді шамадан тыс пайдалану көру органдары мен нерв жүйелеріне зиянын тигізеді;
4. Оқушының ЭЕМ-мен байланысы мұғалім назарынан тыс қалмауы керек.

Компьютерді оқу процесіне пайдалану білімді қорытындылау мен жүйелеуде, мұғалімнің әдістерді түрлендіруде, оқушылардың шығармашылық потенциалын және оқытудың потенциалдық жүйесін көтеруде мүмкіндік береді.

Енді, Macromedia Flash бағдарламасы көмегімен моделденген «Сұйықтың тұтқырлық коэффициентін Стокс тәсілімен анықтау» тақырыбында моделденген зертханалық жұмыстың мысалын келтіреміз [4]:


1.1. Приборлар мен құрал-жабдықтар: таянышқа орнатылып, ішіне зерттелетін сұйық құйылған цилиндр пішінді шыны ыдыс, масштабты сызғыш, кішкене металл шарлар, секундоөлшегіш;

1.2. Жұмыстың мақсаты: қарастырылып отырған тәсілдің теориясымен танысу, өлшеу әдістерін меңгеру және кейбір себептердің эксперимент нәтижесіне тигізетін ықпалына талдау жасау;

1.3. Теориялық кіріспе. Тұтқырлық (ішкі үйкеліс) деп, аққыш денелердің (сұйық пен газдың) бір қабатынан екінші қабатына дененің орын ауыстыруына кедергі жасайтын қасиетін айтамыз;

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

Сұйықтың жоғары және төменгі қабаттарын өзара параллель жазып екі пластина деп қарастырайық (сурет 1).



Сурет 1 – Сұйықтар қабатының көрінісі.

Сұйықты ойша жұқа қабаттарға бөлейік. Егер жоғары пластинаны, төменгі пластинаға қатысты солдан оңға қарай жылжытсақ, онда оған жабысқан сұйық молекулалары пластинамен бірге дәл сондай жылдамдықпен қозғалады. Бұл молекулалар келесі қабаттың молекулаларын ілестіреді де, процесс осылайша одан әрі жалғаса береді. Төменгі пластинаға жанасып жатқан молекулалар қабаты тыныштықта болады да, басқа қабаттар алыстаған сайын молекулалар қабатының жылдамдығы арта түседі. Сұйықтың тұтқырлығы жанасқан қабаттардың бір-біріне қарағанда ығысуы кедергі жасайтын күштің пайда болу нәтижесінде байқалады. Бұл күштің табиғатын былай түсіндіруге болады: әр түрлі жылдамдықпен қозғалған сұйық қабаттары бір-бірімен молекулалар алмасады. Сонда жылдам қозғалатын қабаттағы молекулалар біраз қозғалыс мөлшерін баяу қозғалатын қабаттан шапшаң қозғалатын қабатқа өткен молекулалардың қозғалыс мөлшері артады. Соның нәтижесінде шапшаң қозғалатын молекулалар жылдамдығы тежеліңкірейді. Сөйтіп, ішкі үйкеліс күші сұйық қабаттарының қозғалу жылдамдықтарын теңестіруге тырысады. Сұйықтың тұтқырлығынан пайда болған кедергінің шамасы сұйық қабаттары жылдамдықтарының айырымына және олардың ара қашықтығына байланысты болады. Бір қабаттан екінші қабатқа өткен сұйық жылдамдығының өзгерісі артқан сайын, ішкі үйкелістің шамасы да артады. Сұйықтың көршілес екі қабаты жылдамдықтары айырымының сол қабаттардың жылдамдық бағытына түсірілген нормаль бойымен есептелінген ара қашықтығына Δy қатынасының шегі

$$\lim_{\Delta y \rightarrow 0} (\Delta V / \Delta y) = dV / dy \text{ жылдамдық градиенті деп аталады.}$$

Ламинарлық ағыс (құйынсыз ағыс) кезінде сұйықтың екі қабатының арасында әсер ететін ішкі үйкеліс күші олардың жанасу бетінің ауданы мен жылдамдық градиентіне тура пропорционал болады:

$$F = \eta S (dV/dy) \text{ – Ньютон формуласы, (1.3.1)}$$

мұндағы сұйықтың табиғатына және оның күйіне (мысалы температурасына) байланысты болатын шама η – ішкі үйкеліс коэффициенті немесе динамикалық тұтқырлық коэффициенті, болмаса жай ғана (сұйықтың, газдың) тұтқырлығы деп аталады.

Сұйықтың динамикалық тұтқырлығының оның тығыздығына қатынасын кинематикалық тұтқырлық дейді:

$\nu = \eta / \rho$. Егер (1.3.1) формуласынан dV/dy және $S=1$ деп алсақ, онда $\eta = F$. Яғни тұтқырлық, сан жағынан, бір-бірімен салыстырғанда жылдамдық градиенті бірге тең қозғалыстағы екі қабаттың жанасу бетінің әрбір бірлік ауданында пайда болатын ішкі кедергі күшіне тең. СИ жүйесінде тұтқырлық бірлігі үшін модулі 1 м/с жылдамдық градиенті 1 м жанасу бетінде 1 Н ішкі үйкеліс күштің туғызатын

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

тұтқырлық алынады. Бұл бірлік паскаль-секунд (Па*с деп белгіленеді) деп аталады. Тұтқырлық коэффициенті температураға тәуелді. Әрі сұйық пен газ үшін бұл тәуелділіктің елеулі айырмашалығы бар. Сұйық температурасы жоғарылаған сайын оның тұтқырлығы күрт азаяды. Газда, керісінше, температура жоғарылаған сайын тұтқырлық коэффициенті артады. η коэффициентінің температураға байланысты бұлай өзгеруін сұйық пен газдың ішкі үйкеліс механизмінің әр түрлі болуынан деп түсіну керек.

1.4. Кішкене шардың сұйық ішіндегі қозғалысы. Сұйықтың тұтқырлық коэффициентін кішкене шардың тұтқыр ортадағы қозғалысы (Стокс тәсілі) бойынша анықтауға болады. Енді кішкене шардың тыныштықта тұрған тұтқыр сұйықтағы еркін түсуін қарастырайық (1.4.1-сурет). Бұл жағдайда оған күш әсер етеді:

$$1.4.1. \text{ Ауырлық күші: } P = mg = 1/6\pi d^3 \rho g, \quad (1.4.1)$$

мұндағы d - кішкене шардың диаметрі, ρ – кішкене шардың тығыздығы, g – еркін түсу үдеуі.

1.4.2. Кері итеруші күш (Архимед заңы бойынша)


$$F_1 = 1/6\pi d^3 \rho_1 g, \quad (1.4.2)$$

мұндағы ρ_1 - сұйық тығыздығы.

1.4.3. Сұйық қабаттардың арасындағы ішкі үйкеліс күшінің әсерінен пайда болатын, қозғалысқа қарсы бағытталған кедергі күші. Кішкене шардың бетіне жанасып тұрған сұйық қабаты оған жабысады да, шармен бірге сондай жылдамдықпен қозғалады. Шарға жақын, іргелес жатқан сұйық қабаттар да қозғалысқа келеді. Бірақ кішкене шардан алыстаған сайын, сұйық қабаттарының жылдамдығы кемі береді. Сондықтан ортаның кедергі күшін есептегенде, сұйық қабаттарының арасындағы үйкелісті ескермей-ақ, сұйық қабаттарының арасындағы еспке алу керек. Тәжірибе ортаның кедергі күші дененің қозғалыс жылдамдығына, оның геометриялық пішініне, сызықтық өлшемдеріне, бетінің күйіне және ортаның тұтқырлығына байланысты болатынын көрсетеді. Егер кішкене шар жан-жаққа шексіз жайылып жатқан сұйық ішінде, ешқандай құйын тудырмай (түсу жылдамдығы аз кішкене шар) түсетін болса, онда Стокстың есептеуі бойынша кедергі күші мынаған тең:

$$F = 3\pi\eta Vd \quad (1.4.3)$$

мұндағы η – сұйықтың тұтқырлық коэффициенті, V –кішкене шардың жылдамдығы, d – оның диаметрі. Үш күш те вертикаль бойымен: ауырлық күші төмен, ал кері тиеруші күш пен кедергі күші жоғары (2 а - ші-сурет) қарай бағытталған.



Сурет 2 – а) Шарға әсер ететін күштер. б) Стокс тәсілімен сұйықтың тұтқырлық коэффициентін анықтауға аранлаған прибор.

Бастапқы кезде кішкене шардың жылдамдығы арта түседі, оның жылдамдығы артқан сайын кедергі күш те артады. Бір кезде ауырлық күшін (P), F және F_1 күштердің қосындысы теңгереді. Сол мезеттен бастап, барлық күштердің қорытқы күші нөлге теңеледі, яғни

$$P - (F_1 + F) = 0, \quad (1.4.4).$$

Бұдан әрі қарай кішкене шар $V = V_0$ жылдамдықпен бір қалыпты қозғалады. (1.4.4) формуласына P, F_1 және F шамаларының мәндерін қойып, тұтқырлық коэффициентін табамыз:

$$1/6\pi d^3 g \rho = 3\pi \eta V d + 1/6\pi d^3 \rho_1 g,$$

немесе

$$1/6(\rho - \rho_1)\pi d^3 g = 3\pi \eta V d,$$

бұдан

$$\eta = (\rho - \rho_1)d^2 g / (18V).$$

Кішкене шардың жылдамдығы l/τ қатынасымен алмастырып (мұндағы l – жол, τ – шардың бір қалыпты түсу уақыты), тұтқырлық коэффициентін есептеуге мүмкіндік беретін төмендегі өрнекті табамыз:

$$\eta = d^2 g \tau (\rho - \rho_1) / (18l) \quad (1.4.5)$$

Бұл формуланың диаметрі кішкене шар диаметрінен бірнеше есе үлкен цилиндр пішінді ыдыстың ортасы арқылы өтетін түзудің бойымен түскен кішкене шар үшін ғана пайдалануға болады. Осы теңдіктің оң жағында тұрған физикалық шамаларды біліп, тұтқырлық коэффициентін анықтауға болады.

1.5. Прибордың сипаттамасы. Стокс тәсілімен сұйықтың тұтқырлық коэффициентін анықтауға аранлаған прибор ішіне зерттелетін сұйық (глицерин, трансформатор майы және т.б.) құйылып, таянышқа бекітілген цилиндр пішіндес ыдыстан тұрады. (2 б - сурет) . Реттеуіш бұрандалар мен тіктеуіштің көмегімен цилиндр пішіндес ыдыс вертикаль орналастырылады. Цилиндрдің сыртқы бетіне горизонталь сақина түрінде (d_1, d_2, d_3) үш белгі түсірілген (l – екі белгінің ара қашықтығы).

Шар бір қалыпты қозғала бастайтын деңгейге сәйкес ең жоғарғы белгі сұйық бетінен 5-8 см төмен орналасады. Кішкене шар цилиндрдің дәл ортасынан өтетін осьтік түзудің бойымен қозғалу үшін цилиндр жоғары беті ортасында тесігі бар құйғыш тәріздес қақпақпен жабылған. Зертханалық жұмысты орындау үшін ұсақ болат немесе қорғасын шарлар пайдаланылады.

1.6. Жұмыстың орындалу тәртібі. 1.6.1. Кішкене үш шардың диаметрі анықталады. Әрқайсысының диаметрі әр түрлі бағыт бойынша үш рет өлшенеді. Өлшеу нәтижесі 1-ші кестеге жазылады.

1.6.2. Шарды құйғыштың тесігі арқылы сұйыққа жәй ғана тастау керек. Шар түсер алдында бақылаушының көзі мен жоғарғы белгі бір горизонталь түзудің бойында орналасуы керек. Шар жоғарғы белгінің тұсынан өте берген кезде секундоөлшегішті қосу керек. Сол мезетте бақылаушы дәл жоғарыдағыдай тәсілмен кішкене шардың екінші белгіден өтуін қадағалайды. Шар екіншідегіден өте бергенде секундоөлшегішті тоқтату керек. Шардың түсу уақыты кестеге жазылады.

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

Кесте 1 – Өлшеу нәтижелері

Шарлар	Шардың диаметрі (мм)	Шардың орташа диаметрі	Шардың түсу уақыты	Белгілердің ара қашықтығы	Тұтқырлық коэффициенті
	d', d'', d'''	d_{opt} , мм	τ , с	l, м	η , Па*с
1					
2					
3					

$$\eta_{opt} = \tau_{opt} = ?$$

1.6.3. Масштабты сызғыштың көмегімен белгілердің ара қашықтығы 1 мм-ге дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

1.6.4. Егер бақылаушы шардың екінші белгіден өтетін мезгілін байқамай жіберіп алса, онда бақылауды одан әрі жалғастырып, секундоөлшегішті үшінші белгіден өтер мезетте тоқтату керек.

1.6.5. Үшінші белгі осы жұмыста пайдаланылатын шардың шекті шамаларын өлшеу үшін де қажет. Бұл жағдайда бақылаушыда екі секундоөлшегіш болуы керек. Шар бірінші және екінші белгіден өтер мезетте бірінші секундоөлшегіш, ал екінші және үшінші белгіден өтер мезетте екінші секундоөлшегіш қосылып – ажыратылады. Егер шардың d_1, d_2 және d_2, d_3 белгілері арасындағы жылдамдығы бірдей болса, онда өлшемдері осындай шарды пайдалануға болады. Егер, бұл шарт орындалмаса, онда өлшемдері бұдан гөрі кішілеу шар алу керек.


1.7. Өлшеу нәтижелерін өңдеу. 1.7.1. Әрбір кішкене шар үшін тұтқырлық коэффициенті (1.4.5) формуласымен есептеледі. Осыдан кейін бөлме температурасындағы тұтқырлық коэффициентінің тәжірибе кезіндегі орташа мәні есептеледі.

1.7.2. Заттардың тығыздығы: глицерин 1260 кг/м^3 ; қорғасын 11370 кг/м^3 ; болат 7850 кг/м^3 . Еркін түсу үдеуінің мәні 9.80 м/с^2 .


1.7.3. Мына формуламен салыстырмалы қате есептеледі:

$$\Delta\eta/\eta = \Delta g/g + 2\Delta d/d + \Delta l/l + \Delta\tau/\tau + (\Delta\rho + \Delta\rho_1)(\rho - \rho_1)$$


1.7.4. Өлшеу нәтижесі былай жазылады: $\eta \approx (\dots) \text{ Па*с}$.




Сурет 3 – Лабораториялық жұмысының тапсырмасы (1)




Сурет 4 – Керекті приборларды аламыз (2)




Сурет 5 – Глицеринді цилиндрге құямыз (3)




Сурет 6 – Сұйық деңгейі 60см деңгейінде тұр (4)




Сурет 7 – Алынған болат шарлардың диаметрін штангенциркуль арқылы өлшейміз (5)



Сурет 8 – Шардың сұйыққа түскендегі уақытын есептеу үшін секундомер аламыз (6)



Сурет 9 – Шарды сұйыққа батырамыз (7)



Сурет 10 – Шардың әр деңгейден өту уақытын жазып аламыз (8)

Қорытындылай келе, компьютерлік модельдеу технологиясы – қазіргі заманғы ғылыми танымның үлкен бір өнімді технологиясы, ол білім беретін оқу орындарында үздіксіз оқыту жүйесінде лайықты орын алып келеді және әлсіз материалдық база мәселесін шеше алады деген пікірдеміз.

Әдебиеттер:

1. Назаров С.А., Березин Ю. Компьютерное моделирование физических демонстраций в среде Macromedia Flash // Материалы студ. науч.-практ. конференции «Социокультурные условия образования молодого специалиста: вчера, сегодня, завтра». – Новочеркасск: ЮРГТУ (НПИ), 2006. – С. 223-224.
2. Оспенников Н.А. Лабораторный физический эксперимент в условиях применения компьютерных технологий обучения: учеб.-метод. пособие. – Пермь: Перм. гос. пед. унив., 2007. – 263 с.
3. Куанбаева Б.У. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары / Пед. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2004. – 137 б.
4. Физикалық тәжірибелер / Жалпы ред. Е. Аққошқарұлы). – Алматы, 1993. – 240 б.

Куанбаева Б.У.

МЕТОДИКА КОМПЬЮТЕРНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ ЛАБОРАТОРИИ В СРЕДЕ MACROMEDIA FLASH

Для понимания сути физических явлений большое значение имеет использование анимационных программ, наглядно демонстрирующих процессы. Одна из этих программ - программа Macromedia Flash, с помощью которой можно исследовать сложные закономерности, алгоритмы и динамические процессы, а также реализовывать учебные игры и имитации, создавать исследовательские тренажеры, контролировать усвоение материала и автоматизировать самоконтроль.

В предлагаемой статье используется широкоиспользуемая среди программистов программа Macromedia Flash, и представляет собой моделирование на тему «Методика компьютерного моделирования физической лаборатории в среде Macromedia Flash»

Ключевые слова: модель, программа Macromedia Flash, лабораторные работы по физике, коэффициент вязкости жидкости, метод Стокса.

Kuanbaeva B.U.

**METHODOLOGY OF COMPUTER MODELING OF PHYSICAL
LABORATORY IN MACROMEDIA FLASH**

Emphasizing importance of the animation programs showing processes in understanding of essence of the physical phenomena in article, one of which - the Macromedia Flash program. With her help it is possible to investigate difficult regularities, algorithms and dynamic processes, including to realize educational games and imitations, to create research exercise machines, to control digestion of material and to automate self-checking.

The proposed article uses the widely used Macromedia Flash program among programmers, and is a simulation on the theme «Methodology of computer modeling of physical laboratory in Macromedia Flash».

Keywords: model, Macromedia Flash program, laboratory works on physics, fluid viscosity coefficient, Stokes method.

УДК 54:37.016

Сдикова Г.Ж. – кандидат химических наук,
доцент, ЗКГУ им. М.Утемисова

E-mail: sdikova.guliya@mail.ru

Хайруллина М.Ш. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова

E-mail: muldir_1990@mail.ru

**РОЛЬ ПРОБЛЕМНОГО ОБУЧЕНИЯ В СТАНОВЛЕНИИ
ЭКСПЕРИМЕНТАЛЬНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПО ХИМИИ**

Әпербақан белсенді, «асыра сітеу болмасын аша тұяқ қалмасынның» жайын, 1932 жылдың ашаршылығын Сафуан Шаймерденұлы сонау 60 жылдары айтудан тартынбаған. «Ал жәбірленуші ше? Бұл да бір осы күнге дейін шеше алмай қойған жұмбақ сырым: бір үйлі жан болып, ошарылып, талғажау етіп отырған көжелігін тартып алып кетіп бара жатқанға даусын шығарып тіл қатар бірі жоқ қой. Ертең аштан өлерін біледі. Біле тұра үндемейді. Жалынбайды. Жағынбайды. Томсарған күйде қала береді. Олар қайыр-садақа сұрауды да білмейді. Бала болсам да бүгінгідей көз алдымда. Аштықтан көзінің алды күлтеленіп, аяқ-қолы ісініп, бұралып жатқандардың талайын көрдім сол қыста. Бірдеңе берсең алады, жейді. Бірақ өз бетімен қолын созбайды. Ештеңені дәмепейді де. Өңменіңнен өтер өткір көзін бірдемеге мағынасыз қадап жата береді. Бұл не нәрсе, Тулан? Ерлік пе? Әлде ездік пе? Берген қолым алаған демеуші ме еді халық? Бар күнінде қонақжай дарқан пенделердің өлім аузында басқадан түк дәмепеуін, дәмепей жатып жан тапсыруын қалай түсінуге болады? Жұмбақ бұл маған. Күні-бүгінге дейін жұмбақ».

Айнала көрші жұрттар дін-аман отырғанда қазақтың соры қайнаған сол бір уақыттың, басқа да басқа шығып басынумен болған замандардың кеудеден кетпеген КЕК сөзін 1986-ның қапылыс, жүрек қан жылаған қату қабақ шақтарында бірінші хатшы Колбинге: «Қызыл империялық қырғынды тоқтатпадыңдар. Мен ержүрек, намысты халқымның атынан сөйлеп тұрмын», - деп, қитұрқы сұмды суық жанар азаматтық айбарымен жасқап тұрып, айта алған Азамат ердің баласы осы Сафуан аға Шаймерден болатын.

Сексеннен аса жасаған ғұмырында жазушы сонау балаң кезден-ақ кеңестік жүйені атойлап дәріптеуден бой тартқан, қаламына оңтайлы келген повесть жанрында жазылған жекелеген туындыларында ел басына уақыт, кезең әкелген қайшылықты, күрделі, екіұдай кепті көрсетіп отырудан бой тартпаған мығым мінезді бұзбапты.

Шайменденұлы өзі көркемдік кеңістікке алып шыққан адамдарды әсте бірінғай дұрыс, немесе бұрыс етіп көрсетуге құлық танытпайды. Адам баласының әрқилы жағдайда қылаң беріп отыратын осалдығы да, күтпеген таңдау шақтардағы артықшылық – абырой биігі де дәйім қоса қабат алынады.

Жазушы кейіпкерлерін қалпына сай сөйлету, өткір, ұтымды диалогтар туғызу шеберлігін сонау жас күнінде жазған «Болашаққа жолдан» («Инеш» - Қ.М.) байқата бастайды.

Сафуан Шаймерденұлының «Жыл құсы» повесі – Битабар, Иманақ тауы да жадымызда қалған. Жазушы жанын «жаңа өмір» орнығып жатқан кезең, жалпақ жұртың ғасырлар бойғы ғұмыр салты жасаған көшпелі өркениеттен қондырма қалыпқа қайтусыз ойысып жатқан уақыт қозғайды.

Битабар балуанның күшіне құрық салған әккі басшының, «өркениет әкелген» «озық» адамның бір айналымнан аспай бас көтетерін аярлығы түршіктіреді. Асты-үстіне түсіп алдаудан жанға жол бермес сұм, жалғыз перзентінен айырылғанда да айтқанымен жүрген Битабар балуан мертігіп

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

қалғанда, төбе көрсетпей безіп кеткен. Елсізде тұралап тұрған көлігін көтеріп шығарып жіберген кісіні әдейілеп іздеп тауып алғанда жолыңа байладым деп дала тағысы ақбөкенді сылқ еткізген шетен қалпақтының мезіретін Битабар іштей «қажет болса сені де осындай жасаймын», -дегендей пиғылға жорыған еді. Қателеспеген. Шетен қалпақты – шерілердің төбесінде ойнаған өктем отаршыл жүйе тұспалы.

Битабар – бір мәнде кесек тұлғалы нұры сөнбейтін, қуаты өшпейтін ұлттық бірегей болмыс.

Сафуан Шаймерденұлы «Жанкешті жігіт» деректі әңгімесінде «тың игеру» тұсындағы басынулар мен бассыздықтарды батырып айтты. Жазушы өзінің бір сұқбатында да «тың игеруге» даурықпай, дабырламай астарлы тұстардан салқын қарайды.

Жанкешті жігіт – туған ауылы «Суаткөл» колхозында председатель болып істеген Ескен Құсайынов деген азамат. Ауыл үйдің адамын басынып, ойына келгенді істеп жүргендерді бір күні намыс жеңген жігіт атпен жапырып, таяққа жығып тастайды. «Ескен мал өрістен қайтқан сәске тұсында үйіне келген ғой. Шамасы сүт пісірім шаққа көз шырымын алмақ. Етігі мен үстіндегі ауыр киімін шешіп қисая берген екен, бақыра жылап бір әйел кіреді. Үсті-басы сарыала сауыс сүт. Қолы-басы қан.».

«- Күн көруден қалдық қой, түге. Тапа-тал түсте өз үйінің қасында арақ ішкен бұзақыларға таланып, көрдік қой көресіні. Еркексіңдер ме, кімсіңдер өздерің? Беттерің қайырмайсыңдар ма, көстендетіп қоя бермей?!»

Ескен алдымен әлгі сүтін төгіп, қаймағын тартып алған, енді тауық қуалап жүрген екеуін, соңынан солардың жиып келген жиырма бір адамын жалғыз жайпаған. Соңынан істі болып бірер уақыт қамауда отырып шыққан.

Жазушы сонау бір жылдарда «Мәдениет және тұрмыс» журналының тілшісімен болған сұхбатта кіндік қаны тамған жерінде тұрып жатқан өз елінің мүддесіне қаратып, шындықтың бетін тырнап отырып, басынып кеткендерді сескендіре сөйлейді. Алматыдағы ахуал, Одақ көлеміндегі ең көшпелі ел кім болып отырғаны, бей-берекет қоныс аударушылыққа алаңдайды. «Дәл қазір бұрынғы көшпелі ел – қазақтардан артық орнықты, отырықшы ел жоқ. Ал бұрынғы отырықшы ел – орыстардан бетер көшпенді ел жоқ». Жазушы академик Д.Лихачевтің осы жөнінде орыстарға арнап бет-алды көшіп, қона беру кісілікке, адамшершілікке жатпайды деп қынжылыс білдіргенін келтіреді. Бірнеше бадырайып тұрған келеңсіздіктердің жайын тарқата, шешім, тоқтам, түйінге тарта ой өрбітеді. «Мына Кеген ауданында «Қарқара» деген совхоз бар. Өзің сияқты, осы «Мәдениет және тұрмыста» істеп жүрген кезім. Редакциямыздың көшпелі жұмысын сол ауданда өткізгеніміз бар. Айнала тау, керемет жер, арқырап жатқан өзен, құлпырған дала. Баяғы, Мұхтар Әуезов «Қилы заманында» жазған жәрмеңке болатын жер ғой. Сол уақыттағы «Қарқара» совхозының тұрғындары түгел дерлік орыс, бар болғаны парторгі ғана қазақ еді. Бірнеше жылдан кейін әлгі ізіме қайта айналып соқсам, «Қарқара» совхозы түгелдей қазақыланып кетіпті. Басқа халық қайда кетті десем – Қытай мен екіарада кикілжің туған кезде бәрін тастап, безіп отырған. Күнкөрістік, келісмектік психология деген, міне, осы».

Жазушы КСРО-да үздіксіз жүріп келген беталды ауа жайылып, көшіп-қона берушілікті тоқтату керек дейді. Бір уақыттарда Мұхтар Әуезовтің шеттегі қазақтарды шақырып алайық деп көтерген бастамасына басшылық құлық танытпаған екен. Керісінше, тың көтеруге кім келмеді, деп күйінішін жасырмайды.

Қаламгердің жазушылық ождан, уақыт, ел, жер ауқымындағы жүрек жарды ой сөзі түскен сұқбат-әңгімелері әлеумет өміріне айтарлықтай ықпалын тигізіп отырды.

Жазушы Сафуан Шаймерденұлының 3 томдағы шығармалары, негізінен, драматургиялық туындылары. Бірнеше қысқа әңгімелері басылған. Мәдениетті проза бағытындағы табысы саналатын «Мәжнүн тал» повесі де осы кітапта. Қазақ прозасы 60 жылдарда шарқ ұрып жаңа бағыттар іздеді. Замандастың жан әлеміне зер салу, оның бойындағы ізгілік, кісілік келбеті, адамшылық артықшылықтарға қанығып, рухани тебіреністерді бастан кешіруге ендігі әдемі де әсем бітімді, білімді Әспеттеп, әлем әдебиетімен ауызданып қалған ойлы оқушы да ынтық. Повесте отбасылық өмір иірімдері, сыйлас, қимас әсерлі сезімдер – жекелеген көңілсіз сәттер қылаң беріп қалып отырғанның өзінде өміршең жарқын бояулармен бедерленген. Академик Серік Қирабаев бұл шығармадағы лиризм, оның қазақ повесть жанрындағы мәні туралы атап айтты.

Бес томдықтың төртінші кітабына жазушының өз дәуіріндегі әдеби беталыстар туралы әр жылдары жазылған толғаныс, ойлары айтылған пікірлері топтасқан. Бұл өзі – жөні бөлек бір жинақ. Қаламгердің шығармашылық зертханасына қызығушылар қанағат табатын сыр-сұхбаттар, қанаттас, қатарлас тұлғалар қара көрсетіп әдебиет әлеміне елітіп, елеңдей бастаған замандас інілер шығармашылығындағы даралылық белгілері бедерлене түскен соны нышандар қалтқысыз ой зердесіне тартылады.

Әр жылдарда жазылған мақала, жасалған баяндама, әңгіме-сұхбаттарында ұдайы, үзілмей қозғалып отыратын көркемдік талғам, талап, шығармашылық үрдіс, қазақ әдебиетінің қал-қауқары туралы, ой-пайымдары мәселенің тоқ етер қойылымымен, мейлінше талапшылдығымен, шалқар білімдарлығымен тұлғалана түсетін көрнекті қаламгер Сафуан Шаймерденұлына «Әдеби толқындар» сын кітабы «Ағалардың алақаны» ғұмырбаяндық естелік-эссе жинағымен бірге Мемлекеттік сыйлығын алған еді.

Сафуан Шаймерденұлы әдеби сында өзіндік, негізгі бірбеткейлігімен, көркемдік мәселесінде көңіл жықпастыққа бармайтын тураби тұзулігімен танылып, мойындалды. Сыңар езу біржақты, айттым, бітті, шала қамтыған, дүмбілез сын жазбаған. Суыртпақтап тарқата отырып классиктің де, кенже буын өкілінің де кемістік, жетістігін нақ бағалап, дәл танудың біліктілік өнегесін көрсетіп отырады. Балаң жігіт шағында Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиннің шығармашылық бағыттарына баға беріп сөйлеуге батылы барған. 1954 жылы жазған «Халықтық шығармалар қалай туады?» атты мақаласындағы кең құлаш ойлар, ескертпелер, әдеби үдерістің бағыт-бағдарына көшелі ғылым пайыммен іркіліссіз төрелік айту машығы ғұмырын қазақ әдебиетінің жай-жапсарын кәнігі сақшы дағдысымен «күзетіп» өткізетін қаламгердің қалыптасып қалғанын танытты.

Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» повесі, Ғабдол Слановтың «Шалқар» романы туралы кісіні иландырмайтын кемшілік неден өрбитіндігіне сыйдырып бұлтартпас қисындарға жүгінеді. Жеке шығармашылық тұлғаның жазу әлуеті, оңтайлы, өзіне әбден таныс, етене құбылыстар туралы суреттеу-баяндаулар туралы, жүлде алар жүйріктігі туралы сарқа айтудан шаршамаған.

Әдеби образдың ұлттық сипаты проблемасына қатысты былай дейді: «Өз басым «Шығанақ» романы Ғабиден Мұстафин творчествосындағы ең сәтті шығарма деп қараймын. Сәттілік тамыры Шығанақ бейнесінің нанымдылығында. Шығанаққа мейлі костюм кигіз, мейлі оны, бәрібір орысша сөйлет, Шығанақтың қазақ екені бірден табылады. Өйткені мінез-құлық, психика, өмір сүру салты жағынан ұлттық дәстүрдің озық үлгілерін өз бойына жинай білгендігі жағынан, ол қайтсе де қазақ болып көрінеді. Сәбит Мұқановтың «Сырдариясындағы» Сырбай қарттың бейнесі де дәл осылай болып шыққан. Бұлар барынша бедерлі де тартымды, өнегелі қарттар. Ал Полевой мен Щербаков туралы бұлай деп айта алмайсың. Меніңше, олардың екеуі де шыққан, бар образдар. Бірақ олар орыс

өкілі болып көрінбейді. Полевой психологиясы жағынан кәдімгі Сырдария бойының қазағы да, ал «Қарағанды» романындағы Щербаков атам заманнан бері Қарағанды даласында мал баққан атам қазақ болғанда шыққан».

Жас сыншы әдеби шығармадағы сөйлеу тіліне қатысты тұщымды ойлар айтады. «Абай» романындағы тіл шешендігі қазіргі заман кейіпкеріне келмейтінін ескерткен. Шеберлік, әдіс-тәсіл, дара ерекшелік, дүниетану, көркемдік өлшем ұғымдарын зерделейді. Көпке түсініктілік, қарапайымдылық туралы ой қозғағанда Сәбең халыққа түсінікті, қарапайым әдебиет үшін күресемін дейді, содан қарадүрсін, қарабайыр да жазып кететіні бар деген. Өмірді боямалап көрсетуден сақтандырады. Мұқан Иманжановтың «Алғашқы айларын» сынайды.

Сафуан Шаймерденұлының шолу мақала, шығармашылық портрет, ирецензия, эссе-сұхбат, т.б. сын жанрларында жазылған туындыларының бірі – Жұмағали Саин шығармашылығына арнаған «Талант көзі – өмір» атты көлемді мақала. Кем қамтып, қашан, қайда, қалай жазылған екендігі туралы ақын поэзиясы жан-жақты, әділ сараланған. «Мұндай салыстыра жырлауда, шынын айтсақ, жалаңдық, схематизм бары байқалады. Ақын ескі өмірден жаңа өмірге көшу жолдары, соның заңдылығын ашып бере бермейді. Ашып беруге талпынбайды да. Бірақ мұны Саинның міні деуден аулақпыз. Ол кез үшін, қалай болса да, осы әдістің өзі керек еді».

Ж.Саинның майдан өмірін суреттеудегі нақтылық, ақынның алған тақырыбын сезіне көркем толғана жырлайтынын, жазудағы шеберлік тәсілінің бірі ерекше сұрау әдісін қолдануы, белгілі бір адамның атынан сөйлеп отыратыны деп даралық сипаттарын тауып отырады. Соғыс жылдарындағы творчествосымен поэтикалық жаңа белге шыққан қаламгердің кейін колхоз тақырыбына жазған өлеңдерінде ол биіктен көрінбей қалуының себептерін барлайды.

Сафуан Шаймерденұлы әдеби сын мақалаларында уақыттың желігіне елітіп, жалаң сөйлеген жоқ. Қай кезде де көркемдік мұраттарынан қара үзбеді. Шығармашылықта саясаттың шылауында кетуге дес бермеген, ден қоймаған. «Қайта құрудың» кезіндегі қайсыбір сұхбаттарында саясатқа ештеп іші жылығаны байқалады. Әдеби талдауларында көктей шолып жалпы сөйлемейді. Кімді айтса, нені айтса – дөп айтқан еркін кесіп пішеді. Бірақ ешкімнің арына тимейтін мәдениетпен сынайды.

Академик Серік Қирабаев атап көрсететін, Сафуан Шаймерденұлының «Болашаққа жолдан» басталған шығармашылық жолы «бұзылмай» жалғасты.

«Ол шығарманың тақырыбын саудаламай, өзінің жазушылық концепциясын айқындғын, адамды тануға, адамдық қарым-қатынастарды, қоғамдық орта мен жеке адамның өзара байланысын зерттеуге ұмтылысын көрсетті».

4 кітаптың беташарындағы 1982 жылғы жүргізілген телесұхбаттың баспа нұсқасында қаламгер мұраты, жазылу себептері, негізгі көркемдік арқау, астарлары баяндалған.

Қазақстан жазушыларының III съезі қарсаңында жазылған халықтық шығармалар туралы мақала 1939-1954 жылдар аралығындағы әдеби дамуды проза жанрындағы туындылар бойынша тұтас қамтып, жинақтап саралаған.

Жетістік қайсы, кемшілік неде дегенде жас сыншы қысылып, қымтырылмаған, беделге қарап, бетіне қарап қипақтамайды.

Шығарма тіліне орай айтылған ұсыныстарда жас әдебиетші «күн тәртібінен түспейтін» проблеманы көтереді. «Әдебиеттің негізгі материалы тіл екенін бәріміз де білеміз. Шығарманың тартымды, тартымсыздығы ең алдымен тілге байланысты. Ал осы қағиданы біле тұра, көбіміз әр кейіпкердің мінез-құлқына, іс-әрекетіне қарай сөз саптауын дараламайтынымыз былай тұрсын, керек десеңіз тіл шеберлігі деген проблеманы теріс түсінетіндігімізді қайтерсің!

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

Халқымыз өсіп, байып, мәдениеттеніп келе жатыр дейміз. Ал осы өзгерістер ұлттық психикамызбен дүниетанымымызға, этикалық ұғымдарымызға, сөз саптауымызға әсерін тигізіп жататынын елей бермейміз. Ал бұл әдебиетімізде қатты еленуге тиісті процесс. Мен «Абай» романынан толып жатқан сөз айшықтарын кездестіремін. Абай да, басқа кейіпкерлер де, автордың өзі де тым мәнерлеп шешен сөйлейді. Бұл роман құнын, сөз жоқ, көтереді. Өйткені Абай заманындағы қазақтарға шешен сөйлеу дәстүрі болған. Алайда Мұхтар Әуезов ертең-бүгінгі қазақ өмірінен роман жазып, ондағы геройларын, дәл «Абай» романындағыдай, шетінен шешен сөйлететін болса анау айтқан табысқа жете алмас еді деп жоримын». Талап тезіне классик те тартылады. Жаңа бастағандарға да жеңілдік жоқ.

Сафуан Шаймерденұлы жазушының өмірді әсірелеп, боямалап көрсетуі оқушыға зиян, талғам бұзады, теріс түсінікке итермелейді деп төтесінен бірақ түсіп, идеализациялау атаулыға тосқауыл қоюға шақырады. Типтік образ жасау тәсілдері, қисындары туралы тоқтамдары қазірде де өзекті. Замандас тұлғасын сомдау проблемалары, аға қаламгерлердің ендігі жастар өмірінің жаңа иірімдерін жеткізе алмау себептеріне барлау жасайды. Мақала жас әдебиетшінің кең шолып, алысты алып жатқан мығым көркемдік таным әлуетін көрсетті. Әдеби таным ұстанымында жанашыр жақынын да, жаңа танысты да талғамай таразыға тартудан тартынбайтын кәсіби жанкештілігі ұдайы байқалып отырды. Расын айтқанда, сын мақалалары үлкен бір том түзетін Сафуан Шаймерденұлы сол 50 жылдардағы білікті, алымды, сыншылдық мінезінен 60, 70, 80-90 жылдарда да тайқыған емес. Әдеби үдерістегі саясат өктемдігіне тигізіп қозғаған ойларында «Абай жолына» автор жол-жөнекей қосуға мәжбүр болған желілер туралы бүркемелеп, бүкпей сөйлейді.

«Ағалардың алақаны» атты 5 кітап халықтың жазушысын хан көтерген уақытқа деген сағыныш сарынымен баурайды. Қазақ әдебиетінің класиктері Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсіреповтің қиын да қызық күрделі заман аясындағы адамшылық, пенделік қалпы, азаматтық, адамдық тұғырлары туралы жан толқытқан әңгімелер шертеді. Қазақ әдебиетінде сонау «Тар жол, тайғақ кешу», «Автобиографиялық әңгіме», «Өмір мектебі», «Есею жылдары», «Жайсаң жандар», «Есімдегілер» үрдісінде жазылған, кейін «Мен», «Таңғажайып дүние», «Өтті дәурен осылай...», «Тұңғыық өмірдің құпиясы» т.б. жалғаса түскен ғұмырбаяндық шығарманың жақсы бір үлгісі туады.

С. Шаймерденұлы әдебиетке мектепте мұғалім болып, комсомол ұйымында хатшы болып, газет тілшісі болып жұмыс тәжірибесімен келген қаламгер. Университет бітіргеннен кейінгі, оған шейінгі өмір жолында өріс кеңіткен тамаша адамдармен таныс болу бақыты бұйырған. Жазушыға қаламдас дос та, қияндағы шопан отбасы да, қарапайым ауылдастары да – барлығы қымбат, қимас. Адамдар арасынан адам іздемейді. Кім-кімнің де адамшылығын алдымен сезіледі, бағалайды, аялайды. «Күйе жағып» күйбең тірліктегі ұсақ-түйекпен кісінің құнын түсіруден «қорқады». Өмір фактілерін қоса қабат желілеп, адамдық артықшылықты алға оздырады. «Ұзында өші, қысқа да кегі» кеткен тасадан тас ату жоқ. Обал-сауапқа қарайлайды. Ол адам туралы «сұңқардай бойын таза ұстаған» деген пікір бар.

Еңбегінің жемісін жеді, бағасын алды. Ордендер тақты. Халық жазушысы атанды. Мемлекеттік сыйлықпен марапатталды.

Тұлғалы адамды ел сүйген жақсы баласы – Саянының қазасы еңкейтіп кетті. Анадан ерте айырылған еді, қарттық жеңе бастағанда баланы жоқтау оңайға соқпады...

Осының бәрі адам еркінен тыс Алланың құзырындағы құбылыстар ғой. Осылай қабылдаймыз.

Әдебиеттер:

1. Негимов С. Сөз зергері // Солтүстік Қазақстан. – 2017. – 13сәуір. – Б. 11.
2. Шоқақова И. Сафуан Шаймерденов: тұлғасы және тағылымы. – <http://mtrk.kz/kz/mtra-zhanalyktar/madeniet/6124-v-petropavlovske-proshla-nauchno-prakticheskaya-konferenciya-Isafuan-shajmerdenov-lichnost-i-nasledier-.html>.
Пайдаланған уақыты: 19.02.2017 ж.
3. Қабдолов З. Сөз өнері (мәтін): оқулық. – Алматы, 2002. – 360 б.

**Мадibaева К.К., Мулик Д.
ЛИРИЗМ В ПОВЕСТЯХ С.ШАЙМЕРДЕНОВА**

В статье рассмотрены вопросы художественного мастерства, индивидуального авторского стиля; основные аспекты творческого наследия известного писателя, лауреата Государственной премии Республики Казахстан Сафуана Шаймерденова. Своеобразный почерк Сафуана Шаймерденова определяется в основном его значимыми творческими знаниями в области лирической прозы. На материале повестей “Каргаш”, “Мезгил”, “Мажнун тал”, “Жыл қусы”, “Инеш” рассмотрены вопросы типологии характеров, времени и пространства.

Ключевые слова: хронотоп, художественный образ, действительность, авторская позиция, герой и его прототип, студенческая жизнь, национальная идентичность, гуманизм, мастерство, самобытность.

**Madibaeva K.K., Mulik D.
LYRISM IN THE NOVELS OF S. SHAIMERDENOV**

The article deals with questions of artistic craftsmanship, individual author's style; the main aspects of the creative heritage of the famous writer, winner of the state scholarship Republic of Kazakhstan, Safuan Shaimerdenov. The peculiar handwriting of Safuan Shaimerdenov can be seen mainly in his significant creative knowledge in lyrical prose. On a material of stories "Cargash", "Mezgil", "Mazhnun tal", "Zhyl qusy" "Ynesh", the questions of typology of characters, time and space were described.

Keywords: time-space, an artistic image, the reality, the author's position, the hero and his prototype, student's life, national identity, humanism, craftsmanship, originality.

ӘОЖ 371.3:811

Сұлтанғалиева Р.Б. – филология ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ қауымдастырылған профессоры (доцент)
E-mail: R.Sultangalieva@mail.ru

Бектұрғанова Ж.М. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетінің доценті
E-mail: zhanar_bm@mail.ru

**ЖИЛІК СӨЗДІК ЖӘНЕ ОНЫ ТІЛ ҮЙРЕТУ ӘДІСТЕМЕСІНДЕ
ҚОЛДАНУ**

Аңдатпа. Мақалада қазақ лексикографиясының жиілік сөздікке байланысты тарихы, жиілік сөздіктің жеке автордың идиолексикасын, тіл байлығын анықтаудағы рөлі, сонымен қатар, оны тілді оқытуда қолданудың қазіргі мәселелері қазақ тілін оқыту әдістемесімен бірге өріледі. Қазақстан Республикасының жалпы білім беру саласында жүргізіліп жатқан жаңа

өзгерістер, сонымен байланысты жаңа әдістемені жүзеге асырудағы жиілік сөздіктердің маңызы мен орны, тиімді жақтары туралы айтылады.

Тірек сөздер: *Жиілік сөздік, статистикалық лингвистика, тіл жүйесі, лингвистикалық бірлік, лексикография, сөз, мәтін, әдістеме.*

Сөздіктер барлық заманда да халықтың мәдениеті мен тарихының алтын қазынасы есептелгені белгілі. Сол себепті әр заманның көзі ашық, көкірегі ояу азаматтары көріп-білгендері мен ұққандарын хатқа түсіріп, оны келесі ұрпаққа жеткізіп отыруға тырысып отырды.

Сөздіктердің ежелден қалыптасып келе жатқан шығарма түрі. Түркілер әлемінде XI ғасырдағы М.Қашқаридың сөздігі түркі сөздері мен фразеологизмдерін, өлеңдерін қамтыған танымал туынды. XIII ғасырдағы Ибн Мансұрдың сөздігі әлі күнге араб тілінің ең көлемді сөздігі болып табылады. ХҮІІІ ғасырда Джонсонның ағылшын тілі сөздігі жазылса, 1783-1794 жылдары "Словарь Академии Российской" деп аталатын орыс тілінің түсіндірме сөздігі жасалды. Осыдан кейін XIX ғасырда В.И. Дальдің сөздігі т.б. сөздіктер пайда болып, сөздік жасау тәжірибесі дами бастады. ХҮІІ ғасырда академиялық сөздіктер шығарумен айналысатын арнайы академиялар пайда болды. Осы ғасырда лингвистикалық сөздіктермен қатар энциклопедиялар шыға бастады. Сөздік ісінің дамуымен тіл тарихы мен тіл жүйесін зерттеуге деген ғалымдардың назары да арта түсті деуге болады. Осылайша сөздіктердің халықтың, адамзаттың мәдениеті мен тарихын ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші мәдени мұра ретіндегі қызметі артты. Бүгінде сөздіктердің сан алуан түрлері пайда болды және олар түрлі мақсатқа қызмет ете бастады.

Қазақ тілінің тарихында және жалпы бұрынғы кеңестік елдердің тарихында қазіргі тілдің лексикографиясы ХХ ғасырда барынша дамыды. 1949 жылы С.И. Ожеговтың сөздігі жарық көрсе, 1950-1956 жылдары орыс тілінің 17 томдық академиялық сөздігі жасалды.

1959-1961 жылдары екі томдық "Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі" жарық көрді. "Бұл "Сөздік" - қазақ тілінде түсіндірме сөздік жасаудың ең алғашқы тәжірибесі" саналды [1, 190 б.]. Кейін А.Ысқақовтың басшылығымен қазақ тілі түсіндірме сөздігінің он томдығы (1974-1986), бір томдығы басылып шықты (1999), сондай-ақ, "Абай тілі сөздігі" (1968), І.Кеңесбаевтың "Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі" (1977), "Қазақ тілінің синонимдер сөздігі" (1962), Ж.Досқараевтың "Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері" (1956) атты диалектологиялық сөздігі т.б. көптеген нормативтік, диахрондық сөздіктер жарық көрді.

Қазақ тілінің жиілік сөздігінің дамуы қазақ тілін статистикалық зерттеу мәселесі қолға алынған кезден басталады. 1936 жылы қазақ ғалымы Қ.Жұбанов "Қазақ тілінің грамматикасында" сөйлем мүшелерінің орны, дыбыстардың саны мен сапасы, түрлері, "тілді зерттеуде, оның заңдылықтарын қарауда, есеп-санаққа, ретті жерінде математикалық ойлауға, оның тәсілдеріне сүйенгендігі" кейінгі ғалымдардың еңбектерінде айтылып жүр. Жиілік сөздік мәселесімен айналысатын қазақ статистикалық лингвистикасының бастауын ғалымдар Қ.Жұбановтың зерттеулерінен көреді [2, 22 б.]. Одан кейінгі жылдары статистикалық лингвистика мәселелері Қ.Бектаевтың зерттеу еңбектерін арқау болды. 1973 жылы "Қазақ тексінің статистикасы" атты ғылыми жинақ жарық көрді [3]. 1973-1974 жылдары Р.Г. Пиатровский мен Қ.Б. Бектаевтың "Математические методы в языкознании" атты жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы жасалды [4]. 1978 жылы Қ.Б. Бектаевтың "Статистико-информационная типология тюркского текста" атты монографиясы жарық көрді [5]. Осы жылы А.Қ. Құрышжанов, А.Қ. Жұбанов, А.Б. Белботаевтың "Куманша-

қазақша жиілік сөздігі" баспа бетін көрді [6]. 1979 жылы Қ.Б. Бектаев, А.Қ. Жұбанов, С.Мырзабеков, А.Б.Белботаевтың авторлығымен "М.Әуезовтің "Абай жолы" романының жиілік сөздігі" шықты [7].

Жиілік сөздік зерттеуші зерттеген мәтіндерінен тізіліп жасалған сөздер мен басқа да лингвистикалық бірліктерден (сөзформалары, сөз тіркестері) тұратын сөздік. Онда ол лингвистикалық бірліктердің берілген мәтінде қолданылу жиілігі көрсетіледі [8, 4 б.]. Бүгінге дейінгі қазақ, орыс тілдеріндегі жиілік сөздіктердің басым көпшілігі жеке автордың туындылары бойынша мәтіндерді зерттеуге бағытталып, жеке автордың идиолексикасын, лексикалық қоры мен құрамын анықтауға арналды және бұл бағыттағы зерттеулер жалғасуда. Мәселен, Ю.Лермонтов өзінің шығармаларында 15000 шамасында сөз қолданған, Д.Граниннің "Картина" атты шығармасындағы кейіпкер С.С. Лосевтің дискурсы "2210 түрлі сөзден жасалған 5571 сөз қолданыстан тұрады", оның лексиконындағы ең көп қолданылатыны 186 сөз күллі мәтінге шаққанда мәтіннің 75-90 пайызын қамтитыны" туралы нақты статистикалық болжамдар айта алсақ, ол осындай жиілік сөздіктердің арқасында [9, 101-137 б.]. Ю.Н. Караулов жиілік сөздіктердің маңызын "сол заманды қызықтырған тақырыптар қатарын" о тематических пристрастиях эпохи) және нақты автордың өзіндік ерекшеліктерін анықтауға болатынымен түсіндіреді. Оны М.Ю. Лермонтовтың шығармалары негізінде түсіндіре отырып, ол былай дейді: "установив статическую структуру языка Лермонтова, мы можем определить степень лексического разнообразия дискурса поэта, которая оказывается, кстати сказать, не слишком большой: 100 самых частых слов составляют почти половину всех словоупотреблений, а 1000 самых частых слов покрывает более 75% текстов" [9, 105 б.].

Зерттеушілердің дәлелдеуіне қарағанда, "қазақтың бас ақыны" Абай Құнанбайұлының шығармаларында 6293 сөз, 46596 сөз қолданыс бар екен. Ең жиі қолданылған айт (107 рет), ақыл (188 рет), ал (600 рет), ат (133 рет), бай (94 рет), бала (191 рет), бәрі (192 рет), бер (338 рет), бой (120 рет), бол (1239 рет), бұл (334 рет), біз (123 рет), бір (575 рет) жиі қолданысқа түскен. Көп қолданылған "бол" сөзіне қарап, ақын ойларына арқау, шығармаларына тірек болып, толғандырған тақырыпты айқындау оңай. "Абай жолы" романында тек 1 және 2 рет қана қолданылған 8698 сөз барлық 16983 сөздің 50% құраса, Пушкин шығармаларында осындай жиіліктегі 9301 сөз барлық 21197 сөздің 44%, "Абай тілі сөздігі" бойынша 3877 сөз барлық 6017 сөздің 64 %, Мамин-Сибиряқтың "Приваловские миллионы" шығармасындағы 7312 сөз барлық 11283 сөздің 65% құрайды екен. Бұл статистикалық мәліметтер ақын-жазушылардың тіл байлығы туралы нақты мәліметтер береді [2, 53 б.].

Бүгінде қалыптасқан жиілік сөздіктердің мынадай түрлері мәлім:

- 1) әліпби-жиілік сөздік;
- 2) жиілік сөздік;
- 3) кері әліпби-жиілік сөздік;
- 4) сөзнұсқағыш әліпби-жиілік сөздік (сирек құрастырылатын жиілік сөздіктің түрі) [2, 33 б.].

Жиілік сөздіктердің көпшілігі қолданбалы ғылымдардың жетістіктеріне сүйене отырып жасалса да, негізінен филологиялық мақсатты - жеке автордың сөз қолданысын, тіл байлығын анықтау арқылы оның жалпы ұлттық тілді дамытуға қосқан үлесін айқындауды көздейді. Қазіргі кезде жиілік сөздіктердің заман сұранысына сай қолданбалы артықшылықтарын пайдалану мәселесі айтыла бастады. Бұл ретте жиілік сөздіктердің тілді оқыту мәселесін шешудегі рөлі қазақ қоғамында талқылануда.

Елімізде мемлекеттік тілді үйрету мәселесі бұрын соңды осыншалықты көтерілмеген болар және бұл әңгіменің басталғанына көп уақыт өтсе де, әлі күнге

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

оның нақты әдістемесі жеткілікті қалыптаспай отыр. Орыс мектебін бітірген оқушылардың қазақ тілін білмеуі, қазақша сөйлемеуі оның айқын дәлелі. Бұл жағдай жоғары оқу орнында да мамандық тілін, кәсіби бағдарланған қазақ тілін меңгеруіне көп кедергілер әкеліп жатқаны белгілі [10].

Осы мәселені ескере келе, ҚР БЖҒМ 2017 жылы осы бағытта арнайы жұмыстар жүргізудің арқасында қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесін жасап шығарды. Ресми деректерге сүйенетін болсақ, бұл әдістеменің мәні "оқушылар қазақ тілін меңгеруді ең алдымен жиі қолданатын белсенді сөздерді жаттаудан бастайды да, ол оқушылардың тіл байлығының біртіндеп дамуына әкеледі", осылайша тіл үйренуде оқушы әуелі жиі кездесетін сөздерді үйренеді де, сосын барып сирек қолданылатын сөздерге көшеді [11].

Бұл Парето және Эббингауз қисық сызығы ұстанымдарымен түсіндіріледі. Парето ұстанымын басшылыққа алу тіл курстарын жеделдетуге ықпал етеді. Осы ұстанымға сүйенет болсақ, қазіргі заманда адамдар 65% ақпаратты жеткізу үшін 400 сөз пайдаланса, 82% ақпарат үшін 1000 сөз, 99% ақпарат үшін балығы 8000 сөз пайдаланады екен. Қалған сөздер 1%-дан да кем ақпаратты арқалап тұрады. Егер барлығына таныс бір мәтінді алып, одан 400 сөзді алып тастар болсақ, мәтіннен 35% қалады. Егер 1000 сөзді алып тастар болсақ, 18%, 8000 сөзді алып тастар болсақ, бар-жоғы 1% мәтін қалады екен. Орташа есеппен алғанда тілде 80-90 мыңдай сөз болса, қалған 92%-ы барлығы 1 ғана пайыз ақпаратты жеткізе алады екен (американдық статистика) [10].

2011 жылы басып шығару ісі толығымен аяқталған қазақ тілінің әдеби сөздігінде барлығы 150 мың сөз қамтылған болса, осылардың ішінде күнделікті қарапайым қарым-қатынасқа, қарапайым тілді түсініп, сөйлесуге, негізгі ақпаратты жеткізуге қажеттісі 106 мың сөзді құрайды екен. Қазақ тіліндегі 120-ға жуық грамматикалық оралымның маңызды деген 20-сын білсе, күнделікті қарым-қатынасқа, ақпарат алмасуға жеткілікті екен. Парето ұстанымының мәні де негізгі, керекті деген сөздер мен сөз тіркестерін, оралымдарды анықтап алу арқылы тілді оқытуды жеделдетуге.

Эббингауз қисық сызығы ұстанымы ақпаратты жадыда сақтау мерзімін басшылыққа алады. Эббингауз қисық сызығын неміс психологы Герман Эббингауз 1885 жылы адамның жадысын эксперименталды зерттеу жолымен анықтаған. Ұстанымның мәні мынада: адам ақпаратты қабылдаған соң, 4 сағат ішінде бекіту болмаса, алынған ақпараттың 50%-ы ұмытылып қалады екен. Ал 4 күн ішінде 20%-ы ұмытылады. Демек, кез келген материалды оны қабылдаған соң, 4 сағат ішінде қайталап, бекітуі керек. Тілді және басқа да пәндерді оқытуда өткен ақпаратты қайталап отыру, 4 сағат ішінде бекіту ақпаратты ұзақ сақтауға ықпал етеді. Осылайша тілді қолдануға қажетті маңызды негізгі ақпаратты беру және оны бекіту, қайталап отыру тілді оқытудың жаңа әдістемесінің негізіне алынады [10].

ҚР БЖҒМ бұл әдістемені енгізудің 3 кезеңін атап көрсеткен болатын:

- 1) Белсенді лексиканың анықтауға мүмкіндік беретін жиілік сөздік жасау арқылы қазақ тілінде неғұрлым жиі қолданылатын сөздерді айқындап алу;
- 2) Жиілік сөздік негізінде лексика-грамматикалық минимум (ЛГМ) жасау;
- 3) ЛГ минимумды баспагерлер мен оқулық авторларына тарату арқылы жаңа әдістемеге сәйкес оқу базасын жаңарту [11].

Ресми мәліметтерге сүйенсек, бүгінде бұл сатылардың алғашқы екеуі бойынша жұмыстар атқарылғаны белгілі. "Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігі" жасалып, ол 36 мыңнан астам сөзтізбелік бірліктерді қамтыған. Белсенді лексиканы анықтауда оқушылардың оқу дискурсынан алынған мәтін базасы қарастырылып, онда 7 миллион сөзқолданыс бары есептелген. ЛГ минимумға 1 сыныптан 11 сынып аралығында оқушы тілінде кездесетін сөздер енгізілген. Ғалымдар сөздеріне дәлел ретінде мынадай дерек келтіреді. Мысалы,

оқушы қазақ тілінде ең көп қолданылатын "бол" етістігінің мағынасы мен қолданылатын жағдайларды жиілік сөздік арқылы меңгеретін болса, онда ол қазақ мәтінін 1,8%-ға түсіне алады екен. Ал егер ол әліпби-жиілік сөздіктің алғашқы 20 сөзін білсе, шамамен мәтінді 12,9%-ға түсіну мүмкіндігіне ие бола алады [11].

Әуел баста жиілік сөздіктерді құрастырудағы мақсат та белсенді лексиканы анықтап, тіл үйренушілерге сол сөздерді тірек етіп оқыту арқылы максимум нәтижеге жету, максималды сөз қолданысын үйрету, мәтінді түсінуде максималды жетістікке жету болған болатын. Жалпы жиілік сөздіктер тарихынан деректер келтіретін болсақ, алғашқы кездегі ғалымдардың есебі бойынша, жиілік сөздіктің алғашқы 100 сөзі мәтіндегі сөз қолданыстарының 50%-ын, алғашқы 1000 сөз 70-80%-ын түсінуге мүмкіндік береді екен [12]. Алайда мұндай тұжырымдар мен жиілік сөздіктер арнайы іріктеліп алынған нақты мәтіндер жиынтығы негізінде жасалатынын ескеру керек. Демек, жиілік сөздіктер нақты мәтіндерге, дискурстарға байлаулы болады. Алғашқы жиілік сөздіктер жазба тіл негізінде іріктеліп, оқу мақсатына сай сұрыпталып алынған мәтіндер бойынша жасалғандықтан, ауызекі тіл назардан тыс қалып қойды. Тілді үйренудегі мақсат тек жазбаша емес, ауызша қарапайым тұрмыстық қарым-қатынасқа үйрену болғандықтан да, бұл жағдай жазба тілге негізделіп жасалған жиілік сөздіктердің практикалық құндылығына күмән туғызды. Жазбаша әдеби тілде жазылған мәтіндерде ауызекі тұрмыстық тілде қолданылатын көптеген сөздер болмай шықты. Ауызша тілді мұндай жағдайда қалай үйретуге болатыны туралы ойлана келе, әдіскерлер ауызекі тіл жазбаларының негізінде жиілік сөздік құрастыру ісіне кіріссе де, "қарым-қатынасқа маңызды" сөздерді анықтау, сөздердің жиілігін анықтау мүмкін болмаған. Сол себепті сөздердің жиілігі емес, көп қолданылатын сөздерді анықтау маңыздылығы арта түсті. Нәтижесінде көп қолданылатын сөздер сөздігі шыға бастады. Мысалы, 1960 жылы ағылшын, неміс, француз тілдерінің көп қолданылатын сөздер сөздігі шыққан [12].

Тілдерді оқыту тәжірибесінде жиілік сөздіктің тиімділігі жөніндегі пікірлер де бірыңғай емес. Жиілік сөздікте қолданыс жиілігі көп болып келетін, толық лексикалық атау мағынасы жоқ "және", "ал", "де" деген сияқты сөздерді білу тіл үйренуді қаншалықты жеңілдетеді алады? Алғашқы сөздік құрастырушылар жиілік сөздікте осындай сөздердің көп болып, олардың қатарында ауызекі тілде кездесетін "шанышқы", "қасық", "түйме" деген сияқты сөздердің енбей қалуын байқағандықтан, сөздердің жиілігімен қатар, қордаланған сөздер (резервные слова, резервность) қатарын да ескеру керектігін алға тартты. Мәселен, француз тілінің "бастапқы" және "базалық" курсы авторлары сөздердің жиілігімен қатар, қордалануын (қордаланған сөздер сөздігі/резервный словарь) басшылыққа алуды әдістемелеріне арқау еткен. Бүгінде мұндай жиілік сөздіктер орыс, шет тілдерін оқыту тәжірибесінде кеңінен таралып отыр [12].

Әйтсе де, қазақ тілін оқыту тәжірибесінде жиілік сөздіктерді оқу мақсатында құрастыру, оны оқушыға бейімдеп құрастыру енді қолға алынып жатыр.

Қазақ тілінде тілді оқыту мақсатында қысқа уақыт ішінде 2 жиілік сөздік жасалып ұсынылған. Бұл сөздіктер осы бағыттағы алғашқы жұмыстар деуге болады. Ресми ақпараттарға сүйенетін болсақ, оның бірі жоғарыдағы аталған сөздік болса, екіншісінің авторы – С.Оразов [13].

Автор С.Оразовтың жасаған нұсқасында ХХ ғасырда жарық көрген кітаптардың электрондық базасы негізге алынған, нәтижесінде 150 мың қазақ сөзінен тұратын мәліметтер базасы жасалған. Арнайы компьютер программасы арқылы жинақталған мәліметтер базасында жиі кездесетін бір түбірлі сөздерді анықталған. Автор қазақ тілінде ең жиі қолданылатын мынадай 5 сөзді көрсетеді:

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

"да", "бір", "деп", "де", "мен". Сөздік қазақ тілін жеделдете оқуға арналған мобильдік қосымшаға негіз болған.

Ал жоғарыда аталып өткен "Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігіне" оқушының күнделікті тілдік ортасында естіліп, айтылатын, қолданылатын қазақ сөздері тілдің барлық стильдеріне қатысты мәтіндерден алынған, әсіресе оқу дискурсына мән берілген. Ол туралы А.Фазылжанова орыстілді оқушының тілдік ортасына тән мәтін базасы "қоғамдық ортада күн сайын кездесетін қазақ сөздерін, радио мен теледидардан еститін, қазақ тілді ақпарат құралдарынан оқитын сөздерді" қамтығанын айтады:

- 2,5 миллион сөзқолданыс ғылыми стильдегі (орыстілді мектептердегі қазақ тілі, әдебиет және тарих оқулықтары, жаратылыстану бағыты бойынша қазақ тіліндегі бастауыш сынып оқулықтары) мәтіннен;

- 746 мың сөзқолданыс көркем әдебиет стиліндегі мәтіннен (балалар әдебиеті және көркем әдебиет туындылары);

- 465 мың сөзқолданыс сөйлеу стиліндегі мәтіннен (ауызша тұрмыстық қатынас);

- 69 мың ресми іс қағаздары стиліндегі сөз қолдану (күрделі емес ресми құжаттар және Конституцияның негізгі баптары);

- 669 мың сөзқолданыс публицистикалық стиль мәтіндерінен (балаларға арналған газет, журнал және телебағдарламалардың мәтіні, "Егемен Қазақстан", "Ана тілі" сияқты қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы қазақ газеттері мен журналдарындағы мәтіндер);

- 268 мың сөз қолданыс әр стильден аралас жиналған мәтіннен алынған.

Жалпы саны 1 сыныптан 11 сынып аралығындағы оқушылардың сөздік қорын қамтитын 2884 сөз қамтылған [11].

Қорыта келгенде, ҚР-да енгізу қолға алынған бұл әдістеме тәжірибеде енді іске асырылып жатыр. Жиілік сөздіктерді оқыту үдерісінде айқын мақсатқа сай қолдануға негізделген бұл жаңа әдістеме мынадай міндеттерді шешіп бере алады:

1) оқыту үдерісін қарапайымнан күрделіге қарай ұйымдастыру;

2) оқыту үдерісі мен әдістемесін, оқу материалдарын бірізді, жүйелі ұйымдастыру;

2) лингвистикалық, қатысымдық материалдардың тілді білу деңгейлерінің әрқайсысы бойынша көлемін анықтау;

3) білім берудің әр сатысындағы оқу мазмұны мен көлемін анықтау;

4) оқыту үдерісіндегі психологиялық мәселелерді шешу;

5) оқу материалдарын ұсынуда негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты ажырату.

Жалпы білім беру жүйесінде қазақ тілін оқыту мазмұнына мұндай нақтылық беру оны жоғары оқу орнында оқытудың да әдістемесін біраз алға жылжытуға ықпал етеді. Бұл ретте жоғары оқу орындарындағы кәсіби бағдарланған қазақ тілі аясында әр мамандыққа арналған мәтіндер базасын жинақтап, қалыптастыру қажет. Сол мәтіндер корпусы бойынша жиілік сөздіктерді құрастыру арқылы жаңа оқыту әдістемесін жасау бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы, 2010. – 560 б.

2. Жұбанов А. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 209 б.

3. Қазақ тексінің статистикасы. – Алматы: Ғылым, 1973. – 731 б.

4. Бектаев К.Б., Пиотровский Р.Г. Математические методы в языкознании. Ч. 1. Теория вероятностей и моделирование нормы языка. – Алма-Ата: ЦГПИ, 1973. – 281 с.
5. Бектаев К.Б. Статистико-информационная типология тюркского текста. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 183 с.
6. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Куманиша-қазақша жиілік сөздік. – Алматы. Ғылым, 1978. – 277 б.
7. Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А.Б. М.Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1979. – 334 б.
8. Алексеев П.М. Частотные словари. – СПб.: Изд-во Санкт Петербургского университета, 2001. – 156 с.
9. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Издательство ЛКИ, 2010. – 264 с.
10. Қаржы орталығы. – http://www.fincen.kz/news/?ELEMENT_ID=910. Пайдаланған уақыты: 02.03.2018 ж.
11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің сайты. – <https://ok.ru/edugovkz/topic/66957968504234>. Пайдаланған уақыты: 09.03.2018 ж.
12. Кімтапхана – <http://lib.znate.ru/docs/index-277648.html>. Пайдаланған уақыты: 12.03.2018 ж.
13. Tengrinews.kz нормалы. – https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/razrabotan-chastotnyiy-slovar-kazahskogo-yazyika-297132/. Пайдаланған уақыты: 13.03.2018 ж.

**Султанғалиева Р.Б., Бектурганова Ж.М.
ЧАСТОТНЫЙ СЛОВАРЬ И ЕГО ИСПОЛЬЗОВАНИЕ В МЕТОДИКЕ
ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКАМ**

В статье рассматриваются вопросы места частотного словаря в истории казахской лексикографии, роли частотного словаря в обозначении идиолексик и богатства используемых автором средств выразительности речи, а также современные проблемы его использования в обучении языкам, вопросы места и значения, эффективности частотных словарей в реализации изменений, имеющих место в сфере образования нашей республики.

Ключевые слова: Частотный словарь, статическая лингвистика, языковая система, лингвистическая единица, лексикография, слово, текст, методика.

**Sultangalieva R.B., Bekturganova Zh.M.
FREQUENCY DICTIONARY AND ITS USE IN THE METHODOLOGY OF
TEACHING LANGUAGES**

The article deals with the questions of the frequency dictionary in the history of Kazakh lexicography with the role of the frequency dictionary in the notation of idiolexics and the richness of means used by the author of expressive means of speech, as well as modern problems of its use in teaching languages, questions of the place and significance of the effectiveness of frequency dictionaries in implementing changes that take place in the sphere of education of our republic.

Keywords: Frequency dictionary, statistic linguistics, language system, linguistic unit, lexicography, word, text, methodology.

ӘОЖ 95 (574):636.145

Мамыров А. – филология ғылымдарының кандидаты,
Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің доценті,

Шортанбаев Ш. – аға оқытушы, әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті

E-mail: mamurov.69@mail.ru

ҚАЙРАТ ЖҰМАҒАЛИЕВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДҮНИЕТАНЫМ

Аңдатпа. Мақалада ақын Қайрат Жұмағалиевтің артында қалған мол рухани мұрасының бір бөлігі ұлттық дүниетанымды аңғартатын өлеңдері іріктеліп алынып, автордың айтпақ идеясын жеткізудегі сөз қолданыстары, пайымдары талданады. Өлең шумақтарындағы жекелеген сөздердің ұлттық кодымызды, қазақы болмысымызды танытудағы поэтикалық күші неде деген сұрақтарға мақалада жан-жақты ғылыми негізде жауап берілді. Сондай-ақ зерттеу мақалада өмірден түйгенін өлеңге сыр қып айтқан ақынның бүкіл бір ұлттың ықылым заманнан бері қалыптасқан «объективный мир» шынайы дүниесін оқырманына қалай жеткізе білгендігі нақты деректермен көрсетіледі. Және Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі идеялық-таным мен көркемдік-эстетикалық ізденістер қазақ поэзиясын ұлттық колоритпен байыта түсетіндігі ашып көрсетілді.

Тірек сөздер: Поэзия, өлең, ақын, дүниетаным, ұлттық рух, ұлттық код, ұлттық характер, құндылық, лирика, қазақ халқы.

Қай ұлттың болмасын дүниетанымын, болмысын өзіндік колоритін тану үшін қашанда алдымен оның рухани қазынасына үнілген дұрыс. Сондықтан әрбір халықтың интеллектуалды ерекшелігін оның өз ақын-жазушыларының шығармашылығынан іздеу керек болады. Бұл ұлттық айшық талай заманғы даму процесінде біртіндеп, ұзақ қалыптасатыны белгілі. Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодты сақтай білу», - деп атап көрсетті [1]. Ұлттық код неге сүйенеді деген сұрақ туындайды. Сөз жоқ ұлттық кодтың басты тірегі тіл, әдебиет, тарих, ұлттық мәдениет, ата-баба дәстүрі. Біздің зерттеу нысанымызға айналып отырған ақын Қайрат Жұмағалиев поэзиясында халқымыздың қоғамдық және тұрмыстық, сондай-ақ түрлі салттық ерекшеліктері, яғни ұлттық коды өзінің тиісті тілдік көрінісін тапқан. Бірақ бұл ақынның барлық өлеңіне тән дүние емес. Сондықтан тіні ұлттық дүниетанымынан ажырамаған жыр жолдарын арнайы қарастыру, ұлттың өзі-өзі тану тұрғысынан зерттеу өзекті болып табылады.

Қайрат Жұмағалиевтің әдеби мұрасын тану деген сөз ақын поэзиясының құндылығын арттырып тұрған өзіндік шеберлігінің қыры мен сырын ашу болғандығы. Тиісінше, бұл ретте Қ. Жұмағалиев поэтикасының өзіндік болмысы неден көрінеді деген сұрақтың туындауы заңдылық. Бұл сауалдың жауабын ақын өлеңдеріндегі дүниені тану пайымдарынан іздеп көрейік. Осы ойымызды ғылыми тұрғыда дәйектеу үшін академик З.Ахметовтің «Дүниетаным және көркем шығарма» атты мақаласындағы пікірді бағдарымызға аламыз: «Асылында, жазушының дүниетанымы мен творчествосы өте тығыз байланысты болады. Оның саяси, философиялық, эстетикалық көзқарасы, дүниетанымы, әдеби творчествоға негіз, тірек болады. Ал әдеби шығармаларынан өмірлік позициясы, мақсат-мұраттары, эстетикалық идеалы айқын танылады» [2, 82 б.].

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

Демек, ақындық поэзияның негізі – ұлттық сипатты құрайтын қоғамдық-саяси, тұрмыстық-әлеуметтік көзқарастардың жинақталған дүниетанымдық болмысы болғандығы. Онсыз шығарманың иі қанбайды. Көркем әдебиет шығармаларындағы автор дүниетанымының ата бабалық көзқарастардан сабақтаса жалғасқан болмысы ғана оқырмандарды, тыңдаушыларды тәрбиелейтіні, өзіндік көркемдік иіріміне тартатыны сондықтан. Міне, осындай ұлттық түсінікпен астасып жатқан жыр жолдарын Қайрат Жұмағалиевтің анасына арнаған «Сен жеткіздің» өлеңінен оқи аламыз.

«Аналардың арқасында өркеуде,
Қалың гүл ек қаптай өскен өртеңге.

...Сен жеткіздің
Мені арқалап Бүгінге,
Мен арқалап жеткізе алсам
Ертеңге...» [3, 20 б.].

Қайрат ақын өлеңде «Ертеңге...» сөзінен кейін оқырманын ойланту үшін көп нүктені әдейі қойып отыр. Мәтін астарында «ананды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да перзенттік парызыңды өтемейсің» деген кесімді сөз, ұлттық характер жатыр.

«Ұлттық характер – көркем әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін аңғартатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық характер өмірдің өзі қалыптастырған – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады, дамиды не керсінше тоқырайды [4, 211 б.].

Балам әкесі азан шақырып қойған атына заты лайық болып өссін деп ісімен өнеге көрсетуші ақынның анасы болғандығын автордың жырынан білеміз. Екінші дүние жүзілік соғысқа ерін аттандырған ана сындарлы сәттен сүрінбеді. Жалғызым жалтақ болмасын деп бар ғұмырын тұлпардың тұяғы ұлына арнады. Ер адамның жұмысын атқарып, колхоздың қойын күзетті. Қажырлы ана ісімен бала Қайраттың санасына өмір күрес дегенді сіңіріп бақты. Сол күндерді ақын «Біздің үйдің шырағы» өлеңінде мөлтек сыр қылып шертеді.

«Ұзақ таңға жаны бір жай таппайтын,
Ақ төбетгі медет қып
Айтақтайтын.
Жылынуға кіретін үйге кейде
Қоралы қойды айналып,
Байқап қайтып.

Қайран ғап,
Сәби жаным ұқпайтыным,
Ұқпасам да,
Шын ұйып құптайтыным -
Күндіз күлкі-
Түнде ұйқы көрмегенде

Анашым
Қабағын бір шытпайтұғын.
Біз онда -
Дүлей дауыл өтінде едік,
Сонда да еш опық жеп,
Өкінбедік.
Біздің үйдің шырағы өшкен емес -

Жердегі жалқы жұлдыз секілденіп» [3, 44-45 б.].

Ұлттық түсінікте үйдің шырағын сөндірмеу кең мағынадағы ұғым. Дана қазақ ұрпақ сабақтастығының жалғасуын қалап «Шырағын сөнбесін» деп батасын беріп жататыны да сондықтан. Сілтеме жасалған жыр жолдарының ұлттық сипатын байытып, философиялық пайым танытып тұрған осы отбасының шырағын сөндірмеу.

Қайрат ақынның жыр кітаптарын парақтаған кезде анасына құрмет білдіріп жазылған жырларының саны басым екендігін аңғарамыз. Аналар тақырыбын жиі жырлайтын Қайрат ақын кей кезде басқа бір ойды айтпақ болып отырып, сол тақырып аясында анасын қайта жырына арқау еткендігін өзінде байқамай қалатын секілді. Соның жарқын бір мысалы «Жерұшық» өлеңі:

«Туған жерден аумай қалған
Анашымның бар болмысы, тұрпаты...
Кей кездерде
Жанға батса сырқаты,
Күн қауысар шағында
...Шүйгін жерді таңдап алып арнайы,
Тізе бүгіп отырған соң, әрдайым,
Бейне тауап еткендей,
Туған жердің топырағына
Сүйгізеді маңдайын.
... Жер-ананың ақ төсінің
Жұпар исі шипа боп
Анашымның ашып көкірек сарайын
Дерттен тағы арашалап қалады:
Кең жаһанмен құшақтасып көрісіп,
Батар күннің күрең нұрын бөлісіп
Осылайша береді аннам жерұшық» [3, 163 б.].

Батар күнмен ақын анасының жерұшық жасауы ұлттық дүниетаным қалыптастырған түсінік. Батып бара жатқан күн жер ана арқылы науқастың бойындағы ауруды алып кетеді деп түсіну қазаққа ғана тән. Бұл халқымыздың табиғатқа өзіндік етене жақындығын көрсетеді. Демек, ақын өлеңіндегі «жерұшық» сөзі ұлттық тұрмыстық-әлеуметтік көзқарастардың жинақталған дүниетанымдық болмысы.

Осындай қазақы дүниетанымдық түсінікті автордың "Маңғыстау" атты өлеңінен оқи аламыз. Абыз жыраулар өлеңіне қосқан қасиетті мекен үш қиянның бірі Маңғыстау ақынның аузына қазақтың жан дүниесін аңғартар сөзді салған екен.

"Күнбатыс бетте
Ілініп қапты,
Ай батпай...
Әп-сәтте
Көкке Күн шықты шырқап,
Ойнақтай!
Сағымға лезде елпілдей ере жөнелді
Құмдауыт дөңдер
Мұрындықтаған тайлақтай" [3, 132 б.].

Осында сағымдалған құмдауыт дөңдердің жетекке ерген тайлаққа теңелуі қандай шынайы. Ақын қиялын қамшылаған құмдауыт дөңдердің қыр баласының қиялымен шөккен түйенің өркешіне астасуы қандай жарасымды. «Мұрындықтаған тайлақтай" жолдары ұлттық тұрмыстан туындаған пайым

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

болуымен қатар өлеңнің бейнелілігін асырып тұрған теңеулі тіркес екендігін атап өткен жөн.

Өмірден түйгенін өлеңге сыр қып айтқан ақын бүкіл бір ұлттың ықылым заманнан бері қалыптасқан «объективный мир» шынайы дүниесін «Аға назы» өлеңімен өрістетуге тырысқан.

«Ризамыз –
Жақсылармен жақын жүрсең.
Бізге де жөн ғой салсаң ат ізің сен.
Қияметте – көршіден дейді.
Мамаң
Жететін бізге
Сенен хат үзілсе...

Таныдым жаңа сені көз көрімнен,
Жақсы көруші ем бала кездеріңнен...
Қарғам-ау,
Тым болмаса, інішегіңе
Кетсей,
Құлақ асатып өз қолыңмен...» [3, 29-30 б.]

Осы өлеңдегі «Бізге де жөн ғой салсаң ат ізің сен», «Қияметте – көршіден дейді», «Құлақ асатып өз қолыңмен» жолдарына назар аударатын болсақ, қазақ халқының дүниені қорытуынан қалыптасқан өзіндік пайымы жатыр. Ақын «Ат ізің салу» деген тұрақты фразеологиялық тіркес компоненттерінің өлеңде орны бұзып, инверсияланған фразеологиялық тізбек жасап отыр. Бұл тілдің стильдік жағынан ақындық қуатпен түрлену құбылысы болса, фразеологиялық тіркестің мағыналық ауқымы мұнан да кең. Қазақ халқының тірлігі тікелей мал шаруашылығымен байланысты болғандықтан, сөздік қорымызда да төрт түлікке байланысты және содан тарайтын сөз саптаулар жетерлік. Ғалымдарымыздың көрсетуінше осының ішінде қазақ тұрмысында ерекше орынға ие жылқы малына қатысты сөздер басым. «Ат ізің салу» мына өмірде бірінді-бірін іздеу, адамдардың өзара тартылыс күші. Мейрімділік, ізгілік жолы.

Қалып айтпайтың халқымыздың өлшемі бойынша тірлік бес күн. Одан кейін фәниден бақиға аттанасың. Жаратушының алдына барасың. Тірліктегі амалың тексеріледі. Сол сындарлы сәтте қоңысын қатар болған көршінмен қалай болдың «күн тәртібіне» шығады. Міне осы ұлттық түсініктегі ойды ақын өлеңде «Қияметте – көршіден дейді» деп түйіндеген.

«Қиямет 1. діни. Ислам дініндегі о дүние туралы ұғым. 2. ауыс. Ауыр азап, бейнет, қиыншылық. Қиямет күні а) діни. Ақырет күні, ақырзаман. ә) Қиындық, пәле, азап. Қияметтің қыл көпірі. Қиыншылық, азап, жолдағы кедергілер» [4, 794 б.].

Түсіндірмелі сөздікте көрсетілген қияметте ұлттық түсінік бойынша пендеге медет болатын көршіге жасаған амалың, яғни, тірліктегі қарым-қатынасың. Қазақ түсінігінде көрші қашанда қастерлі. «Алыстағы ағайыннан қасындағы көршін артық» деп жатуымызда сондықтан. Тармақтағы ойды таратсақта осыған барып тоқайласады.

«Аға назы» өлеңіндегі «Құлақ асатып өз қолыңмен» тармағының да аясы кең. Асату дегеннің өзі үлкеннің кішіге дәмнен өз қолымен ауыз тигізуі, құрметі болса. Бір жағынан жақсылықты дәріптеу, асыл қесіеттердің сабақтасуын қалау, тұлғалардың құты кейінгіге жұғысты болуын ырымдау. Өлеңдегі асату нақтыланып «құлақ асату» болып өрілсе мұның да өзіндік мәні бар. Ағаның ініге құлақ асатуы екеуінің арасындағы байланыстың үзілмеуін қалауы, хабардар болып жүру ниеті. Осының бәрі ақындық қуатпен өріліп жатқан ұлттық этнографиялық дүниетаным түсінігін көрсетеді.

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

Ақынның философиялық мазмұнға ие ұлттық дүниетанымды айшықтап тұрған өлеңдерінің ішіндегі бірегейі «Нұры түскен Алланың». Өлеңдегі философиялық пайым орта қол ақындардағыдай ұйқасқа байланып тұрған жоқ, керсінше байыпты байламмен байытылып тұр.

«Біле тұра
Бұл фәнидің жалғанын,
Келмегені
Өзімді-өзім алдағым:
Жыр жазғанда
Кәміл сендім
Өзімді
Пендесі деп
Нұры түскен
Алланың!» [3, 242 б.].

Адам баласы кәміл сенімге, яғни, еш күмәнсіз, шын иланып, анық сенуге жаратушыдан ерекше белгі болған жағдайда келеді. Әсіресе мұны өнер адамдары, соның ішінде ақындар шабыт сәтіндегі толғаныста түйсігімен түсінетіндей. Ақынның Алланың нұры түскен пендесімін деуі де сондықтан. Жалпы қазаққы түсінікте пендесіне нұрдың түсуі рухани күштің берілуі. Жан сарайының ашылуы.

Қайрат Жұмағалиев артына мол мұра қалдырған ақындарымыздың бірі. Алайда бәрі асыл деуден аулақпыз. Бірақ ақын жинақтан-жинаққа өсіп отырғандығын өлеңдерін оқу барысында көз жеткізуге болады. Әсіресе соңғы «*Жарық дүниеде*» бұл анық аңғарылады. Жүрегімді жарып шыққан өз өлеңім ғой деп өлермендік танытыпай ақын жинақтың басым бөлігін туған жерге оралғаннан кейінгі жазылған дүниелермен бергені көңіл қуантады. Елім деп еміренген ақынды еліді шабыттандырған сияқты. Өскен ел, ата қоныс ақын өлеңдерінің бояуын ұлттық түспен қанықтырып, абыздық арнаға бұрғандай. Жан-жағын шолып, ойын қорытуға мұрсат берген алла рақымына арналған жырлар осының нақ айғағы.

Өмірден түйгенін өлеңге айтқан ақын жырлары бойкүйездіктен аулақ. Адуында емес. Әсте ақынның өлеңінен оның бар болмысын көруге болады деген сөздің жаны бар-ау. Шексіз қиялға беріліп өлең жазғанмен, шектеулі ғұмыр барын, оның аз қалғанын Қайрат ақын елеусіз ғана айтқандығына біз енді ғана көз жеткізіп отырмыз. Жетпіс бес жылдығының алдында ғана қалың оқырманға жол тартқан "Жарық дүниеде" ақын образды түрде ұлттық дүниетаным тұрғысында айтудай-ақ айтқан екен ғой. Кітаптағы "Сүттей аппақ толған ай" өлеңі осының дәлелі.

«Жақсы еді топ-толық боп тұрғаны да
Нұрланып,
Кірісуші ем жыр қамына.
Бірақ та,
Толған айым жемірілді,
Білмедім –
Қайтуға бет бұрғаны ма?!» [3, 349 б.].

Ұлттық дүниетаным түсінігі бойынша толған айдың жемірілуінің сөз болуы пешенеге жазылған өмір өзеннің қайта бастауын аңғартады. Ақынның өткен шақпен "Нұрланып, кірісуші ем жыр қамына" деп тұспалдауы қайтуға бет бұрған жемірілген аймен сабақтасып жатыр.

Қазақтың дәстүрлі ақындық поэзиясы арқылы бүгінге жеткен ұлттық дүниетаным түсініктер белгілі бір кезеңдерде жанды құбылыс ретінде әлсірегенімен уызынан ұлттық рухқа жарыған ақындар барда біржола жойылып кетпейтіндігіне Қайрат Жұмағалиев өлеңдері арқылы көз жеткіздік.

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі негізгі идея, пайым ұлттық болмысымызды таныту. Құндылықтарымызды боямасыз ұлықтау, қырсыздығымызды бүкпесіз айту. Ұлт ретінде мәдениетіміз бен өнеріміздің бастаулары әріде жатқандығын паш ету, мақтан тұту, сондай-ақ олардың кейбір жұрттардың күйреуге ұшыраған руханият көздеріндей жоғалып, не болмаса солғындалып кетпей, қайта халықпен бірге жаңғырып келе жатқандығын шынайы толғаныспен жыр ету. "Өнерге ода" өлеңінен де осыны оқи аламыз.

«Әманда әділдікке жол табатын.

Ол емес

Ақиқаттан жалтаратын

Қазақта

Тура бидің туғаны жоқ,

Сөйлесе

Таңдайынан бал таматын.

Солардың мақтан тұтам шешендігін,

Қауышқан бізге аман-есен бүгін.

Дәлелдеп кеткен олар

Мәңгілікке

Қызыл тіл –

Өнер алды екендігін» [3, 33 б.].

Өлеңнің бірінші, екінші шумағында халықтың сан ғасырлар бойы өмірді тануынан қорытылып шыққан «Тура биде туған жоқ», «Өнер алды - қызыл тіл» мақалдары шумақтың тармағын толтыру үшін емес, шумақтағы айтылар ойдың ұлттық дүниетаныммен қабысып жатқандығын аңғарту үшін алынған көркемдік ой жемісі рухани тірек сөздер.

Өлең мәтіндегі мақалдардың құрылысы жағынан өзгеріске түсуі айтылмақ ойды тап басып көрсету үшін жасалып отыр. Бұл әрине бұрыннан поэзияда бар әдіс. Ақын Қайрат Жұмағалиевтің бұл жердегі тапқырлығы неде мәселесі бізді қызықтырады. Бірінші шумақтағы мақалдың түп нұсқалығын өзгеріске ұшыратып тұрған ілік септік тұлғалы «бидің» сөзі мен тәуелдік тұлғалы "туғаны" сөзінің қызметі мақалдағы негізгі идея адресі түп қазық «Қазақта» сөзіне бағытталып тұрғанын көрсету. Екінші шумақтағы мақалда айқындалушы сөзді бірінші, айқындаушы сөзді екінші беріп, («Қызыл тіл – Өнер алды екендігін») тұлғалық өзгеріске түсірудегі негізгі мақсат халықтың тілі өнерінің басы болып қала беретіндігін санаға рух қуатымен сіңіру.

Ақын Қайрат Жұмағалиевтің соңғы жылдары жазылған өлеңдерінің көпшілігі ұлттық болмысты, Құдіреті күшті жаратушыны танудан туындаған танымдық толғаныстар. Бұған ілгері қадам басқан қоғамның оң өзгерістері мен жүрек түкпірінде жатқан жан қалауы кіндік қаны тамған жерге оралуы себепте болған болар. Жас ұлайғаннан кейін саналы адамды мазалайты сұрақтарда арта түсетіні мәлім, кешегі кеңестік идеология шығармашылыққа өз ізін қалдырғаны анық, тәубе деп тәуеліздікке қол жеткізген тұста тегімізді, тәңірімізді ардақ тұту, қастерлеу өмірде де, өнерде де қайта оянды. Соның бір жарқын дәлелін ақынның "Имандылық" атты мінәжат жанрында жазылған өлеңінен оқи аламыз.

«Сап-сап деп мінез құлыққа,

Бас иген имандылыққа

Береді дейді құдайым

Ақ пейіл, көңлі тұныққа.

Адамға дәйім дем берер

Әділдік қана теңгерер.

Мейірбан келер фәниде

Хақ жолын тұтқан пенделер» [3, 168 б.].

Төл әдебиетіміздегі мінәжат жанрының дамуы - әдебиет тарихының өн бойына созылып жатқан құбылыс. Әрине, мұның бәріне тоқталып жату міндет те емес, дей тұрғанмен зерттеу нысанына айналып отырған өлеңмен байланыстырып, жазба әдебиетіміз қалыптаса бастаған тұстағы мінәжат өлеңдердің жай-күйіне аз кем тоқталар болсақ. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы – қазақ әдебиетінде ақындардың даралық бітімі, тұлғалық ерекшелігі, лирикалық мені барынша айқындалған тұс. «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп тәмам елді ғибратқа ұйытқан, «Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес» деп рухани бағдар сілтеген Абай ақынның мінәжат жырлары, XX ғасыр басындағы әдебиеттегі айрықша сипатты шығармашылық иесі Мағжан Жұмабаевтың Жаратушыға қарата жазылған жырларымен жалғасты. Кеңестік саясат дендемей тұрған алғашқы кезеңде туындаған шығармаларда Алланың аты азды-көпті ауызға алынғанымен, бертініректе бұл үрдіс сап тиылды. Кеңестік дәуір мінәжаттары – «күн көсемдерге» арналған мадақ жырлары болды. Міне, осы ұмыт бола бастаған асыл арнаны қайта түлетуде де біз, қазақ оқырмандары, Қайрат ағаға қарыздармыз.

Қорыта айтқанда Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі идеялық-таным мен көркемдік-эстетикалық ізденістер өз заманынан бастау алып бүгінгі еркін рухты жырмен жалғасады. Ақынның өмірді тануынан оның жан сарайын, азаматтық келбетін, ұлттық болмысын көргендейміз.

Әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2017. – 12 сәуір. – Б. 1-2.*
2. Ахметов З. *Поэзия шыңы - адалдық. – Алматы: ҚазҰУ, 2009. – 368 б.*
3. Жұмағалиев Қ. *Жарық дүние өлеңдер жинағы. – Алматы: Credos Ltd С, 2012. – 364 б.*
4. *Қазақ сөздігі. – Алматы: Дәуір, 2013. – 1488 б.*

Мамыров А., Шортанбаев Ш.

НАЦИОНАЛЬНОЕ МИРОПОНИМАНИЕ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ КАЙРАТА ЖУМАГАЛИЕВА

В статье дается всесторонний анализ поэтическому духовному наследию поэта Кайрата Жумагалиева, отражающему национальное миропонимание. Дается всестороннее научное обоснование тому, что в поэтических строках поэта силой поэтического духа передается национальный код, казахское мировоззрение и миропонимание. Наряду с этим, в исследовании представлены конкретные факты, которые поэт черпал из жизни и вложил в свои поэтические строки, которые помогут читателю познать объективный мир целой нации, сформировавшийся с незапамятных времен. Это является свидетельством того, что художественно-эстетическое и идейное содержание стихов Кайрата Жумагалиева обогатили казахскую поэзию национальным колоритом.

Ключевые слова: Поэзия, стихи, поэт, миропонимание, национальный дух, национальный код, национальный характер, ценность, лирика, казахский народ.

Mamyrov A., Shortanbaev Sh.

NATIONAL WORLD VIEW IN KAIRAT ZHUMAGALIEV'S POEMS

In the article the gives a comprehensive analysis of the poetic and spiritual heritage of the poet Kairat Zhumagaliev, reflecting the national world view. A comprehensive scientific substantiation is given to the fact that in the poetic lines of the poet the power of the poetic spirit is transferred to the national code, the Kazakh outlook and the world outlook. Along with this, the research presents concrete facts that the poet drew from his life and put into his poetic lines, which will help the reader

to know the objective world of an entire nation, formed from time immemorial. This is evidence that the artistic and aesthetic and ideological content of the poems of Kairat Zhumagaliyev enriched Kazakh poetry with national color.

Keywords: Poetry, poems, poet, world view, national spirit, national code, national character, value, lyric poetry, Kazakh people.

УДК 82-2

Чечетко М.В. – кандидат филологических наук,
доцент, ЗКГУ им. М. Утемисова
Тюляпова Г.Д. – магистрант Западно-Казахстанского
инновационно-технологического университета
E-mail: gulnara.tyulyapova@mail.ru

ЮДЖИН О'НИЛ И МАКСИМ ГОРЬКИЙ: АМЕРИКАНСКАЯ И РУССКАЯ ДРАМА НАЧАЛА XX ВЕКА

***Аннотация.** Статья посвящена сравнительному анализу пьесы американского драматурга Юджина О'Нила «Разносчик льда грядет» (1939г.) и драмы Максима Горького «На дне» (1902 г.), имевшей большое влияние на основную идею пьесы О'Нила. Реалистическая картина жизни героев Горького у американского драматурга становится экспериментальной дискуссией в духе современной философии. Взяв за исходную основу идею М. Горького, О'Нил развернул свою концепцию мира и человека.*

***Ключевые слова:** иллюзии, реальность, драма, конфликт, философия, гуманизм, утешение.*

Первые десятилетия XX века стали временем становления американской драматургии. Традиционный театр в США в начале XX века, как и в Европе, стал сложнее. Таких театров в стране насчитывалось 1752. Актёры этого периода, например, Этель Берримор или Джон Дрю, иногда считались важнее, чем спектакль, в котором они участвовали. Появление кинематографа вызвало многочисленные изменения и в театре. Возросла популярность мюзиклов, вероятно, в какой-то степени из-за того, что кино демонстрировалось без звука и не могло конкурировать с музыкальными театральными постановками, пока в 1927 году на экраны не вышел звуковой фильм «Певец джаза». В этот период расцветает сложная и глубокая драма, исполнение роли становится более сдержанным. Но уже с 1915 года актёры начинают переходить в кино, а водевиль сталкивается с жёсткой конкуренцией со стороны фильмов.

В этот период американская драматургия достигла зрелости, в постановках стали использоваться различные комбинации стилей от натурализма до экспрессионизма, что вдохновила драматургов на создание произведений с большей свободой способов выражения идей. Начало XX века традиционный театр встретил с прежней приверженностью реализму и дальнейшим совершенствованием драмы. Примерно в 1900 году также было отмечено возрождение поэтической драмы, что соответствовало всплеску внимания к жанру в Европе (Йейтс, Метерлинк, Гауптман) [1, с. 312].

Юджин О'Нил по праву считается первооткрывателем и создателем американского театра, который заявил о себе лишь в первое десятилетие XX века. В XIX веке в Америке не было оригинальной драматургии: на американской сцене шли мюзиклы, коммерческие пьесы и пьесы драматургов

других стран – Ибсена, Бернарда Шоу и других. В этот период огромное влияние и успех приобрела русская драма – пьесы Антона Чехова и Максима Горького.

Крупнейший американский драматург, основатель национального театра, О'Нил вывел театр из кризиса и приблизил его к классическим мировым образцам. Путь его был не легким и состоял из многих этапов, ознаменовавших его творческие поиски. О'Нил начал с одноактных «морских» пьес – о жизни матросов, о среде, которую он хорошо знал, о которой поведал в реалистическом тоне. Далее последовали реалистические пьесы о сельской Америке и портовых городах, где на сцене были представлены герои О'Нила – матросы, фермеры, труженники и портовый люд – без прикрас, в жесткой реальности.

В двадцатые годы XX века эти пьесы сменил новый этап поисков молодого драматурга – экспрессионистская драма. Каноны экспрессионизма – модного тогда направления модернистской ориентации, повлияли на его пьесы «Все Божьи дети имеют крылья», «Волосатая обезьяна». За экспрессионизмом как идейно-художественной последовал мифологический метод, вдохновивший драматурга на создание трилогии «Траур – участь Электры», и самой прославленной из пьес О'Нила – драмы «Любовь под вязами». Поиски выражались и в создании экспериментальной необычной драмы – в разное время в подобном ключе были созданы пьесы «Инспектор Джонс», «Странная интерлюдия», «Разносчик льда грядет».

Пьеса «Разносчик льда грядет» («The Iceman Cometh») создана в 1939 году. Она близка к пьесе, поразившей некогда воображение О'Нила – драме Максима Горького «На дне» (1902 г.). В художественной трансформации, которую претерпел замысел М. Горького в трактовке американского драматурга и новатора сцены – отражена разница между реалистической позицией Горького и условно-символической стихией, в которую погрузил изображение своих героев О'Нил.

Пьеса Горького привлекла к себе внимание О'Нила в самом начале литературной карьеры молодого американского драматурга. Начало литературной популярности Горького в США относится к 1901 году, когда в английском переводе вышла его повесть «Фома Гордеев». Она произвела огромное впечатление на Джека Лондона, посвятившего ей статью, чем он и привлек к ней внимание читательской публики. Затем в США вышли сборник рассказов Горького «Двадцать шесть и одна» и роман «Мать» - он был опубликован в 1907 году. Пьеса Горького «На дне», созданная им в 1902 году вскоре также стала известна в США. Горький стал одним из самых популярных и влиятельных русских писателей, известных американскому читателю и критике. Об этом писали исследователи восприятия русской литературы в США [2, с. 105].

Поездка Горького в Америку, его встречи и личные контакты с американскими писателями, среди которых были Джон Рид, Эптон Синклер, Альберт Рис Вильямс, Теодор Драйзер, Шервуд Андерсен и другие, способствовали повышению литературного авторитета Горького в США. В его творчестве акцентировалась тема обездоленных, неимущих, их борьба за свои права, протест против угнетения и произвола. Критика утверждала, что Горький открыл новый мир – это мир «дна», что он показал, что люди, оказавшиеся на дне жизни, обладают зачастую человеческой светлой душой и могли бы быть полезными обществу, если бы не стали жертвами социальной несправедливости. Именно так воспринимал пьесу Горького О'Нил: в интервью газете «Нью-Йорк Геральд Трибьюн» он дал восторженный отзыв о пьесе «На дне» Горького – «самая лучшая пропаганда, когда-либо написанная в защиту угнетенных, именно потому, что в ней нет пропаганды: она просто показывает людей такими, как они есть – истину в образах подлинной жизненности» [3, с. 75].

Однако к горьковской теме писатель обратился много позже, когда уже создал немало пьес в различном методологическом подходе к изображению реальной жизни – экспрессионистском, мифологическом, романтическом. Сейчас, в конце тридцатых годов, О'Нила привлекал экспериментальный подход к сценическому искусству. То, что пьеса Горького идет в одной и той же декорации, что в ней преобладает диалог, обозначающий внутреннее, а не внешнее действие, стало нужным О'Нилу на этом этапе. Тип драмы у Горького и у О'Нила един: в месте, где обитают жестоко обездоленные жизнью, нищие люди, появляется человек, который сулит им надежду. Каждый по-своему верит, что в его жизни могут наступить перемены к лучшему. Но этого не случается: носитель надежды сам покидает неверивших в него обитателей дна и для них все становится только хуже. Иллюзии и реальность сталкиваются в изображаемой драматургом жизни, и каждая из пьес содержит как бы два параллельных действия и два плана – внешний и внутренний. Это то, что привлекло О'Нила в замысле Горького и то, от чего он отталкивался при реализации своего собственного замысла.

В пьесе «На дне» идут параллельно два действия – социально-бытовое и философское. Они и определяют внешний план – то, что происходит на сцене, и внутренний – то, что это значит в определении драматургом смысла бытия и роли человека на земле.

Внешний план драмы Горького «На дне» таков: в ночлежном доме, принадлежащем Михаилу Ивановичу Костылеву (54 года) и его жене Василисе Карповне (26 лет) живут, по определению автора, «бывшие люди», т.е. люди без твердого социального статуса, а также работающие, но бедняки. Это: Сатин и Актер (обоим под 40 лет), Васька Пепел, вор (28 лет), Андрей Митрич Клещ, слесарь (40 лет), его жена Анна (30 лет), Настя, проститутка (24 года), Бубнов (45 лет), Барон (33 года), Алешка (20 лет), Татарин и Кривой Зоб – крючники (возраст не указан). В доме появляются Квашня, торговка пельменями (под 40 лет) и Медведев, дядя Василисы, полицейский (50 лет).

Между обитателями ночлежки существуют сложные отношения и часто завязываются скандалы. Василиса влюблена в Ваську и подговаривает его убить своего пожилого мужа, чтобы быть единоличной хозяйкой. Васька влюблен в Наталью, сестру Василисы (20 лет); Василиса из ревности нещадно бьет сестру. Сатин и Актер (бывший актер провинциальных театров по фамилии Сверчков-Заволжский) – полностью опустившиеся люди, пьяницы, картежники, а Сатин еще и шулер. Барон – бывший дворянин, промотавший все состояние и ныне один из наиболее жалких людей ночлежки. Клещ старается зарабатывать своим слесарным инструментом; его жена Анна заболела и нуждается в лекарствах; в конце пьесы Анна умирает, а Клещ окончательно опускается «на дно».

Завязка пьесы: в ночлежке появляется странник Лука, жалеющий людей. Он обещает многим несбыточное светлое будущее. Анне он предрекает загробное счастье. Актеру рассказывает о бесплатной лечебнице для алкоголиков. Ваське и Наташе советует уйти из ночлежки вместе. В разгар пьянок и скандалов Васька бьет Костылева и случайно убивает его; Ваську арестовывают. В самый напряженный момент Лука фактически сбегает, оставив обнадеженных людей. Актера это доводит до самоубийства. В финале ночлежники поют песню, и когда Сатин слышит о смерти актера, то досадливо и с горечью говорит: «Эх... испортил песню... дурак!» [4, с. 251].

Внутренний план пьесы таков: в нем сталкиваются две философские «правды»: Луки и Сатина. Ночлежка – своего рода символ оказавшегося в тупике человечества, которое к началу XX века потеряло веру в Бога, но еще не обрело веры в самое себя. Отсюда всеобщее чувство безнадежности, отсутствия

перспективы, которое, в частности, выражают Актер и Бубнов (резонер-пессимист) в словах: «А что же дальше» и «А ниточки-то гнилые...». Мир обветшал, обессилел, идет к концу. Сатин предпочитает принимать эту горькую правду и не лгать ни себе, ни людям. Клещу он предлагает бросить работать. Если все люди бросят работать, то что будет? «С голоду сдохнут...» - отвечает Клещ, но тем самым он лишь раскрывает бессмысленную сущность труда, который направлен только на поддержание жизни, а не на привнесение в нее какого-либо смысла. Сатин – человек, принимающий абсурдность мироздания, в котором «Бог умер» (Ницше) и обнажилась Пустота.

Иного взгляда на мир придерживался Лука. Иного взгляда на мир придерживается Лука. Он считает, что именно страшная бессмыслица жизни должна вызывать особую жалость к человеку. Если для продолжения жизни человеку нужна ложь, надо ему лгать, его утешать. В противном случае человек не выдержит «правды» и погибнет. Так Лука рассказывает притчу об искателе праведной земли и учёном, который по карте показал ему, что никакой праведной земли нет. Обиженный человек ушёл и повесился (параллель с будущей смертью Актёра).

Лука не просто обычный странник, утешитель, но и философ. По его мнению, человек обязан жить вопреки бессмыслице жизни, ибо он не знает своего будущего, он только странник в мироздании, и даже земля наша в космосе странница. Лука и Сатин спорят. Но Сатин в чем-то приемлет «правду» Луки. Во всяком случае, именно появление Луки провоцирует Сатина на его монолог о Человеке, который он произносит, подражая голосу своего оппонента (принципиальная ремарка в пьесе). Сатин хочет не жалеть и утешать человека, но, сказав ему всю правду о бессмысленности жизни, подвигнуть его к самоуважению и бунту против мироздания. Человек, осознав трагедию своего существования, должен не отчаиваться, а, напротив, почувствовать свою ценность. Весь смысл мироздания — в нем одном. Другого смысла (например, христианского) согласно Сатину нет. «Человек — это звучит гордо!» «Все в человеке, все для человека» [3, с. 247].

В разное время критика по-разному оценивала этот пор. В советской критике позиция Луки подвергалась осуждению. Утверждалось, что Сатин прав, заявляя, что человека надо не жалеть, не унижать жалостью, а уважать. Попытки Луки утешить людей «дна» сближались с религиозной проповедью, которая тогда отвергалась. Утешение, которое несет религия, объявлялось ложным. Позднее появились другие трактовки, где позиция Луки приобрела более объективную оценку.

В самом деле, Лука ведь не предлагает свою утешительную панацею всем и каждому. Он не обещает Барону вернуть промотанное имение. Барон живет в ночлежке за счет проститутки Насти, о чем она прямо говорит и как сутенер не вызывает у Луки сочувствия. А вот Настю Лука готов утешить. Настя придумала себе трагическую и любовную историю, вычитав ее в книге про «Роковую любовь». Ей легче жить с этой легендой, думая будто бы она пожертвовала всем ради любимого. Но никто не верит ее рассказу, а Барон осыпает ее насмешками. И только Лука участливо расспрашивает ее о мифическом возлюбленном: «И что – сильно ты его любила?» [3, с. 153]. Лука прав, когда предлагает чтобы Васька Пепел и Наташа немедленно бежали из ночлежки вместе. Лука – единственный, кто утешает умирающую Анну, к которой равнодушен даже ее муж. Лука обещает Актеру адрес лечебницы, где его избавят от алкоголизма, но это не ложь, такие лечебницы существуют, и Актер с готовностью берется за лечение сам в ожидании врачебной помощи. Он сумел удерживаться какое-то время в трезвости и даже вспомнил и прочел свои любимые стихи Беранже «Безумцы».

Б□МУ Хабаровшы №3-2018ж.

Именно момент, когда он читает их, вновь обретая то, что считал уже утраченным, и есть миг его маленькой победы.

Споры вокруг пьесы Горького не утихают и сейчас. Юджин О'Нил включается в этот спор о человеке, об иллюзиях и реальности бытия, о сущности отношения к ближнему. Его драма выстроена параллельно горьковской, чего он совсем не скрывает, но именно поэтому так наглядно видны разный подход к проблеме Человека и разная художественная трактовка ее у русского и у американского драматургов.

Внешний план драмы О'Нила – это ночлежка и бар, принадлежащие Харри Хоупу. Это – типичное заведение времен закона Рейнса. Принятый еще в 1896 году закон Рейнса запрещал продажу алкоголя в ночные часы и по воскресеньям, кроме как в отелях и только постояльцам. Владельцы баров стали пристраивать к заведениям комнаты для сдачи на краткий период и по часам и, таким образом, снявший комнату мог получить спиртное туда и ночью и в воскресенье. Таков и бар-отель Хоупа в Мэнхеттене. Действие происходит летом 1912 года и продолжается два дня – с утра до вечера.

Обитатели бара, как и в пьесе Горького, «бывшие люди»: определение «one-time» прибавление к каждому из них. Среди них есть военные: в прошлом Пит Вентьен, по кличке «Генерал» и Сесил Льюис, по кличке «Капитан», были офицерами. Среди них есть газетчики – корреспондент газеты Джеймс Камерон и редактор Хьюго Кальмар. Есть бывший лейтенант полиции Пэт Макглойн, бывший юрист Вилли Обан, бывший цирковой артист Эд Мошер, бывший хозяин негритянского игорного дома Джо Мотт, бывший анархо-синдикалист, пытавшийся участвовать в политической жизни Ларри Слэнд. Тут же обитают два служащих у Хоупа бармена – дневной бармен Чак Морелло и вечерний бармен Рокки Пьодже, а также три проститутки – Перл, Марджи и Кора. В законе Рейнса в свое время не усмотрели лазейку – спальные комнаты, пристроенные владельцами питейных заведений к бару, часто использовались для проституции, и проститутки становились как бы приложением к подобному заведению. В пьесе есть еще несколько действующих лиц – все они неизменно пребывают в баре Хоупа и между ними не утихают привычные разговоры и споры.

В отличие от драмы Горького завязка связана не с внезапным появлением нового лица – странника, изменившего жизнь обитателей «дна». Такой персонаж существует – его знают и ждут. Это торговец хозяйственными товарами Теодор Хикман по кличке Хикки. Это пятидесятилетний коммивояжер, невысокий, крепкий, лысоватый, с виду не примечательный, не удивительно энергичный, общительный и уверенный в себе, как и положено его профессии. Он сыплет шутки, обещает всем какие-то перемены и добрые вести, охотно рассказывает про свои отношения с женой Эвелиной и говорит без - умолку. Он несет в себе заряд бодрости, часто оплачивает угощение и выпивку своим знакомым, устраивает им дни рождения, и как бы подает им всем пример. Раньше он тоже много пил, теперь пьет лишь дважды в год и успешно работает – значит, и они могут избавиться от привычного пьянства и вернуться к прежней жизни. Он как бы побуждает в них духовные силы. Он появляется здесь дважды в год и устраивает праздник с выпивкой для всех постояльцев.

Обитатели бара привыкли к Хикки – веселому торговцу, который всех поит и рассказывает анекдоты – больше всего о своей жене Эвелин. У Эвелин есть приятель, поклонник, возможно, любовник – это разносчик, продавец, который разносит лед для напитков по квартирам в их квартале. Поскольку работа Хикки связана с постоянными разъездами, он не возражает против их отношений. Вот и сейчас он оставил жену в компании Разносчика льда – пусть развлекает ее в отсутствии мужа! Такой подход смешит обитателей бара, они

охотно подхватывают его шутки – справляются, как поживает Разносчик льда и передает ему приветы.

В этом веселом расположении некоторые из них готовы к переменам в своей судьбе: циркач собирается навеститься к владельцу цирка и узнать, нельзя ли ему вернуться на арену, и у других тоже появляются такие намерения. Это «реформа», которую им давно обещает Хикки, и теперь они склоняются к тому, что изменения в их судьбе возможны.

Все обитатели бара – люди, изрядно потрепанные жизнью. И лишь один из них молод: это восемнадцатилетний юноша дон Пэррит, который пришел в бар искать одиннадцать лет спустя бывшего гражданского мужа своей матери, и теперь также уже несколько дней как живет здесь. Его бывший отчим – это Ларри, который когда-то вместе с его матерью входил в анархическую организацию Движение – это революционные фанатики, не отвергающие терроризм, отказавшиеся от семьи и буржуазных ценностей и бредящие мировой Революцией.

Мать Пэррита – совершенно зомбирована псевдореволюционными лозунгами. Чтобы показать, что она свободна от предрассудков, она меняет сожителей и не хранит ей верности. Одним из них когда-то был Ларри, который едва ли не единственный, кто был добр к ее маленькому сыну, сажал его на колени и играл с ним. Ларри давно расстался и с организацией Движение и со своей подругой, а ее сын вдруг разыскал его и пытается найти помощь и поддержку – он любит мать и тяжело переживает разлад с нею. Он хочет жить нормальной жизнью – без арестов и рассуждений о мировой Революции. Он впервые видит Хикки, но и тот внушает ему смутную надежду на помощь: вдруг Хикки, который так хорошо говорит и имеет такое влияние на людей, сумеет убедить его мать изменить отношение к нему.

Но в свой последний приезд Хикки является изменившимся. В первый день он ведет себя, как всегда, всех угощает, организует праздник в честь дня рождения Хоупа. На следующий день, сыплет шутками, но почему-то рано уходит спать. На следующий день – это словно другой человек и речи его совершенно иные. Он заявляет, что путь к миру в своей душе – это отказ от прежних иллюзий, разочаровался в том, к чему стремился и к чему призывал своих обитателей бара. Им теперь надо, как и ему избавиться от ложных надежд и стремлений – в том и есть «реформа», которую от него ждали. В довершение всего он объявляет, что убил свою жену Эвелин, чтобы избавить ее от страданий с таким мужем, как он. Однако, когда он отдается в руки полиции, то его направляют в дом умалишенных – то ли он действительно в невменяемом состоянии, то ли все это только плод его большого воображения? Но ясно одно – всеобщий любимец Хикки – душевнобольной, а его «реформа» – только выдумка сумасшедшего. Она иллюзорна, также как его веселость, болтовня, энтузиазм и проповеди – сами по себе иллюзия. Обитатели ночлежки возвращаются к своему виски, юноша дон Пэррит кончает жизнь самоубийством, а политик и философ Ларри Слейд окончательно приходит к выводу, что для него единственный ответ – это смерть, она то и есть мифический «Продавец или Разносчик льда, «The Ice-man», который грядет неизбежно.

Разница драм ощутима. У Горького при всей философской глубине преобладают социальные мотивы: его герои обделены обществом, они – изгои общества и не могут изменить это, хотя пытаются.

Герои О'Нила – изгои собственных душ, они не так обделены судьбой и живут не в такой нищете, как герои Горького, но духовно они обречены.

В финале все обитатели бара празднуют день рождения Хоупа – его организовал и оплатил Хикки: все уже пьяны и веселы. Никто, кроме философии

Ларри, не замечает, что Пэррит вылез из окна на пожарную лестницу и бросился вниз: все решили, будто кто-то просто выбросил из окна старый матрас. Все легко принимают то, что их любимца Хикки увезли в сумасшедший дом: «Бедняга Хикки! Мы не должны его ни в чем обвинять. Мы все это забудем и будем помнить его таким, каким мы всегда его знали – добрейшим, великодушным, прекраснейшим человеком» [5, с. 97]. Захмелевшие обитатели бара так же легко отказываются от первоначальных намерений взяться за прежнюю профессию – у каждого находятся отговорки из-за которых это намерение откладывается. Они одновременно запевают каждый свою песню, не слушая друг друга, и дюжина песен звучит одновременно как настоящая какофония. На этом фоне выделяются молчаливая фигура философа Ларри, сидящего у окна. Представленная картина мира в драме О'Нила не изменится и не может измениться – не по социальной, не по онтологической причине. Ничего не меняется, пока не «грянет Разносчик льда».

«Разносчик льда грядет» - программное произведение О'Нила, крупнейшего американского драматурга, лауреата Нобелевской премии. Пессимизм его философской картины мира искупается художественным мастерством, с которым он строит сценическое действие и характеры действующих лиц. Взяв за исходную основу идею Горького, О'Нил развернул свою концепцию мира и человека в нем.

Литература:

1. Аникст А. Теория драмы на Западе во второй половине XIX век. – М.: Наука, 1988. – 312 с.
2. Сохряков Ю.И. М. Горький и американские писатели 10-30-х годов XX века / Сохряков Ю.И. Русская классика в литературном процессе США XX века. – М. Высшая школа, 1988. –105 с.
3. Писатели США о литературе. Т. 2. – М., 1982. – 35 с.
4. Горький М. Рассказы. Очерки. Воспоминания. Пьесы. Библиотека Всемирной литературы. – М.: Художественная литература, 1975. – 251 с.
5. О'Нил Юджин. Продавец льда грядет. Перевод Натальи Тулинцевой и Дмитрия Орлова. – М., 2009. – 97 с.

Чечетко М.В., Тюляпова Г.Д.

**ЮДЖИН О'НИЛ ЖӘНЕ МАКСИМ ГОРЬКИЙ: XX ҒАСЫРДЫҢ
БАСЫНДАҒЫ АМЕРИКАНДЫҚ ЖӘНЕ ОРЫС ДРАМАСЫ**

Мақалада американдық драматург Юджин О Нилдің «Мұз сағушы келеді» /1939/ пьесасына және Максим Горькийдің «Төменгі жағында» атты драмасына салыстырмалы талдау жасай отырып, О Нилдің пьесасының негізгі идеясына үлкен әсер етеді. М.Горькийдің түпкілікті ойын негізге ала отырып, О'Нил өзінің әлем және адам концепциясын ашып берді.

Тірек сөздер: елес, шындық, драма, қақтығыс, философия, гуманизм, тыныштық.

Chechyotko M.V., Tyulyapova G.D.

**EUGENE O'NEILL AND MAXIM GORKY: AMERICAN AND RUSSIAN
DRAMA OF THE BEGINNING OF XX CENTURY**

The article deals with the analysis of two plays – “The Iceman Cometh” by American dramatist Eugene O’Neill and “На дне” by Maxim Gorky. Realistic drama by Gorky and experimental drama by O’Neill have much in common, but otherwise are different. Taking the idea of M. Gorky as the initial basis, O’Neil developed his concept of the world and man.

Keywords: illusion, reality, drama, conflict, philosophy, humanism, consolation.

ӘОЖ 82.09 (574)

Отарова А.Н. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті

E-mail: Otarova.akmaral@mail.ru

Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті

E-mail: nagbdu@mail.ru

М.ӘБДІХАЛЫҚОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨНДІРІС ТАҚЫРЫБЫ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада М. Әбдіхалықов шығармаларындағы замандас бейнесі мен заман шындығының арасындағы терең сабақтастық сыры қарастырылып, осы бағыттағы суреткер стиліне тән ерекшеліктер екішеліп көрсетілген.

Қаламгердің мұнайшылар, мұнай өндірісі туралы шығармаларының бір-бірімен логикалық байланыстылығы пайымдалған. Өндіріс тақырыбында өмірдің көкейкесті проблемаларын бағдарлап, адамдардың қарым-қатынастарында болған жаңалықтарды танытуы М.Әбдіхалықовтың өзіндік жаңалығы мен ерекшелігі екендігі дәлелденген.

Мұнайшылар өмірі туралы жазылған туындыларының өз кезеңі үшін де, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да уақыт ағымына жауап беретін тақырыпта жазылғандығы белгілі. Аймақтағы өндірісте қол жеткен табыстар мен орын алған олқылықтарды нақты тұлғалар арқылы бейнелеп, көркемдік жолмен жинақтаулары кең тұрғыда қарастырылды. Шығармаларында дәуір адамдарының бейнесін сомдауда кейіпкер психологиясын ашатын монолог, диалог, портрет, пейзаж сынды көркемдеу құралдарының қолданысы жан жақты көрініс тапқан.

Тірек сөздер: Тақырып, проза, көркемдік ерекшелік, стиль, өндіріс тақырыбы, мұнайшылар өмірі, заман шындығы, образ, дүниетаным мәселесі, эстетикалық көзқарас, өмірлік ұстаным.

Қоғам мен адам өмірінің алуан түрлі оқиғаларын, әлеуметтік қайшылықтарды, тартыстарды кең әрі жан-жақты көрсетуі жағынан романмен ешбір жанр теңесе алмайды. Романда адамдар арасындағы қарым - қатынастар сыры, түрліше дәрежеде шиеленіскен драмалық тартыстар, адамның ішкі жан әлемін сипаттар тұстар ауқымды келеді. Қазақ әдебиетінің тарихындағы ең шоқтығы биік, белесі мол кезең кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті болып табылады. Осы кеңес дәуірі әдебиетін дәуірлеу мен сол дәуір әдебиетінің айтулы тұлғаларының шығармалары туралы еңбектер аз емес. Кеңес дәуіріндегі әдебиет тарихы қайта жазылып жатқан қазіргі заманда осы уақытқа дейін өз мәнін жоймаған еңбектерді саралап, ой елегінен өткізудің үлкен пайдасы бар. Кеңес дәуірі кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуы мен ерекшеліктері туралы тақырыптар қазақ әдебиетіндегі маңызды беттер болып табылады. Қазақ әдебиетінің дамуына мол үлес қосқан есіл ерлеріміздің ерен еңбектері ешқашан ұмытылмай, мәңгілік ел есінде қалатынына еш күмән келтірмейміз. Заман бір орында тұрмайды, даму үстінде. Егер алда-жалда дамымай бір орнында тұрса, қоғам күйреп, тарихтан мүлде өшіп кетер еді. Өндіріс – бұл адамдардың табиғи заттарға әсер ете отырып,

материалдық және рухани игіліктерді өндіру процесі. Көркем шығарма өндіріс тақырыбын қозғамаса, ондағы қым-қуыт тірлікті оқырмандар білмес еді.

Өткен ғасырдың 60-80 жылдары қазақ романдары тақырыптық жағынан кеңейіп, сан түрлі мәселелерді әр қырынан танытып, жанрды игерудің жемісті кезеңі ретінде көрінді. Бұл кезеңдегі қазақ прозасының жаңа сатыға көтерілуіне М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин секілді қаламгерлер, соғыстан кейінгі жылдары әдебиетке келген І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Ә.Әлімжанов, Ә.Нұршайықов, С.Шаймерденов, Т.Ахтанов, З.Шашкин, З.Қабдолов, Ш.Мұртаза секілді жазушылармен қатар М.Әбдіхалықовтың да өзіндік үлесі бар. Әрбір дәуір әдебиетіне тарихи құбылыстар мен үрдістерге негізделген өзіндік ерекшелік, өзіндік стиль, өзіндік бағдар тән. Жетпісінші-сексенінші жылдары ғылыми - техникалық өркениеттің қарыштап дамуы сол техниканы игеріп, өрістетіп отырған адамды танып білу, оның жан - дүниесіне тереңірек бойлау әдебиетте ерекше мәнге ие болды. “Бір кездегі өндіріс тақырыбына жазылған С.Ерубаевтың “Менің құрдастарым”, Ғ.Мұстафиннің “Қарағанды”, Ғ.Мүсіреповтің “Ояңған өлке”, З.Шашкиннің “Теміртау”, З.Қабдоловтың “Жалын”, І.Есенберлиннің “Айқас” романдарының қатарына: А.Жақсыбаевтың “Егес” (1975) пен “Бөгеті” (1981), Ш.Мұртазаевтың “Қара маржаны” (1976), Ә.Таразидің “Бұлтқа салған ұясы” мен “Тас жарғаны” (1980), М.Әбдіхалықовтың “Жердің асты жеті қат” (1978), М.Сәрсекеевтің “Жаңғырық” (1979) т.б. романдары келіп қосылды. Бұл романдардың бәрінде де ортақ тақырып – өндіріс тақырыбы, жұмысшы өмірі роман желісіне арқау болған”[1, 81 б.].

“Әрбір қалам иесінің творчествосына темірқазық болып отырған туған жер ана дидарындай ыстық. Зейнолла да өзінің ... творчествосына өзек болар өмір шындығын өзге жақтан емес, тек туған жердің топырағынан іздеп тапқан” [2, 97 б.], – деген жазушы Ә.Нұрпейісовтің З.Қабдолов шығармашылығы туралы айтқан пікірінің М.Әбдіхалықовтың өндіріс тақырыбындағы туындыларына да қатыстылығы бар дер едік. Маршал да алдындағы ұлы ұстаздарының ғажайып тәжірибе мектебінен өтіп келіп, шығармадағы кейіпкерлер қатынасы арқылы терең тіршілік идеяларын ашып көрсетеді. Маңғыстау – Маршал Әбдіхалықовтың өзінің туып-өскен жері. Оның шығармашылық жұмысының негізгі объектісі де осы Маңғыстау өңірі, оның адамдары, халықтың тұрмыс тіршілігі, тұтастай алғанда, Маңғыстаудың кешегісі мен бүгіні және ертеңі. Жазушы үшін Маңғыстау – географиялық ұғым ғана емес, әлеуметтік - адами үлкен орта. Ол осы мұнайлы өлкеде туып, сол ортаның ауасымен тыныстап, топырағын басқан. Туған жер дегенде, жазушы оның қай кезеңі, қандай проблемасына да қалам тербемей қалған жоқ. Тарихи тақырыптарда ерте қозғауға заманы мүмкіншілік бермеді, әйтсе де бірнеше публицистикалық шығармаларының түйіні етіп “Ленин тапсырмасы” повесі мен “Сүйінғара” романы жазылды. Сол сияқты “Маңғыстау хикаялары”, “Мұнайшылар қаласы”, “Алыстағы Маңғыстауда” шығармаларында Маңғыстаудағы мұнай көздерінің ашылу тарихы мен алғашқы мұнайшылардың сол тарихқа араласқан жәй-күйлерін шежіре етіп айта келіп, “Қара тасқын”, “Жердің асты жеті қат” деп түйіндеп тастайды.

Маршал Әбдіхалықовтың негізгі тақырыбы – мұнайлы Маңғыстау. Оның шығармаларында табиғаты қатал туған өлкенің тағдыры, мұнай кенінің ашылуы, Маңғыстаудағы танымал адамдардың өмірі, ел тарихы. Осы аталған тақырыптар қаламгердің туындыларында шынайы суреттеледі. «Алданияз» әңгімесі, «Желаяқ бала», «Алыстағы Маңғыстауда», «Отыз мыңыншы», «Мұнайшылар қаласы», «Ильич тапсырмасымен», «Маңғыстау аңыздары», «Үлкен вахта», «Қара тасқын», «Жеті қат жер астында», «Сүйінғара» секілді деректі хикаялары, повестері мен романдары жеке кітап болып басылған. «Қара тасқын», «Жеті қат

жер астында» романдары өз кезеңінде қазақтың ұлттық жұмысшы табы өкілдері мен инженер кадрларының өсу, кемелдену жолын нанымды көрсете білгендігімен ерекшеленді. «Сүйінгара» романы 19 ғасырдағы қазақ даласының бірегей қолбасшы батырларының бірі С.Үргешбаевтың ерлік жолын, өткен ғасырдағы Батыс Қазақстан аймағында болған тарихи оқиғалар, қазақ елінің сол кездердегі Ресей және Азия хандықтары мен арадағы қатынастары аясында шынайы бейнеленгендігімен құнды.

М.Әбдіхалықовтың роман жанрындағы алғашқы туындысы 1978 жылғы “Жердің асты жеті қат” романында мұнайлы Маңғыстау өлкесінің бүгінгі мен болашағы туралы әңгіме болады. Жазушы “Қара тасқын” повесіндегі өмір шындығын бейнелеудегі тәжірибелік ізденістерді “Жердің асты жеті қат” романында жалғастырады. Маңғыстау даласы өзінің ен байлығын, әрбір шаршы метр қазынасын орасан қиындықпен бергені ақиқат. Қытымыр табиғат пен қатыгез ауа-райының қасарысқан мінезіне өздерінің қайтпас жігері мен құрыштай берік сенімін қарсы қойып, табиғаттың бермесін алып жатқан қайсар жандардың ерлігі нақты жағдаяттар мен іс-әрекеттер үстінде ашылады. Осыдан келіп аталған туындыдағы заман шындығы, өндіріс тақырыбын меңгерудегі жинақылығы, материалды жан-жақты қамтуға тырысқандығы байқалады. “Жұмысшы ортасын көрсету үшін суреткерлік қабілеттің үстіне арнаулы мамандықтан хабардар болу, ғылыми техникалық сауаттылық, бүгінгі өндірісті жете білу әбден қажет. Бұл орайда тақырыпқа келудің екі түрлі жолы бар: бірі – жағдайды бес саусақтай білетін өзі жұмысшылар ортасында еңбек еткен адамның қалам тартуы, екіншісі – алға арнайы мақсат қойып, объектіні зерттеп біліп алып жазуға отыру” [3, 336 б.], – дейді ғалым Р.Нұрғали.

«Қара тасқын» повесі мен «Жердің асты жеті қат» романы оқиға мерзімі жөнінен бір-біріне жалғас әрі Маңғыстау мұнай байлығының игеріле бастауына арналған. Екі шығармасының да оқиғасы бір жерде, яғни Қызыладыр кен байлығының қолға алынып, қара тасқын мұнай байлығының ел игілігіне айнала бастауы. Сырттай қарағанда өндіріс орнының салынуы жөніндегі өндірістік тақырыптағы шығармалар болғанмен, жазушы қаламгерлік қуатымен қыр қазағының қала адамына, жұмысшыға айналуы жайында, әлеуметтік психологиялық өзгерістерді көрсетуге тырысады.

Бұл – халқымыздың тарихындағы үлкен процесс. Әрине, бұндай ауқымды өзгерісті игеріп көрсетуде, автор ойға алған идеяларының бәрін жеріне жеткізіп суреттеуде кейбір мәселелердің төңірегінде кемшін түсіп жатқанмен, әлеуметтік өмір талабына лайық нысанадан шығуға биік талап тұрғысынан келген.

Республикамыздағы үлкен мұнайлы аймақта еңбек етіп жүрген замандастарымыздың өмір тіршілігі, өндірістегі жетістіктері, адамгершілік-моральдық қасиеттерімен бірге мұнай өндірудің бүгінгі заман талап етіп отырған проблемалары, осы заманғы өндірісті басқару, жетілдіру мәселелері, жекелеген басшылардың қоршаған объективтік ортамен арақатынасы шығармаға арқау болады.

Айтылмыш шығарманың жалпы бітімінде жинақылық, ықшамдық бар. 2 тарау, оның жекелеген бөлімдері келісті жымдасқан. Негізгі оқиға барлық іс-әрекет орталық кейіпкер Иса төңірегіне топтасқандығы – жазушы нысанасының айқындылығын танытады. Бұдан қырық жыл бұрын оқу бітірген ескі инженер Саттық Үсебаев жаңа өндіріс орнын ашып, көтеріңкі міндеттеме алып, жоспар орындап, тезірек абырой-атаққа ие болғысы келсе, жас инженер Иса күнделікті жоспарды орындаумен қатар мұнайды ысырап етпей өндірудің жолдарын қарастырады. Ол “мұнайлы өлкенің бүгінгісін ғана емес, болашағын да ойлауымыз керек” деген ұсыныс тастайды. Осы екі ұсыныс арасындағы тартыс роман желісінің өзегі болып тартылған.

Жалпы мұнай өндіру – қызығы мен азабы мол, күрделі техникалық үрдісті қажет ететін қиын еңбек. Жеті қат жер астына тығылған табиғаттың мол қазынасын қатал да қытымыр, шөлейт аймақ Маңғыстау жағдайында қиындығына шыдап өндіріп ала білсе ғана мүмкін болды, әйтпесе бейнеті мол еңбектің зейнетін көру де неғайбыл.

Қай қаламгер болсын өзінің өмір сүрген ортасы, көріп-білген оқиғасы, басынан өткен жағдайларды дерек көздері ретінде ұстанады. Сондықтан да М.Әбдіхалықовтың алғашқы көлемді шығармасы “Жердің асты жеті қат” романының да мұнайшылар тұрмыс-тіршілігіне арналуы түсінікті жайт. Жазушы өзінің жақсы білетін өмір шындығын ақыл таразысынан өткізген.

Шығарма оқиғасы негізгі кейіпкерлерінің бірі – Исаның аудандық партия комитетінен мұнай өндіру бірлестігіне бас инженер болып жұмысқа ауысуынан өрбиді. Ізденгіш жас кадрдың өндіріске келуімен бірге автор мұнай өндіруді жетілдіру жолындағы өміршең әдістер мен өзекті мәселелерді қозғауды мақсат тұтады.

Романдағы негізгі композициялық желі – мұнай шығаратын скважиналардың тоқтау себебін зерттеп, анықтамай тұрып, жаңа скважиналарды іске қосуға Исаның қарсы болуы, ең алдымен инженерлік технологияны жетілдіріп, мұнайдың химиялық құрамын ажыратып алмай, ешқандай мұнай өндіруге, сапалы жұмыс жүргізуге болмайды” деп мәселе қоюы төңірегінде дамиды.

Мінеки, осындай мәселелерден туындап, бас инженер Иса мен мұнай өндіру бірлестігінің бастығы – Саттық Үсебаев арасындағы тартыс пен қақтығыс шығарманың өн бойына тартылып отырады. Жазушы өндірісте болып жатқан басқа да мәнді мәселелерді ала отырып, соны байыппен баяндайды, оның көбінесе ішкі байланыстары мен заңдылықтарына назар аударып, кеңінен жайып салуға тырысады. Осыдан келіп автор өз кейіпкерлерінің жан-дүниесіне үңіледі, олардың өзіне тән болмыс-бітімін, характерлік ерекшеліктерін ашуға ұмтылады. Қандай көркем шығармада болмасын, ондағы өмір суретін, оқиға мен жағдайды жан-жақты терең ашып көрсету – адам характерін нанымды жасаумен, шығармадағы негізгі идеялық жүкті арқалаған кейіпкерлер жан-дүниесін, мінез-кұлқын, іс-әрекетін шыншыл суреттеумен тікелей байланысты екендігі анық. “Автордың өз объектісін, өз тақырыбын, яғни өндірісті тиісті дәрежеде білетінін, оның біраз жағдайына қанық екені аңғарылады. Сөйтіп, заман көшімен алға тартар жаңашыл көзқарас пен бір орында тұралап қалған ескі айғай-сүреңнің тайталасқа түскен, ымыраға келмес қақтығысында жаңаның үстем түсу диалектикасын, оның қиын да күрделі жолын әжептеуір нанымды бейнелейді” [4, 8 б.], – дейді сыншы Т.Мәмесейітов роман жөніндегі пікірінде.

Ал, қазіргі дәуірімізде ғылыми техникалық өркениеттік революцияның көп ілгері дамығанын ескерсек, техникалық интеллигенция, жұмысшы өкілінің толыққанды бейнесін сомдау қаламгерге тың материалдар мен мәселелер, осыған байланысты үлкен жауаптылық пен қиындық әкелетіні сөзсіз. Бұл тұрғыдан алып қарағанда жас инженер Исаның бойынан бүгінгі өндірістегі маманның ұнамды ілгерішіл қасиеттері мен ерекшеліктерін көреміз.

Обком хатшысы “Мұнай бірлестігін” нығайту мақсатымен Исаны бірлестікке бас инженер етіп жібергенде, бұл саладан мамандығы бола тұра “Мен өндірістен кеткелі көп болды. Сол жағынан қарайып қалмасам ...

– Егер маған өндіріске кету керек болса, қарсылығым жоқ. Тек жеңілдеу жерінен бастайын, әліп-биден дегендей ...” деп ол өзіне сенімсіздеу қараған [5, 17 б.].

Бірақ бұл алғашқы сәттегі жүрексіну еді. Иса өзіне жүктелген үлкен сенімді, партиялық тапсырманы терең сезінеді. Обком хатшысы Исаны бұл жерде біраз уақыт жауапты қызметте, партия комитетінде жүріп ысылған,

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

тәжірибелі маман ретінде танып, сенім артады. Әйтпесе, бұл салада оқу бітіріп келіп жатқан жас кадрлар қаншама?

Осының бәрін жан-жақты байыптылықпен пайымдаған Иса еш қарсылық білдірместен мұнай бірлестігіне келеді. Осы сәттен бастап біз Исаның бар болмысымен жете таныса бастаймыз.

Иса – жаны таза, ниеті ізгі, мақсаты айқын, адам үшін, халық ісі үшін жан-тәнін аямай жұмсайтын, алғыр да адал азамат. Оның басында ұнамды да жақсы қасиеттер аз емес. Ол қандай іске де қоғамдық мүдде тұрғысынан қарайды, оны туған елінің бүгінгі игілігі, болашақ тағдыры мазасыздандырады. Қазіргі заманның жаңа адамы ретінде, маман инженер есебінде Исаның бойындағы жақсы қасиеттердің бірі – оның басындағы жаңа сапа, жаңашыл сипат. Ол – оның ұсақ табысқа, болмашы, уақытша жетістікке қанағаттанбай, өндіріс болашағын, заман, уақыт бағытын, ел, халық тағдырын тереңнен толғап, әріден ойлайтын ірі проблемалық мәселелердің тұтқасынан ұстауға ұмтылатындығында.

Алғашында Иса Қызыладырдағы мұнай скважиналарының тоқтау себебін, оған қандай шара қолдану керектігін біле алмады. Бірақ ол қалай да жаңа скважиналарды іске қосу керек деп шапқылап жүрген Үсебаевпен бетпе-бет ашық айтысқа шықпаса да іштей қарсы.

Ол алдымен скважинаның тоқтау себебін анықтамақ, істің мән-жайын терең түсінбек. Бұл мәселеде оған скважинаның аға операторы Әнетовпен болған әңгіме көп нәрсенің сырын ашуға көмектесті. Әрбір скважина іске қосылғалы бергі мәліметтерді, олардың жылдық, айлық, апталық тынысын саралап шықпақ болған Иса бұның бәрін сол Әнетовтен тапты. Тәжірибелі жұмысшы барлық деректерді жинақтап жазып жүріпті. Осындай бақылаулардан кейін бар мәселенің мұнайдың химиялық құрамында, қоюлығында екендігіне көз жеткізеді. Осыдан кейін барып тоқтаған скважинаны тірілтудің шарасын іздестіреді. Бірақ, Иса “бәрін білемін, бәрін мен жөндеймін” деп кеуде қағудан аулақ. Оның бойындағы жақсы қасиеттің бірі – ең алдымен ол өзіне талап қойғыш, өзін-өзі кінәлағыш, бір нәрсенің реті келмей, сәті түспей жатса да оған біреуді емес, өзін жазғыруға дайын тұрады. Обком шақырып сол баяғы скважиналар тоқтап, жұмыс ақсап жатқан Қызыладыр мұнай-газ басқармасына жұмысқа ауыстырмақ болғанда ол тағы да қарсылық көрсетпеді. Оған себеп, Иса істің басы-қасында болып, бар жағдайды өз көзімен көріп, жөндеуді ойлайды. Мансаптан өз мақсатын жоғары қоятын Иса әлдекімдердің “қызметінен төмендеп барады” деген сөзін елеген де жоқ. Иса жұмысқа кіріскенде скважиналардың бірінен соң бірі тоқтап қалуы оны күмәндандырады. Бұл жұмыстан босағанда Қамбаровтың не себепті қуанғандығын енді түсінгендей болады. Әрине, Иса бірден кедергіге тап келгенімен оны шешуге шын ар-намысымен кіріседі.

Иса бүгінгі әрекеттің ертеңгі салдарына, түпкі нәтижесіне көз жібереді, бүгінгі іске келешек тұрғысынан қарайды. Ол науқаншыл емес, істі бастардан бұрын, әуелі оның мән-жайын, қазіргі салмағы мен кейінгі құнын таразы басына тартады, тиімдісін таңдап, саралайды. Жоғарғы орын бекіткен жоспарға қарсы шыққанын жаратпайтын басшылардың тегеурініне төтеп береді, қара басының пайдасын көздеп олардан ығысып, жалтақтамайды. Оның ойлағаны – елдің мүддесі. Істің байыбына барып, әбден егжей-тегжейлі зерттеген Иса енді іске кіріседі. Алдымен басқармадағы барлық технологтардың басын қосып, жиналыс өткізіп, тоқтаған скважиналардың жай-жапсарын ақылдасады, олардың да ой-пікірін тыңдайды. Өзі де ізденеді, зерттеп, зерделейді. Соның нәтижесінде мұнайдың бірқалыпты жүріп-тұруы үшін жер бетінде біраз жағдайлар жасалады. Ендігі мәселе – жердің астында. Исаның бұндай іс-әрекеттеріне Үсебаев қарсы болды. Бірақ Иса онымен қатты айтыс-тартысқа барғысы келмейді. Өзінің өміршең бастамаларының дұрыстығына, жеңіп шығатынына сенімі кәміл.

Иса ісіне барлық жұмысшы-технологтар қолдау көрсетіп, өз ықыластарын білдіреді. Романдағы Иса жалғыз емес. Оның Боташ, Атанияз, Гүлнар сияқты көмекшілері бар. Олар да қолда бар табысқа қанағат етіп, күнделікті тіршіліктің қамын ғана күйттеп жүрген адамдар емес. Маңғыстаудың келешегін ойлап, ізденіс үстінде жүрген мұнайлы өлкенің жанкүйерлері. Оған Боташтың жаңа мұнай көзін іздеп, Алматыдағы архивтерді ақтарып, Бозашы түбегіне қайта-қайта барып қайтуы, Атанияздың жер жөндеу жұмысын қолға алу керек деген идеясы, Гүлнардың мұнай өндірудің технологиясын жетілдіру жөніндегі ұсыныстары толық дәлел бола алады. Тіпті басқарманың бұрынғы бастығы, Үсебаевтың айтқанынан шыға алмай, өз ұсыныс-пікірін айта алмай, біржақты тоқырап қалған Қамбаровпен де тіл табысады. Онымен ашық-жарқын іш тартып сырласа жүріп көп жайларға көзі жетіп, кемшіліктің қыры мен сырын ұқты. Қамбаров кемшілікке өздері кінәлі екендіктерін мойындады. Кезінде ол байқаған кемшілікті Үсебаевқа айтқанда “жоспар, жоспарды орындау керек” деп өзін тұқыртып тастаған. Соңында Қамбаровпен ақылдаса отырып, жерасты жұмысын күшейту мақсатымен арнайы бөлім ашып, оған Қамбаровты бастық етіп қоймақ болды. Оның бұл жаңашыл бастамасы жұмысшылар арасында қолдау тапты. Кейін обкомда да толық мақұлданды. Иса осылайша мақсат биігіне көтеріле берді.

Бүгінгі таңдағы күрделі өндіріс, ірі кәсіпорын басшыларына тән қасиет-жаңалыққа құштарлық, қоғам дамуын, уақыт ерекшелігін, мезгіл бедерін дәл танып, анық көре білу, қажет жағдайда шұғыл әрі батыл шешімдер қабылдай алу қабілеттілігі, осы мақсатта көпшілікті үйіртпін әкелер іскерлік пен белсенділік көрсету сияқты игі сапаларды Иса бойынан кездестіреміз.

Талайлардың тісі батпай жүрген маңызды да актуальды объекті – жұмысшылар, техникалық интеллигенция, мұнайшылар тақырыбына барлау жасаған М.Әбдіхалықовтың тұңғыш алымды талабын әбден құптау керек.

«Маршалдың естігені көп еді. Демек, білгені де мол болды. Бірақ оның бәрін жазбақ түгілі айтуға мүмкіндік жоқ еді. Оның көкірегі алдын-артын ойлап, қонақ келсе, ұялып қалмайық деп, асылы мен дәмдісін кейінге сақтап, тыққыштай беретін сарабал әженің кебезесіндей қазынаға бай еді. Көпшілігі есіл сабаздың қиялын тербеп, жүрегін мүжіп, ішінде кетті. Бұл күндерге аман жеткенде, қолынан қаламы түспейтін азғантайлардың біреуі Маршал болатын еді. Оның тұсында кітап болып жарық көрген, артында қолжазба болып қағазда қалған азғантай дүниелері менің көз алдыма құрлығы түгілі теңізінің астында мұхит болып шалқыған Маңғыстау мұнайының қара жердің бетіне болар-болмашы сызаттарды қуалап, жарықтарды бойлап, шып-шып шығып жатқан Тасбас, Түбіжік, Қарашүңгілдегідей, шөкім-шөкім жұрнақтары сияқтанып көрінеді. Өлкеміздің өткені жайында тары шұқыған тауықтай дерек жиып өткен қайран ағамыздың өзімен бірге қандай ізгі арман мен игі мақсат арқалап кеткенінен хабар бергендей. Тірісінде оның айтқанына құлақ асып, қиыр өлкенің қиындыққа толы бүгіні мен қиямет-қайым өткенін көзге елестетсек, енді артында қалған азғантай қолжазбаларын ақтарып отырып, дүниеден сәбидей адал, періштеден пәк тамаша талант өткеніне көзімізді қапысыз жеткізе түсеміз...» [6, 17 б.], - деп тебірене еске алады Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Еңбек Ері Әбіш Кекілбайұлы.

Жазушы М.Әбдіхалықов шығармалары ерекше қуат-жігерге, қуанышқа толы. Қаламгердің еңбек сүйгіш қаһармандары – өз еңбектерімен тарихи табыстарға жетіп, ел алғысын арқалаған абзал жандар. Олар аға буынның қажырлы рухын, биік мақсаты мен арманын, мағыналы ғұмырын паш етеді. Патриот жастардың халық алдындағы перзенттік, азаматтық парызды ақтау талабынан туған ізденісі мен махаббатты қастер тұтатын қасиеті – қазіргі ұрпақтың рухани жетілуіне бірден бір көмекші құрал деп айтуға болады.

М.Әбдіхалықов шығармаларының елеулі ерекшелігі оның өзіндік стилінде. Ол сөйлемді қысқа құрып, аз сөзге көп мағына береді. Тілі қарапайым да жатық, ұғымға жеңіл, оралымды, ұтымды. Халықтың қанатты, бейнелі сөздерін орынды пайдаланумен қатар өз тарапынан да өткір, ықшам сөз тіркестерін жиі қолданады. Қаламгер өндіріс тақырыбын қозғаған шығармаларында жаңа дүниені жасаушылардың қажырлы еңбегін бейнеледі, замандастарымыздың кесек те айқын образдарын жасауға ұмтылды. Бұл шығармалар М.Әбдіхалықовтың өз шығармашылығының елеулі табыстары болумен қатар жалпы әдебиетіміз үшін де ерекше қызмет атқарды, яғни әдебиетіміздің бетін бүгінгі күнге қарай батыл бұрып, онда кеңес адамдарының жасампаздық еңбегі мен жаңа тұрпатын бейнелеу тақырыбын көтеру ісінде қаламгер өзінің шығармалары арқылы елеулі еңбек сіңірді. Шығармашылығында өзі өмір кешкен дәуірдің шындығын бейнелеу, оның алдыңғы қатарлы идеяларын көркем образдар арқылы білдіру – суреткер үшін аса қажетті әрі бағалы қасиет. Осы ерекшелікті басқа көрнекті жазушыларымызбен бірге жазушының шығармашылығынан да айқын көреміз. Оның таңдаулы шығармаларының барлығы да кеңес шындығын суреттеуге, заманымыздың әр кезеңдегі маңызды оқиғаларын бейнелеуге арналған.

Қорыта келгенде, жазушы М. Әбдіхалықов “Жердің асты жеті қат” романында республикамыздағы мұнайлы өңір Маңғыстаудағы еңбек тынысын, бүгінгі таңда егеменді еліміздің ең бір табиғи мұнай, газ қорына айналған аймағының жер тарихын, мұнай кәсіпшіліктерінің соңғы жылдардағы тыныс-тіршілігін, қол жеткізген жетістіктері мен өндірісте орын алып отырған олқылықтарын нақты тұлғалар арқылы бейнелеп, оқырманға көркемдік жолмен жинақтап көрсетуге деген үлкен талап қойған.

Әдебиеттер:

1. *Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 348 б.*
2. *Нұрпейісов Ә. 2 томдық таңдамалы шығармалар. 1-т. – Алматы: Жазушы, 1985. – 472 б.*
3. *Нұрғали Р. 7 томдық шығармалар жинағы. 2-т. – Астана: Фолиант, 2005. – 472 б.*
4. *Мәмесейітов Т. Өндіріс және адам // Қазақ әдебиеті.- 1979. – 2 қыркүйек. – Б. 8.*
5. *Әбдіхалықов М. Жердің асты жеті қат. – Алматы: Жазушы, 1978. – 221 б.*
6. *Кекілбайұлы Ә. Туган жердің түлегі. // Кітапта: Мариал Әбдіхалықов. (Маңғыстау ақын-жазушыларының кітапханасы). Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2013. – 195 б. – 5-17-бб.*

Отарова А.Н., Камарова Н.С. ТЕМА ПРОИЗВОДСТВА В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ М.АБДЫХАЛЫКОВА

В данной научной статье «Тема производства в произведениях М. Абдыхалыкова» изображается взаимосвязь между современным образом и правдой времени, а также показаны особенности стиля художника в данном направлении.

В произведениях писателя о рабочих нефтяной промышленности показана логическая взаимосвязь между ними. При раскрытии темы производства новизной и особенностями произведений Абдыхалыкова актуальными являются проблемы взаимоотношения людей.

Тема работ Абдыхалыкова о жизни нефтяников отвечает требованиям времени как в момент написания, так и в наши дни. Достижения и пробелы в

производстве региона широко раскрываются с художественной точки зрения через образы конкретных личностей. Для раскрытия психологии героев произведений данной эпохи автор прибегает к использованию таких инструментов изображения, как монолог, диалог, портрет, пейзаж.

Ключевые слова: Тематика, проза, художественная специфика, стиль, тема производства, жизни нефтяников, реалии современности, образ, мировоззрение, эстетический взгляд, жизненная позиция.

Otarova A.N., Kamarova N.S.
**THE THEME OF PRODUCTION IN THE WORKS
OF M. ABDYHALYKOV**

In this scientific article "The theme of production in the works of M. Abdyhalykov" depicts the relationship between the modern way and the truth of time, as well as features of the artist's style in this direction.

In the writings of the writer and workers of the oil industry, a logical interrelation between them is shown. When the topic of production is exposed to the novelty and peculiarities of Abdyhalykov's works, the problems of people's relationships are topical.

The theme of Abdyhalykov's work on the life of the oil industry is the same as the requirements of the time, both at the time of writing and nowadays. Achievements and gaps in the production of the region are widely revealed from the artistic point of view through images of specific personalities. For the disclosure of the psychology of the heroes of works of this era, the author resorts to the use of such image tools as monologue, dialogue, portrait, landscape.

Keywords: themes, prose, artistic specificity, style, the theme of the production, life of oil workers, the realities of today, image, worldview, the aesthetic view, position in life.

УДК 81`42

Дальбергенова Л.Е. – доктор философии (PhD),
Кокшетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова
E-mail: ljasatdal@mail.ru

**ЭВИДЕНЦИЯ И ЭПИСТЕМИЧЕСКАЯ МОДАЛЬНОСТЬ В
АРГУМЕНТАТИВНОМ ДИСКУРСЕ (НА ПРИМЕРЕ КАЗАХСКОГО,
РУССКОГО И НЕМЕЦКОГО ЯЗЫКОВ)**

Аннотация. В работе исследуется проблема аргументативного дискурса в когнитивно-прагматическом аспекте, рассматриваются вопросы эвиденции и эпистемической модальности как выражение источника и уровня знаний субъекта речи. В работе предпринята попытка представить фреймовые когнитивные модели аргументативных отношений, репрезентирующих личностное отношение говорящего к содержанию высказывания, основанное на фактивной или нефактивной информации.

Ключевые слова: эпистемия, эвиденциальная модальность, аргументативный дискурс, прямая эвиденция, косвенная эвиденция.

Прагматический потенциал аргументативного дискурса подразумевает исследование когнитивно-прагматического смысла каузальных отношений, изучение причинных отношений в аспекте взаимодействий пропозиционального содержания, коммуникативных интенций субъекта речи и его личностного

отношения к предмету речи. Исследование аргументативного дискурса в прагматическом аспекте предполагает выявление эвиденции и эпистемической модальности. Модусные и эвиденциальные значения аргументативных высказываний способствуют осуществлению коммуникативных намерений и ожиданий говорящего (автора текста) и в целом успешности коммуникации. Языковая коммуникация не ограничивается задачей простого сообщения, в нее входит задача передать это сообщение так, чтобы оно воздействовало на слушателя – на его разум, чувства, волю, а зачастую также и указание на источник информации – эвиденцию. Чем больше желание воздействовать, тем тщательнее производится отбор языковых средств, тем более экспрессивно сообщение.

Смысловое содержание эвиденции и эпистемической модальности определяется семантикой эпистемического модуса, репрезентирующего личностное отношение говорящего к содержанию высказывания, основанное на фактивной или нефактивной информации [1; 2; 3]. Эвиденция указывает на источник информации и источник знания говорящего. Различают прямую эвиденцию и косвенную эвиденцию. Первая указывает на то, что говорящий является свидетелем или наблюдателем происходящих событий, он может лично наблюдать происходящее: видеть, слышать. Косвенная эвиденция указывает на косвенный источник, которым может быть третье лицо [3; 4; 5]. Сцена основания, достоверность которой подтверждается наблюдаемой и ненаблюдаемой ситуаций, представляет собой таким образом фактивную и нефактивную информацию.

Эвиденция и эпистемия очень тесно взаимосвязаны между собой и представлены в данной работе качестве фреймовой модели, в частности эпистемического аргументативного фрейма. Под аргументативным фреймом традиционно понимают стандартную типовую ситуацию причинно-следственных отношений в прагматическом аспекте, характерную для того или иного языкового общества [6; 7]. Формальное выражение эпистемического аргументативного фрейма можно представить следующим образом: **Antez. (достоверная информация) → causa → Cons. (Потенциально-достоверная информация)**

Причинно-следственные связи в прагматическом аспекте представляют собой более высокую степень вовлеченности говорящего, эпистемическая модальность отражает не только степень полноты и характер знаний говорящего о наблюдаемых причинных связях событий, но и степень достоверности высказывания и меру субъективной уверенности говорящего в правильности сделанного утверждения.

Когнитивную модель эпистемического аргументативного фрейма, отражающую субъективное отношение говорящего (проявляемое либо в прототипной сцене основания, либо в прототипной следственной сцене) можно представить в двух вариантах:

1) **эпистемическая модальность (ОСНОВАНИЕ) → causa → (СЛЕДСТВИЕ)**

2) **(ОСНОВАНИЕ) → causa → эпистемическая модальность (СЛЕДСТВИЕ).**

Различные семантические типы эпистемических аргументативных отношений (далее ЭКО), реализуемых в художественном дискурсе, свидетельствуют о наличии в языковом сознании говорящего различных фреймовых моделей. В результате анализа художественного дискурса нами выявлен тсемантический тип эпистемического аргументативного фрейма: недостаточное основание (альтернативное основание).

1. **Фрейм «недостаточное основание».** Потенциально-достоверная информация, гипотетичность высказывания дают основание назвать сцену эпистемической модальности сценой полагаемого следствия или косвенной эвиденции. Фреймы эпистемических аргументативных отношений обладают более сложной структурой, обусловленной комплексным участием эпистемического модуса и пропозиционального содержания и эвиденциальности.

Эпистемический аргументативный фрейм «недостаточное основание» можно иначе обозначить как «косвенная эвиденция», позволяющую понять познавательную деятельность субъекта сознания, его сознательную когнитивную активность и мыслительную деятельность. Данный тип фрейма репрезентирует недостаточные знания истинной причины происходящих событий: субъект сознания описывает ситуации, устанавливает наличие событий в реальной действительности. Анализируя и рассуждая, он выдвигает свои причины происходящих событий. Косвенное свидетельство, недостаточность выдвигаемых субъектом оснований маркируется в причинной сцене модальными словами.

Фрейм «недостаточное основание» представляет собой одну из форм подобных суждений и строится из следующих сцен:

1. прототипной сцены основания – эпистемически модифицированной пропозиции, основанной на нефактивной информации (косвенная эвиденция);
2. прототипной следственной сцены – пропозиции положения дел, основанной на фактивной информации (прямая эвиденция);
3. прототипной сцены логической каузальной связи, актуализирующей сцену основания.

Свидетельством когнитивного осмысления объективных реалий субъективности каузальных отношений служит также предполагаемая причина, выражаемая в анализируемых языках с помощью модальных и вводных слов.

Транспонируясь из области объективной действительности в ментальную сферу, мыслительный концепт «мнение» («предположение») приобретает функциональный статус причины и вербализуется в русском и немецком языке модальными словами, например:

(1) Людмила Николаевна не любила дружить с профессорскими женами, ее раздражали разговоры о научных успехах мужей, платьях, домашних работах. Но, **вероятно**, потому, что мягкий характер застенчивой Марьи Ивановны был противоположен ее характеру, и потому, что ее трогало отношение Марьи Ивановнык Толе, **она очень привязалась к Марье Ивановне** (К.Симонов. Живые и мертвые).

(2) Der Minister war fettleibig, nervös und sorgenvoll. Aufgrund eines Missverständnisses und **vielleicht, weil** er einmal von Paracelsus gehört hatte, hielt er Humboldt für einen deutschen Arzt) (D. Kehlmann. Die Vermessung der Welt) (Министр был толстым, нервным и беспокойным. Из-за недоразумения **и может быть**, потому что как-то раз он слышал о Парацельсе, он принял Гумбольдта за врача).

Аргументативный дискурс демонстрирует взаимосвязь двух типов смыслов – объективных и субъективных. Объективный смысл вербализуется в следственной сцене (она очень привязалась к Марье Ивановне; hielt er Humboldt für einen deutschen Arzt) и служит логической посылкой для установления предполагаемой причины (**вероятно, потому, что** мягкий характер застенчивой Марьи Ивановны был противоположен ее характеру, **и потому, что** ее трогало отношение Марьи Ивановны к Толе; und **vielleicht, weil** er einmal von Paracelsus gehört hatte). Субъективный аспект речи отражает прагматическое отношение

между компонентами аргументативного дискурса, отражающих косвенную эвиденцию и неполную осведомленность говорящего).

Сравним: {Следствие [она очень привязалась к Марье Ивановне] + Предположение-основание вероятно, потому, что мягкий характер застенчивой Марьи Ивановны был противоположен ее характеру, и потому, что ее трогало отношение Марьи Ивановнык Толе]}.

Предполагаемый характер причины и косвенное свидетельство выражается в казахском языке с помощью вопросительной частицы -бе:

(3) Бүгін бір түс көрді. Түсінде көңілденгендіктен бе, ұйқыдан да жадырап оянды (Ә. Кекілбаев. Ханша-Дария хикаясы) (Сегодня видел сон. Наверное, от того, что был в хорошем настроении во сне, он проснулся бодрым).

Семантика предполагаемой причины, гипотеза говорящего может также выражаться с помощью двух или трех модальных слов в сочетании с причинным маркером:

(4) Сана тірі болған соңшығар, бәлкім, әйтеуір бір ұлы күшке сенесің (Б.Мұқа. Жеті желі). (Может быть, наверно из-за того, что есть общеепонимание, в общем веришь в какую-то высшую силу).

Примечательным в данной конструкции является проявление субъективной аргументации в связи с предполагаемым характером причинной сцены (Сана тірі болған соңшығар, бәлкім (может быть из-за того, что есть общеепонимание), а также обоснования обобщением в следственном утверждении (әйтеуір бір ұлы күшке сенесің (в общем веришь в какую-то высшую силу)). Модальное слово **әйтеуір** выполняет в данных эпистемических аргументативных связях функцию усиления эпистемической модальности.

Таким образом, восстанавливается связь, которая может быть не достаточно достоверной с точки зрения реального положения вещей, но достоверной с точки зрения говорящего. Итак, эпистемический аргументативный фрейм «недостаточное основание» представляет собой формат субъективных знаний о той или иной ситуации, выражаемый в форме рассуждения и размышления. Рассуждение представляют собой выражение личностной позиции говорящего к наблюдаемому положению дел. Анализ языкового материала показывает, что эпистемическая модальность в аргументативном дискурсе объективируется в казахском языке с помощью модальных слов: **бәлкім, бәлкі, сияқты, шығар**, в немецком языке с помощью модальных слов **wohl, möglicherweise** и модальных слов **вероятно, должно быть, наверное, похоже** в русском языке.

1.1 Субфрейм «альтернативное основание». На основе анализа иллюстративного материала нами выявлены аргументативные фреймы, отражающие ситуации недостаточных знаний субъекта сознания. Не располагая достоверной информацией, субъект выдвигает две или несколько предполагаемых причин. Данный тип каузальных отношений мы назовем субфреймом недостаточного основания, а именно фреймом «альтернативное основание».

Субфрейм «альтернативное основание» включает в себя следующие сцены:

- прототипную сцену основания – две или несколько эпистемически модифицированных пропозиций, основанных на нефактивной информации (модус полагания);
- прототипную следственную сцену – пропозицию положения дел, основанной на фактивной информации;
- прототипную сцену логической каузальной связи.

Субъективным признаком обладает ЭКФ, в котором одна из сцен выражает две или более причин, усиливающих неуверенность, незнание истинной причины говорящим субъектом и отражающих его субъективные домыслы и рассуждения и прямую эвиденцию. Данный тип отношений называется альтернативным основанием.

Необходимо отметить сходство в анализируемых языках по наличию альтернативной причины. Так, в следующем примере эпистемический модус полагания передается с помощью повтора косвенного вопроса то ли, а также модального слова может быть.

(1) Равным способом ничего таинственного. Родитель был в отъезде, соскучился. Сам сыну на глаз не показывается – **то ли** обещание такое дал, **то ли** от гордости, **а может быть**, не хочет терзать мальчика, привыкающего к новому отцу (Б.Пастернак. Доктор Живаго).

Фрейм «альтернативное основание» обнаруживает проявление большей степени субъективности каузальных отношений ввиду незнания говорящим истинного положения дел, ср.: **то ли** обещание такое дал, **то ли** от гордости, **а может быть**, не хочет терзать мальчика, привыкающего к новому отцу.

Отличительной особенностью данного фрейма является отражение коммуникативной ситуации обоснования, сочетаемое с оценочным модусом говорящего. Выдвигая две или более предполагаемых причин, говорящий оценивает ту или иную ситуацию со своей точки зрения и является источником информации:

(2) Вошедший был, очевидно, тем человеком, к которому принадлежали попадавшие в доме запасы. Его внешность показала доктору виденной и знакомой. **Вероятно**, посетитель тоже был предупрежден, что дом не пуст. **Он недостаточно удивился его обитаемости. Может быть**, его предварили, кого он встретит внутри. **Может быть**, сам он знал доктора (Б.Пастернак. Доктор Живаго).

Данные тексты демонстрируют каузальные отношения между следствием (Родитель был в отъезде, соскучился. Сам сыну на глаз не показывается) (**Вероятно**, посетитель тоже был предупрежден, что дом не пуст), и тремя предполагаемыми причинами, имеющие одинаковую силу (**то ли** обещание такое дал, **то ли** от гордости, **а может быть**, не хочет терзать мальчика) (**Может быть** его предварили. Кого он встретит внутри. **Может быть** сам он знал доктора).

Причинное значение вводных модальных слов и частицы то ли наглядно иллюстрирует союз потому что, ср.:

(1а) Сам сыну на глаз не показывается, **потому что**, наверное, обещание такое дал, **или потому что** горд был, а может быть, **потому что** не хочет терзать мальчика, привыкающего к новому отцу.

(2а) **Он недостаточно удивился его обитаемости. Может быть**, потому что его предварили, кого он встретит внутри. **Может быть, потому что** сам он знал доктора.

Сравним аналогичный пример в немецком языке:

(3) Gomez fragte, warum sie so lange unterwegs sein müssen. Er wisse es nicht, sagte Bonpland. **Vielleicht** das Leben fordert das. **Vielleicht** das Schicksal) (W. Kehlmann. Die Vermessung der Welt) (Голец спросил, почему они должны быть так долго в пути. Не знаю, ответил Бонпланд. **Может** жизнь этого требует. **Может** судьба).

Альтернативное основание выражается повтором модального слова **vielleicht (может быть)**, свидетельствующей о неуверенном знании самого говорящего истинной причины столь долгих путешествий.

Причинное значение вводного слова подтверждает в НЯ введение подчинительного союза weil:

(3a) Gomez fragte, warum sie so lange unterwegs seien müssen. Er wisse es nicht, sagte Bonpland. Vielleicht **weil** das Leben fordert das. Vielleicht **weil** das Schicksal)(Гомец спросил, почему они должны быть так долго в пути. Не знаю, ответил Бонпланд. Может быть, **потому что** жизнь этого требует. Может быть, **потому что** судьба такая).

Гипотетичность каузального высказывания выражается в казахском языке с помощью частиц **ма/ме, ба/бе**. Обоснование выражается вводным словом с максимально обобщенной семантикой **эйтеуір** (как бы то ни было, в общем).

(1) Екі абысын тегінде, ақылды, бәйбішелер болудың үстіне, ерлерін өз ырқына бағындырған дүниеқор, мал-жанды әйелдер. **Соры ма, ырысы ма, әйтеуір**, тағы бір өзгешеліктері бойынша намысқор кісілер. Ол намысты және әйелше ойламай, еркекше, тіпті, сол еркектер үшін де өздері ойлайтын (М. Әуезов. Абай жолы). (Две сношеницы помимо того, что были умными женами (байбише), были также жадными, подчинившими себе своих мужей. **То ли к несчастью, то ли к добру, в общем** еще одна их особенность это самолюбие. Это самолюбие выражалось по мужски, не как у женщин, они даже принимали решение вместо мужчин).

Данный фрейм представляет собой формат недостаточных знаний в форме различных гипотез и версий и характеризуется интерпретативным свойством: говорящий выражает собственное видение мира, восприятие и осмысление определенных ситуаций в процессе коммуникативной деятельности.

В вышеприведенном примере **соры и ырыс (несчастье и добро)** интерпретируются автором как предполагаемые причины поведения женщины.

Причинное значение частиц **ма/ме, ба/бе** можно продемонстрировать с помощью причинных аффиксов:

(2) **Сорысыдан ба, әлде ырысы сондай болғанынан бе, әйтеуір**, тағы бір өзгешеліктері бойынша намысқор кісілер (**То ли от несчастью, то ли потому что добру, в общем** еще одна их особенность это самолюбие).

Характерной особенностью каузального дискурса «альтернативная причина» является отсутствие эксплицитных каузальных маркеров. Субъективные версии говорящего объективируются с помощью повтора модальных слов (**соры ма,.. ырысы ма...; то ли..., то ли..., а может быть...; может быть...).**

Альтернативная причина находит свое выражение также с помощью одного модального слова при наличии союза или:

(3) Beunruhigt sah er auf seinen Block. Er würde hierfür einen professionellen Zeichner brauchen. Er starrte in das Gesicht, und **es lag wohl an der Hitze oder am Maisgerruch**, dass er sich auf einmal abwenden musste (D. Kehlmann. Die Vermessung der Welt) (Он посмотрел беспокойно на свой блок. Ему бы сюда профессионального чертежника. Он всмотрелся в лицо и **резко отвернулся, видимо из-за жары или из-за запаха кукурузы).**

Трансформационный метод демонстрирует две возможные причины:

(7a) Er musste sich auf einmal abwenden, **denn (weil)** es war **wohl heiss oder es roch nach Mais** (он отвернулся, **видимо, потому, что было жарко или пахло кукурузой).**

Или:

(7б) Es war **wohl heiss** und es roch nach **Mais, vielleicht deshalb** musste er sich auf einmal abwenden (он отвернулся, **видимо, потому, что было жарко и пахло кукурузой).**

Модусно-прагматический формант **wohl** маркирует когнитивное состояние субъекта речи, неуверенное обоснование говорящего. Причинная сцена передается с помощью глагола (an D. anliegen (причина в том, что). Альтернативный характер предполагаемой причины не всегда требует эксплицитного выражения.

Таким образом, фреймы с альтернативной причиной в сопоставляемых языках не требуют эксплицитных средств выражения со значением причины (союзов, аффиксов, послелогов). Степень субъективного знания об утверждаемых событиях, недостаточная осведомленность субъекта объективируется в языке с помощью повтора вопросительных частиц и модальных слов.

Итак, фрейм «альтернативное основание» является способом рассуждения, причинно-информативным компонентом, содержащим один, два или несколько причин, включающих в себя необходимые домысливания, предположения. Анализ практического материала обнаружил наличие данного фрейма во всех сопоставляемых языках, что свидетельствует о том, что данный каузальный фрейм представляет собой сложный коммуникативный акт, отражающий когнитивную деятельность человеческого мозга в процессе познания окружающего мира.

Таким образом, фреймы с альтернативной причиной в сопоставляемых языках не требуют эксплицитных средств выражения со значением причины (союзов, аффиксов, послелогов). Степень субъективного знания об утверждаемых событиях, недостаточная осведомленность субъекта и прямая эвиденция объективируется в языке с помощью повтора вопросительных частиц и модальных слов.

Итак, фрейм «альтернативное основание» является способом рассуждения, причинно-информативным компонентом, содержащим один, два или несколько причин, включающих в себя необходимые домысливания, предположения. Анализ практического материала обнаружил наличие данного фрейма во всех сопоставляемых языках, что свидетельствует о том, что данный аргументативный фрейм представляет собой сложный коммуникативный акт, отражающий когнитивную деятельность человеческого мозга в процессе познания окружающего мира, указывающий на говорящего как на источник прямой или косвенной эвиденции.

На основе анализа иллюстративного материала нами выявлены аргументативные ситуации, отражающие ситуации недостаточных знаний субъекта сознания. Как показывает анализ фактического материала казахский, русский и немецкий языки обладают различными вариантами эпистемических фреймов, обнаруживает различные формы эпистемической модальности и эвиденции в аргументативном дискурсе.

Литература:

1. Abraham W. *Die Urmasse von Modalität und ihre Ausgliederung. Modalität anhand von Modalverben, Modalpartikel und Modus* // Abraham, Werner / Leis, Elisabeth (Hrsg.): *Modalität: Epistemik und Evidentialität bei Modalverb, Adverb, Modalpartikel und Modus*. – Tübingen, 2009. – S. 251-302.

2. Nyuts J. *Epistemic Modality, Language, and Conceptualization*. – Amsterdam: John Benjamins B.V., 2001.

3. Kijko, Ju. *Evidentialität und epistemische Modalität in deutschen und ukrainischen informationsbetonten Pressetexten* // *Tekst i diskurs – Text und Diskurs* 6. – 2013. – S. 131–151.

4. Anderson, L.B. *Evidentials, Paths of Change, and Mental Maps: Typologically Regular Asymmetries* // Chafe, Wallace/Nichols, Johanna (Hgg.):

Evidentiality: The Linguistic Coding of Epistemology. – Norwood, N.J.: Ablex (Advances in Discourse Processes 20) – 1986. – S. 273-312.

5. Boye, K. *Epistemic meaning: A cross linguistic and functional cognitive study.* – Berlin: de Gruyter. – 2012.

6. Dalbergenova L., Zharkynbekova Sh. *Die Framemodellierung volitiver kausaler Zusammenhänge am Beispiel der russischen Sprache // Studia Slavica Hung.* – Budapest, Akadémiai Kiadó. – № 62/1. – P. 136-147.

7. Dalbergenova L., Zharkynbekova Sh. *Cognitive approach to the study of causal relations // Procedia - Social and Behavioral Sciences.* – 2014. – Volume 143. – P. 233-237.

Dalbergenova L.E.

EVIDENTY AND EPISTEMIC MODALITY IN ARGUMENTATIVE DISCOURSE

(IN CASE OF KAZAKH, RUSSIAN AND ENGLISH)

The paper investigates the problem of argumentative discourse in the cognitive-pragmatic aspect, examines the issues of epistemy and evidential mode as an expression of the level of knowledge of the subject of speech. An attempt is made to present frame cognitive models of argumentative relations that represent the speaker's personal attitude to the content of the statement, based on factual or non-active information.

Keywords: epistemic mode, evidency mode, argumentative discourse, direct evidency, indirect evidency.

Дальбергенова Л.Е.

**ДӘЛЕЛДІ ДИСКУРСТЕГІ ЭВИДЕНЦИЯ ЖӘНЕ ЭПИСТЕМИЯЛЫҚ
МОДАЛЬДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

(ҚАЗАҚ, ОРЫС ЖӘНЕ НЕМІС ТІЛДЕРДЕ)

Жұмыста когнитивті-прагматикалық аспектідегі дәлелді дискурс және сөйлеу субъектісінің білім деңгейін танытатын эвиденция және эпистемиялық модальдік мәселелері қарастырылып, зерттелінген. Жұмыста фактілі немесе фактілі емес ақпаратқа негізделген сөйлеушінің айту мазмұнына жеке қатынасын танытатын дәлелденген қатынастардың фреймолық когнитивті үлгілерін таныту көзделген.

Тірек сөздер: эпистемия, эвиденциялық модальдылық, дәлелді дискурс, тура эвиденция, жанама эвиденция.

ӘОЖ 811.512.122

Бекбосынова А.Х. – филология ғылымдарының кандидаты,
Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті
E-mail: assia-bek@mail.ru

Нургазина.Б.Х. – Қостанай мемлекеттік педагогикалық
университетінің студенті
E-mail: bal_zhan92@mail.ru

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ ТЕҢЕУ МЕН ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
ҚОЛДАНЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа. «Қазақ» газеті – тіл байлығы жағынан ерекшеленген газеттердің бірі. Мақалада тұңғыш жалпыхалықтық «Қазақ» газетіндегі теңеу мен фразеологизмдердің қолданылу ерекшелігі мен олардың стильдік қызметі сөз

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

болады. Өмір құбылыстарын бейнелі түрде танытудың тиімді тәсілі ретінде және автордың адресатқа тигізер стилистикалық әсерін жүзеге асыру мақсатында теңеулер тиімді қолданылған.

Сақтандыру және этнокогнитивтік мағынасы бар фразеологиялық бірліктердің мағыналық ерекшеліктері мысалдар арқылы сараланады.

Тірек сөздер: Эстетикалық тәсіл, бағалаушылық, номинативтік қызмет, этнокогнитивтік мағына, этномәдени жүйе.

XX ғасырдың басында шыққан «Қазақ» газеті – өзінің тіл байлығымен оқырмандарына жол тапқан газеттердің бірі. Бұған дәлел – газет беттерінде жарияланған мақалаларда фразеологизм, теңеу т.б. көркемдегіш тәсілдердің молынан қолданылуы. Жалпы «Қазақ» газеті – қай жағынан алсақ та өзінен кейінгі ұлт баспасөзіне үлгі-өнеге бола білген басылым.

Теңеу – кез келген мәтінде ерекше орын алатын бейнелі сөз. «Теңеудің көркемдік сипаты көркем әдебиет стилінде, ауызекі сөйлеу стилі және публицистикалық стильде ұқсату мен бейнелілікке құрала отырып, адресанттың айналасындағы зат құбылыстың субъективті, объективті теңелетін заттардың жалпы сипатын санада сақталған стилистикалық фреймдер арқылы беретіндігімен ерекшеленеді» [1, 104 б.].

Теңеу – өнерде бейнелеуге ерекше эстетикалық қуат беретін көркемдік тәсіл. «Қазақ» газетінің мақала авторлары теңеуді ерекше эстетикалық тәсіл ретінде пайдаланған. Көбіне теңеулердің көп қолданылуы көбіне екі түрлі құбылысты, адам мен қоршаған әлемді суреттеп бейнелеуде қолданылады. Әсіресе, табиғат арасындағы қарым-қатынастың күрделілігі және көпқырлылығы салыстыра отырып суреттеуде ерекше көрініс табады.

«Ал, Алаштың азаматтары! **Ақсақ қойдай** басқадан кейін **қалғанымыз ба?** Жоқ, қалмас амалын іздеп қамданамыз ба? Қалмаймын десең, қарап жатпалық. Көп істе көп болып жабылайық!» (Қазақ, 1913, №1). Алаш азаматтарын ұлтына қызмет етуге шақырған, ұран түрінде жазылған сөйлем - ақсақ қойдай теңеулік тіркесімен берілген. Күн жерден айналмайды, жер күннен айналады. **Жер ұршықтай үйіріліп** айналғанда жер үстінің бәрі де бірінен соң бірі күн жаққа қарайды. 24 сағат ішінде жердің күнге қарамайтын жағы жоқ, Жапония да, Филиппин де, бұл біз отырған Суматра да, күллі Африка да, Еуропа да, Азия да суткасына күнге бір-бір қарап өтеді (Қазақ, 1913, №1). Жер ұршықтай үйірілу теңеулік құрылымы – қазақтың таным-түсінігіне барынша жақын сөз. Бұрынғы замандағы қазақтың басшылары **есік пен төрдей жерден арғыны болжай алмайтын болғанда**, жалпақ жұртқа өпке жүрер ме? (Қазақ, 1913, №11).

Есік, төр лексемалары өлшем, мөлшерді білдіретін парадигмалық қатарға кіреді. Арақашықтықты сипаттап тұрған **есік пен төрдей** тұрақты теңеуінің мағынасы жақын мағынасында жұмсалған.

Енді тыңнан біреу газета ал десе, қашан оқытып көрсетіп, анық қазақ тілінде, қазақтың керегін білдіріп тұрғандығына көздерін жеткізгенше арбадан **шошыған аттай үркеді** (Қазақ, 1913, №28). Енді осы жоқ пен кемшілігімізді толтырмай, қисығымызды түзетпей, кем-кетіктерімізге, оқу жолындағы тарыққандарымызға жәрдем бермей, жеке-жеке **құлан, киікше** жайылып жүре береміз бе, жоқ біз де басқалардан өрнек алып, дертімізге дәрмен іздейміз бе? (Қазақ, 1913, №37).

Көшпелі өмір сүріп, төрт түлік малды күнкөрістің көзі санаған халқымыздың теңеулері де осы төрт түлік малмен қатысты айтылды. Бір нәрседен шошу әрекеті өзге затқа немесе құбылысқа емес, аттың шошуымен салыстырылып, көз алдымызға өзімізге таныс аттың таныс қимылын елестетеді.

«Қазақ» газетінде жануарлар әлеміне қатысты теңеулер: ақсақ койдай, жарауы түскен аттай, ұры мысықтай, айдаған қойдай, иттің жорғасындай (мысқыл мәнде айтылады, мағынасы - қалай болса солай, нашар), түйедей, түйе құмалағындай, тоғытатын қой секілді, тышқан сынды, итше ырылдасқан, қасқырдай жау көру, көбелекше айналу, аттай зырқырап, құлындай жаны, шегірткедей қыру, шыбындай қырылу, айғырдай азынап, шапқан аттай, тышқандай өлтіру, ит пен қасқыр арасындай, бәйге атындай, жақсы жорғадай, сасқан үйрекше, сона сияқты, құмырсқаша дамыл алмау, ақсақ иттей, кенедей қаулау, шырғаға түскен құстай, мұрнын тескен тайыншадай, ұлақтың бақырғанындай, жетім қозыша жалақтау, көзсіз көбелектей, шыбындай бейнет, сиырша шықырлап шығу, қойшы мен сиыршыдай көрнек болу, қозының көгені һәм қаққан қазығы сияқты, арыстандай алысу, т.б; өсімдіктер әлеміне қатысты теңеулер: бәйшешектей жас уақыт, қоғаның ұшындай жалпайып, гүлдей, томардай топас кекесін сөз, т.б; табиғаттағы іс әрекеттер мен құбылыстарға қатысты теңеулер: аққан судай, өрт шыққандай, жау шапқандай жанталасу, жер мен көк арасындай, көз жасын судай ағызып, желмен тең, судай кешіп отыр, сынаптай сырғанап жүрген, жауған қардай, жаңбырдай жауған оқ, т.б. теңеулік құрылымына заттық және материалдық әлем негіз болған теңеулер: ұршықтай үйірілу, маржандай жалтырау, қазандай сәлде, үйдің шаңырағындай, арбадай шөп, шалғынға түскен инедей, ұлтрақтай жер, күмістей аппақ, әйнектің көзіндей, қарындары күбідей, сақалдары күйектей, сәлдесі қазандай, алтай тауындай алтын, гауһардай жарқырау т.б. түрінде кездеседі.

Газет авторлары теңеулерді қолдануда қазақтың тұрмыс-тіршілігіне етене таныс сөздерді ала отырып бейнелі образ жасаған. «Ұлттық атаулардың жасалуының бір жолы, ұғымды берудің көркемдік тәсіліне теңеулерді жатқызуға болады. Себебі теңеулерде ұлт тілінің өзіне ғана тән ерекшелігін көрсететін белгілер барынша ашық әрі айқын көрініп тұрады» [2, 23 б.].

Сондай-ақ профессор Т.Қоңыров атап көрсеткен теңеулердің жасалуының барлық түрлері аталмыш газет беттерінде кездеседі. Тіл байлығын бойына мол жинақтаған, халқымыздың рухани дүниетанымынан хабар беретін асыл қазыналардың бірі – тұрақты теңеулердің барынша көп қолданылғанын байқадық.

Мен осы күнгі **қазанға салған ас секілді** жұрттың сөзінің, дауының жақсы болсын, жаман болсын, істің ортасында **жанып отырмын** (Қазақ, 1913, №38). Біздің байлар ақшаны болыстыққа шашады, әкесі өлсе атаусыз қалады деп ат шаптырып ас береді, бұларға шыққан **мал орынсыз далаға шашылғанмен тең** (Қазақ, 1913, №31). Қазақ сахарада **желмен тең**: қашайын десе оны ұстай қою оңай жұмыс емес (Қазақ, 1913, №32). Егер біздің газетамыз әлгі айтылған екі ақылдың бірін айтқанда қазақтың **сүттей ұйып тыңдай қоюына** біздің де көзіміз жетпейді (Қазақ, 1913, №10).

Сонымен, «Қазақ» газетінде қолданылған теңеулердің рөлі айрықша деуімізге болады. Олар сөзге қосымша бояу ғана үстемей, өмір құбылыстарын бейнелі түрде танытудың тиімді тәсілі ретінде және автордың адресатқа тигізер стилистикалық әсерін жүзеге асыру мақсатында тиімді қолданылған.

Тіліміздегі фразеологизмдер – халқымыздың ұлттық ерекшелігінің бір көрінісі. Фразеологизмдерде халқымыздың дүниетанымы, әдет-ғұрпы мен салты, тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті мейлінше бейнелі сөзбен беріледі. Фразеологиялық бірліктерде логикалық ой мен құпия сыр бар. Жұмбақ сырдың мағынасын біліп, оны орнымен жұмсай білу де үлкен шеберлікті қажет етеді.

«Фразеологизмдердің ұлттық өзіндік сипаты (характері) сөз бейнелеу тәсілдері арқылы анықталады. Образды сөз жайдан-жай жасалмайды, мазмұн мен түр бірлесе келіп, осылардың тұтас жиынтығынан келіп шығады. Бейнелі сөздер, әсіресе фразалық тіркестер адамның құлақ құрышын қандырып, көкейге ой

салады, жүректің көзін ашып, нәр тамызады, бүкіл сезім біткенді оятып, эстетикалық талғамын арттырады, жаныңды жадыратып, күлкіге бөлейді. Сондықтан бұларды жансызға жан бітіретін бейнелеу құралы деуімізге де болады. Ана тілінің байлығы мен әуезділігін анықтауда фразеологизмдердің алатын орны ерекше. Сөз байлығы сөздің санымен де, мән-мағынасымен де өлшенеді. Сөздің сапа жағынан қаншалықты дамығандығы – оның көп мағыналық сипат алып, әлденеше фразеологизмдерді тудыруға себеп болуында» [3, 105 б.].

«Фразеологизмдер халықтың менталитеті мен мәдениетінен мәлімет жеткізетін ақпарат көзі ретінде репрезентацияланады, танымдық құрал қызметін атқарады, сөйтіп этномәдени жүйенің құнды деректері қатарында бағаланады. Тіліміздегі фразеологизмдердің пайда болу уәжі ұлт мәдениетіне, ұлт дүниетанымына байланысты болатындығы мәлім» [4, 193 б.].

«Қазақ» газетінде фразеологизмдерді қолданудың өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, тілімізде кездесетін бір нәрсені істеуге шыдап кірісу, тәуекел ету – бел байлады [буды], белді бекем [шарт] байлады фразеологиялық бірлік түрінде берілген болса, газет тілінде күрделеніп **жеңін киіп, етегін жиып, белін буып** түрінде кездескен.

Түріктер **жеңін киіп, етегін жиып, белін буынғанша** жаулары тұс-тұсынан бас салып, қалаларын, жерлерін ала бастады (Қазақ, 1913, №1).

Қолы қысқа – кедей жарлы, қалтасы жұқа және **қолы ұзын** – не істеймін десе де қолынан келетіні жайлы айтылады. (Бұл жерде бай, дәулетті, өрісі кең адам ұғымында тұр). Бай қазақ баласын жастан оқытпайды «миы ашиды» деп, жасынан оқимын деп талап қылған қазақ жігіттерінің **қолы қысқа, қолтығы тар** болады (Қазақ, 1913, №36). Бір күн қатын байыменен араздасып үйінен кетіп қалса, оған **қолы ұзын, қолтығы кең** бір арам ойлы кез келе кетеді (Қазақ, 1914, №62).

Сөзі [ойы] бір жерден шығу – айтқандары үйлесе кету мағынасында айтылатын тұрақты тіркесі газет тілінде: **Көз бір жерден ұшырасып, сөз бір жерден шығып тұрған** қазірде неш нәрсе болмағанмен Лондон кеңесі бәрін жөндеп тыныштығын табар деген үміттемін – деген (Қазақ, 1913, №37) тұлғада кездескен.

Сондай-ақ фразеологиялық бірліктердің бағалауыштық және түрлі жағдаяттармен арақатынасты көрсететін номинативтік қызметін атап өтуге болады.

Қай жақтан екендігі білінбеген соң ондай **жалаң аяқты** қайдан тапсын, **соры қайнап** старшина қазына ақшасын өз жанынан төлеп жіберді (Қазақ, 1913, №5). Газетаны шығарушылар бай адамдар емес, **қалтарлары тақыр** (Қазақ, 1913, №7). Олар аздығына карамай **аузы алты қарыс** жұрттармен жағаласып теңдікке жетіп жүр (Қазақ, 1913, №34). Жоқ жерде жұртқа мұрындық болып бірқатар елдің обалына қалмаса еді деп жаны ашып, аяп тұрған **көзі ашықтар** да бар (Қазақ, 1913, №23).

Солардың ішінде сөзі **тас көңілді ерігерлік**, бұрын өзі де құл болған негрдің бір шалы бар еді (Қазақ, 1913, №9). Ту басында хандар өз тілеуімен орысқа бағынғанда жалпақ жұрттың **қаны ұйып**, оншама ықылас қоя қойған жоқ еді (Қазақ, 1913, №11). Балқан соғысы Махмұд Шукат қолына әбден түрік ұтылған соң тиіп, бұл сорлы өзінің «Жас түрік» партиясымен **қапы қалған** еді (Қазақ, 1913, №17). «**Жығылғанға жұдырық**» дегендей, Лепсі хәм Қапал уезінің қазақтары биыл тағы жұтады (Қазақ, 1913, №17).

Мұнан бес-алты жыл бұрын шапқан аттай зырқырап келе жатқан шәкірттеріміз осы арада үн-түндері жоқ тастай батып, судай сіңіп кеткен соң **зығырданым қайнап** жазған бір өпкем-назым еді (Қазақ, 1913, №27). Ұлы патшалардың ішіндегі дәруалары, мысалы, Германия, Англия хәм Франция, Антолы да хәм түрлі пайдалы іс істеуге түрік хукіметінен рұқсат алды, сонымен **ауыздары майланып**, түрікті болғармен бітім сөйлесуге еркін жіберіп отырғаны (Қазақ, 1913, №31). Судебный палата кешкі сағат 10-да істі тексеріп болып,

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

Тоқтабай ұғлын айыпсыз тауып ағартып жіберді (босатып жіберу мағынасында) (Қазақ, 1913, №31).

«Қазақ» газетіндегі фразеологизмдер адам және қоғам тіршілігіндегі алуан түрлі әлеуметтік-психологиялық, саяси кезеңдерді суреттеуде ерекше қызметке ие болған. Мысалы, көзі ашық – оқыған, білімді, тереңнен ойлайтын адам; Газета деген керек нәрсе ғой, ендігі заманда дүниенің қаруы, діннің тіреуі, тіршіліктің серігі газета болған соң, артын ойлаған, алдын болжаған, **көзі ашық** жұрттар газетаны жанындай көрді (Қазақ, 1913, №1). Зығырданы қайнау тіркесінде адамның ішкі жан-дүниесінде болатын іс әрекет суреттелген; Мұнан бес-алты жыл бұрын шапқан аттай зырқырап келе жатқан шәкірттеріміз осы арада үн-түндері жоқ тастай батып, судай сіңіп кеткен соң **зығырданым қайнап** жазған бір өкпе назым еді (Қазақ, 1913, №27).

Сақтандыру мағынасындағы фразеологиялық бірліктер: Ақырында айтып келгенде, **«есің барда етегің жап»** дегендейін, тазалықты орнына келтіріп, ең абзалы науқасты бойға жуытпай, науқас бір жайылып алған соң жай кісінің түгіл дәрігерлердің де қолдарынан тоқтала қоюы қиынырақ болады (Қазақ, 1913, №32). Әуелі малсыз күн көре алмайтын болғанда **«Сау басына сақина тілеп алмасқа»** керек еді (Қазақ, 1913, №24). **«Тоқал ешкі мүйіз сұрап, құлағынан айырылды»** деген секілді болып тұрмыз, Аллах жерлі қылсын (Қазақ, 1913, №38).

Этнокогнитивтік мағынасы бар фразеологиялық бірліктер: **Қара қазан, сары баланың қамын** ойлау бұларға парыз (Қазақ, 1913, №37).

Қара қазан, сары баланың қамы - бала-шаға, өмірі өксімеуін, отбасы амандығын қорғаштау мағынасында айтылатын фразеологиялық бірліктегі **қазан** сөзінің мағынасы өзінің тура мағынасынан әлдеқайда кең. Қазанның этнос санасындағы мәдени-тілдік бейнесі әртүрлі нышандар мен символдық белгілер арқылы ажыратылады. Қазан – тоқшылықтың, ал қара қазан – ел бірлігінің, татулықтың белгісі. Ең біріншіден, қазан – үйдің бас мүлкі және рухани дүниенің қасиетті мүлкі ретінде қаралады.

«Қазақы дастарқанға қойылатын тағамдардың түгелге жуығы дерлік қазаннан шығатындықтан, оның күнделікті дүниеауи тіршіліктегі орны да ерекше болды. Қызға жасау бергенде қазанды ошағымен береді. Бүркіт қырық қырсықтың бетін қайтарады деп, ел ішінде ошақтың үш бұтына деп ырымдап, арнайы кәдеге бүркіт бергені айтылады. Ұлға енші беріп, бөлек шығарғанда қазан беру міндетті саналған. Ұлына енші беріп, бөлек үй еткен, өз парызын өтеген әке «қойнына қатын салып, бауырына қазан орнаттым» дейді. Бұл – «баламды ел қатарына қостым» - дегені. Әдеп нормасы бойынша, үйлеріне қонақ келгенде, сол үйдің әйелі ет асайын, тамақ пісірейін демей қазан көтерейін деп, қазан-ошағын қамдай бастайды. Ошақтағы қазан ернеуін босағаға қаратып қисайта аспайды, «нәсібің» төгіледі деп ырымдайды. Малдың тастаған ішін қара қазанның астына салып бастырып қойса, іш тастауы тыйлады дейді. Күнделікті тіршілік, отбасының күнкөрісін айтқанда қара қазан, сары баланың қамы деп «қазанды» кірістіріп айтады. Әйел толғатып, туайын деп жатқанда ошақтағы қазанға абысындары ет салып қояды. Қара қазан бұрын қайнай ма, қара қатын бұрын туа ма деп «жарыстырады». Мұндай ырымды жарысқазан деп атайды» [5, 361 б.].

Сиез бола қалса бетегеден биік, жусаннан аласа болады (Қазақ, 1913, №38). **Бетегеден биік, жусаннан аласа болу** тұрақты тіркесінің құрамындағы жусан сөзінің тілдік мағынасынан басқа қосымша мағынасы бар. Жусан – қазақтың кең даласының ажырамас атрибуты. Қазақ жазушыларының туындыларында ұзақ сапарға және алыс елге кеткен дала адамының ең алдымен жусан иісін аңсайтыны сөз етіледі.

Сөйгіп шуваш балаларын шуваш тілімен һәм шуваш әліфбесімен оқытпай, бірден орыс тілімен, орыс әліфбесімен оқытуға министр **батасын беріп отыр** (Қазақ, 1914, №61).

Мәтінде батасын беру фразеологиялық тіркесі – рұқсатын беру мағынасында айтылып тұр. Тілімізде батасын беру - жақсы тілек білдіру, жақсы ниет айтты мағынасында қолданылады. «Бата – ақ тілек, ізгі ниет, береке-молшылық, аман-саулық тілеп, жалбарыну түрінде айтылады. Қазақы ортада ерекше қасиетті саналады. Бата маңызды бір іске кіріскенде, басталған іс нәтижелі аяқталғанда өзіндік рәсімімен орындалатын тілек айтудың ерекше формасы. Бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт. Ерте заманда батаны көптің алдында да, жеке адам алдында да жасайтын болған. Топ алдында батаны көбінесе елге сыйлы, жасы үлкен ақсақал жиналған көпшіліктің атынан үй иесіне немесе той, ас иесіне берген және батаны сондағы қауымға да арнаған. Ал жеке айтылған бата нақты бір адамға беріліп, оған игі тілектер тіленіп, жақсы сөздер айтылған. Дәстүрлі ортаның эпостық жырларында әкенің баласына бата беру сюжеттері айқын көрініс табады. Бата беру құрметті іс саналады және өз жоралғысы бар. Сондықтан бата айтыларда бата тілеуші адам немесе жамағат қос қолдап алақан жайып, «Әмин» деп ишарат білдіреді. Сол кезде бата беруші әуезді де мәнерлі үнімен тақпақтатып бата береді. Бата аяқталғанда жиналған қауым бір ауыздан қуаттап «Әумин, Айтқаныңыз келсін!», - деп бет сипат, ырым қылады» [6, 429 б.].

Өткен жаз жасырынып елге қайттым, Кір жуып, кіндік кескен жерге қайттым (Қазақ, 1914, №88). Кір жуып, кіндік кескен жер – туған жер, атамекен, атақоныс. «Тұрақты образды тіркеске айналған бұл ұғым – атақоныс, атамекен, ел жұрт категорияларының баламалары ретінде, бірақ, басқа таксономиялық деңгейді білдіреді. Кіндік кесіп, кір жуған жер ата-бабасының қонысы, сол жерде ата-бабаларының ізі қалған, зираты қойылған жер. Сондықтан, кіндік қаны тамған жер әрқашанда киелі саналады. Дәстүрлі ортада бастарына үлкен іс түскенде ғана болмаса, кіндік қаны тамған жерден басқа жерге, бөтен елге қоныс тебу орын алмайды. Бір өлкеде туып өскен адамдар арасында кіндік кесіп, кір жуған жері бар деген жақындықты білдіретін ұғым ретінде қолданылады» [5, 322 б.].

Күні кеше кигіз туырлықты қазақтың өз тізгіні өзінде, жер мен суы еркін, **төрт түлігі сай** еді (Қазақ, 1913, №37).

Төрт түлігі сай болу – төрт түлік малдың көп болып, бай болу ұғымында айтылады. «Төрт түлік – қолда өсірілетін малдың ортақ атауы. Төрт түліктің санатына малшаруашылығының объектісі – қой-ешкі, жылқы, түйе және сиыр түлегі енеді (ал ешкі отар түрінде бағылмайтындықтан жеке түлік санатына кірмеген. Төрт түлік көшпелі қоғамының негізгі құндылығы, өндіріс қатынастарының негізгі арқауына саналды. Қазақы ортаның тұрмыс-тіршілігінде **мал** деп аталатын ақша, бұйым, дүние мүлік, қаржы, қаражат сияқты материалдық игіліктердің құрамдас бөлігі осы төрт түлік болды. ... Төрт түлік көшпелі қауымның азық-түлік, күш, көлік пен тұтыныс қажеттілігін толығымен өтейтін нысан болды. Төрт түліктен көшпелі қауымның күнкөріске қажетті тағамдық әрі тұтыныстық мұқтаждықты өтеуге бағытталған әртүрлі өнім – азық-түлік, (ет пен сүт өнімдері алынады) және шикізат (тері, жүн түрлері), қосалқы шикізат (мүйіз, сүйек, тұяқ, қи, тезек және т.б.) сияқты көшпелі тіршіліктің барлық саласына қажетті дүниелер алынды. Аталған өнімдерді ұқсата отырып жасалған мүлік, бұйым, зат материалдық игілікке пайдаланылды және айырбастау мен сауда-саттыққа шығарылды. Төрт түлік өнімдерінің кәдеге жарамайтыны жоқ, сол себепті көшпелі малшаруашылығын «қалдықсыз өнім» беретін цикл деп бағалауға болады. ... Көшпелі ортаның тарихи-мәдени және экономикалық

себептерге байланысты төрт түліктің өсуі байлықтың және елдің экономикалық-әлеуметтік деңгейінің жоғары көрсеткіші ретінде бағаланды» [7, 474 б.].

Кәрбоз болыс болған соң неше жылдан бері бірін-бірі жек көргісіз болған жұртты бірінен-бірінің ақысын әперіп тындырды хәм үш жылдың ішінде ұрлық, зорлық деген нәрсені бір болыс ел ұмытып, алаңсыз шаруасын қарады. **«Бозторғай қой үстіне жұмыртқалады»** деген заман Аққұм елінде туды (Қазақ, 1914, №53).

2. Нива Ж. Солженицын / Перевел с фр. С.Маркиш в сотрудничестве с автором. – http://solzhenitsyn.ru/o_tvorchestve/books/index.php?ELEMENT_ID=2063. Дата обращения: 10.01.2018 г.

3. Шнеерсон М. Александр Солженицын: Очерки творчества. – solzhenitsyn.ru/o_tvorchestve/... Дата обращения: 12.01.2018 г.

4. Ранчин А.М. «Архипелаг ГУЛАг» как художественный текст // Известия Академии наук. Серия литературы и языка. – 1999. – Т. 58. – № 5/6. – С. 26–32.

5. Геллер М.Я. Александр Солженицын: к 70-летию со дня рождения» (913 Кб). – London: Overseas Publications Interchange Ltd, 1989. – 118 p.

6. Курицын В. Случаи власти: «Архипелаг ГУЛАГ» А. И. Солженицына // Семидесятые как предмет истории русской культуры. – М.: Венеция, 1998. – С. 100-178.

7. Русская литература XX века. 11 класс: учебник для общеобразовательных учебных заведений / Под общ. ред. В.В. Агеносова. Часть 2. 4-е изд. – М.: Издательский дом «Дрофа», 1999. – 352 с.

8. История русской литературы XX века (20-90-е годы). Основные имена: учебное пособие для филологических факультетов университетов / Отв. ред. С.И. Кормилов. – 20-е издание, исправленное и дополненное. – М.: Изд-во Моск.ун-та, 2008. – 576 с.

9. Каратаев М. Сакен Сейфуллин. – М.: Знание, 1964. – 31 с.

10. Какишев Т. Сакен Сейфуллин / Серия: Жизнь замечательных людей. – Алма-Ата: Жалын, 1976. – 315 с.

11. Кирабаев С. Сакен Сейфуллин. Монография. – Алма-Ата: Казгослит Издат., 1962. – 442 с.

12. Умарова Г.С. История казахской литературы. – Уральск, 2004. – 296 с.

13. О чем не говорили. Документальные рассказы и очерки / Сост. Л.П. Лукина, Е.А. Сатыбалдиев. – Алма-Ата: Жалын, 1990. – С. 98-121.

14. *Обвинительное заключение по делу № 11020 по обвинению Сейфуллина Сакена по ст. 58 пп. 2, 8, 11 УК РСФСР. Документ взят из фондов музея С.Сейфуллина. – Астана. / О чем не говорили. Документальные рассказы и очерки / Сост. Л.П. Лукина, Е.А. Сатыбалдиев. – Алма-Ата: Жалын, 1990. – С. 98-121.*
15. *Тәтімов М. Қазақ әлемі. (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан қуылған, қырылған және атылған?). – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 160 с.*
16. *Dilthey W., Die Einbildungskraft des Dichters, «Ges. Schriften», VI, 1924. – <https://books.google.kz/books?id=jYhdDwAAQBAJ&pg=PA177&lpg=PA177&dq=Dilthey+W.,+Die+Einbildungskraft+des+Dichters,+%C2%ABGes.+Schriften%C2%BB,+VI,+1924.&source=bl&ots=r9jkqRoYIZ&sig=8R--TLw2rUXI5E-goZvCe2k3vr4&hl=ru&sa=X&ved=2ahUKewjP8py3x43eAhXRbsAKHUmGCzEQ6AEwAXoECAGQAQ#v=onepage&q=Dilthey%20W.%2C%20Die+Einbildungskraft%20des%20Dichters%2C%20%C2%ABGes.%20Schriften%C2%BB%2C%20VI%2C%201924.&f=false>Дата обращения: 25.01.2018 г.*
17. *Веселовский А. Н., Поэтика сюжетов, Собр. сочин., т. II, вып. I. – СПб, 1913. – 404 с.*
18. *Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу: Роман-эссе. – Алматы: Жазушы, 2009. – 432 б.*
19. *Сейфуллин Сакен. Тернистый путь. Историко-мемуарный роман. – Алма-Ата: Жазушы, 1975. – 324 с.*

**Умарова Г.С., Бактыгалиева Ж.А.
А.СОЛЖЕНИЦЫН МЕН С.СЕЙФУЛЛИННИҢ
ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАМАУҒА АЛУ СЮЖЕТТІК МОТИВИ
(САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ)**

Мақалада көркем мәтіндердегі сюжеттік мотив ретінде қамауға алудың көріністерінің ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Орыс жазушысы А.Солженицыннің және қазақ ақыны, жазушы С.Сейфуллиннің шығармалары қарастырылған. Жұмыстарды талдау ұлттық мәдениеттің санатына және жекелеген дүниетануды қабылдау жүйесіне қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Тірек сөздер: «қамауға алу» феномені, қамауға алу сюжеттік мотив, ақынның өмірден алған тәжірибе мотив орнында.

**Umarova G.S., Baktygalieva Zh.A.
ARREST AS WITH A PLOT REASON IS IN WORKS OF
A.SOLZHENICIN AND S.SEYFULIN (COMPARABLE ANALYSIS)**

Annotation. The article is devoted to the investigation of the peculiarities of arrest as a plot motif in the artistic texts. The works of Russian writer A. Solzhenitsyn and Kazakh poet, writer S.Seifullina are considered. The analysis of works is carried out with the support of the presence in them of the category of national culture and individual perception as the iconic systems.

Keywords: the phenomenon of arrest, arrest as with a plot reason, reason as "experience of poet, taken in his meaningfulness".

**СВОЕОБРАЗИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОЙ АНТРОПОЛОГИИ В
РОМАНЕ А.БЕЛОГО «ПЕТЕРБУРГ»**

Аннотация. Проанализированы особенности художественной антропологии в романе А.Белого «Петербург». Обоснован новаторский характер романа «Петербург». Утверждается, что А. Белый – выдающийся реформатор русского романа, проложивший новые пути для последующих поколений писателей.

Ключевые слова: художественная антропология, художественная онтология, Андрей Белый, роман «Петербург», новаторство.

Творчеству Андрея Белого посвящено большое количество глубоких и интересных работ. Это труды Н.В. Барковской [1], Л.Долгополова [2; 3], А.Казина [4], Л.Колобаевой [5; 6], А.Нижеборского [7], В.Паперного [8], Н.Пустыгиной [9], Л.Силард [10], Л.Целковой [11], Э.Чистяковой [12], Я.Шуловой [13] и др.

Однако соотношение в романе «Петербург» художественной антропологии и онтологии с учетом картины мира, отраженной в этом произведении Андрея Белого, требует отдельного анализа.

Андрей Белый – выдающийся реформатор русского романа, проложивший новые пути для последующих поколений писателей. Особенно последовательно его новаторские устремления проявились в «Петербурге», в котором нашли органичное воплощение принципиально новые художественные принципы писателя, основанные на его концепции взаимоотношения бытия и человека. По Андрею Белому, в бытии царит неопределенность. Мир иррационален, и человек находится с бытием в сложных отношениях. Человек не способен оказывать серьезное влияние на внешние процессы; бытие не дружелюбно ему. Между людьми не существует солидарных отношений, человек одинок в обществе, где подвержен разного рода отрицательным воздействиям.

Кроме того, как видно из содержания романа «Петербург», Андрей Белый полагал, что человек есть существо, не обладающее поведенческой, мировоззренческой и другой определенностью. Бытие человека Белый рассматривает как процесс, как движение без позитивных результатов. Жизнь человека развивается не в формате истории, а как хаотичное движение. Человек в художественном мире «Петербурга» не стремится апеллировать к высшему абсолюту, к абсолютной инстанции, поскольку у него нет горячей веры во всеобщие позитивные ценности.

Взгляды Андрея Белого на мир и человека нашли выражение в художественном мире «Петербурга». В центре этого произведения находится художественная онтология, которая доминирует над человеком, над его художественным эквивалентом – литературным персонажем. Антропоморфный персонаж как категория явно уступает позиции (как смысловые, так и художественные) бытию, что является следствием антропологических и онтологических представлений Андрея Белого.

Если в «Петербурге» человек рассматривается как несамостоятельное, незавершенное и неинициативное существо, то он не должен был изображаться художественными средствами, характерными для русской художественной

литературы второй половины XIX века с ее апофеозом огромных нравственных и мировоззренческих возможностей человека. Необходимы были новые литературно-эстетические принципы воссоздания новой качественности человека, обусловленной общественными, культурными и иными реалиями переломной эпохи на рубеже веков. Роман «Петербург» – это правдивая форма художественного постижения человека. Писатель смог разработать новаторскую поэтику, которая качественно отличается от поэтики романа XIX века.

Андрей Белый придерживается в своем главном произведении принципа антропологического минимализма. Если одним из главных признаков романа XIX века выступает большое количество литературных персонажей, то в «Петербурге» персонажей немного. В романе первостепенные действующие лица (отец и сын Аблоуховы) и остальные немногочисленные персонажи образуют систему литературных героев. Антропологический минимализм Белого выражается также в том, что образы второстепенных и фоновых персонажей максимально редуцированы. Редукция проявляется в том, что писатель существенно сокращает характеристики литературных героев: упоминаются прежде всего их внутренние устремления, пристрастия и интересы. Кроме того, Белый не наделяет своих героев подробными портретными описаниями, ограничиваясь весьма экономными портретными зарисовками, а то и вовсе обходится даже без них.

В «Петербурге» сознательно практически разрушен традиционный для русской литературы XIX века многомерный и полнокровный образ человека с подробными внешними и внутренними характеристиками. Антропологический минимализм отличает «Петербург» от детализированной и развернутой художественной антропологии русского романа XIX века с его пристальным вниманием ко всем основным аспектам деятельности человека. Можно констатировать, что в романе Белого значительно ослаблено антропоморфное начало, которое доминировало в реалистической литературе.

Андрей Белый воссоздает необычный для русской романистики тип портрета. Рисуя внешний облик одного из главных героев романа, сенатора Аблоухова, писатель смело соединяет антропологические и предметные (вещественные) детали. «Моему сенатору только что исполнилось шестьдесят восемь; и лицо его, бледное, напоминало и серое пресс-папье (в минуту торжественную), и – папье-маше (в час досуга); каменные сенаторские глаза, окруженные черно-зеленым провалом, в минуты усталости казались синей и громадней» [14, с. 12]. Приведенный выше портрет ориентирован не антропологически, а онтологически. Он основан на сопоставлении черт лица сенатора с предметами и природным веществом. Лицо и глаза теряют свой естественный вид. Очевидна функция этого лаконичного синтетического типа портрета – он необходим для отрицательной антропологии.

Редукция антропоморфных элементов в образе сенатора Аблоухова далее последовательно усиливается. Белый дополняет различными онтологическими штрихами описание внешности сенатора. Кроме того, в «Петербурге» психологические антропоморфные портретные описания, характерные для русской художественной прозы XIX века, уступают место онтологическим обобщениям и мотивам при создании портретов. «От себя еще скажем: Аполлон Аполлонович не волновался нисколько при созерцании совершенно зеленых своих и увеличенных до громадности ушей на кровавом фоне горящей России» [14, с. 12]. Как видно, в этом сатирическом портрете-карикатуре явно ощущается обобщение онтологического характера. Подчеркнута отрицательная роль сенатора в трагической судьбе страны.

Онтологические образы играют в «Петербурге» важную роль и в других случаях. Формы онтологических обобщений в романе «Петербург» разнообразны. Онтологические обобщения, например, могут вбирать в себя метафоры онтологического характера. «Здесь в кабинете высокого Учреждения Аполлон Аполлонович вырастал в некий центр государственных учреждений и зеленых столов. Здесь являлся он силовой излучающей точкою, пересечением, импульсом; был он силой в ньютоновском смысле – оккультная сила» [14, с. 38]. Андрей Белый характеризует своего героя посредством онтологических образов, что является редкостью в русской классической литературе.

Приведем еще один пример, иллюстрирующий эту мысль. Старый сенатор «перед отходом ко сну получил впечатление, будто смотрит он не глазами, а центром самой головы, то есть он, Аполлон Аполлонович, не Аполлон Аполлонович, а нечто, засевшее в мозге, оттуда, из мозга глядящее; при раскрытии темени нечто могло пробежать коридор: до свержения в бездну. Это и было второе пространство сенатора» [14, с. 98-99].

В основе онтологических обобщений может быть использована онтологическая деталь, которая необходима не только для отрицательной характерологии, но и для оформления философских мотивов. Среди них выделяется онтологический мотив тьмы, тесно связанный с образом сенатора. «...из совершенной тьмы Аполлон Аполлонович прошел, чтобы кануть опять в совершенную тьму» [14, с. 88]. Обращает на себя внимание последовательная онтологизация образа сенатора. Мышиный халат, огромные уши, мотив тьмы символизируют роковую роль сенатора в истории России.

Таковы художественные подходы Белого к изображению сенатора Аблеухова. В подобном же духе выдержаны и художественные приемы, направленные на создание образа Николая Аполлоновича Аблеухова, другого центрального персонажа романа.

Рассмотрим портрет упомянутого персонажа. «Движения его были стремительны, как движения папаши; как Аполлон Аполлонович, отличался невзрачным росточком, беспокойными взглядами улыбавшегося лица; когда погружался в серьезное созерцание, взгляд окаменевал: сухо, четко и холодно выступали линии совершенно белого лица, подобного иконописному; благородство в лице выявлял лоб – точеный, с надутыми жилками: пульсация жилок на лбу отмечала склероз.

Синеватые жилки совпали с кругами громаднейших глаз какого-то темно-василькового цвета (в минуту волнения черными становились глаза: от расширенности зрачков)» [14, с. 34-35]. Этот портрет имеет отрицательную направленность. Белый нарисовал в целом непривлекательный облик Николая Аполлоновича Аблеухова.

Антропологическая непривлекательность Николая Аполлоновича Аблеухова с развитием сюжета последовательно усиливается. Софья Петровна Лихутина замечает, что красавец-шафер преобразается: «лицо Николая Аполлоновича превратилось в маску: бесцельные потирания потных рук, и лягушечье выражение улыбки ...» [14, с. 50].

Здесь использован прием зоологизации внешнего вида персонажа, который найдет впоследствии неоднократное применение с целью снижающей характерологии. Раздвоенность внешнего вида Николая Аполлоновича Аблеухова (красавец и в то же время «урод») – примета персонажа, лишённого цельности, определенности.

Лаконичные портретные зарисовки отца и сына, имеющие негативное содержание, настойчиво отражают их неприглядный внутренний мир и

непривлекательные внешние черты. В целом образ Николая Аполлоновича Аблеухова строится на совпадении внутреннего и внешнего.

Оскудение внутреннего мира Николая Аполлоновича Аблеухова принимает крайние формы. Он принимает активное участие в организации убийства собственного отца. Напомним, что младший Аблеухов соглашается пронести бомбу в дом своего отца.

Своеобразие художественной антропологии Андрея Белого выражается и в том, что писатель прибегает к концентрированному изображению персонажей, акцентируя внимание на их ключевых качествах.

Так, в «Петербурге» практически все персонажи представлены в формате духовно-нравственной деградации. Деградация Николая Аполлоновича Аблеухова выражается в том, что он утратил способность искренне любить. «Николай Аполлонович имел взволнованный вид; на страницу кантовских комментариев беспрепятственно с неделю уже осаждалась пыль; этот сладостный ток ощущал он в себе ... как-то глухо, далеко; открылись в нем безыменные трепеты. Может быть – то любовь? Но любовь отрицал он» [14, с. 102].

Чувство любви ему недоступно. Образ Николая Аполлоновича Аблеухова – характерный пример схематично осмысленного персонажа. Николай Аполлонович Аблеухов не полнокровная личность, это персонаж-схема, персонаж-конструкция.

Николай Аполлонович Аблеухов – иллюстрация отрицательных человеческих качеств и свойств. Андрей Белый, лишая этого персонажа многосторонней антропологической характерологии, сосредоточился на показе его теснейшей связи с каким-либо определенным фрагментом бытия.

Так, Николай Аполлонович Аблеухов часто показан на фоне тьмы. «Сознание тщетно тщилося светить; не светило: ужасная темнота! Озираясь, дополз до пятна фонаря; под пятном лепетала струя тротуара, неслась апельсиновая корочка» [14, с. 130]. Николая Аполлоновича «охватил невыразимый испуг: он почувствовал колотье: тьма объяла его; а «я» оказалось лишь черным вместилищем, если не было тесным чуланом; и тут, в темноте, в месте сердца, вспыхнула – искорка ... с бешеной быстротой превратилась в багрово набухнувший шар; шар – ширился, ширился, ширился; и шар лопнул: лопнуло все ...» [14, с. 131].

Мотив темноты означает тупик, дальнейшую неопределенность жизни Николая Аполлоновича Аблеухова. Другой символический образ (лопнувший шар) акцентирует утрату смысла жизни. Характерно, что заостряется внимание на обстоятельстве – «в темноте, в месте сердца». Сердце отсутствует, темнота – всеобъемлющее состояние, универсальная характеристика бытия. Таким образом, Николай Аполлонович Аблеухов – это персонаж, лишенный автором различных антропологических качеств, что идет вразрез с традицией русской классики, которая рисовала образы полнокровных личностей. Образы второстепенных и фоновых персонажей в романе «Петербург» воссозданы теми же формами и приемами, что и центральные (сенатор и Николай Аполлонович Аблеухов).

Напомним, что стратегия художественной антропологии Андрея Белого основана на последовательной редукции антропоморфных признаков и свойств литературных персонажей. Метонимия – это форма редукции образов второстепенных действующих лиц.

Метонимия приводит к тому, что фактически вместо второстепенных героев фигурируют детали-заместители. «...в открытой двери показался передник, перекрахмаленный чепчик; потом отшатнулись от двери – передник и чепчик» [14, с. 41, 42]. В качестве деталей-заместителей горничной привлечены

детали одежды, которые указывают на ее профессиональную и социальную принадлежность.

В качестве детали, заменяющей визуальный образ второстепенного персонажа, выступает и предмет, ему принадлежащий. «Дверь распахнулась: медная булава простучала. Аполлон Аполлонович из каретного дворца пронес взор в подъезд» [14, с. 22]. Булава заменяет швейцара.

В романе возможен и штриховой портрет фонового героя. «... над сырыми перилами, над кишасей бациллами зеленоватой водой пролетели лишь в сквозняки приневского ветра – котелок, трость, пальто, уши, нос и усы» [14, с. 42]. Метонимическое содержание этого портрета очевидно. Заметим, что он состоит из ряда метонимически ориентированных художественных деталей-заместителей. В качестве таковых выступают одежда и некоторые черты лица прохожего.

Активно используется и коллективный штриховой портрет фоновых персонажей. «Петербургская улица осенью – проникает; и леденит костный мозг, и щекочет; как скоро с ней попадаешь в помещение, улица в жилах течет лихорадкой.

Все то испытал незнакомец, войдя в запотевшую и парную переднюю, туго набитую: черными, синими, серыми, желтыми пальтами; вислоухими шапками; – и всевозможной калошей; пар блинного запах стлался» [14, с. 23-24]. В качестве деталей-заместителей здесь выступает одежда (пальто и калоши), а также просторечное слово «пальтами». Читателю ясно, что собрались мелкие чиновники.

Разнообразие метонимических деталей-заместителей, представленных в романе, продолжают такого рода лаконичные зарисовки. «Голова повара вдруг пропала» [14, с. 10].

В качестве деталей-заместителей правомерно рассматривать и реплики безымянных, визуально отсутствующих персонажей.

« – «Знаете?» – пронеслось где-то справа; погасло.

И – вынырнуло:

– «Собираются ...»

– «Бросить ...»

Шушукало сзади:

– «В кого?»

И вот темная пара сказала.

– «Абл ...»

Прошла:

– «В Аблеухова?!»

Пара dokonчила где-то вдали ...

– «Абл ...ейка меня к ... исла ... тою ... попробуй ...»

И пара икала» [14, с. 22-23].

Андрей Белый часто использует коллективные портреты, основанные на социальном или психологическом обобщении. «Входили какие-то крепкогрудые гении в стянутых фраках, в мундирах и в ментиках – правоведа, гусары и, так себе – безбородые: они разливали надежную радость и сдержанность ...» [14, с. 107].

Ключевую роль в художественной организации подобных портретов играют метонимические детали, заменяющие подробные внешние характеристики второстепенных героев. Писатель широко привлекает и указания на профессии, политические и идеологические пристрастия второстепенных персонажей. Эти указания правомерно рассматривать как детали-заместители.

Упоминание профессии или мировоззрения отменяет необходимость развернутого визуального или психологического представления действующего лица. «... Любовь Алексеевна, пользуясь добродушием мужа и тем, что их дом – ко всему глубоко безразличен, и – место нейтральное, – пользуясь этим, она

предоставила дирижировать танцами мужу; она – дирижировала встречами разнообразных особ; здесь встречались: деятель земский с чиновником; публицист с директором департамента; делегат с юдофобом» [14, с. 108-109].

Белому важно подчеркнуть общественную или мировоззренческую данность второстепенных и фоновых героев, а такие составные части традиционного для русской реалистической литературы антропологического подхода, как психологическая и скульптурная определенность персонажей, его не интересуют.

Правда, в романе имеет место относительно развернутое описание Лихутина, включающее ряд антропоморфных деталей. «Был он высокого роста, носил белокурую бороду, обладал носом, ртом, волосами, ушами и глазами; он был, к сожалению, в темно-синих очках, и никто не знал цвета глаз; ни – чудесного глаз выраженья» [14, с. 52].

Но черты лица Лихутина представлены в формальном плане, автор торопится перечислить элементы портрета. Здесь явно ощущается отчужденность писателя по отношению к антропоморфному портрету.

Как видно, писатель целенаправленно применяет художественные средства, использованные для разрушения антропоморфного образа действующих лиц. Среди этих средств необходимо особо выделить прием зоологизации, способствующий последовательному искажению антропоморфного образа персонажей. Дудкин вспоминает свою первую встречу с Липпанченко. «По мере того, как он медленно углублялся в Липпанченко, в созерцание частей его тела, замашек, повадок, смешков, перед ним вырастал – настоящий тарантул» [14, с. 213-214]. Человеческий облик провокатора замещается образом ядовитого насекомого.

Приведем еще один характерный для Андрея Белого прием зоологизации. «Аполлон Аполлонович, как и всегда, в каламбурах выказывал просто настырство какое-то: становился совсем непоседою, вертуном, приставалой, походя на мух, лезущих в глаза, – перед грозой, в душный день, когда сизая туча томительно вылезает над липами; мух таких – давят» [14, с. 236].

Очевидна отрицательная, сатирическая направленность уподобления сенатора мухе. В этом же ряду находится факт зоологизации. «Аполлон Аполлонович – мышинная куча – зерзал глазами, кое-как стал сползать, привалившись к перекладинам лестницы волосатою грудью; сполз, пустился дробью по направлению к лестнице ...» [14, с. 239].

Зоологизации подвергаются и фоновые персонажи. «С улицы покатились навстречу им многотысячные рои котелков; покатились навстречу: цилиндры; запенилось: страусовое перо.

Отовсюду выскакивал нос.

Нос: орлиный и петушиный; утиный и куриный; и – далее, далее ... – зеленоватый, зеленый и красный. Катилось навстречу: бессмысленно, торопливо, обильно» [14, с. 180].

Другой формой редукции антропоморфного образа выступает сопоставление литературных героев с предметами и растениями. Так, Софья Петровна Лихутина сравнивается с куклой, что снижает ее образ. Лихутин уподобляется дереву. «Как бывало, на лоб приподнимет очки, станет сух, неприятен и будто вырезан из белого кипариса; кипарисовым кулаком простучит...» [14, с. 53]. Сравнение Лихутина с кипарисом, хотя и пропущенное через восприятие Софьи Петровны, играет снижающую роль, подчеркивая его ограниченность.

Очевидно, что Андрей Белый создал образы литературных персонажей, которые лишены многосторонней антропологической определенности. Еще в

книге «Русская литература XX века (1890–1910)» под редакцией С.А. Венгерова было замечено, что Дудкин это «квинтэссенция революции» [15, с. 193]. Здесь подчеркнуты схематичность образа, его символическое наполнение. Схематичность образов отца и сына Аблеуховых также была верно подмечена: «...для автора отец и сын – бессознательные носители космической идеи» [15, с. 193].

Художественная антропология Андрея Белого обусловлена его мировоззренческими позициями. Писатель изображал абсурдный внешний мир. Человек в дегуманизированной цивилизации с неизбежностью закона теряет свою индивидуальность. Эта мысль выражается в том, что персонажи в романе Андрея Белого являются масками. «...маской был Николай Аполлонович», Софья Петровна Лихутина – кукла, старый сенатор – нетопырь, толпа на Невском – сплошной фантазмагорический карнавал, скопище ужасных масок («котелки, треуголки, цилиндры, околыши, перья, фуражки и косматые манджурские шапки»), равно как и жители островов – «род ублюдочный, странный: ни люди, ни тени...» [16, с. 211].

Художественная антропология, воссозданная в «Петербурге», новаторская. А. Белый – выдающийся реформатор русского романа, проложивший новые пути для последующих поколений писателей. Процесс модернизации литературно-эстетических приемов изображения человека, заданный Андреем Белым, продолжается в русском постмодернизме. Постмодернистская антропология близка поэтике «Петербурга», но это тема уже другого исследования.

Литература:

1. Барковская Н.В. *Поэтика символистского романа / Автореф. дисс. ... д-ра филол. наук. – Екатеринбург, 1996. – 42 с.*
2. Долгополов Л. Роман А.Белого «Петербург» и философско-эстетические идеи Достоевского // *Достоевский: Материалы и исследования АН СССР. – Л.: Наука, 1976. – Т. 2. – С. 217–224.*
3. Долгополов Л. *Андрей Белый и его роман «Петербург». – Л.: Сов. писатель, 1988. – 416 с.*
4. Казин А. *Неоромантическая философия художественной культуры (К характеристике мировоззрения русского символизма) // Вопросы философии. – 1980. – № 7. – С. 144–54.*
5. Колобаева Л. *Человек и его мир в художественной системе Андрея Белого // Филологические науки. – 1980. – № 5. – С. 12–20.*
6. Колобаева Л. *Концепция личности в русской литературе рубежа XIX – XX вв. – М.: Изд – во МГУ, 1990. – 336 с.*
7. Нижеборский А. *Гносеологическое обоснование А.Белым символа // Философские проблемы познания. – Челябинск: Челяб. пед. ин-т, 1978. – Вып. 3. – С. 182–195.*
8. Паперный В. *Гоголевская традиция в русской литературе начала XX века (А.А. Блок, А.Белый – истолкователи Н.В. Гоголя) / Автореф. ... канд. филол. наук. – Тарту: Тарт. ун-т, 1982. – 15 с.*
9. Пустыгина Н. *Цитатность в романе А.Белого «Петербург». Ст. 1 // Труды по рус. и славян. филологии. Т. 28: Литературоведение. – Тарту, 1977. – С. 80–97.*
10. Силард Л. *Поэтика символистского романа конца XIX – начала XX века (В.Брюсов, Ф.Сологуб, А.Белый) // Проблемы поэтики русского реализма XIX века. – Л.: Изд – во Ленингр. ун-та, 1984. – С. 265–284.*
11. Целкова Л. *Поэтика сюжета в романе Андрея Белого «Петербург» // Филологические науки. – 1991. – № 2. – С. 11–19.*

12. Чистякова Э.О. символизме А. Белого // Вестник МГУ. Сер. 7. Философия. – 1978. – № 3. – С. 39–48.
13. Шулова Я.А. Пути формирования поэтики прозы Андрея Белого в контексте открытий искусства первой трети XX века / Автореф. дисс. ... д-ра филол. наук. – М., 2015. – 41 с.
14. Белый А. Петербург // Соч.: В 2 т. – М.: Худож. лит., 1990. – Т. 2 Проза / Сост. и подг. текста В. Пискунова; Коммент. С. Пискуновой, В. Пискунова. – С. 8–292.
15. Русская литература XX века (1890 – 1910) / Под ред. проф. С.А. Венгерова: В 2-х кн. – М.: Издательский дом «XXI век – Согласие», 2000. – Кн. 2. – 472 с.
16. Пискунов В. «Второе пространство» романа А.Белого «Петербург» // Андрей Белый: Проблемы творчества: Статьи, воспоминания, публикации. Сборник. – М.: Сов. писатель, 1988. – С. 193–214.

Муминов С.О.

**А.БЕЛЫЙДЫҢ «ПЕТЕРБУРГ» РОМАНЫНДАҒЫ КӨРКЕМ
АНТРОПОЛОГИЯНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ**

А.Белыйдың «Петербург» романдағы көркем антропологияның ерекшеліктері талданды. «Петербург» романының жаңашылдығы дәлелденді. А.Белый кейінгі ұрпақ үшін жазушыларға жаңа жол ашқан орыс романының көрнекті реформаторы екені белгілі.

Тірек сөздер: көркем антропология, көркем онтология, Андрей Белый, «Петербург», жаңашылдық.

Muminov S.O.

**THE ORIGINALITY OF THE ART OF ANTHROPOLOGY IN THE
NOVEL OF A.BELY «PETERSBURG»**

The article analyses the peculiarities of the art of anthropology in the novel of A. Bely «Petersburg». Justified by the innovative character of the novel «Petersburg». It is alleged that A. White is a distinguished reformer of the Russian novel, paving new paths for subsequent generations of writers.

Keywords: artistic anthropology, art ontology, Andrey Bely's novel «Petersburg», innovation.

ӘОЖ 82.081 (5к)

Тлеубердина Г.Т.– филология ғылымдарының кандидаты,
Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті
E-mail: guldentleuberina@inbox.ru

**ХАЛЫҚ АҚЫНЫ КӨКЕН ШӘКЕЕВ ӨЛЕНДЕРІНДЕГІ
ФОЛЬКЛОРЛЫҚ САРЫНДАР**

Аңдатпа. Мақала халық ақындарының белгілі де, белді өкілі Көкен Шәкеевтің шығармашылық мұраларын ғылыми тұрғыда зерделеуге арналған. Мақалада Көкен Шәкеев поэзиясындағы фольклорлық сарындар жан-жақты талданған. Ақын шығармашылығындағы әдет-ғұрып тақырыбына арналған толғау, арнаулардың фольклормен үндестік мәселелері терең қарастырылған.

Тірек сөздер: ақын, фольклор, халық, поэзия, әдет-ғұрып, дәстүр.

Әдетте, ауыз әдебиетінің көне заманнан бері сан алуан үлгілерін қалың жұртшылық шығарды, сол қауымдық шығарма ретінде атадан-балаға, ұрпақтан-

ұрпаққа ауысып, біздің заманымызға жетті деген тұжырымды айтамыз. Ал, асылында ауыз әдебиетінің қандай шығармасы болсын ең әуелінде халық арасынан шыққан белгілі бір талант иесінің туындысы, басқалары соны толықтырып, жетілдіріп әкетуі мүмкін екені және сол процесс әр дәуірдегі, қоғамдық, таптық ортаға орай түрліше өзгерістерге ұшырап отыратындығы да түсінікті. Ауыз әдебиетінің қазақ топырағында ең мол, ең құнарлы үлгілерін шығарып немесе жаттап таратушы, яки сол шығармашылық дәстүрді ұқыпты сақтаушы өнер иелеріне халық ежелден бері құрмет тұтып келген.

Қазақ ұғымында ақын деген сөздің ауқымы кең, мағынасы терең. Оның туу төркіні туралы әртүрлі байлау-болжамдар бар. В.Радловтың [1, 256 б.], М.Әуезовтің [2, 189 б.] топшылауларына жүгінсек, “ақынның” арғы тегі ағынан ағылудан, тараған секілді. Шаршы топ, “асау той, тентек жиын” үстінде үздік өнерімен бұлақта бұлқынып, жыр төккенде тыңдаушысын өзінің ағынды да әсерлі өлеңімен еліктіріп баурай білгенді ғана шын ақын деп тануға болады дейді В.В.Радлов. Ал, қырғыз тілі мен әдебиетінің білгірі, профессор Ю.М. Лотман бұл мәселені ақындық дәстүр тұрғысынан емес, тілдік, этимологиялық тұрғыдан қарап тексергісі келеді [3, 225 б.]. Шығысты зерттеуші ғалымдардың дені ақын деген сөздің ата-тегін фарсының, арабтың яки бараба татарларының ахон деген атауынан іздемек болады.

Тілі мен ғұрып-салты ұқсас туысқан Орта Азия халықтарында “бахшы”, “шайыр”, “жыршы” деген атаулар әрқалай ұғым алып қалыптасқаны белгілі. Сол секілді “ақын” қазақ, қырғыз, қарақалпақ халықтарында ұлттық ерекшелігі бар нақты мағынаға ие болып қалыптасқан. Ақын – ақындық өнермен шұғылданушылық деп түсіндіру қай жағынан келме, толымды жауап болмайды. Өйткені қазақтың әдебиет әлемінде ақын бір ғана “ақындық өнермен шұғылданушылық” емес немесе бір ғана әңгімеші, жырлаушы мағынасында да жүрмейді. Ол шығарып айтушы – поэт мағынасында да қолданылады. Сондықтан да бір ақын деген сөздің ауқымына орыс ұғымындағы әрі поэт, әрі певец, әрі импровизатор секілді дербес те көл - көсір мағыналы ұғымдар сиятын сияқты.

Басқалардан бөлек бір ерекшелігіміз: біз қазақ поэзиясын екі типке ажыратамыз да, оған орай екі жікке саралай қараймыз. Бұлар бірін-бірі толықтыра түсетін, ажарлай, әрлендіре түсетін екінші жағынан, өзіндік бояу-белгілерімен көрінетін, сапалық өзгешеліктерімен танылатын типтестірулер. Бірі – өлеңді табан аузында төгіп салатын немесе жазып шығарғанымен әнге қосып жатқа айтатын ауыз әдебиеті дәстүріндегі ақпа ақындар-импровизаторлар. Ал, екіншісі – өлеңді жазып шығаратын, оқыған адамдар.

Осы тұста Белинскийдің И.С. Крылов туралы мақаласындағы: «...Да, народность в поэте есть такой же талант, как и способность творчества. Если надо родиться народным чтобы выразить своей личностью характеристические свойства своих соотечественников. Правда, в строгом смысле, никто принадлежал народу, не может быть народным, да та беда, что в одном черты народности, которыми можно было бы гордиться» [4, 709 б.], – дегені еске келеді. Диалектикалық, тарихи, табиғи заңдылықтар бұған өз жауабын беріп жатыр. Ендеше, ақындықтың да шегі оған берілер бағаның да мөлшері қоғамдық тәжірибемен өлшенуге тиісті.

К.Шәкеев шығармашылығы өзгеден оқшау алып, арнайы тексеруді тілейді. Советтік замананы, одан кейінгі тәуелсіздік шындығын, еңбек адамының ерлігін, халықтар достығын, патриотизм идеясын талмай, танбай жырлаған. К.Шәкеев шығармаларынан ақындық өнердің жоғарыда атап өткен екі типінің өлең айтып, жыр шығарып жүрген ақындар өміріне біртіндеп жаңа сапа әкелгенін білеміз.

Біздің заманда халық тілегі мен ақын тілегі бір жерден шығып, ұлы мұраттар төңірегіне толық қабысты. Өмірдің өскелең дамуын егемендік нышандарын көре біліп, сезіне отырып сол шындықты шабытты жырға қосқан ақын әрине халықтың құрметісі К.Шәкеев сынды қадірмен ақыны болып саналады. Себебі К.Шәкеев ауылдағы еңбекшілер, егінші мен бақташы, сауыншы мен механизаторлардың қалың ортасында өсіп, солардың ой-сезім, түйсік-түсінігін, дүниеге көзқарасын өлеңмен өрнектеп берді. Халық ақыны, халық таланты бүгінгі еңбек адамының ілгершіл, арман-мұратын, бейбітшілік орнату жолындағы бүкілхалықтық аттанысты белсенді жырлаушылар. Олар халқымыздың неше бойғы әдемілеп жасаған атадан-ұрпаққа мирас боп келген батырлық жырлар мен лиро-эпосты, аңыздар мен әңгіме-очерктерді, тапқыр сөз, шешен тіл көркемдіктерін жаңа мазмұнды шығармаларына молынан пайдаланып, жаңа идеяға сәйкес К.Шәкеев сынды дамытып отырды. К.Шәкеевтің поэзиясы егемендік идеясын шын мәнінде тереңдей жырлап, өткір, оралымды, жай халыққа жетімді поэзия. К.Шәкеев хат танытын қазіргі өмір шындығын да, жазба әдебиет үлгісін де өз бетімен оқып меңгеріп отыратын ақын - жыршылар тобына жатады. Сондықтан ақын өмір шындығын ауыз әдебиетің ең жақсы ақындық дәстүрін сақтай отырып, жазба поэзияның өнерімен жырлауға тырысады. Ауыз әдебиетінің дәстүрі ақындарға халықтың ғасырлай бойғы ең асыл, ең өткір сөз қазынасын сарқап пайдалануға мүмкіндік беретін болса, жазба поэзия ақындардың идеялық-творчестволық өсуіне, жаңа ақындық өнерді дамытуына кең жол ашады. Сондықтан Көкен ақынның шығармашылығы: поэзиясы, жырлары, айтыстары фольклордан нәр алып, соның негізінде дамып, қалыптасты. Себебі, фольклордың құдыреті мол, түбі-терең.

Халық поэзиясын көпшіліктің өзі тудырғандықтан, ол елдің тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланыста болған. Әр ел өз басынан өткерген оқиғаларды құмарта жырлайды. Олай болса, фольклор шығармалары өзінің тарихилығы жағынан авторлық сипаты бар кез келген туындыдан анағұрлым шыншыл, әсерлі де көркем. Сол жырларға қарап, елдің әдет - ғұрпын, ой-санасы мен түрлі сезімдерін дәл танып білуге болады. Қазақ фольклорының тарихилығының басты бір көрінісі осында.

Фольклор шығармаларының айрықша әсері болатын себебі оның образдары есте қалғыш та, тілі ерекше көркем, тартымды, әрі қарапайым. Осы екі сипатқа қосылатын тағы бір белгі – әрбір өлең- жыр, жар-жар, айтыс, жоқтаудың өзіне тән арнаулы әуені мен музыкалық мақамының болатындығы. Ақын-жыраулардың импровизациялық дәстүрі поэзия мен музыка өнерінің синкреттік бірлігіне негізделіп, қобыз немесе домбыра аспабымен айтылған. Осы айтылғандардың бәрі К.Шәкеев шығармашылығына тән.

Фольклор шығармаларында халық тағдыры, оның өмірден көрген қайғы-қасиеттері мен мұң - зары, келешектен күткен арман - тілектері айқын көрініс тапқан. К.Шәкеевте өз өнерінде өз тыңдаушысына ұстаздық жасап, олардың түйсік-сезімін келелі ой-ниеттерге бастап отырған. Мұндай өлең-жыр көп жайда өмірдің өзінен туындайды. К.Шәкеев поэзиясында фольклорға тән образдар жанды әрі шынайы болып келеді. Олар адамға терең ой салып, ғибрат береді. Фольклор туындылары адам тәрбиесі, қоғам мәселелерінен шет жырланған емес. Оның басты айтар ойы – халықты, адам баласын сүйе біл, еңбек пен ерлікті қастерле, досқа жылы, қамқор, дұшпанға берік бол, жас та болсаң, елге ағалық көрсете біл, өмірден үйрен де өрге, өнерге ұмтыл дейтін ғибрат. Мұның бәрі адам, әсіресе жас ұрпақ тәрбиесі үшін аса қажет болған.

К.Шәкеев поэзиясы фольклордағыдай қоғам дамуының әртүрлі сатысында, негізінен еңбек процесінде жасалатын болғандықтан, пессимизм дегенді білмейді. Оның бас кейіпкерлері көбіне мұрат-мақсаттарына жетіп отырады.

Мұны фольклорға тән оптимизм белгісі дейміз. Енді осы айтылғандарды К.Шәкеевтің шығармашылығынан нақты дәлелдермен көрсетпекпіз.

Көкен Шәкеевтің ақындық арынын, әсіресе толғауларынан танымыз. Қазақ халқы поэзиясында жиі кездесетін жанрдың бірі – толғау. Ол қазақтың "толғану", "тебірену", "ойлану" деген сөздерінен шығып, поэзиялық сипат алып кеткен термин. "Толғау" термині қазақтан басқа халықтардың поэзиясында атала бермейді. Сондықтан да ол сирек терминдер қатарында алынып, поэтикалық сөздіктерге еніп келеді [5, 305 б.]. "Ақын-жыршылар жұртқа айтайын деген ойларын, бастан кешкен оқиға, өмір тәжірибелерін, болашақ арман, мақсаттарын, ақыл, насихат өсиеттерін, философиялық, психологиялық ойларын поэтикалық көркем сөзбен толғайды" [6, 118 б.], – дейді, ғалым Н.Төреқұлов.

Толғау халық поэзиясында терме, жыр мен дастан аралығындағы өлең түрі. Сыртқы формасы, ішкі мазмұны жағынан ол терме – жырдан ұзақтау, дастан – поэмалардан шағындау. Термеде көбінесе табиғат құбылысы, жер, су және адам аттары мен жас кезеңдері тере айтылады. Толғауда оның бәрі теріле, тізбектеле беруі міндетті емес. Ал дастанда белгілі сюжет, оқиға болса, толғауда ол шарттар болмауы мүмкін. Толғаудың бұл ерекшеліктері жөнінде профессор Е.Ысмайылов былай деген: "Толғау мазмұны бірнеше темадағы сюжеттік желімен ұзақ айтылса-ақ, толғаулы поэмаға айналып отырады. Ал толғау қысқа, бір теманың төңірегінде айтылып тынса, ол ақын толғауы, не жыр толғауы делінеді" [7, 33 б.]. Демек, толғау халық поэзиясындағы терме мен дастанға қарағанда терең ой толғаныстарына құрылады. Бұл толғаудан басқа поэзиялық жанрларда ой болмайды деген сөз емес. Осылардың барлығында да ой болады. Бірақ толғаулардағыдай адамның ішкі сезім дүниесін қозғайтын философиялық, психологиялық толғаныстар бір жерден шыға бермейді. Бір есептен толғауды ақындардың монологы деп қараса да болады.

Әдебиет тарихында толғауға мынадай анықтама берілген: "Ақындық толғау – қазақтың халық әдебиетінде ежелден бері келе жатқан, жанрлық жағынан лирикаға жақын, белгілі өлең түрлерінің бірі. Толғауда қоғам өмірінің маңызды оқиғалары, елеулі табиғат құбылыстары қамтылады немесе әлеуметтік өмірде көрнекті қызмет атқарған тарихи адамдардың өмірі, ісі сөз болады" [8, 331 б.].

Осы еңбекте дәстүрлі толғау жанры шешендік толғау, ақындық толғау болып екіге бөлінген. Шешендік толғау жөнінде "Қазақ әдебиеті тарихының" 1960 жылы жарық көрген 1-томының 1-ші кітабында жазылды. Ақындық толғау сол еңбектің 1964 жылғы жарияланған 2-ші кітабында қамтылған. Автор алғашқы кітапта шешендік толғауды (шешендік нақыл, шешендік мақал, шешендік мысал, шешендік жұмбақ, шешендік жауап) беске бөліп талдайды. Ал екінші кітапта ақындық толғауды (толғау өлең, толғау жыр) екіге жіктеп қарастырады.

Көкен Шәкеевтің толғаулары бәрі дерлік замана ағымына сай эпикалық сарында жырланған. "Ер есімі – ел есінде":

43 –жыл өткенде,
Қат келмеген шеттен де.
Жастар еді жалынды,
Үзетін темір тепкенде.
Үйленбеген кейбірі,
Армияға кеткенде.
Қайғырады қария,
Өзінен кейін ізі жоқ,
Ұрпақсыз солар өткенге [9, 61 б.]. –

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

деген толғауы бүкіл қазақ халқының өткен азапты күндерінен елес береді. Көкен атамыздың толғауы патриотизм рухын шынайы да, дәл бейнелеген, сюжетті ең көркем туындылар қатарына енеді. Мәселен:

Сөзіме құлақ салыңдар,
Ағаларым, інім де,
Армияға алындық,
Сұрапыл соғыс күнінде.
Халқым ұран тастаған,
"Жеңеміз деп түбінде"
Сол кездегі азамат,
Нағыз батыр өздерің,
Өлгенің де, тірің де
Ел сенімін ақтаған,
Ер намысын сақтаған [9, 91-92 б.], –

дегінінен Ұлы Отан соғысы кезінде қайсар, батыр, өжет ерлердің халқы үшін, жері үшін, қанын төккен қазақ батырларының ерлігін сомдайды, толғайды.

Ақынның "Шоқан жатқан жерде" атты толғауы қазақ халқының маңдайына біткен жарық жұлдызы Шоқан бабамыздың аруағына бағышталған. Сонымен қатар ақын ынтымақ, бірліктегі өмірімізді, елі үшін еңбек еткен ерлерімізді жырлайды.

Лүпілін жүрегімнің халқым ұғар,
Бойыма шабыт кернеп, өлең шығар,
Айсары апаң Көкшеде, Шоқан мұнда,
Тебіренбей қайран жүрек қалай шыдар,
Келген соң Көкшетаудан бауырлары,
Бір аунап Шоқан бабам жатқан шығар [9, 58 б.]. –

Ақын әрдайым сөз бастарда кешегімен бүгінгі сабақтастыра, айтар ойын үнемі термелеп, пернелеп тізбектейді. Сондықтан да ақынның жыр толғаулары көбінесе 7-9 буынды шұбыртпалы ұйқасқа құрылған. Мәселен:

Қазақ – қазақ болғалы,
Көрдік пе күнді осындай.
Қарайықшы сөз салып,
Өткен күнге шошымай. [9, 99 б.], –

дегінінен ақын толғаудың лирикалық түрінде жырлағанын байқаймыз. Толғаудың лирикалық кейіпкері ақынның өзі екені көрініп тұр. Ол барлық оқиғаны өз басынан өткеріп айтады. Сөйте отырып халықтың тағдырын, заман ағымын, толғайды. Бұл жөнінде ғалым Н.Төрехұлов: "Мұндай толғауларда ақынның өзі негізгі тұлға (фигура) болып жырланады. Ақын дәуір тынысын, халық басынан өткен оқиғаларды өз атынан баян етеді. Өзі соның қақ ортасында жүреді. Толғауда айтылған күйініш, сүйініш өз басынан өткендей болады. Ақын сол заман немесе оқиға туралы психологиялық ішкі ой-сезімін, көңіл-күйін білдіреді. Сол ой-армандарын, тілек, мұңдарын яки шаттанған көңіл-күйін жеке бастың емес эпикалық кең көлемде бір дәуір деңгейіне көтеріле жырлайды" [6, 123 б.].

Көкен Шәкеевтің бір топ өлеңдері тұрмыс-салт тақырыбында. Тұрмыс-салт лирикасы – әрбір халықтың өмір тұрмысы мен салт-әдетінен туатын, қуанышты, көңілді немесе мұң - шерлі көңіл күйлерін білдіретін сазды өлең, жырлар. Тұрмыс-салт лирикасы ертеден келе жатқан байырғы сала. Оның қазақ поэзиясында "Тойбастар", "Жар-жар", "Беташар", "Бесік жыры" сияқты халықтың шат-шадыманды қуанышты кездері мен "Қоштасу", "Естірту", "Көңіл айту", "Жұбату", "Жоқтау" тәрізді қайғылы, мұңды хал-ахуалдарын күйіттейтін үлгілері бар. "Тойбастар – қазақ халқының тұрмыс-салтында көп кездесетін лирикалық жыр түрі" [6, 35 б.], – дейді Н.Төрехұлов. Тойбастар жиын-той,

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

мереке күндері жырланады. Қайсы бір халықтың болмасын әрбір қуанышты, жеңісті, табысты күндері той, мейрамсыз өтпеген. Жас нәрестенің "шыр" етіп жарық дүниеге келгенде шілдеханадан бастап, мүшелік жасқа толғанына дейінгі аралықта өткізілетін той-мерекелер көп. Осы қуанышты, көңілді тойлардың бәрі де "Тойбастар" жырымен басталып, "Тойтарқармен" аяқталады. Ұлы Абайдың "Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денен" деген философиялық түйіндері де сол әдет - салт ережелеріне лайықты айтылғандай.

Көкен Шәкеев шығармашылығында "Тойбастардың" келін түсіргенде, қадірлі адамдардың мүшелді жасқа толғанда, тағы сондай қуаныш кезінде жырлаған хатқа түскен бірнеше лирикасы бар. Мәселен:

Тойбастар біздің жаңаша,
Жаңа дәстүр тамаша.
Жиынның сәні келер ме?
Тойбастар жүрмей жанаса [9, 106 б.].

немесе:

Уа, халқым, бүгін тағы торқалы той,
Жыр төгіп, шалқитұғын шарықтап ой.
Бақытты ұлы өмірдің арқасында,
Көкшенің еңбекші елі көтерді бой [9, 101 б.], –

Келтірілген үзінділерде ақынның жас жұбайларды сипаттап мінездеме беріп, олардың ата-анасын, құда-жекжаттарын жұртқа таныстырып, той бастаса, келесі жыр шумақтары кезінде Көкше елінің 150 жылдығына арналған тойдың шашуы еді. Ақынның бұл тойбастары тұрмыстық лирикадан гөрі саяси лирикаға жақын.

Көкен Шәкеевтің "Әуезге көңіл айту", "Қайран Сыздық қайнағам" өлеңдерінің әр қайсысы халықтың мұң - шер өлеңдері дәстүрінде:

Айрылдың жалғыз бауырың Байғұрадан,
Әкеден екі ұл едің бірге туған.
Шыққанда пенсияға еңбек етіп,
Ажал алып кетті ғой қоймай қуған [9, 165 б.].

немесе:

Қайран Сыздық қайнағам,
Жігіттің гүлі еді жайнаған.
Күміс көмей, жез таңдай,
Бұлбұл еді сайраған [9, 162-163 б.], –

тағы да:

Ақындық сөзге шіркін ұста болды,
Білгенге айтқандары нұсқа болды.
Шабыты шаңқай түске шыққан кезде,
Арман-ай қайран ғұмыр қысқа болды.

Артында сөзі қалса өлгені жоқ,
Айтыста еш бір ақын жеңгені жоқ.
Атақты сан ақынмен айтыссам да
Ақынды дәл Мұсадай көргенім жоқ [9, 140 б.].

Бұл өлеңдерде де дүниеден өткен жандардың қадір-қасиетін еске алып, пәнидің жалғандығын, өтпелігін айтып жұбатады.

Көкен Шәкеев поэзиясында алғыс, бата-тілек өлеңдер де бар.

Баялы қонақ қылып құрмет еттің,
Көкенді бірі демей қалың көптің.
Өз көңілің сияқты дастарханың,
Қызығын көрдік шәймен семіз еттің [9, 162 б.], –

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

деген жолдарынан өзін құрметтеп, сыйлаған жандарға деген ризалығын, алғысын білдіретін өлеңдерінің бірі еді.

Алғыс өлеңдерінің ендігі бірі – бата-тілек түрінде келеді. Бата-тілектер бауырлас халықтардағыдай қазақ арасында да көп айтылатын дәстүрлі өлең.

Тілекті, тілім бастай көрсін,
Көпшілік мені, қостай көрсін,
Ақ жарқын, ақ дәм иесі,
Бас қосқандарға достай берсін,
Немере берсе қостай берсін,
Жамандығын қоспай берсін! [9, 109 б.]
немесе:

Қорға елдің намысын,
Шалымды болсын шабысың,
Тек қана Көкшетау емес,
Қазаққа жетсін дабысың.
Жақсылық істі паш етсең,
Үлгілі істі бас етсең,
Әр ұлттың адамын,
Дұрыс болар дос етсең [9, 111 б.] –

Ақынның бұл өлеңдерінің алғашқысы екі жастың бақытты өмір сүруіне арналған тілегі болса, соңғысы аудандық "Бірлік" газетінің ашылуына байланысты жырлаған бата-тілегі. Көкен Шәкеев мұрасында алғыс, бата-тілек өлеңдерінің өзегі халқы, елі, жері үшін қызмет ететін жандардың еңбегін жария ету, бағалау, ардақтау, құрметтеу.

Көкен Шәкеев шығармашылында бір адамға немесе көпшілік қауымға бағыштай жырланған арнаулар орны бөлек. Академик Қ.Жұмалиевтің зерттеуі бойынша лириканың бұл саласы жарлай арнау, зарлай арнау, сұрай арнау болып бөлінген [10, 133-135 б.]. Көкен Шәкеев поэзиясында осы аталған түрлердің жарлай арнауын кездестіреміз. Мәселен:

Уа, халайық, халайық,
Ісіміз болды келелі
Қазақ деген ел еді.
Мемлекет боп атану,
Асу бермес бел еді [9, 74 б.]
немесе:

Ассалаумағалейкум қалың жиын,
Көп ұлтты мызғымайтын берік ұйым.
Азырақ ақындықтың арқасында
Өмірдің неше түрлі көрдік сыйын. [9, 129 б.]

Жарлай арнау – ақын көбінесе жар салып, хабарлай жыр төгеді. Мәселен жоғарыдағы арнауы арқылы ақын қазақ халқының басынан кешкен қиын кезеңдерін, кешегі ел қалаулылары, ер ұлдары атанған тарихи тұлғалардың өмірін, ерлігін, халыққа жар салып жырлайды, ал келесі шумағы өнерпаз саңлақ ақын Жаяу Мұсаға арналған. Ақынның арнауы өмірінің соңына дейін ел құрметіне бөленіп, ардақты ұл атанған Жаяу Мұса өмірін, өнерін дүйім жұрттың алдында жарлай түседі, мақтан етеді. Ақынның шығармашылығында мерекелік күндерге, мемлекет қайраткерлеріне, еңбек озаттарына, ғылым мен техника ардагерлеріне, дос - жарандарына арналған арнаулары өте көп.

Көкен Шәкеевте жоғарыдан байқағанымыздай ұлттық сөз өнерін өзіндік даралық шеберлікпен дамытты. Халық ақыны Көкен Шәкеевтің шығармашылық әлемі халқының кешегісімен, бүгінгісімен, ертеңгісімен астасып жатқан әдеби мұра.

Әдебиеттер:

1. Радлов В. Ел қазынасы – ескі сөз. – Алматы: Ғылым, 1993. – 616 б.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
3. Лотман Ю.М. Лекции по структуральной поэтике. – М.: Советская энциклопедия, 1964. – 452 с.
4. Белинский В. Собрание сочинений. 6 том. – М.: Худ. лит, 1981. – 678 с.
5. Квятковский А. Поэтический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 1966. – 375 с.
6. Төреқұлов Н. Қазақ совет поэзиясының жанрлық ерекшеліктері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 167 б.
7. Ысмайылов Е. Жамбыл және халық ақындары. – Алматы: Санат, 1996. – 237 б.
8. Адамбаев Б. Ақындық толғау. – Алматы: Жазушы, 1964. – 140 б.
9. Шәкеев К. Көкиеттаудың ұлымын. – Алматы, 1994. – 228 б.
10. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Қазмемоқу-педбас, 1960. – 244 б.

Тлеубердина Г.Т.

**ФОЛЬКЛОРНЫЕ МОТИВЫ В СТИХАХ НАРОДНОГО ПОЭТА
КОКЕНА ШАКЕЕВА**

В статье всесторонне раскрыты фольклористические мотивы поэзии Кокена Шакеева в художественном контексте. Глубоко отражена проблема гармонии фольклора в творчестве акына. Особенно в его стихах и произведениях, посвященных теме обычаев и традиций, различных толгау и стихов.

Ключевые слова: поэт, фольклор, народ, поэзия, обычаи, традиция.

Tleuberdina G.T.

**FOLKLORE FEATURES IN A POETRE OF NATIONAL POET
KOKEN SHAKEEV**

In this article widely bared folklore motives of Koken Shakeev's poetry in an artistic context. Deeply reflected the problem of folklore harmony in the works of the poet. Especially in the poems devoted to the themes of tradition, different tolgaus and his poetry.

Keywords: poet, folklore, people, poetry, customs, tradition

ӘОЖ 95 (574):636.145

Мамыров А. – филология ғылымдарының кандидаты,

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің доценті,

Тагаханова А. – магистр,

Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті

E-mail: mamurov.69@mail.ru

ІЛИЯСТАНУДАҒЫ ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ПАЙЫМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада көрнекті ғалым Қажым Жұмалиевтің ілиястануда айтылған ғылыми пайымдары сөз болады. Мұнда Ілияс Жансүгіровтің ақындық шеберлігі, стилдік ерекшелігі ғалым Қажым Жұмалиевтің зерттеу еңбектерін негізге ала отырып талданады. Ілияс Жансүгіров қазақ поэзиясына өлең, поэмалары арқылы қандай жаңалықтар алып келді мәселесінде ғалым зерттеуші Қ.Жұмалиевтің мәтіндік талдаулары бүгінгі әдебиеттану

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

ғылымында қаншалықты маңызды деген сұрақтарға жауапты осы мақаладан таба аламыз. Сондай-ақ, мақалада бүгінгі ілиястанудың академик Қажым Жұмалиевтің пайымдарымен сабақтасып жатқандығы ғылыми негізде дәлелденген.

Тірек сөздер: *Ілияс Жансүгіров, қазақ поэзиясы, өлеңдер, поэма, ұйқас, шумақ, жанр, психологиялық суреттеу, жаңа түр.*

Кеңестік одақ жеке басқа табынушылықтан арылып, жылымық дәуірді бастан кешкен кезде жазықсыз құрбан болған бір шоғыр қазақ қаламгерлері де ақталғаны белгілі. Осы кезде ескере кететін бір нәрсе бұлардың шығармасын бағалауда әдебиет зерттеушілерге кеңестік идеология шектеу қойып, ойдың өрісін жаздырмады. Шығармалардың өзі қайта електен өтіп текстологиялық түзетулер жасалды. Бірақ сол кездегі жарияланған мақалалар мен зерттеу еңбектерден байқалатын бір жайт ақталған үш арысымыз Сәкен, Бейімбет, Ілиястардың поэзиясы, прозасы, драмасы қауырт зерттеле бастады. Бүгінгі таңда сол пікірлерге социалистік реализм мұнарасынан қарап айтылған пікірлер деп сынаушыларда бар. Бұл біржақтылық сияқты, ойланатын нәрсе. Өткен ғасырдағы елуінші жылдардың аяғы мен алпысыншы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында көрінген зерттеу еңбектердің құндылығы жеке қаламгердің өзіндік ерекшелігін ашуға ұмтылушылық.

Бұл салада өнімді еңбек еткен Қ.Жұмалиев “Стиль - өнер ерекшелігі” еңбегінде С.Сейфуллин поэзиясындағы ерекшелік ойдың мығымдылығынан көрінеді десе, бұл Майлинде нәзік юмор арқылы байқалатындығын, ал І. Жансүгіровте нақшты сөз көркемдік компоненттердің молдығында деп санайды. Біз мұны ғалымның халқы сүйіп, құлагер ақын атаған І. Жансүгіров поэзиясына қатысты айтылған пікірлеріненде көре аламыз.

Академик Қажым Жұмалиев Ілияс шығармашылығы туралы ақын ұсталып, халық жауы атанған 1937-жылға дейін де талай пікірлер білдірілгендігін, дейтұрғанмен шығармаларының мазмұны мен көркемдік қуаты жөнінде 1958 жылдан бері қарай жан-жақты зерттеле бастағандығына тоқталады.

Негізгі пікірлердің дені 1958 жылдан басталуын зерттеуші мына себептермен түсіндіреді. Бірінші – 20 жылдан астам баспа жүзін көрмеген ақын творчествосы мен оқушылар жұртшылығын таныстыру. Екінші – ақынның көзқарастары социалистік өмір шындығынан ауытқымайтындығы және оның еңбектерінің негізгі нысаны халық тілегі, жұрт мүддесі екендігін аңғарту. Үшінші – ірі талант, шын мәніндегі кестелі сөздің шебері екендігін жалпақ елге таныту, сонымен қатар І. Жансүгіров қалдырған әдеби мұралардың идеялық - мазмұны мен эстетикалық жақтарын дұрыс ұғынып, дәл түсінуге бағыт сілтеу.

Ғалым І.Жансүгіров шығармашылығы туралы айтылған пікірлермен өз ойын сабақтастыра отырып, оны әдебиеттің барлық жанрында қалам тартқан лирик, эпик, драматург, әрі сатирик деп таниды.

І.Жансүгіровтің ақындық қырын ашатын терең зерттеулер мен арнаулы монографиялық еңбектер ол кезде болмағандығына тоқталған ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымында ақынның шығармашылығы туралы жазылған мақала, очерктердің ішінде салмақтысы деп, сол кездегі филология ғылымдарының кандидаты М.Қаратаевтың “Ілияс Жансүгіров” атты очеркін көрсетеді. «Негізінен алғанда Қаратаев жолдастың қорытындысы дұрыс. Әсіресе, Ілиястың ақындық таланты жөніндегі топшылаулары жалпылап айтылса да шындыққа дәл. Бірақ, осы мақаланы түгелдей алғанда көзге түсетін бір жайт, Ілиястың өзіне тән ерекшелігінен гөрі де, жалпы қазақ совет әдебиетіне ортақ мәселелер ақынға таңылып, осы жағы баса айтылуы. Мысалы, Ілияс шығармасының халықтығы, партиялығы, поэзиясының заман құбылысын қамтуы оның басқалардан

айырмашылығы емес, бірлігі. Бұл формулаларды Сәкенге де, Сәбитке де қолдануға болады. Сондықтан біз бұл мақаламызда Ілиястың өзіне тән творчестволық ерекшеліктеріне, яғни бұрынғы авторларда аз айтылған, не айтылмаған мәселелерге көбірек тоқталмақпыз» – деп зерттеу жұмысының бағыт-бағдарын ашып көрсетумен қатар жеке шығармашылық адамының стильдік ерекшелігін ашып көрсетуде ескерілуі тиіс тұстарды нақтылап өтеді [1, 52 б.].

Қ.Жұмалиев белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын сөз еткенде, оның әдебиеттегі орнын айқындағанда сөздің түйіні, қаламгер шығармаларында әлеуметтік маңызға ие нендей мәселелерді көтергендігімен және әдебиетке енгізген (тақырып, идея, метод, жанр, стиль, композиция, тіл, өлең құрылысы) т.б. теориялық жаңалықтарымен өлшенеді деп санайды.

І.Жансүгіров шығармашылығына осы тұрғыдан келген ғалым, ақынның өзіне тән ерекшелігі деп «жаңа заманның жаңа тынысын» жаңа мақаммен, өткен заманның тарихи тақырыптарын уақытқа лайықтап жігін жатқыза «жаңаша» жырлауы дей келіп, осы жаңашылдықтар жаңа тақырыпқа, өлең құрылысына (ырғақ, ұйқас, метод, образ) т.б. ұласқандығын сөз мәнерін талдауда таратып ашып бере алғандығын байқаймыз.

І.Жансүгіровтің поэзияда өзіндік үнін, сөз саптауын қалыптастырып үлгергенше өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілеріне, Абайға еліктеп бірлі-жарлы өлеңдер жазғандығын автордың шығармасын терең зерттеген ғалым нақты мысалдар арқылы аша келіп, ақынның көп жылғы тәжірибесінің толықсып, көлемді дүниеде көрінуі 1929 жылы жазылған «Гималай» поэмасы деп таниды. Сонымен қатар, І. Жансүгіровтің өлең жазуда кәсіби деңгейге көтеріліп, өзіне тән стильдік ерекшелігінің қалыптасу уақыты «Гималай» мен «Құлагердің» аралығы екендігін ғылыми тұрғыда негіздей біледі.

І.Жансүгіровтің қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесі «Гималай» поэмасының мазмұны мен құрылысына қатысты ғалым пікірі ақынның қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесін танып-білуде құнды: «Гималай» аралас ұйқасты өлеңдердің тобына жатады. Бұл өлеңде ақын ерікті ұйқаспен қара өлең ұйқасын қиюластырып, мағыналы аяқталған бір ойды білдіретін өлең шумағын жасаған» [1, 57 б.].

Мысалы:

Ақшалап басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Апасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

Қ.Жұмалиев поэмадағы терең мазмұн мен бөлек көркем түрдің тууын үлкен идеяның ақындық қуатпен қабысуы екендігін аңғартады. Сонымен қатар, І.Жансүгіровтің бұл поэмасы 7-8 буындық жыраулық үлгіде жазылып, адамзат баласының рухын көтеретін деңгейге жете білуі “Гималайдың” ұлттық тілдің мүмкіндігін көрсетер көрнекті үлгісі деп қарайды.

І.Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеу барысында ақынның өсу жолын бірден-бір тап басып көрсете білген Қ. Жұмалиев “Гималайдан” кейінгі шығармашылық жетістігі қазақ халқының екі ғасырлық жүріп өткен жолынан сыр шертетін эпикалық “Дала” поэмасынан көрінетіндігіне тоқтала келіп, мұны

идеялық - көркемдігімен де, құрылысы жағынан да елеулі жаналық әкелген шығарма деп біледі.

Бұл тақырыпты ақындарымыз талай жырлағандығын, автордың өзі поэмаға дейін жақсылы-жаманды бірнеше өлеңдер жазып, «Дала» поэмасына тастүйін дайындықпен келгендігін айта келіп, Ілияс «Даласы» бұрынғы поэма деп аталатын ұзақ өлеңдерден айырмасы - схематизмнен арылуы деп көрсетеді.

«Ілияс «Дала» поэмасының композициялық желісін халық өмірінің тарихы сүрлеуіне негіздеп құрды. Бұл жаңа әдіс емес, және талайды тақыршыққа отырғызған, сүрінткен әдіс болатын. Бірақ сол талайды сүрінткен әдіс қиялы ұшқыр, тілі орамды, талантты ақынды сүрінте алған жоқ.

Поэма адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетуге құрылмаса да, ескі заман, өткен кездердегі ел басында болған ауыр күн, ащы тұрмыстардың картиналарын көзге толық елестете алады» [1, 59-60 б.].

Поэmanın композициясындағы негізгі әдістердің бірі - шендестіру екендігін ашып бере білген теоретик ғалым, “Ақтабан”, “Құл көгені”, “Құрбандық” т. б. бөлімдердегі қилы заман, қиын тұрмысты бейнелейтін эпизодтарды суреттеу құр әншейін шолып айту үшін емес, келесі “Октябрь”, “Теңдік”, “Қызыл жұлдыз” сияқты эпизодтардағы суреттеулерге қарама-қарсы қойып, кешегі мен бүгінгі өмірді оқырмандардың өздері безбендеп, қорытынды шығаруын көздеушілік деген ұсынақты пікір айтады.

“Дала” поэмасының және бір жаңалығы өлең құрылысында. Дәлірек айтқанда, шумағы мен ұйқасында. Бұл әр тармағы 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ.

Алатаудың ақ сүті - а

Асқар иген, құм сүйген - б

Боз даланың қос құты: - а

Сыр менен Шу екі ене - в

Екі өзеңнен шықты шаң - г

Екі енені шапты жау...

Жуды жауды, қанды қан... - г

Батыр шықты “жекеге” - в

Бұл ерікті, не кезекті, не шұбыртпалы ұйқастардың түрімен келетін “жыр ағымы” - 7 буынды өлең емес, белгілі бір тәртіпке негізделген, жаңа ұйқасты шумағы, поэманың басындағы “Арнау” мен ең аяғандағы “Той бастаудан” басқа бөлімдерінде берік сақталынады.

Бұл поэзиямызда бұрын болмаған жеті буынды өлеңнің жаңа бір түрі” - дейді [1, 61 б.].

“Дала” поэмасының жанрлық сипатына қатысты әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Әуезов, М.Қаратаев, М.Дүйсенов, Т.Нұрғазин, Н.Смирнова, М.Сильченко, З.Кедрина, Ә.Дайырова, Ә.Нарымбетов т.б. әр түрлі пікірлер айтқаны белгілі. Бірі лирикалық – философиялық, екіншісі, тарихи – философиялық поэма, үшіншісі, сюжетті – тарихи поэма, лирико – публицистикалық поэма т. б. дейді. Шындап келгенде “Даланы” жанрлық сипаты жағынан бір түрге танып тастауға келмейді. Онда тарихтың да, философияның да, психологияның да жанрлық элементтері бар.

“Дала” тақырыбынан кейін І.Жансүгіровтің ақын жүрегінде муза отын маздатып, шабытының шарқайрағына айналып, қаламын ұштай, қиялын қалықтатқан және бір тақырып-қазақтың ән-күйі. Ақындық қуатымен тақырыпты жоғары деңгейге көтере білген І.Жансүгіров, өз биігінде өзі қалып қойған жоқ, әр кез тың ой, жаңа тақырыптармен жұртшылық назарын өзіне аудара білді.

“Жасынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінген Ілияс әдебиетке ән-күйдің құдыретті күшінің туын көтере шықты.

Адам баласы өмірінің тарихи тартысындағы ауыр халді де, аңсаған арман, көздеген мақсатты да, жан тербеткен сізімді де, ойды - өрлертер қуат-күшті де дыбыс, үн гармониясымен тыңдаушыларына жеткізетін музыкалық искусствоның тілің өзі жақсы ұғынып, оны сөз искусствосының пәрменімен оқушыларына жақсы ұғындыра білген біздің замандастарымыздың ішінде бірінші ақын – Ілияс екендігі талассыз” – деп бағалағаны белгілі Қ. Жұмалиевтің [1, 62-63 б.].

Ақын жүрегінің күмбірі сынды “Күйді” талдау барысында ғалым, поэманы сөз етуші сыншылар Молықпай шал мен Бозінгеңнің айналасынан шыға алмай жүргендігін, түптеп келгенде айтылмақ идея ертегіден әлде қайда тереңде жатқандығына тоқтала келіп, “Күй” поэмасы тікелей автордың дүние танымына қатыстылығын, яғни ескіден арылып, жаңа өмірге өз пікірін, өз сөзін айтатын ақын болып қалыптасқандығын паш еткен поэма деген қорытынды шығарады.

Ал поэмадағы “Бозінген” күйі мен орындаушы Молықпай заманға деген жаңаша түсінікті оқушыларына жеткізу үшін ғана қажет болғандығын ашып береді. Мысалы:

Мыңдаған оркестрді көрген топты,
Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.
Жуылған жүректен у сол күйменен
Аршыған көңілімді басқан топты...

... Арылып жастың албырт тентегінен,
Құтылып соқыр сордың жетегінен;
Қуарған, қаунбаған сорлы шалдың,
Енді қош айтысқан жер ертегімен.

Қ.Жұмалиев ақынның музыка тілін жанымен ұғатындығын “Күй”, “Күйші” поэмаларын оқығанда көруге болатындығын және жаратылысынан композиторлық қабілеті бар І.Жансүгіровтің күйдің туу процесін суреттеуі, күйші көңілінде болып жатқан әр алуан өзгерістерді тап басып айта білуі сөз жоқ осының әсері деп қарастырады.

Зерттеуші поэмадағы ішкі монологтар арқылы күйші сезіміндегі аласапыранды оқушылар жанымен сезінгендей күйге енетін тұс деп, ақынның мына бір суреттеулерін береді.

Қияндап кетті мініп қиялына,
Ондайда қиял бойын жияды ма?
Ұмытып қайда екенін, кім екенін,
Быж-тыж боп отыр сорлы қыз алдында.

Әлде қыз, әлде түлкі кім алдымда?
Үстіне, не боп кеттім, құлармын ба?
Әлде өңім, әлде түсім, қайда кеттім,
Апырм-ау, бар ма, жоқ па көз орнында?

Ғалым осы шумақ жолдарына және жалпы І.Жансүгіровтің даралық стиліне қатысты: “Ілиястың “Күйшісі” эпика-романтикалық поэмалардың түріне жатса да, поэмада адамның психологиясын суреттеуге көп орын беріледі.

Әр жағдаймен байланысты адамның ішкі сезім дүниесіндегі өзгеріс, құбылыстарды ақын-жазушылар кейде параллелизм, кейде арнаулы монологтар кейде лирикалық шегініс, кейде пейзажды қатыстыра суреттеу арқылы беріледі. Бұл айтқандардың әртүрлілерінің де элементтері де Ілияс шығармаларынан табылады. Әйтсе де, оның поэзиясына қаһармандардың басында болған қал жағдайларды кейде тікелей суреттеу, кейде олардың ойын, ішкі сезімін арнаулы

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

монолог арқылы беру әдістері тән” – деп ақынның поэзиядағы жеке-дара ерекшеліктері неден көрінеді мәселесін нақытылай түседі [1, 67-68 б.].

Ғалым І.Жансүгіровтің аталмыш поэмаларына дейін адам психологиясын сан алуан жағынан алып суреттеуде қазақ кеңес поэзиясы кемшін қалып келгендігі әдебиет зерттеушілерге мәлім екендігіне тоқтала келіп, ақын бұл олқылықтың орнын толтырып қана қойған жоқ, жетілген көрнекті үлгілерінде қалдыра білді дейді.

І.Жансүгіров поэзиясының ерекшелігі неден көрінеді деген сұраққа жауап іздеген ғалым, ақын өлеңдерінен бір аңғаратын нәрсе музыкалық жақтарының басымдылығы мен тың образ, сөйлем құрылыстарын қазақ өлеңіне алып келуі деп танығандығын байқаймыз.

“Негізінде поэзиялық шығармалардың музыкалығы дыбыс әуезділігіне (эвфонияға), оның заңды, табиғи қолданылуына байланысты. Сондықтан, дауысты, дауыссыз дыбыстарды аралас келтіріп белгілі мөлшерде қайталау барлық ақындарда кездеседі. Оның мөлшерін, шегін белгілейтін әр ақынның сезіну қабілеті. Табиғи заңдылықтан қылдай тайса, дыбыс қайталаушылыққа айналады да, өлеңнің әуезділігі, музыкалығынан еш нәрсе қалмайды. Оқырмандардың әдемілікті талғайтын сезіміне керісінше әсер етеді.

Әрине, дыбыс қайталаушылықтың да әр алуан түрі бар. Негізгі түрі дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталаудан құралады. Мұны әр ақынның да өлеңдерінен кездестіреміз. Біздің бұл жерде айтпағымыз ол емес, Ілияс өлеңдерінде кездесетін ішкі ұйқас (внутренняя рифма).

Ішкі ұйқасты бізде жалпы дамытқан, өлеңнің музыкалық жағын күшейтуде мәні зор екендігін аңғарып, оны өзінің әдемі өлең, шын мәніндегі искусстволық дәрежеге көтерілген поэмаларында шебер қолдана алған ақынның алғашқы өкілдерінің бірі де Ілияс болды. Оның “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмаларын оқығанда тіл бір мүдірмей есіліп отыратыны да, оқушының бойын билеп, иектеп әкетуінің де бір тамыры оның өлеңдерінің әрдайым толымды болып келетін ішкі ұйқасының күшінде жатыр” - деп санайды [2, 3 б.].

Өлеңдегі шумақ аяқталған бір ойды білдіретін тұтас өлеңнің бір бөлшегі деп таныған ғалым, сол бөлшектің жасалуы үшін ырғақ пен ұйқастың қажеттігін, онсыз өлең жасалмайтындығын айта келіп, орта ақындардың өлеңдеріндегі бір шумақтың төрт жолынан дыбыс үндестігін керек ететін үш түрлі толық ұйқасты таба алмасақ, І. Жансүгіровтің бір жолының өзінде жалғаса келетін бірнеше ұйқас барлығын көрсетеді. Мысалы:

Сайрадың күйқылжытып, құбылжытып,

Тамсандым, таңдайымның суын жұтып.

Толқытып, толықсытып, емірентіп,

Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынттық.

Қ.Жұмалиев “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмаларындағы ішкі ұйқастардың озық түрлеріне мына шумақтарды жатқызады.

Желдеткен, желде кеткен желмаясы,

Желге не? Алақандай жер аясы.

Ақырып Алатаудан өзен құлап,

Сыңқылдап самалданған сай, саласы.

(“Күй”)

Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,

Алыстап, шырқап сілтеп, әрі кетіп.

Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,

Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.

(“Күйші”)

Аттанып, атандайын алшандатып,
Ақситып бір балуанды арсандатып,
Аруақтап жетелеген бір қараның
Ноқтасын сыпырды әкеп, талтандатып.

(“Құлагер”)

Бұл шумақтардағы анафора, ассонанс, аллитрация т. б. өлеңді айшықтай түскендігі өз алдына, ақынның айтпақ ойы мен ішкі ұйқастың қабысуы сөз жоқ І. Жансүгіров қаламы қарымын дәлелдейтін тұс екендігін ерекше атап өтеді.

Ғалымның ақын шығармашылығын зерттеу барысында тағы да бір тоқталған қыры сөз образдарының оригиналдық жағы. Оригиналық дегенде кез-келген творчество адамының ойына келе бермейтін, тек І.Жансүгіровке ғана тән дағдыдан тыс теңеу, метафора, т.б. Мұны мына шумақтан көре аламыз:

Қабакқа біткен қайыңның
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көзі еді. (“Сапты аяқ”)

Мұндағы көркемдік әдіске ғалым: “Біріншіден, аяқты аюдың өтіне теңеу, поэзияда бұрын болмаған, жаңа теңеу болса, екіншіден, тіпті ойға келмейтін нәрсеге теңеушіліктен оригиналдық, теңеп отырған затының өмір шындығында мейлінше мұқтаж, зәрулігінен сапты аяқты иемденушілерге өте қымбат саналатындық қасиеті әрі нәзік, әрі шебер түрде берілген” – дейді [1, 70 б.].

Академик Қ. Жұмалиевтің І.Жансүгіров поэзиясын зерделеу барысындағы ой-тұжырымдарын қорытындылай келіп айтарымыз ғалым ақынның қазақ әдебиетіне әкелген мынадай жаңалықтарын ашып көрсетті:

Бірінші – қазақ өлең құрылысын бұрын болмаған жаңа шумақ, жаңа ұйқастарымен байытты (“Дала” 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ).

Екінші – кейбір өмір құбылыстарын суреттеуде соны әдістер ұсынды.

Үшінші – тарихи тақырыптарды жаңаша көзқарас тұрғысынан қалай жырлаудың үлгісі боларлық жанрлық сипаты жетілген поэмалар берді.

Төртінші – поэзиямызда өрістей алмай келген психологиялық суреттеу әдісін дамытты.

Бесінші – ұлттық тілдің жаңа заманды жырлауда мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдерлік жаңа түрлер туғызды.

І.Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен азаматтық тұлғасы жөнінде кеңестік идеология еркін ойды қаншама тұсаулағанымен аға буын Қажым ағалар кейде ашық, кейде тұспалмен біраз жәйтін басын ашып беріп кетті. Бүгінгі таңда қазақ мемлекеті егеменді ел болуына байланысты ілиястануда қайта жаңғыра бастады.

Әдебиеттер:

1. Жұмалиев Қ. *Стиль – өнер ерекшелігі.* – Алматы: Жазушы, 1966. – 350 б.
2. Жұмалиев Қ. *Замана жыршысы, күй жаршысы // Қазақ әдебиеті.* – 1965. – 28 мамыр. – Б. 7-8.

Мамыров А., Татаханова А.

ИЗЫСКАНИЯ КАЖЫМА ЖУМАЛИЕВА В ИЛЬЯСОВЕДЕНИИ

В статье рассматриваются научные исследования по ильясоведению ученого Кажыма Жумалиева. Автор дает анализ научным трудам Кажыма Жумалиева, которые раскрывают поэтическое мастерство и стилистические особенности поэта Ильяс Жансугурова. В статье мы можем найти ответы на такие важные вопросы, как оказал влияние текстовой анализ исследователя Кажыма Жумалиева стихов и поэм Ильяс Жансугурова на современное литературоведение и развитие новых направлений в казахской поэзии. Наряду с

этим аргументирована преимущество научных изысканий Кажыма Жумалиева с современным ильясоведением.

Ключевые слова: Ильяс Жансугуров, казахская поэзия, стихи, поэма, поэзия, строфы, рифма, жанр, психологические описания, новые виды.

Mamyrov A., Tatachanova A.

RESEARCH KAZHYM ZHUMALIEV IN ILLIASOLOGY

The article deals with Kazhym Zhumaliev's scientific researches on study of Ilyas Zhansugurov's activity. The author gives an analysis of the scientific works of Kazhym Zhumaliev, which reveal the poetic skill and stylistic features of the poet Ilyas Zhansugurov. In the article, we can find answers to such important questions as the text analysis of the researcher Kazhym Zhumaliev, poetry and poems of Ilyas Zhansugurov, influenced modern literary criticism and the development of new directions in Kazakh poetry. Along with this, the continuity of the scientific researches of Kazhym Zhumaliev with modern study of Ilyas Zhansugurov's activity is argued.

Keywords: Ilyas Zhansugurov, Kazakh poetry, poetry, poem, genre, stanzas, rhymes, psychological descriptions, new species.

UDC 81'367.522

Chechetko M.V. – candidate of philological sciences
M.Utemisov WKSU

Kamakhaeva A.U. – master student of
M.Utemisov WKSU

E-mail: ayaulym.kamaxaeva.00@mail.ru

INVERSION AND PERIPHRAISIS IN BYRON'S WORK "CORSAIR"

Anotation. *The article aims to give the information about inversion and periphrasis, find and analyse them in Byron's work "Corsair". The inversion-stylistic device consists in the violation of the direct order of words in the sentence, while the paraphrase is a descriptive expression, replacing a direct name and containing the signs of an object not directly named. Since it is a historical poem, it is expected a large number of form of inversion and periphrasis.*

Keywords: *poem, hero, inversion, periphrasis, Corsair.*

In the history of mankind there are names that never stop to excite the minds and hearts of more and more generations. Interest in them is so much deep, that sometimes even forgotten how long they lived and worked. One and a half centuries have passed since the death of Byron, but his name is always close and dear to those for whom noble and brave deeds have value, who understand the high and beautiful feelings of the fighters for the national independence and freedom of peoples, the tireless activity of thinkers and enlighteners who affirm the victory of the mind over ignorance. The creativity of Byron was uniquely innovative, his poetry entered the in history of world literature as an outstanding phenomenon.

As a poet and as a freedom fighter Byron was, for his time, according to Pushkin, "the master of thought". So far his work remains modern. And so far, around the poet's name, passions are raging and disputes are being waged.

A great Russian writer F.M. Dostoyevsky said: "Bayronizm has appeared in a time of terrible melancholy of people, their disappointment and almost despair. After

the delights of new belief in new ideals proclaimed at the end of the last century in France... the great and mighty genius, the passionate poet appeared. In his works there began to sound melancholy of mankind of that time and his gloomy disappointment in his life goals. It was new and still unprecedented description of revenge and grief, damnation and despair. The spirit of bayronizm has suddenly rushed to all mankind, everything had responded to him”.

The words above reminds us that Byron at the beginning of the 19th century was extraordinary popular in Europe. Also M. Yu. Lermontov proves his viewpoint that there was no more famous poet by saying:

“I am young; but sounds boil on heart,
And I wanted to reach Byron; We have one soul, the same torments,
- Oh, if the destiny is identical!
As him, I look for tranquility in vain,
I look back- the past is awful; I look forward - there is no kindred spirit”

Nobody in England had caused such enormous explosion of mixed feelings as Byron. He was idolized and damned, proclaimed genius - and mediocrity, martyr of freedom - and a debauchery monster. Mutually exclusive estimates of Byron are in many respects caused by contrast in his character, a world view and respectively contrasts in his poetry struck all those who knew or just read him [1, p. 157].

I will not speak about Byron, since it is not written a little about him. I also wrote about the distinctive features of his works, about himself in my articles. This article is dedicated to his poem "The Corsair". More precisely, it was used as a source of examples of inversion and periphrasis. A little bit about the poem "The Corsair":

The story consists of three songs. The action of the poem takes place on the Greek islands.

As a basis, the poet takes the conflict of the protagonist-rebel with the world. He fights for love and fights against the society that once drove him away, calling him the enemy of the people.

The main hero of the poem "The Corsair" is the captain of the sea pirates Conrad and his beloved Medora. Conrad is a typical Byronic hero. He has no friends and no one knows his past life. Only after reading the poem, we can say that in the past, the Conrad was a completely different person. The hero is an individualist, immersed in his unknown inner world.

It is time to move from words to deeds. We will try to give easily understandable and deeply analysed information about those two: inversion and periphrasis with the examples from Byron's work "The Corsair".

The first subject that was considered is inversion.

According to I. R. Galperin, inversion aims at attaching logical stress or additional emotional colouring to the surface meaning of the utterance [2, p. 204].

I. V. Arnold states that inversion is violation of a usual sequence of sentence parts, the result of which being that one element is allocated and receives special connotations of emotion or expression [3, p. 201].

As for V. A. Kukhareenko, inversion is the situation when the direct word order is changed either completely or partially [4, p.76].

Thus, all three authors agree unanimously that by inversion we mean unusual order of words which may be changed according to the aims of the author. Stylistic inversion in Modern English should not be regarded as a violation of the norms of standard English.

Most of the authors, especially, I. R. Galperin, V. V. Gurevich, N. Z. Shamsutdinova give the following patterns of stylistic inversion which are most frequently met in both English prose and English poetry. See the table 1.

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

Table 1 – Patterns of stylistic inversion by I.R. Galperin, V.V. Gurevich

#	Patterns	Examples
1	The object is placed at the beginning of the sentence	“ <i>Talent</i> Mr. Micawber has; <i>capital</i> Mr. Micawber has not.” (Dickens)
2	The attribute is placed after the word it modifies.	“Once upon a midnight <i>dreary</i> ...” (E. A. Poe)
3a	The predicative is placed before the subject.	“ <i>A good generous prayer</i> it was.” (Mark Twain)
3b	The predicative stands before the link-verb and both are placed before the subject.	“ <i>Rude am I</i> in my speech...” (Shakespeare)
4	The adverbial modifier is placed at the beginning of the sentence.	“My dearest daughter, <i>at your feet</i> I fall.” (Dryden)
5	Both modifier and predicate stand before the subject.	“ <i>Down dropped</i> the breeze...” (Coleridge)

These five models comprise the most common and recognized models of inversion.

The second subject that was considered is periphrasis.

V.A. Kukharenko gives the definition of the periphrasis as a very peculiar stylistic device which basically consists of using a roundabout form of expression instead of a simple one, i.e. of using a more or less complicated syntactical structure instead of a word [4, p. 94].

According to I.R. Galperin, periphrasis aims at pointing to one of the seemingly insignificant or barely noticeable feature or properties of the given object and intensifying this property by naming the object by its property [2, p. 169].

As for V.V. Gurevich, it is a device by which a longer phrase is used instead of a shorter and plainer one [5, p. 30].

It can be understood from the aforesaid that periphrasis are word combinations which are used instead of the word naming the object.

There are many classifications of periphrasis. Most linguists recognize the basic classification, but sometimes add some of their types of periphrasis. See the table 2.

Table 2 – Basic classification of periphrasis by I.R. Galperin, V.A. Kukharenko

#	Types	Notion	Examples
1	Figurative	are made, in fact, of phrase-metonymies and phrase-metaphors.	“Mr. Du Pont was dressed in the conventional disguise with which Brooks Brothers cover the shame of American millionaires.” (M. St.) “The conventional disguise” stands here for “the suit” and “the shame of American millionaires”- for “the paunch”.
2	Logical	are based on one of the inherent properties or perhaps a passing feature of the object described.	the sky-lamp of the night (moon) the gentleman of the long robe

There are also other types of classifications of paraphrastic word combinations. See the tables: 3 and 4.

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

Table 3 – Classification of periphrasis by I.R. Galperin

#	Types	Notion	Examples
1	Original	are invented by writers	"Bronze Horseman" (monument to Peter I the Great on the Senate Square) "Semi-sovereign ruler" (AD Menshikov) A.S. Pushkin
2	Traditional	are clear without the appropriate context	cap and gown (student), a gentleman of the long robe (lawyer)

Table 4 – Classification of periphrasis by L.I. Bogdanova

#	Types	Notion	Examples
1	Dependent	has clarification in the context	"Meanwhile, in the azure sky, the moon floats, the queen of night" (The paraphrase "Queen of Night" is explained by the basic word "moon") "Semi-sovereign ruler" A.S. Pushkin
2	Independent	has no clarification in the context	paraphrase "Praxitel's art" can only be correctly understood if the reader knows that Praxitel was an Ancient Greek sculptor. It means that the author has in mind the sculpture.

Summarizing all mentioned, it can be said that inversion is when the normal order of words is reversed in order to achieve a particular effect of emphasis, whereas periphrasis are a purely individual perception of the described object.

Examples which illustrate these two phenomena were chosen from Byron's poem "Corsair".

We will try to give easily understandable and deeply analysed information about those two: inversion and periphrases.

The first part of practical part is about inversion. Let us consider some examples from Byron's work.

1) *O'er the hush'd deep the yellow beam he throws,
Gilds the green wave, that trembles as it glows.*

Here we can see that the predicate stands before the subject, instead of being vice versa as in the traditional word order. I hope you agree that the arrangement of words in this way sounds much better.

2) *Sadly she sat—on high—Impatience bore
At last her footsteps to the midnight shore,*

In the example above we can easily see that the adverbial modifier is placed at the beginning of the sentence. By this example it can be understood that the author wanted to convey the readers how "sadly" was Conrad's beloved when was waiting for him. Thus he had highlighted it in this way.

3) *Something they would have said; but seemed to fear
To trust their accents to Medora's ear.*

In this example inversion is presented in the form of the object which is placed at the beginning of the sentence. It is rhyming well and at the same time- so unusual.

4) *"Silently you stand—nor would I hear you tell
"What—speak not—breathe not—for I know it well—"*

БМУ Хабаршы №3-2018ж.

It is seen that the adverb that modifies a verb stands before it showing the really quietness of the man who stand near Conrad.

5) *Here at his feet the lovely slave reclined
Surveys his brow—would soothe his gloom of mind,*

Here we also see that Byron placed the adverbial modifier at the beginning of the sentence in order to show where the “real” place of the slave. It should be also noted that it sounds perfectly.

6) *Him Juan sought, and told of their intent—
He spake not—but a sign express'd assent.*

In this fragment the author has used the inversion to show exactly who Juan looked for and how important was that man to him. The speech is about the object which stands at the beginning of the sentence.

7) *Yet in the whole—who paused to look again,
Saw more than marks the crowd of vulgar men—*

Here the writer presents the inversion in the form of the predicate which takes place at the beginning of the sentence, namely before the subject.

Thus, it can be resumed that inversion performs the function of stressing a certain word or just rhyming.

8) “She scarcely trusted him from out her sight.”

From this example it is clear that she was afraid of being him alone. Instead of saying simply “leave”, the author used a longer phrase “trust from out sight.”

The second part of practical part is about periphrasis. Let us consider some examples.

1) *No prize, alas!—but yet a welcome sail:
The blood-red signal glitters in the gale.*

In this example the author paraphrases the word “ship” getting closer to the land by “the blood-red signal”. It made the sentence more eloquent, the imagination- wider, the speech- more rhymed.

- a) According to basic classification- logical.
- b) According to I. R. Galperin’s classification- original.
- c) According to L.I. Bogdanova’s classification- independent.

2) *Yet was not Conrad thus by Nature sent
To lead the guilty—guilt's worst instrument—*

Here Byron compares the main character to the “guilt's worst instrument”. It sounds great, does not it?

- a) According to basic classification- figurative.
- b) According to I. R. Galperin’s classification- original.
- c) According to L.I. Bogdanova’s classification- dependent.

3) *But come—the board is spread—our silver lamp
Is trimm'd, and heeds not the Sirocco's damp:*

It is not difficult to understand from this fragment that the author saying “silver lamp” meant the “moon”.

- a) According to basic classification- logical.
- b) According to I. R. Galperin’s classification- traditional.
- c) According to L.I. Bogdanova’s classification- independent.

4) *And she—the dim and melancholy star,
Whose ray of beauty reach'd him from afar,*

Here the author, of course, describes the beloved of Conrad- Medora as the “melancholy star”. It is unusual, at the same time, precisely describes her.

- a) According to basic classification- figurative.
- b) According to I. R. Galperin’s classification- original.

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- dependent.

5) *How well such deed becomes the turban'd brave—
To bare the sabre's edge before a slave!*

In this example “the turban'd brave” is paraphrased. In such a way Byron describes Moslems. In my point of view, the author mocks on those people saying like that.

a) According to basic classification- logical.

b) According to I. R. Galperin's classification- original.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- independent.

6) *Though to the rest the sober berry's juice,
The slaves bear round for rigid Moslems' use;*

As you have guessed, the author used “sober berry's juice” instead of the “wine”. Something prompts me that this phrase is ideally combined in this line.

a) According to basic classification- logical.

b) According to I. R. Galperin's classification- original.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- independent.

7) *"Dream they of this our preparation, doom'd
To view with fire their scorpion nest consumed?"*

In this example Byron paraphrases “place” where lives the enemy of Conrad with the phrase “scorpion nest”.

a) According to basic classification- logical.

b) According to I. R. Galperin's classification- original.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- independent.

8) *Oh! too convincing—dangerously dear—
In woman's eye the unanswerable tear!
That weapon of her weakness she can wield,
To save—subdue—at once her spear and shield—*

Here the writer describes the woman's tear as “the weapon of the weakness”, proving one more time that women are weak people.

a) According to basic classification- figurative.

b) According to I. R. Galperin's classification- original.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- dependent.

9) *SLOW sinks, more lovely ere his race be run,
Along Morea's hills the setting sun;
On old Ægina'a rock, and Idra's isle,
The god of gladness sheds his parting smile;*

From this fragment it is understood that Byron describes the “sun” as “the god of the gladness”. The author proved one more time that his use of words is in a higher degree and, it, of course, sounds great.

a) According to basic classification- figurative.

b) According to I. R. Galperin's classification- traditional.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- dependent.

10) *But lo! from high Hymettus to the plain,
The queen of night asserts her silent reign*

Here it is easily understandable that the author compares “moon” to “the queen of night”. It sounds sweet and at the same time, there is something magic.

a) According to basic classification- logical.

b) According to I. R. Galperin's classification- traditional.

c) According to L.I. Bogdanova's classification- independent.

So, it may be summed up that periphrasis is mostly used to make a speech more expressive.

In conclusion I would like to note that in the process of detailed studying of this theme, there were analyzed main features of the use of inversion and periphrasis, their types and the poem itself.

All the words in the above will allow many people to see more effectively, compile and use these labeled units in speech and writing, and therefore he learns better the language itself, its structure and meaning, since in our time it is very useful.

Literature:

1. Diakonova N.Ya. *Lyrical Poetry of Byron*. – M.: URSS, 2007. – 176 p.
2. Galperin I.R. *Stylistics*. – M.: Higher school, 1977. – 334 p.
3. Арнольд И.В. *Стилистика современного английского языка*. – М.: Флинта, 2002. – 384 с.
4. Kukhareno V.A. *A book of practice in stylistics*. – M.: Higher school, 1986. – 160 p.
5. Гуревич В. В. *Стилистика английского языка*. – М.: Флинта, 2008. – 72 с.
6. Богданова Л. И. *Стилистика русского языка и культура речи. Лексикология для речевых действий*. – М.: Флинта, 2016. – 248 с.
7. *The Corsair (Byron, 1814)/CANTO*. – [https://en.wikisource.org/wiki/The_Corsair_\(Byron,_1814\)/CANTO_I](https://en.wikisource.org/wiki/The_Corsair_(Byron,_1814)/CANTO_I) Date of the application: 15.01.2018.

Чечетко М.В., Камахаева А.У.

БАЙРОННЫҢ «КОРСАР» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ИНВЕРСИЯ МЕН ПЕРИФРАЗ

Бұл мақалада инверсия мен перифразға ақпарат беріп, Байронның «Корсар» шығармасынан оларды тауып және зерттеу көзделді. Инверсия сөздердің әдеттегі грамматикалық түзілу тәртібінен тыс, орындарын ауыстырып өзгеше тіркестер құратын фигураның бір түрі болса, перифраза- құбылыстар мен заттардың атын атап, түсін түстемей, айрықша белгі-қасиеттеріне негіздей отырып ауыстыру тәсілі. Бұл тарихи поэма болғандықтан, инверсия мен перифраздың алуан түрлілі формалары күтілуде.

Тірек сөздер: поэма, кейіпкер, инверсия, перифраз, Корсар.

Чечетко М.В., Камахаева А.У.

ИНВЕРСИЯ И ПРЕИФРАЗ В ПРОИЗВЕДЕНИИ БАЙРОНА «КОРСАР»

В статье ставится задача дать информацию об инверсии и перифразе, найти и проанализировать их в произведении Байрона «Корсар». Инверсия - стилистический прием, заключающийся в нарушении прямого порядка слов в предложении, тогда как перифраза - описательное выражение, заменяющее прямое название и содержащее в себе признаки не названного прямо предмета. Так как это историческая поэма, ожидается, что в ней будет множество форм инверсий и перифраз.

Ключевые слова: поэма, герой, инверсия, перифраз, Корсар.

ӘОЖ 82.09 (574)

Қамарова Н.С. – филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор,
Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар
және инжиниринг университеті
E-mail: nagbdu@mail.ru

ПСИХОЛОГИЗМ – ӘР ЖАНРҒА ТӘН ҚҰБЫЛЫС

Аңдатпа. Бұл мақалада психологизмнің әр жанрға өз деңгейіне тән құбылыс екендігі сөз болады. Әр жанрдың тек өзіне лайықты табиғаты, жанрлық шарттары бар екендігі, қаламгерлердің суреткерлік қарымы әр жанрда әр қырынан шыңдалып отыратындығы дәлелденеді. Драма, проза, поэзиядағы үзілмейтін сыршылдық әуен, терең лиризм, психологизм табиғаты салыстырылады.

Тірек сөздер: Қазақ әдебиеті, психологизм, жанр, драма, проза, поэзия, лиризм, сыршылдық әуен.

Психологизм әр жанрға өз деңгейінде тән. Әдебиеттің әр тегіне тән құбылыс шығарманың көркемдік деңгейіне байланысты.

Драматургияның басқа жанрдан ерекшелігі – тыныс-тіршілігінің театрымен байланыстылығы. Сахнаға арналып жазылған драмалық шығармаларды түгел дерлік театр сахнасынан көре бермейміз, кейбір драмалық шығармаларды көркем шығарма ретінде ғана оқимыз. Драманың сөзі жалынды, ойы терең болуы керек. Рухани болмысты жан-жақты бейнелеуде драматургия жанрының табиғаты қиын да күрделі. Бұл жанр іштей драма, трагедия, комедия болып салаланып кетеді де, біз сөз етіп отырған психологизм әр саланың өзіне тән табиғатына орай көрініс береді. Драмалық шығарманың жанрлық белгісін көрсететін шешуші элементтер – диалог, монолог, тартыс, әрекет, конфликт... Конфликт драманың жаны деуге болады. Онсыз сүреңсіз шығарма туар еді. Кейіпкер арасындағы тартыстың психологиялық шиеленістері арқылы, драмалық әрекеттер арқылы әр образдың жан-дүниесі ашылады. Қазақ әдебиетінің драматургиясын ойша шолсақ, өзіне тән мінез-құлқымен, болмыс бітімімен сомдалған қаһармандар тізбегі көз алдымыздан өтеді: Еңлік, Кебек, Сырым, Қаракөз, Жантас, Жүзтайлақ, Шоқан... Драмада драмалық әрекетке, сахналық қимылға жан білдіретін деталдар да енгізіледі. Сонымен бірге сахнада қосалқы персонаждар- өлеңші, декорация, режиссерлік шеберлік, актерлар ойыны, создылық, жарықтар, режиссерлік шешім т.б қойылымдағы образдарды ашумен негізгі ойды беру үшін қызмет атқарады. Гогольдің «Ревизорында» ең соңғы сәттің қимылсыз сценасы, Илиястың «Кегіндегі» пролог бөліміндегі қозғалысы бар, бірақ үнсіз сцена... – бұлар өзіндік рөлі бар көркемдік тәсілдерінің бірі. Бірақ драмалық шығармада эпостағыдай көркемдік компоненттер көп бола бермейді, бәрі шектеулі. Композициясы да шектен аспау керек. Драматургиядағы драма, трагедия, комедия табиғаттары өз ерекшелігімен дараланады. Драма, трагедиялардың өзегі – тартыс. Трагедия үлкен тіршілікке құрылып, қайғылы оқиғамен аяқталады. Комедия әр алуан мінездер соқтығысынан құралып, тіл өрнегі күлкі туғызады. Драматург ең алдымен қаһармандар психологиясын аша білу керек. Драмалық шығарма көркемдік сапасымен сахна талаптарына жауап берсе ғана құнды. Мәселен, драматург Қалтай Мұхамеджанов комедияларында кейіпкердің ой-өріс деңгейі арқылы ұлттық ойлауға баға беріледі. Автор «Бөлтірік бөрік астында» комедиясы арқылы ұлттық дүниетанымнан интеллектуальдық дүниетанымға қарай бағытталған кезеңдегі кереғар

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

мінездердің қақтығысын шебер көрсете білген. Ойсыздық, парықсыздықты бас қаһарман Сапар арқылы бейнелей білген. Пьесада үзінді келтірейік:

(Үшінші перде. Төртінші сурет)

Студенттердің жатақханасындағы Сапар мен Әнуардың бөлмесі. Бөлме іші ұқыпты жиналған. Сапар асығыс киініп жатыр. Әнуар сырттан шәйнек алып кіреді.

Әнуар. Кәне, шайгакел! «Тойғабарсаңтойып бар» деген.

Сапар. Асығысып, профессормен сағат бестекездесуім керек.

Әнуар. Жайадаммен сөйлесуді қойғансың ғой, сірә!

Сапар. Олар қайда қашады дейсің.

Әнуар. Тағы да аспирантура жайышығар?

Сапар. Енді не деп еді құдатүсейін деп жүрдейсің бе?

Әнуар. Құдатүсіп болдың ғой.

Сапар. Айтарақылым: үйленгендесондай қызға үйлену керек.

Әнуар. Алдыңнан жарылқасын. (Кекетіп.) Мықтылардың қызы қай-сы бірімізге жетеді. Ортамыздан сені шығарды қолмай ма?

Сапар. Әңгіме онда емес, Әнуар, өмірдеген шахмат ойыны тәрізді. Кезегің келді ме, жүребі! Бір жүрістен ишат ассаң бітті жұмыс!

Әнуар. Өмірді ойынға айналдыру өзбасыңнан кетпесін. Абсолютный чемпиондықты саған бердім.

Сапар. Идеялық жағынан ұстамды, партияға кірейін деп жүрген адамдардың сөз саптасы солай келеді. (Қ. Мұхамеджанов. «Бөлтірік бөрік астында») [1, 39 б.]

Драматург рухани саяздыққа бастаушы Сапар мен оған қарама-қарсы Әнуар образы арқылы алпысыншы жылдардың басындағы жаңаша ойлау бағытындағы рухани санасы өзгерген ұрпақтың жан дүниесін ашпақ болды. Және ол мақсатына да жетті. Пьесадағы әр кейіпкердің іс-әрекеті олардың ой-өрісі деңгейінен де хабар береді. Драматург Қ. Мұхамеджанов адам мінез-күлқын өте дәл өрнектейді. Комедияларындағы күлкі табиғаты қонымсыз әдеттер мен жағымсыз қылықтарға бағышталады. Сөзімізге тиек қылған пьесада Алматыға үлкен мәжіліске келген Сапардың әкесінің немере інісі Бекен Сапардың үйленгенін, сөйтіп тойы болғалы жатқанынан бейхабар. Жастардың жиынының үстінен түскен Бекен өзіне сөз кезегі тигенде Сапардың ұлды болғанын айтып мақтанады. Одан әрі оқиға былай өрбиді:

(Үшінші перде. Бесінші сурет)

Әнуар (Бекенге). Мына ініңіздің әйелі бар екенін бәріміз де бүгін білді ал осы жиын Сапардың мынау Жәмилаға үйленетін тойы болатын. Жиналу себебіміз сол еді.

Бекен (ашуға булығып). Не дейді? Сорлы басым. Япырым-ау... Енді қайтптім. Мен не естіп тұрмын... (Пауза.) Лагнат! Лагнат! Лагнат жасауынсаған! Сені тірегіміз бола деп, көкірегіміз аяққаптай болып ауылда біз жүрміз. Ойбай-ай, аппақ сақалым менені масқара қылдың-ау, сен ит! Жүгірмек кет! Жүгірмек кеткір! Сендей бала бергенше, қу бас қыталсайшы! Соқыр құдай! Әй, о нес-әй! О заманнан бұ заман әйелін жасырды деген не сұмдық. Баяғы да байлар кәмпеске ден малын жасырып болып еді, сен итадамды жасырдың-ау.

Сапар. Мен ЗАГС-кетұрған жоқпын ғой... (Қ. Мұхамеджанов. «Бөлтірік бөрік астында») [1, 59 б.]

Осы эпизодтан байқайтынымыз – қарапайым ауыл адамы Бекеннің Сапарға деген көңілінде титімдей де теріс пиғылы жоқ. Ақжарқын, ақкөңіл, адал да аңғал ауыл адамдарының психологиясын автор дәл бейнелеген. Нағыз психологиялық драмалық туынды әрі әдебиет үшін де қымбат.

Поэзияның драма сияқты ең ауыр түріне бару үшін алдымен лириканы меңгеру керектігін драматургия мамандарының көпшілігі айтады. «Өлеңге

үйренген, лирикалық ойлар айтуға машыққан жазушы драмаға ауысқанда көп жағынан ұтындық табады» [2, 36 б.], - деп жазады Ә.Тәжібаев қазақ драматургиясы туралы еңбегінде. Бұл сөздерді өз тәжірибесіне сүйеніп айтқан лирик ақын қазақ драматургиясына да сүбелі үлес қосты. Пьесаларында ішкі тартысты жеткізуге лирикалық монологтар көп ұшырасады. Жалпы лирикалық ой айтуға машық ақын драмалық монологтар мен драмалық диалогтарды оңай игеріп келетініне көзімізді жеткізді.

Әлемдік драматургияның үздік үлгілері де ақындық толғаныс, лирикалық тебіреніспен жазылғандығы анық. Лирикалық сөздің қуаты – сезім. Ол сезімнен туындап, сезімге әсер етеді. Лирикада кейіпкерлер қатты қимыл қозғалысымен көрінбейді. Егер лирика драмада роль атқарса, ол тек сезімге әсер етеді. Лирикада әдебиеттің субъективтік жағы басым да, ал драманың объективтік сипаты мол. Болмыстық жағынан бұлар түрлі-түрлі.

Драмада қарапайым қара сөзбен беруге болмайтын сезімдер болады. Ондай жағдайда сахнада кейіпкердің түрі мен қимылынан, музыка әуенінен байқауға болады. Кейде сырлы сезімді жеткізу үшін лирика көмекке келеді.

Қазақ драматургиясына психологизм 1960-жылдардың басында келсе, қазақ прозасындағы терең психологизм М.Әуезов шығармашылығына қатысты туындады. «М.Әуезовтың жиырма бесінші жылдар ішіндегі шығармаларында кейіпкер психологиясын жазуда психологиялық талдауды қолданудың небір тамаша, сәтті үлгілері кездеседі», - [3, 268 б.] деп жазады ХХ ғасыр басындағы қазақ романы туралы зерттеуінде профессор З.Бисенғали. Түрлі рухани тартыста құрылған 1934 жылы жазылған «Қасеннің құбылыстары» психологизмнің талаптарына толық жауап береді. Бұдан көп бұрын жазылған М.Жұмабаевтің «Шолпанның күнасы» әңгімесі, Ш.Құдайбердиевтің «Әділ Мария», Ж.Аймауытовтың «Ақбілек» романдары психологиялық проза жасауға дайындық үстіндегі шығармалар сияқты.

60-жылдары қазақ прозасына үзілмейтін сыршылдық әуен келеді. Лиризм мен психологизм күші қазақ прозасының көкжиегін кеңітті. Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменов, Ш.Мұртаза, Ә.Тарази, О.Бөкеев, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, С.Мұратбеков, Д.Исабеков, Қ.Қазиев сияқты сыршыл жазушылардың шығармаларынан лиризм белең берді. Сыршыл әңгіме, повесть, романдарда басты идея кейіпкердің іс-әрекеті, әлеуметтік тіршілігі, адамдармен қарым-қатынасы, жан толғанысы, күйініш-сүйініші, мұң-наласы, сағыныш-назы, өмірге көзқарасы, терең сезімі... арқылы беріледі. Көркем образ арқылы осылайша жазушы идеясы танылады. Психологиялық тереңдікпен ұштасқан образды ашу жолындағы жазушының баяндау жүйесінің құлашы кең болады. Поэтикалық өрім, халықтық тіл өрнектері, диалогизм, кәсіби-тұрмыстық детальдар, ішкі монолог, пейзаж, елестету, автор толғанысы сияқты құралдар сыршыл проза жасаудың материалдары болмақ.

Алпысыншы жылдардан бастап лирикалық проза жасауда көзге түскен жазушылардың бірі – Сайын Мұратбеков. Әңгімелеріндегі терең лиризм айқын образдар жасап, олардың характерлерін ашудың бірден бір жолы. Балалық шағы соғыс жылдарының ауыр кезеңіне тап келген жазушы көз ұшында бұлдырап қалған сонау бала кезінің жүрек ауыртар мұңды елесін жаңғарта отырып, шығармашылығының басты тақырыбы еді.

Мысалы: «Жусан иісі» аталатын шағын повестегі мөддірлік, сезімнің ішкі иірімдері оқушысын еріксіз жетелеп, ой тереңіне шым батырады. Туынды автор атынан баяндалады:

«...Қу соғыстың бесіктен беліміз шықпай жатқанда-ақ біздің жүрегімізге салған жарасы қаншама еді. Сол жараның тыртығы өмір бойы удай сыздап, жанға батып өтер-ау. Еш уақыт ұмытылмас. Асыр салар балғын шағымызда

тағдыр біздің қабырғамызға да бар зілін салды ғой. Сонда да болса басқамыздан гәрі Аянға қатты батып еді. Тағдыр оған дегенде ештеңесін аямады...» (С.Мұратбеков. «Жусан иісі») [4, 31 б.].

Осынау толғаныс автордың жүрек сыздатар балалық шағының жадында қалған жаңғырықтарының туындысы. Ерте есейген Аян образы арқылы ақылдылықты, сабырлықты, алғырлықты, ойлылықты да көрсеткен. Тобығының ойнамалылығының өзі Аянға деген аяныш сезімін тудырады. Тобығы соңғы рет тайғандағы күйі былай бейнеленеді:

« - Ой, кеше аяғым қатты ауырды, - деді дірілдеген үнмен, - Тура өлгім-ақ кеп еді, тағы ағамды ойлап қана тоқтадым...»

Онан соң біраз үнсіз жатты, түймесі ағытылған күртесінің омырауына тұмсығын тықты.

- Қарашы жусанның иісі... – деп қойды. – Енді аяғымды ағам келгенде бір-ақ салғызамын. Ағам қалаға апарып, ендігәрі шықпастай етіп салғызады, әлі...

Ол тәтті ойға шомған күйде, ағасы келген соң не істеп, не қоятынын тегіс тізбелеп айтып шықты. Оның сөзіне қарап мен ағасының жуықтағы күндердің бірінде қайтатынына титтей де шәк келтіргем жоқ...

- Сағындым ағамды, - деді ақырын күрсініп» (С.Мұратбеков. «Жусан иісі») [4, 31 б.].

Аяның соғысқа кеткен ағасына деген сағынышы, арманы, тәтті қиялы жазушы көңілімен сезіліп, жазушы санасымен түйсініліп барып, оқырманына жетіп отыр. Лирикалық прозаның бейнелеу құралы – жазушының сезімі мен ой-толғанысы. Повесте шолақ қол қатыгез бригадир Тұржанның жазықсыз Аянды бас демеі, дәу табан керзі етегімен тепкілеуі, ағасынан қаралы қағаз алуы, соңында балалар үйінде жөнелтілуі... Аяның бала жүрегіне түскен өшпес жаралар еді. Автор соғыс жылдарының жайсыз ызғарын бір Аян образы арқылы-ақ шебер көрсеткен. Сондай-ақ диалогтар арқылы ауылдағы аңғал ойын балаларының, Бапай шал мен кемпірінің мінездерін де аша білген.

Психологиялық прозадағы мөлдірлік, сезім шынайылығы, лирикалық сыршылдық пен психологиялық тереңдік, адам жанын түсіне отырып, шығармаға айнытпай түсіру – прозаик жазушының шеберлігі. Адам психологиясының түпсіз терең қаптарлары автордың реалистік шешімімен ғана ашылады. Психологиялық проза өмірді өз бетімен шынайы бейнелейді. Прозадағы лиризм дегеніміз – лириканың эпикамен үндестік тауып, қабысуы. Лирикалық прозаның идеялық мақсаты – кейіпкердің жан әлеміндегі хал-ахуалды, қуаныш-мұңды реалистік түрде оқырманына айшықты бейнемен жеткізе алуы. Поэзиямен салыстырғанда лирикалық прозада суреткердің, кейіпкердің психологиясын ашуда тек лирикалық тәсіл емес, эпикалық баяндау, әңгімелеу амал-тәсілдері де молынан қолданылады.

В.В. КожинOV лирикалық өлеңнің басқа түрлерден айырмашылығын былай көрсетеді: «Лирикалық өлеңнің новелла, повесть, роман, поэмадан айырмашылығы – тек жай бейнелеуге негізделгендігінде емес, толғаныстарды, кең мағынасындағы дүниетану жөніндегі түсініктерді көрсетуге негізделгендігінде» [5, 6 б.].

1998 жылы «Ана тілі» баспасынан шыққан «Әдебиеттану терминдер сөздігінде» психологизмге нақты ғылыми әдеби түсінік берілмеген. «Психологиялық роман» бөлімін жазған А.Ысмақованың: «Адамның жан – дүниесін бейнелеу, психологизм, әрине бір ғана жанрдың, психологиялық романның шеңберімен шектелмейді. Кейбір шығармаларды бөліп, осы жанрлық түрге жатқызудың өзі тек шартты түрде жасалған жіктеу деп санаған жөн. Кең мағынадағы психологизм көптеген шығармалардан табылады» [6, 280 б.], - деген ойына қосыламыз. Түсіндірме сөздіктерде: «Психологизм - кейіпкердің ішкі жан сезімін тереңдете бейнелеу әдісі, [7, 20 б.], [8, 501 б.], - деген түсінік беріледі.

Қазақ поэзиясындағы терең психологизмнің ұлы Абайдың, Мағжанның, Мұқағалидың сыршыл поэзияларынан бастау алады. Сол кезеңнен бүгінге дейін қазақ поэзиясына өз үнімен талай дарын келіп қосылды. Олардың әрқайсысына тоқталу жеке зерттеулердің жүгі болмақ. Әдебиетімізде социалистік реализм әдісінің өріс алуына орай идеологиялық, таптық, тақырыптық, шеңберден аса алмаушылық басты орынға қойылды да, адамның жан дүниесін ашуға тұсау болды. Жеке адамға проблемасы, оның жан жүйесіндегі, ішкі рухани әлеміндегі сезімдік құбылыстар назардан тыс қалып қойды. Қазақ лирикасының қалыптастыру жолдарында лирикалық өлең төңкеріс, социалистік жеңіс, еңбек, заман тақырыбы сияқты қоғамдық мәселелерді ғана қамтыды. «Кімді кім жеңеді деген мәселе сынға түскенде, аға буын өкілдері, ең алдымен, сол кездің көкейкесті тақырыбын таңдаған. Төңкеріс, жаңа социалистік қоғам жасау олардың өзекті тақырыбына айналды. Бұл жылдары С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, С.Мұқановтар өрімдей жас бола тұра, жастыққа тән интимдік сезімдерді, дәстүрлі тақырыптарды мол жырлай алған жоқ. Ол, әрине, қолынан келмегендіктен емес, кезеңнің талабы солай еді. Әйелге ғашықтық көзінен қараудан бұрын, ақындар әйелдердің бас бостандығын, теңдігін көбірек ойлады. Олардың қоғамның тең құқылы мүшесі болуы үшін күресті. Бұл, әрине, жеке бастың сезімді күйттеуден гөрі, қоғамдық маңызы бар, ең ірі проблемалардың бірі болатын» [9, 14 б.]. Бұл жөнінде Ә.Тәжібаев та «Өмір және поэзия» атты еңбегінде кеңірек жазады [6, 484 б.].

Басқа жанрлардағы сияқты қазақ поэзиясындағы психологизмнің кемелдену кезеңі – өткен ғасырдың 60-жылдарының тұсы. 60-жылдардан бастап қазақ әдебиетінің мазмұны толысып, пішіндік жағынан байыды. Қаламгердің көркемдік әдіс-тәсілдері, тың ізденістері молайды. Бұл кезеңдегі қазақ лирикасы тақырып аясының кеңдігі мен образдар жүйесінің молдығы жағынан, ақын мен лирикалық кейіпкер психологиясын терең ашушы тұрғысынан ерекшеленеді. Әрине, бұл тұстағы лирикалық өлеңдердің бәрі бірдей сыңғырлап тұрған, түгел дерлік мінсіз десек – қателескеніміз. Үздік лирикалық өлеңге тән ерекшелік – лирикалық кейіпкердің жан әлемін бейнелеудегі терең сыршылдық, нәзіктік, көңіл күйді бүкпесіз аша білу, психологизм ерекшеліктерінің көрінуі. Бұл кезең поэзиясында адам жанының тереңінен тамыр тартқан пердесіз сыршылдық қанат жайды. Қазақ лирикасын Қ.Мырзалиев, Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Нәжімеденов, Т.Айбергенов, Ө.Нұрғалиев сынды тума дарындар көркейтті. Сол ізді жалғастырған К.Ахметова, Е.Раушанов, Иран-Ғайып, С.Адай, Ұ.Есдәулет, Н.Мәукеұлы, С.Нұржан, Г.Салықбаева сияқты кейінгі толқын өкілдері поэзиямыздың алтын қорын толықтыра түсті. Бүгінгі сыршыл лирика – жаңарған, жаңғырған кең өріс. Ақынның ащы шындықты алдымызға жайып сап, заман жайын, адам жайын тебірене толғаса – күйректік деп сынайтынымыз да жасырын емес. «Ақын күйрек тарта бастаса, кемелдікке бет бұрғаны... Баяғы жалған пафостың орнын бүгінгі сұрқай тіршілік тудырған түніліске, күніреніске толы запыран ойлар басқан» [11, 4 б.], - деген жазушы Марал Ысқақбай ойының түп-төркіні бүгінгі поэзияға жіті назар салуда жатыр. Шер толқытып шығарған мінсіз ойды оқырман құштарлықпен қабылдайды. Ақын оқушы көңілін ағынан жарылған сыршылдығымен жаулайды. Лириканың мақсаты – ақын сыры мен шының, шері мен толғанысын, мұңы мен зарын... – жан күйлерін оқырман жүрегіне жеткізу. Яғни «...ақын қарабайыр сұрықсыз тірліктің өзінен де кез келген көкіректе көктей жөнелер дән тауып, оқырман көңіліне еппен егуі керек. Ащы дәріні қантқа тамызып бергендей аңғартпай ұсынсын. Сонда оқырман кермек ойдың көңіл тұщындар ләззаттын бойға қалай сіңіргенін сезбей қалады» [11, 4 б.].

Қазақ әйелдер поэзиясының көш басындағы Ш.Иманбаева, М.Хакімжанова, З.Қалауова, Т.Әбдірахманова, М.Айтхожина сияқты алдыңғы толқынды қуған бүгінгі Ф.Оңғарсынова, А.Бақтыгереева, Қ.Бұғыбаева, К.Ахметова, Г.Салықбаева, Б.Бекетова,

О.Тұржанова, Г.Шәмшиева, Р.Қараева сынды талантты ақын қыздар – ұлттық поэзия бағының шоқ гүлдері. Әйелдер әлемнің күрделі табиғаты – кейде нәзік, кейде қайсар, кейде томаға тұйық, кейде шалқыған шалқар сезімдерінің түрлі иірімдері көрнекті ақын қыздар Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Гүлнәр Салықбаевалардың жырларында мейлінше шынайылықпен жырланады. Әсемдіктің үлгісі, асыл ана, адал ана, адал жар атанып, әйел боп ғұмыр кешу әрі қасиетті, әрі қиын да күрделі. Ал ақын боп ғұмыр кешу – Төлеген ақын айтқандай: «сыздаған барлық жараның аузында болу». «Жыр жазу деген – азап, от, әйел боп туған болмысқа»... – деп ақын Фариза жырлағандай, әйел затының ақын болуы – жаратылыстың ерекше сыйы. Әйел боп туған болмысымен қанша азап пен оттың ортасында жүрсе де ақын қыздар еш мойымай, ақындық пен азаматтықты абыроймен қатар алып келеді. «Өнердің киесі әйел затына қонса, ел-жұртына жақсы, бірақ өнер иесі үшін үлкен жүк. Ол жүктің салмағын кез келген ер көтере алмауы мүмкін», - деген Ф.Оңғарсынова сөзі жоғарыда айтқанымыздың дәлеліндей.

Құрсау мұңға көңілім қамалғалы,
Жүйкемді де талдады, тарамдады.
Өзімді-өзім ұға алмай қалжырадым,
Жұмбақтардан тұра ма адам жаны? [12, 208 б.]
Мазалайды жанымды бір сансыз мұң,
Бәлкім мұңсыз өткен күн де – мәнсіз күн.
Мықтысын деп таңданады біреулер,
Мықты емеспін. Әйелмін ғой. Әлсізбін [13, 171 б.]
Түн тәрізді шашымды мұңға малдым,
Жұбатар деп жанымды жырға бардым.
Қараңғы мен жарықтан қуат алып,
Мәңгі-бақи жұмылмас бір жанармын [14, 23 б.]

Үш ақын. Мұңлы сезімнен туындаған, бір-біріне ұқсамайтын үш түрлі үн. Бұл шумақтарда әр ақын жан сырын, бар шынын, зар-мұңын санаулы жолдарға сыйдырып, тұңғыш ой шегендейді. (Әрине, лирикалық мұң кез келген лириктер табылары сөзсіз). «Өзін-өзі ұға алмай қалжыраған» Фариза ақын «Жұмбақтардан тұра ма адам жаны?» деп риторикалық сауал тастайды. Бұл ақын жанының ширыққан тұсы. Ал К.Ахметова адамның дүниеге көзқарасын, дүниетанымын білдіретін, ой мұхитына, толғанысқа түсірер мұңның мәнін атап өтіп, әйел жанының нәзік те әлсіздігін мойындаса, Г.Салықбаева сөз құдіретімен көңілінің қылын тап баса отырып, жанына жұбанышты, тіректі жырдан іздейді. Сан алуан сезім толғанысы ақын-әйел жүрегі арқылы өтеді. К.Ахметованың «Мықты емеспін. Әйелмін ғой; Әлсізбін» деуі жай мойындау ғана, әйтпесе Күләштай ақынды кім әлсіз дей алады? Әйелдер поэзиясы – ең алдымен азаматтық поэзия. Ақын Павел Антокольскийдің афоризмге айналып кеткен Марина Цветаева жайындағы: «Марина Цветаева никогда не поэтесса. Она – поэт» деген сөзі ойға оралады. Бұл тұжырымды аталған ақындарға арнап айтсақ, тіпті де қателеспейміз.

Үш ақынның да боямалау, әсірелеумен жаны қас. Қай шығармасында да өмір драмасын қаз қалпында көз алдымызға әкеледі. Өйткені лирикалық поэзия ақиқат-шындықтың көркемдігін айқын түрде, айқын көрсете алады. Ол – кәдімгі өмірдің әрі көркем, әрі жарқын тұсы, болмыстың эмоциялық келбеті. Басқа әдебиет түрлерінен де көп жағынан да ерекшеленеді. «Лирика өнер иесінің қоғамдық және интимдік шындықтарға өз көзқарасын ашық білдіруі, эпикалық тәсілдерге тән пластикалық бейнелеу құдіретінен басқаша, психологиялық суреттеу амалдарынан өрбиді» [15, 162 б.]

Лирикалық өлең психологиялық суреттеу амалдарынан өрбісе, ақын өмірден көрген-гүйгендерінен психологиялық тұжырымдар тудырса – Адамтанудың өзекті проблемалары алдымызға жайылады. Ақындар образды ойымен өз жан дүниесінің тереңінен сыр тартады. Бірақ әр ақын – жеке әлем. Ақын әлемінің күрделі қатпарлары,

қарапайым болмыстары көркем ой, шағын лирикалық өлеңдерінен де анық байқалады. Ақын тіршілігінің сәулесі поэзияда, соның ішінде лирикада десек, әр ақынның ақындық әлемі өзіне тән күрделілігімен, мағыналылығымен ерекшеленеді. Қазақ поэзиясында ұлттық өмірдің көркем бейнесі, психологиясы бар.

Психологизм құбылысының драмалық та, прозалық та, поэзиялық та туындылардан кездесуі – заңдылық. Қаламгердің суреткерлік қарымы шығармадағы көркемдік кестелерден көрінеді. Адам жанының терең қатпарына үңілу, терең психологизмге қол жеткізу – шын шебердің ғана емшісінде.

Әдебиеттер:

1. Мұхамеджанов Қ. *Бөлтірік бөрік астында*. <https://www.qamba.info/>. Пайдаланған уақыты: 10.11.2017 ж.
2. Тәжібаев Ә. *Драматургия туралы*.
3. Бисенғали З. *XX ғасыр басындағы қазақ романы*. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.
4. Мұратбеков С. *Жусан иісі. Повесть*. <https://www.qamba.info/>. Пайдаланған уақыты: 10.11.2017 ж.
5. Кожин В.В. *Книга о русской лирической поэзии XIX века*. – М.: Современник, 1978. – 304 с.
6. *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі*. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
7. *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-т.* – Алматы: Ғылым, 1985. – 591 б.
8. *Современный словарь иностранных слов*. – М.: Русский язык, 1999. – 742 с.
9. Дүйсенов М. *Қазақ лирикасындағы тақырып пен көркемдік шешім // Кітапта: Жанр сипаты*. – Алматы: Ғылым, 1971. – Б. 12-43.
10. Тәжібаев Ә. *Өмір және поэзия*. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960. – 484 б.
11. Ысқақбай М. *Заманды даттау да, мақтау да – өлеңнің міндеті емес // Қазақ әдебиеті*. – 2000. – № 18. – Б. 4-5.
12. Оңғарсынова Ф. *Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-т.* – Алматы: Жазушы, 1987. – 368 б.
13. Ахметова К. *Арғымақтар даласы. Өлеңдер*. – Алматы: Жалын, 1987. – 191 б.
14. Салықбаева Г. *Бір жұтым ауа, қызыл күн. Өлеңдер*. – Алматы: Жалын, 1990. – 96 б.
15. Майтанов Б. *Қаһарманның рухани әлемі*. – Алматы: Жазушы, 1987. – 232 б.

Камарова Н.С.

ПСИХОЛОГИЗМ – ЯВЛЕНИЕ ХАРАКТЕРНОЕ ВСЕМ ЖАНРАМ

В данной статье рассматривается психологизм как явление, свойственное каждому из жанров. Доказывается, что каждый жанр имеет свою отличительную природу, закономерности, и то, что мастерство писателя отражается по-разному, в соответствии с жанром. Дается сравнение неразрывности лирической песни, глубины лиризма, природы психологизма в драме, прозе и в поэзии.

Ключевые слова: Казахская литература, психологизм, жанр, драма, проза, поэзия, лиризм, лирическая песнь.

Kamarova N.S.

PSYCHOLOGISM IS A PHENOMENON CHARACTERISTIC OF ALL GENRES

In this article, psychologism is seen as a phenomenon peculiar to each of the genres. It is proved that each genre has its own distinctive nature, patterns, and the fact that the writer's skill is reflected in different ways in accordance with the genre. Comparison of the continuity of the lyric song, the depth of lyricism, the nature of psychologism in drama, prose and poetry is given.

Keywords: Kazakh literature, psychologism, genre, drama, prose, poetry, lyricism, lyrical song.



ТАРИХ
ИСТОРИЯ
HISTORY



ӘОЖ 338.436

Рысбеков Т.З. – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

Ғани Е.М. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты
E-mail: g.yerbol1994@mail.ru

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ
ОРНАЛАСТЫРУ ХХ – ҒАСЫРДЫҢ 60–80 ЖЫЛДАРЫНДА**

Аңдатпа. Бұл мақалада 1960 – 1980 жылдардағы ауыл шаруашылығы үшін жаппай маман - кадрларын даярлауда және оларды орналастыруда кешенді жұмыстар жасалынғаны баяндалған. Сондай ақ, мамандар даярлауда жоғары оқу орындарының, кәсіптік – техникалық училищелердің, біліктілігін арттыру курстарының рөлі зор екенін көруге болады. Ауыл шаруашылығы мамандарын даярлау, оларды орналастыру шаралары мұрағат деректері, ғылыми еңбектер негізінде жазылған.

Тірек сөздер: Мамандар даярлау, факультеттер, кәсіптік – техникалық училище, біліктілігін арттыру курстары, кеңшарлар, ұжымшарлар.

Ауыл шаруашылығына еліміз қай кезеңде де аз көңіл бөлмеген. 1960 – 80 жылдары Қазақстанның ауыл шаруашылық органдары ауыл шаруашылығына жаңа техникаларды қолданумен, химияландыру, меморациялауды енгізумен қатар барлық жұмыстарды жоғары деңгейде орындай алатын ауыл шаруашылығы үшін жаппай маман – кадрларын даярлау мен оларды орналастырудың кешенді жемісті жоспарын жетілдірді және жүйелі түрде жүзеге асырды. Өйткені, еңбеккерлердің терең техникалық білімінсіз, жоғары біліктілік пен өрелі мәдениетсіз, ғылым мен техникалық табыстарын жан – жақты пайдаланбай ауыл шаруашылық өндірісін өрге бастыру мүмкін емес.

60 жылдардың ортасында бүкіл елдегідей сияқты аумақтық мамандандырудың негіздері анықталды. «Қазақстанда мамандандырылған товарлы астық өндірісі, қой және жүн өнімін, жеміспен көкөніс өсіретін ірі аймақтар пайда болды. Аймақтық мамандандыруды тереңдету және оны жан – жақты жетілдіріп отыру керек» [1].

Бұл міндеттерді шешуде жоғары оқу орындары, кәсіби техникалық училищелер, біліктілігін арттыру курстарының рөлі зор. Қазақстан үшін, оның батыс облыстары үшін жаңа мамандар легінің өсуі – заңды құбылыс. 1961 – 1980 жылдары аралығында аграрлық өндірісте ауыл шаруашылығы мамандарының саны 2,4 есе өскен. 80-жылдардың ортасына қарай ауылшаруашылық мамандарының 51,6% тікелей аграрлық секторда жұмыс істеді. Бұлар жоғары білім алғандар еді. Орта арнаулы білімділер қатарында мамандардың 51,7% болды [2, 29 б.].

1960 жылы Қазақстанның ЖОО – дар мен техникумдары халық шаруашылығына 5602 маман берсе, соңғы ширек ғасырда осы топтардың мамандарын дайындау шамамен 33,8% пайызға артты[3, 51-52 б.].

Ауылшаруашылық кадрларын даярлауда жоғары мектеп көрнекті орын алады. 1985 жылы 7 жоғары оқу орны мен олардың 2 филиалында 21 мамандық бойынша 6,3 мыңнан астам студент, ал 49 орта арнаулы оқу орындарында, яғни

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

техникумдар мен училищелерде 18,5 мың адам оқыды. 80-жылдардың ортасына қарай республикада жоғары және орта білімді мамандар, 371 мың тракторшылар, машинистер, комбайншылар мен жүргізушілер даярланды. Біртіндеп индустриалды сипат алған ауылшаруашылығындағы еңбекті өркениетті өзгертуге ең алдымен жоғары және орта арнаулы оқу орындарының бірізді жүйесі жұмысының да ізгі әсері болды. Жастарды оқуға тартуда, олардың бойына біліктілікті сіңіріп, мамандыққа тәрбиелеуде іс-қимылдың алуан амал-тәсілдері қолданылды. Көптеген колхоздар мен совхоздар жастарды өз есебінен оқытты. Батыс Қазақстан аумағында да жаңалыққа жақсылыққа қарай бет бұру әлеуметтік-экономикалық дамудан анық көрінеді. 1965-1977 жылдары Гурьев облысының ауылшаруашылығында жұмыс істейтін жоғары және орта білімді мамандар саны 865-тен 1865-ке дейін өсті, нәтижесінде 1980 жылға қарай әр шаруашылықта орта есеппен 7 жоғары, 12 орта білімді маман болды. Осы кезеңде Орал облысында мұндай мамандар саны бес есе өсті. Ақтөбе облысында ауылшаруашылығында 4600 маман, оның ішінде 578 агроном, 780 зоотехник, 700 инженер-механик 926 малдәрігері жұмыс істеді. Бұл облыстардың іс-тәжірибесі жоғары және орта білімді әрі білікті кадрларды даярлау бастықтар мен бас мамандар құрамының сапасын жақсартуға игі себебін тигізетінін көрсетеді [4, 175-176 б.].

Республикада күндізгі және сырттан оқитын бөлімдері бар орта арнаулы және жоғары оқу орындарының жүйесін кеңейтіп, оқушылар мен студенттердің контингентін арттыру жөнінде үлкен жұмыстар жүргізілуі нәтижесінде әр жылы республика халық шаруашылығы жоғары маманданған кадрлардың үлкен армиясымен толықтырып отырды.

Мәселен, жоғары ауыл шаруашылығы оқу орындарын 1959 жылы 1200 адам бітіріп шықса, 1966 жылы мұның саны 2 мыңға артты. 1963 жылы ашылған Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтын 1973 жылы 2073 адам бітірді, соның ішінде 541 адам өндірістен қол үзбей білім алды. Орта арнаулы ауыл шаруашылығы оқу орындары оқушыларының саны да жоғары қарқынмен өсті: 1960 – 1961 оқу жылында 18,700 оқушы болса, 1966 – 1967 оқу жылында бұл көрсеткіш 36,600- ге жетті. Осының бәрі 1954 – 1967 жылдар аралығында республика шаруашылықтарындағы жоғары және орта білімді мамандардың санын 7 еседен астам адамға арттыруға мүмкіндік туғызды. Тек соңғы 12 жылда ішінде ғана Қазақстанда 19 жоғары оқу орны ашылды. 1971 – 1972 оқу жылында республикада 198 орта арнаулы оқу орны болып, оның 38 – і ауыл шаруашылығы кадрларын даярлады. Оларда барлығы 223,4 мың оқушы болды. Тоғынызшы бесжылдықтың өткен үш жылында ғана республиканың жоғары оқу орындарын 88,8 мың, арнаулы орта оқу орындарын 161,2 мың маман бітіріп шықты. 1965 жылы Орал облысындағы Чапаев ауданының шаруашылықтары есебінен орта және жоғары оқу орындарында бұрын шопан, сауыншы болған 15 адам білім алды [5, 76 -77 б.].

Шаруашылықтарда ұйымдастырылған кәсіби – техникалық училище филиалдары мен курстарында түрлі саладағы мамандық иелері де оқыды. Бұл сол кезде ауыл шаруашылығында техниканы терең меңгерген мамандықтарға деген сұраныстардың жоғары болғанын көрсетеді. Мәселен, Алға ауданының «Красный колос» колхозында механизаторлар курстарында 25 адам оқыды, оның 9 – ы әйелдер еді. Олардың арасында селолық кеңестің хатшысы Дәмелі Оразаева, пошташы Роза Арндт, бригада есепшісі Роза Гасленко, кітапханашы Валентина Букарина және басқалары болған. Селолық кәсіби - техникалық училищенің тәрбиеленушілерінің көбі ауыл шаруашылығы еңбекшілері арасында құрметті орын алған. Мәселен, Ақтөбе облысының «Қопа» совхозының тракторшысы Елизавета Броун 1966 жылы «Құрмет белгісімен», Байғанин ауданындағы Тарғынова Күләш Ленин орденімен марапатталған, Гурьев облысы

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

Қызылқоға машинатрактор станциясының тракторшысы Әнәпия Тәжіғалиева «Қазақ КСР – не Еңбек сіңірген механизатор» құрметті атағына ие болған болса, осы облыстың Чапаев атындағы савхоздың тракторшысы Жұмағаным Зейінова Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған.

Батыс Қазақстанның училищелерінде және олардың филиалдарында орындарды даярлауды кенейтумен және санын көбейтумен қатар, оқитындар құрамын дұрыс топтастыруға үлкен көңіл бөлінді. Оларға халықтық білім беру органдары, кәсіби – техникалық училищелер, олардың филиалдары, ауыл шаруашылық, органдары, колхоздар мен совхоздар басшылары тұрақты қамқорлық жасап тұрды, барлық аудандарда кәсіптік бағдар бойынша комиссиялар мен кеңестер жұмыс істеді. Шаруашылықтарда орта мектептерде жүйелі түрде еңбек ардагерлерімен, селолық кәсіби – техникалық училищелер филиалдарының оқу озаттарымен мектеп жастарының кездесулері ұйымдастырылды, ал селолық орта мектептердің көпшілігінде оқу бағдарламалары құрылды, оқушылар тракторшы, жүргізуші және басқа мамандықтарға оқытылды. Әрине, мұндай мақсатталған жұмыстар жемісті нәтижелер берді. Осылайша, 1968 – 1969 оқу жылында Гурьев облысы бойынша 140 – тан астам қыздан тұратын мектеп түлектері механизатор мамандығын игерген [6, 26-27 б.].

Мал шаруашылығында механизатор – шопан, сауыншы, қырықтықшы сияқты бірнеше мамандықты игерген кадрларды даярлау ісінде ауыл шаруашылығын механикаландыру және селолық кәсіптік – техникалық училищелер үлкен роль атқарды. Егер 1954 жылы 53 училище болса, 1970 жылы олардың саны 200 – ден асты [5, 156 б.].

1950–1971 жылдар арасында Қазақстанның ауыл шаруашылық жүйесіне механизаторлар даярлау 3,9 есе өсті. 1971 жылы олардың саны 105,9 мыңға жетті. Осы аталған кезеңдерде трактористер мен тракторшы – машинистер саны 6 есе, комбайншылар 2,8 есе, шоферлер 2,2 есе өсті. Бұл мамандардың тең жартысы осы кәсіптік – техникалық училищенің түлектері еді [7, 91 б.].

Бесжылдықтың үш жылы тұсында кәсіптік – техникалық училищелерді бітірген 3,2 миллионнан аса адам жұмысшы тобының қатарын толықтырды, оның ішінде бір миллиондай адам өнеркәсіп орындарына және 1,200 мыңға жуық адам – ауыл шаруашылығына жұмысқа барды [8].

Қазақстанда 1960 – 1961 оқу жылдары ауылшаруашылық техникумдарында 20,9 мың, ал 1983 – 84 оқу жылдары – 69,3 мың студент білім алған [2, 93 б.].

Орал ауылшаруашылық техникумы 6 мамандық бойынша оқытты. 1965 - 1966 жж. Техникумның 87 түлегі агроном-агрохимик-20, техник-пловник - 46, ветеринариялық көмекші - 21 саласында мамандар диплом алды . 1966-1967 жылдары 114 агроном - агрохимик - 27, ветеринар - 18, зоотехник - 22, техник-жоспарлаушы - 29, агроном - 18 мамандықтары бойынша 114 түлек дипломдарын алды [9, 4-6 б.]

Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытудағы механизаторлардың ролі зор еді: осы саладағы жұмыстардың 70 пайызын солар атқарды. Республикада механизаторлардың ірі отряды қалыптасты, оны төмендегі кестеден айқын көруге болады.

Кесте 1 – Қазақстанның кеңшарлары мен ұжымшарларындағы механизатор кадрларының саны (1 сәуірде, мың адам)

Атауы	1965	1970	1975	1980	1985	1986	1987	1988
Тракторшы – машинист, тракторшы, комбайншы, автокөлік	300,2	288,7	313,6	365,2	387,5	388,6	384,3	388,0

Б□МУ Хабаршы №3-2018ж.

жүргізуші								
Солардың ішінде:	251,9	237,1	257,8	303,7	342,4	325,2	322,3	325,9
Кеңшарларда	48,3	51,6	55,8	61,4	61,0	61,3	61,0	60,5
Ұжымшарларда								
Барлық механизатор кадрларының жалпы саны:	204,6	195,1	211,9	242,3	250,7	250,0	245,0	247,3
Трактористер, машинист – трактористтер, комбайншылар								
Оның ішінде:	171,4	160,3	174,4	201,7	211,4	210	206,4	209,2
Кеңшарларда								
Ұжымшарларда	33,2	34,8	37,5	40,6	39,0	38,8	38,4	37,9
Көлік айдаушылар	95,5	93,6	101,7	122,9	136,8	138,7	139,4	140,7
Оның ішінде:	80,4	76,8	83,4	102,0	113,0	114,4	115,9	116,7
Кеңшарларда								
Ұжымшарларда	15,1	16,8	18,3	20,8	22,0	22,5	22,6	22,6

Салыстырмалы түрде көріп отырғанымыздай, 1988 жылы 1965 жылға қарағанда жалпы 87,8 мың адамға артып, соның ішінде кеңшарларда 79 мың адамға, ұжымшарларда 12,2 мың адамға артып өскенін көреміз. Ал барлық механизатор кадрларының жалпы саны 1988 жылы 1965 жылға қарағанда 42,7 мың адамға артып, оның ішінде кеңшарларда 37,8 мыңға, ұжымшарларда 4,7 мың адамға артқандығын байқаймыз. Көлік айдаушылар 1988 жылы 1965 жылға қарағанда 45,2 мың адамға артып соның ішінде кеңшарларда 36,3 мың адамға, ұжымшарларда 7,5 мың адамға өскенін көруімізге болады.

1985 жылдың көктемінде ауыл шаруашылығында жұмыс істеген бұқаралық кәсіби жұмысшы кадрлардың және шаруашылықтардағы басқа мамандардың жартысынан астамы механизаторлар болды, оны жоғарыда көрсетілген кестеден байқауға болады [10, 164 б.].

Механизаторлар кадрларын даярлау мәселесі толық шешілді деуге болады. Қазір жоғары өндірістік көрсеткіштерге жетіп, шаруашылық шамшырағы атанып отырған механизаторлардың барлығы дерлік өз совхозымызда ұйымдастырылған қысқа мерзімді курсті бітірген кадрлер. Ұйымдастыру, еңбек адамдарымен ортақ тіл таба білу қасиеттері ескеріліп, басқару жұмыстарына жоғарылатылғандары да баршылық. Тек үстіміздегі оқу жылында ғана совхоздағы кәсіптік – техникалық училище филиалында 35 адам шаруашылықтың өзінде ұйымдастырылған комбайнерлер курсына 15 адам оқиды [11, 3 б.].

Қарастырылып отырған жылдар ішінде Батыс Қазақстанда жаппай техникалық білім беру бойынша жұмыс басталды. Тікелей шаруа қожалықтарында және колхозда ұйымдастырылған курстарда ауыл қызметкерлері тракторлар мен вагондарды басқаруға үйренді, өндірістің машина технологиясын игерді, кәсіби шеберліктерін арттырды. Жалпы білім беруді механикаландыру саласы мынадай деректерге негізделген. 1971 жылдан 1980 жылға дейін Ақтөбе облысында 7515 тракторшы, 7 600 комбайн операторы және 642 жүргізуші оқытылды. Сол кезеңде өнеркәсіптік қызметкерлер, құрылыс және басқа ұйымдар, университет студенттері мен техникалық мектеп оқушыларынан 9540 комбайн операторы дайындалды. Бұл жыл сайын орта есеппен 4200 адамды

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

механизациялау арқылы өтті. Ал Батыс Қазақстан облысында да 1971-1980 жж. 10 мыңнан астам машина операторлары оқытылды. Гурьев облысында (қазіргі Атырау облысы) жұмысшылар депутаттарының облыстық кеңесі атқару комитетімен бекітілген сәйкес, 1973 жылдан бастап жыл сайын 4 машина жасаушы кадрлар даярланды - 1120 адам, олардың 200-і трактор жүргізушілері, 170 жасанды ұрықтандыру техниктері, 75 жүн классификаторы, 15 сүт алма сүт қышқылдары, 200 шиыршық, 15 спринкуляторлар, 100 суарғыштар, 50 қосқыштар және 25 электрик. 1975 жылдан бастап Қазақстан Коммунистік партиясы Орал Аймақтық комитеті мен Аймақтық Кеңесінің қаулысы негізінде жыл сайын өңірдің ұжымдық және совхоздарында 1000 адам, Орал қаласының кәсіпорындарында 300 кәсіпорын, » - 150 адам, студенттер санынан ауыл шаруашылығы институты - 200 және Орал техникалық ауылшаруашылық мектебінің оқушылары - 150 адам. Осыған байланысты Батыс Қазақстандағы Мартук, Ақтөбе, Приуральный, Зеленов, Индер және Махамбет аудандарында көптеген шаруа қожалықтары жаппай кәсіпкер кадрларымен, сондай-ақ ауыл шаруашылық жұмыстарының барлық түрлерін өздері жасаған [12, 130 - 131 б.].

Ақтөбе облысында 1980 жылы 11 ауданда 4,5 мың жасөспірімге училищелер есігін айқара ашты. Бұлардың түлектері кәсіби мамандықпен қатар орта білім алып шығатын болды. Шаруашылықтарда училищелердің филиалдары, оларда механизатор, малшы кадрларын оқытатын курстар ұйымдастырылды. Тұтас алғанда 1980 жылға қарай Батыс Қазақстан аумағындағы училищелерде 20 мың механизатор, оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша 6,2 мың Батыс Қазақстан және Гурьев облыстары бойынша 2 мыңнан астам механизатор даярланды. Орта буын мамандарының арасында кәсіби-техникалық училищелер атына дақ түсірмей ауылшаруашылығының ірі қызметкерлері болып, өз ұжымдарын өрге сүйреген, өндірістің алдыңғы шебінде өзгеге үлгі болған ұйымдастырушылар аз емес. Олардың қатарында Ақтөбе облысынан – Социалистік Еңбек Ері Ю.В. Трубаның, Ленин орденінің иегерлері – Д.В. Георгенің, В.Базбековтың, У.Тілеуовтың, Батыс Қазақстан облысынан – озат тракторшы-машинистер Г.Бакировтың, А.Карамышевтің, К.Сұлтанғалиевтің, бригадир А.Колесниковтың есімдерін құрметтеп атауға болады. Батыс Қазақстан облысында №13 және №167 училищелер ұжымдарының еңбегі елеулі. Мысалы №13 училище дәстүрлі тракторшы-машинистпен қоса жүргізуші, механизатор-малшы, аспаз, трактор бригадасының бригадирі, оператор-құс өсіруші мамандарды даярлап, мехнизаторларды К-700 тракторында және «Колос», «Нива» комбайындарында жұмыс істеуге қайта даярлады. №167 училище даярлаған 226 кіші мал фельдшерлері, 216 ветеринарлық санитарлар, 197 жеміс-көкөніс шеберлері, ондаған жылы жайда бақша өнімдерін өсіретін шеберлер халықшаруашылығында ойдағыдай еңбек етіп жүр. Механизатор кадрларын даярлау және тәрбиелеу жөніндегі ұланғайыр жүйелі жұмыстың арқасында көптеген шаруашылықтар жоғары еңбек өнімділігін қамтамасыз етіп, экономикалық тиімділікке қол жеткізеді [4, 178 – 179 б.].

1980 жылдары облыста 8 техникумдар мен училищелер саналып оларда 6627 оқушы білім алып, оның 4488 – і күндізгі бөлімде оқыған. Осы жылдары кәсіптік – техникалық білім беру саласында да жүйелілік қалыптасып, 1980 жылдардың ортасында облыс бойынша 21 кәсіптік – техникалық училищелер жұмыс істеп, олар 50 мамандық бойынша кадрлар дайындаған. Оның 12 – і ауыл шаруашылығына қажетті мамандарды, 2 – уі мелиорация және су шаруашылығына, 3 – уі – транспорт, тұрмыстық қамту салаларына байланысты маманданған. Өлкеде 50 – 80 жылдарда ғылымның дамуына, ғылыми кадрлар дайындауға да ерекше көңіл бөлінді. Егер 1953 жылы барлығы 59 ғылыми

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

қызметкерлер жұмыс істеп, оның 9 – ның ғана ғылыми атақтары (кандидаттар – Б.Б) болса. 1980 жылдардың басында облыста 517 ғылыми қызметкер есепке алынып, оның ішінде 4 ғылым докторы, 146 ғылым кандидаттары болған. Өз кезегінде олар студенттерге дәрістер оқып, әртүрлі тақырыптарда ғылыми – ізденіс жұмыстарын жүргізген. Нәтижесінде, өлкеде жоғары, орта және арнаулы білімі бар мамандардың санының өсуіне негіз қаланған[13, 213 - 214 б.].

1980 жылы Республикада 250 орта білім беретін кәсіптік – техникалық училище салынды [14, 262 б.].

1965 - 1966 оқу жылынан бастап ауыл шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыру курстары, колхоз және совхоз кезіндегі ауыл шаруашылығы техникумдары, ғылыми - зерттеу институттарында ауыл шаруашылығының біліктілікті арттыру мектептерде қайта құрылды. Республикада 34 осындай мектеп жыл сайын тыңдаушылар контингенті 5,6 мың адам болды. Осылайша, республикада құрылған үйлесімді жүйе, қайта даярлау мен мамандардың біліктілігін арттыру және ұйымдастырушылардың ауыл шаруашылығындағы өндірістерінде құрылды. 1966-1974 жылдары осы жүйе арқылы оқытудың дайындықтан 58 мыңнан астам адам, оның ішінде 2212 директорлар совхоздар мен колхоз төрағалары. 1970 ж. 15,4 мың адам біліктілігін жоғарылатты. Орта және жоғары буын республикалық колхоз басшыларының саны, 1979 ж. 34,2 мыңға дейін артты [15, 165 -166 б.].

Батыс Қазақстан (бұрынғы Орал) облысы бойынша 1961-1971 жылдар аралығында совхоз директорларының біліктілікті арттыру жөніндегі 3 айлық курсына жыл сайын 8 директор жіберіліп оқытылды. Алматы ауылшаруашылық институты мен Алматы зоотехникалық-мал-дәрігерлік институты жанындағы 2 айлық курстарда совхоздардың 18 маманы, оның ішінде 5 агроном, 6 бас зоотехник, 3 бас малдәрігері, 4 бас инженер білімдерін көтерді. Сонымен бірге Батыс Қазақстан ауылшаруашылық техникумы мен Батыс Қазақстан ауылшаруашылығын механикаландыру техникумы жанында курстардан колхоз төрағалары, совхоздардың трактор – егіс бригадаларының бригадирлері өтті. Камен, Приурал, Фурманов аудандарында қысқа мерзімді курстар ұйымдастырылды [4, 178 б.].

1966-1969 жылдары Алматы ауыл шаруашылығы және ветеринария институтының жетекші кадрларының біліктілігін жоғарылату факультеттерінде 54 совхоз директорларымен орынбасарлары оқуға жіберілді, бұл осы жылдардағы оқу жоспарының 84 пайызын құрайды. Факультетте колхозшылар мен совхоздардың жетекші кадрларын даярлау үшін осы жылдар ішінде 57 адам жіберілді (жоспардың 86 пайызы). Жоғарғы оқу орындарында біліктілігін арттыру барысында соңғы төрт жылда 345 маман қайта даярлау курстарынан өтіп, 253 адам оқытылды. Олардың ішінде 35 агроном, 44 ветеринар, 71 мал басы, 23 инженер, 33 экономист және басқалары.

Меңгерушілер, басшылар, жетекшілер және фермалардың мамандары өздерінің біліктілігін жоғарылату мақсатында 1966 жылдың қыркүйегінде Орал ауылшаруашылық және Орал механикалық техникумында біліктілігін арттырды. Ұйымдастырылған уақыттан бері мектептерде 746 басшылар мен орта буын мамандары оқытылып, жалпы жоспардың 56 пайызын құрайды.

1970 жылғы 26 қаңтарда Қазақстан Компартиясының Өңірлік комитетінің Бюросында, «Аймақтағы жетекші кадрлар мен ауыл шаруашылығы мамандарының біліктілігін арттыру шаралары туралы» мәселе талқыланды. Сол жылдың бірінші тоқсанында жоғары оқу орындарында 3 айлық біліктілікті арттыру курстарында 24 ауылшаруашылық мамандары, оның ішінде 8 мал дәрігері, 3 ветеринар, 5 агроном, механиктер мен электриктердің 9 инженері 25 ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша білім алады. 17 факультет түлектері

БҚМУ Хабаршы №3-2018ж.

Алматы ауылшаруашылық және хайуанаттар ветеринарлық институтында менеджмент факультеттерінде оқуын аяқтайды, 6 мемлекеттік және колхозшылардың басшылары біліктілігін арттырды. Техникалық мектептерде (механикаландыру және ауыл шаруашылығы) ұйымдастырылған курстарда орташа деңгейдегі басшылар мен мамандар - 79 адам, оның ішінде 17 шаруашылық жүргізуші, II агроном, 17 ветеринар, өндірістік бригадалардың 22 бригада жетекшісі және 12 механик-техниктер.

Ақтөбе облысы соңғы төрт жылда республиканың жоғары оқу орындарында біліктілігін арттыру үшін 40 шаруашылық жүргізуші және колхозшылардың басшылары, 467 ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша курстар өтті. Жоғарғы басшылар мен орта буын мамандарын даярлау үшін жоғары мектеп үшін курстар 1966 жылы облыстық ауылшаруашылық тәжірибелік станциясында ұйымдастырылды. Осы уақыт ішінде осы курстарда 387 фермалар мен басқармалар басшылары қайта дайындықтан өтті.

Гурьев облысында (қазіргі Атырау облысы) 1970 жылдың бірінші тоқсанында екі шаруа қожалығының директорлары мен совхоздардың 18 жетекші мамандары Алматыдағы біліктілікті арттыру курстарына жіберілді. Қазіргі уақытта Гурьев агротехникалық училищесінде 19 бригада өндіретін бригадалар мен 21 шаруа қожалығының менеджерлері дайындықтан өтті [16].

Сөйтіп, қорыта айтқанда, маман кадрларды даярлауда арнаулы курстар, мектептер, ауыл шаруашылығы білімдерінің халықтық университеттері және селолық кәсіптік – техникалық училищелері маман – кадрларын едәуір жақсартуға мүмкіндік туғызды. Кадрлардың сапалық құрамының өзгеруі еңбек пен тұрмысты ұйымдастырудың қалыптасқан ескі формаларын жоюға, еңбекті, оқуды, демалысты дұрыс ұйымдастыруға, кәсіптік даярлықты арттырудың көптеген озық формаларын игеруге жағдай жасады. 60 – 80 жылдары ауыл – селоға жаңа техникалық жабдықтардың, еңбек құралдарының көптеп келуі, электрленудегі жетістіктер еңбек өнімділігін арттыруға оң әсерін тигізгені өз алдына бұрынғы малшы, ат айдаушы, тағы басқалар орнын кең профильді механизаторлар, электромантерлар, агрономдар, зоотехниктер, мал дәрігерлерінің басуына жағдай туғызды. Тұтас алғанда Батыс Қазақстан аумағында ауылшаруашылығын кадрлармен нығайту жөнінде 60-70 жылдары мәселе кешенді шешілді. Әрине, бұл орайда кездескен қиындықтар да, жұмыста орын алған кемшіліктер де аз болған жоқ.

Әдебиеттер:

1. Кунаев Д.А. *О задачах республиканской партийной организации по обеспечению выполнения решений XXV съезде КПСС в области сельского хозяйства* - // *Казахстанская правда*. – 1976. – 28 апреля. – С. 1-2.
2. Соскин С.Н. *Кадры сельского хозяйства: подготовка в системе образования*. – *Алма-Ата: Казахстан*, 1986. – 152 с.
3. Абжанов Х. *Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма*. – *Алма – Ата: Наука*, 1988. – 192 б.
4. Бірімжаров Б.Қ. *Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы 1946-2000 жылдарда: оқу-әдістемелік құрал*. – *Орал: М.Өтемісұлы атындағы БҚМУ баспа бөлімі*, 2005. – 244 б.
5. Боданов Ж.К. *Малшы өміріндегі өркенді өзгерістер*. – *Алматы: Қайнар*, 1975. – 156 б.
6. *Ауыл шаруашылығына әйел мамандарды даярлау // Қазақ тарихы*. – 2009. – Қыркүйек-қазан. – № 5(98). – Б. 26 – 27.
7. *Қазақстан Республикасының Президенті Архиві, қор 708, тізім 32, 1218 іс, 91 б.*

8. *Кәсіптік - техникалық білім қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесі // Орал өңірі. – 1969. – 10 маусым. – Б. 1.*
9. *Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты, қор 1481, тізім 13, 892 іс, 4-6 б.*
10. *Байтілен С.А. Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы аграрлық саясаты: ауыл шаруашылығындағы экстенсивті бағдар және дағдарыс (1965-1990 жж.) / Тарих ғылымд. докт. ... диссер. – Алматы, 2000. – 164 б.*
11. *Бесжылдықтың белесінде // Орал өңірі. – 1970. – 31 желтоқсан. – Б. 3.*
12. *Бримжаров Б.К. Социально-экономическое развитие аулов и сел Казахстана в 60-е – 80-е годы (по материалам западных областей). – Алматы: Ғылым, 1996. – 188 с.*
13. *Рысбеков Т.З., Бірімжаров Б.Қ., Құрманалин С.Б., Жақсығалиев Ж.Ж. Рысбекова С.Т. Батыс Қазақстан облысының тарихы. – Орал, 2015. – 292 б.*
14. *Әліқұлов К.А. Қазақстан ауылдары мен селоларының 1946 -1980 жылдардағы әлеуметтік жағдайы: тарихы мен сабақтары // Тар. ғыл. докт. дис. – Алматы, 2001. – 262 б.*
15. *Шамиатов И.Ш. Колхозы Казахстана: развитие общественного хозяйства и его социально – экономические результаты (1946 – 1980 гг.). – Алма-Ата: Наука, 1985. – 252 с.*
16. *Қазақстан Республикасының Президенті Архиві, қор 708, 48 тізім, 556 іс, 51, 52, 72, 73, 42, 43, 67 б.*

Рысбеков Т.З., Гани Е.М.

ОБУЧЕНИЕ И РАЗМЕЩЕНИЕ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ В 60–80 ГОДЫ XX ВЕКА

В этой статье описывается сложная работа по подготовке и размещению массовых специалистов для сельского хозяйства в 1960 – 1980-х годах. Также важно отметить, что в подготовке специалистов имеют большую роль высшие учебные заведения, профессионально – технические училища и курсы повышения квалификации. Вопросы подготовки сельскохозяйственных специалистов и мероприятия по их трудоустройству раскрыты на основе использования архивных данных и научных публикаций отечественных историков.

Ключевые слова: подготовка специалистов, факультеты, профессионально–технические училища, курсы повышения квалификации, колхозы, совхозы.

Rysbekov T.Z., Gani E.M.

20 CENTURY OF 60–80 YEARS THE EXTENSION TRAINING AND PLACEMENT

In this article describes the complex work of training and deploying of massive specialites for agriculturfl in the 1960 – 1980 s. It is also important to note that higher education institutions, vocational schools, and refresher courses play a major role in the training of specialists. The questions of training of agricultural specialistis and measures for their employment reveal the main uses of archival data and scientific publications of domestic historians.

Keywords: Training of specialists, faculties, vocational schools, refresher courses, collective farms, state farms.

XVII-XVIII ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ТЕРРИТОРИЯСЫ МЕН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТАРИХЫ

Аңдатпа. Мақалада XVII-XVIII ғғ. қазақ хандығының территориясы мен географиялық тарихына қатысты жер-су атауларының тарихы және Қазақ даласындағы қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі соғыс болған «Аңырақай», «Қарасиыр» шайқасы болған жерлердің тарихи кеңістігін анықтаған. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ даласындағы «Үлкен Орда қонған», «Қалмақ-шаңғар», «Қалмаққырылған» т.б., топонимнің атауларының тарихы деректер негізінде жете талданған. Мақала авторлары қазақ хандығы кезеңінен бастау алатын XVII-XVIII ғғ. қазақ хандығының территориясы мен географиялық тарихына қатысты жер-су атауларының тарихы және үш жүздің жаз жайлау, қыстық қыстау көші-қон маршруттық қоныстарының бағыттарының тарихи кеңістігі мен географиялық алып жатқан аймақтарын деректер негізінде қарастырған. Сонымен қатар қазақ хандығының көрші елдермен шектескен шекараларының географиялық тарихына тоқталған. Ұлытау ұғымына түсінік береді. Қазақ даласындағы қазақ-жоңғар соғысы кезіндегі соғыс болған «Аңырақай», «Қарасиыр» шайқасы болған жерлердің тарихи кеңістігін анықтаған. Қарастырылып отырған кезеңдегі қазақ даласындағы «Үлкен Орда қонған», «Қалмақ-шаңғар», «Қалмаққырылған» т.б., топонимнің атауларының тарихын жете талдайды.

Тірек сөздер: Топономика ел, қазақ хандығы, география, тарих, қауым, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз, жайлау, қыстау, қала, шекара, өзен, қоныстар, қоныс аударушылар, рулар, Жоңғар хандығы, жер иеліктері, тайпалар, Ұлытау, Ақтабан шұбырынды, Қазақ ордасы, қалмақ, картография, Аңырақай, халық, этнотерритория, меридиан.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Біз жаңғыру жолында бабалардан мирас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек [1], деген болатын. Ел тарихымен туған жер тарихын жас ұрпақ біліп өсуге тиіс. Осы орайда XVII-XVIII ғғ. қазақ хандығының территориясы мен географиялық тарихын мақаламызға арқау етпекпіз.

Қазақстанның XVI-XX ғасырлардың басындағы негізгі халқының құрамын қазақтар құраған, олар Еуразияның көшпенді және түркі тілдес ең ірі халықтарының бірі болған. Аутентикалық және көрнекі тарихи көздердің болмауы салдарынан қазақтардың XVI-XVIII ғасырдың басындағы шынайы және сенімді тарихы бізге әлі күнге дейін белгісіз және оны толықтай қалпына келтіру екіталай. XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап, орыс жазба көздерінің пайда болуынан кейін жағдай толықтай өзгереді. Қазақтар terra incognita болуды қойып, тарихи көздерде жеткілікті түрде көріне бастайды. Осы жағдайдың арқасында қазақтар тарихи үдерістің субъектілері ретінде әлемге танылып, дәл сол уақыттан бастап оларға тарих тұрғысынан назар аударыла бастайды, ал кейіннен тіпті ғылыми зерттеу нысанына да айналады [2].

XVIII ғасырдың бірінші ширегінде қазақ қауымдық құрылымдарының ең көп бөлігі аймақтың оңтүстік, орталық және солтүстік-шығыс жақтарында шоғырланған. Ұлы жүз қазақтарының қысқы жайылымдары – Оңтүстік Балқаш

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

өңірінің құмдарында, Мойынкұмда, Іле, Шу және Талас өзендерінің аңғарларында, ал жазғы жайлауы Тянь-Шань мен Қаратау жотасының солтүстік сілемдерінде орналасты. Аймақтың оңтүстігінде Ұлы жүздің көшіп-қонатын өңірі Ташкент қаласы мен оған жапсарлас жатқан қалаларды және отырықшылық-егіншілік қыстақтарды қоса алғанда, Ферғана алқабының солтүстік-батыс бөлігіне дейін жетіп, Шыршық және Арыс өзендерінің аңғарларына дейін созылып жатты және Сырдария маңында Бұқара хандығымен шектесті, ал оның Жетісу аумағы арқылы өтетін солтүстік шектері Орта жүз қазақтары қоныстанған ауданмен тікелей ұласты. Орта жүз қазақтары ол кезеңде Солтүстік-шығыс, Орталық, ішінара Оңтүстік-шығыс Қазақстанның кең байтақ кеңстігін алып жатты. Олардың шекаралары оңтүстігінде Сарысу өзені және Шу өзенінің төменгі ағысын бойлай Сырдарияның төменгі ағысына өтті, Жоңғар хандығымен шектесті. Ол жақтан Арал теңізі – Ырғыз – Торғай шебі арқылы солтүстікке қарай созылып, сол учаскіде кіші жүздің шығыс қоңыстарына ұштасты; одан әрі Тобыл салаларын, Үлкен Торғай өзенін және Торғайдың жоғарғы ағысындағы көлдерді бойлай жүріп, сол жерде Сібір жолындағы Башқұрттардың қоныстарымен шектесті. Солтүстігінде олар Нұрамен Есілдің жоғарғы ағысына қарай Есіл бойы даласымен Ертіс бағытында, ал шығысында Ертісті бойлай Ямышев көліне дейін жалғасып, Тобыл-Ертіс өзендерінің аралығында орыс қоныс аударушыларының поселкілерімен, сібір қазақтарының станицаларымен және барабин татарларының қоныстарымен тоғысты. Ямышевқадан оңтүстікте жоғарғы Ертіс өңірінде Орта жүз рулары қазақтарының Жоңғар хандығымен тағы да ортақ шекарасы болды, ал Жоңғарлардың жер иеліктері бұл арада Ертістің сол жақ салалары – Шар, Аягөз және Бақанасқа дейін жетіп жататын [3, 96 б.].

Кіші жүздің жері қазіргі Батыс Қазақстан аумағында орналысып, шығысында Орта жүздің қоныстарына, ал оңтүстігінде Қарақұм құмдарына қарай және Сырдарияның төменгі ағыстарына дейін қарақалпақтардың қоныстарына, сондай-ақ Түркістан қаласы аймағына қарай созылып барып, онда Ұлы жүзбе Орта жүз тайпаларына шектесті. Оның жазғы жайлаулары Үстірт жазығында, сондай-ақ Ор, Жайық, Елек, Жем, Темір өзендерінің салаларының бойында, Мұғалжар тауы аймағында, ал қысқы қыстаулары – Ырғыз өзені, оның салалары ауқымында, Сырдарияның төменгі ағысын бойлай, Ырғыз бассейнінің оңтүстік жағында (Тәуіп құмдары), Арал теңізінен батысқа қарай (Сам құмдарына дейінгі шағыл құмдар), Маңғыстау түбігенді, Атырау алқабында, Нарын құмдарында (Каспий теңізінің жағасына қарай) орналасты. Орта жүз Орталық Қазақстанды алып жатты, оның жазғы жайлаулары мен қысқы қыстаулары. Сарысу өзенінің бойында, Есілдің жоғарғы ағысында, Тобыл салаларының, Торғай өзенінің бойында, Ұлытау мен оған жапсарлас жатқан көлдер аумағында болатын. Батысында Еділ қалмақтары қоныстанған өңірмен шектесті, ал солтүстігіне жақынырақта – Ырғыз, Ор және Елек өзендерінің орта ағысы алқаптарында – олардың Ноғай жолының башқұрттармен шекарасы өтті.

Қазақтар Орталық Қазақстанның орасан зор аумағын Сарыарқа деп атайды. Өз кезегінде, Сарыарқа – тарихи символ. Мұнда қазақтардың материалдық және рухани мәдениетінің өзіндік дәстүрі бар. Ұлытау Сарыарқаның інжу-маржаны болып табылады. Айтар болсақ, Ұлытау ұғымына таулардың, өзен-көлдердің тұтас жүйесі кіреді. Оған оннан астам таулар енеді, олардың арасында Кішітау, Арғанаты, Желдіадыр (Желтау), Қуадыр, Ұлытаудың өзі және басқалары бар, Жезді, Жыланды, Сары Кеңгір, Қара Кеңгір, Бұланты өзендерімен, Сарысу ағысының едәуір бөлігімен, Терісаққан, Керей, Қыпшақ, Жақсы Қон, Қара Торғай, Сары Торғай өзендерінің жоғарғы ағыстарын қоса алғанда, осы бүкіл таулар жүйесі орасан зор аумақты алып жатыр [3, 139 б].

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

Жапсарлас жатқан аумағымен қоса Ұлытау кімнің қолында болса, сол бүкіл Орталық Қазақстанда үстемдік еткен.

«Ақтабан шұбырынды» жылдарында жоғарғы Есіл өңірінде, Көкшетау қыраттарында, Ерейментауда жоңғарлар үстемдік еткені мәлім. Олардың қауымдары қазақтардың қоныстарымен өте жиі қатар өмір сүрді. Ұлытаудың таулар жүйесінен Ерейментау және Көкшетау тауларына шығатын жерде жоңғарлар өз анклавтары орталықтарының бірін құрды. Нұра өзенінің төменгі ағысында олар Батұғай (Батугай) қонысын нығайтты. Онда едәуір көп тұрғын үйлер мен діни орындар, шаруашылық құрылыстар салды. Мұнда әскери мақсаттарға арналған тас бекіністер және жоңғар шонжарларының жылтыр қышпен безендірілген тұрғын үйлері де болды. Мұндай қоныс тұрғызудың бірден істелуі мүмкін емес және бұл оның иелері сол жерде км дегенде бірнеше онжылдық бойына орналасқанын көрсетеді. Сол арқылы қазақтардың Ұлытауға шығуы солтүстік жағынан жабылып тасталды. Дегенмен, ауызша аңыздарға қарағанда, бұл жерден қазақ және жоңғар қауымдары көбінесе қатар көшіп, оңтүстікке Сарысу және Шу өзендеріне дейін барып жүрген. Жоңғар хандығының XVII ғасырдың аяғында жасалған картасы сақталып қалынған. Зерттеушілердің пайымдауынша, картаның барлық белгілері XVII ғасыр аяғына жатады. Картаны да, белгілерін де Цин императоры Кансидің сарайы жанында қызмет еткен иезуиттер жасаған. Картада Ұлытау, Кішітау таулары, Кеңгір, Сарысу өзендері көрсетіліп, осының бәрінің үстіне ірі әріппен «Қырғыз-қазақ Қазақ ордасы» деп жазылған [3, 140 б.]. Демек, бүкіл Ұлытау жүйесі Қазақ хандығының құрамына кірген.

XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында қазақ жасақтары мен жоңғарлар арасындағы соғыс қимылдары Ерейментау және Желдіадыр таулары аралығындағы шеп бойынша, әсіресе Нұра өзенінің төменгі ағысы ауданында өткен. Бұл ауданда қазіргі кезде де жоңғарлар зираттары көп. Олардың бір бөлігі XVII ғасырдың аяғы – XVIII ғасырдың басында пайда болған. Шолаққорған кентінің солтүстік жағында 60 шақырым жерде жоңғар алдыңғы бекініс шебінің, Талас өзенінің төменгі ағысында Қалмақ деп аталатын арықтың пайда болған кезі де сол тұс.

Ұлытаудың таулар жүйесіне иелік ету соғыс барысында маңызды кезең болды. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» барысындағы аса маңызды шайқастардың бірі Ұлытау етегінде өтті.

20-25 мың атты сарбаздан тұратын қазақ қолының, көз ілеспес шапшаңдықпен кенеттен пайда болуы Ұлытауға кіреберістегі табысқа жетуді айқындап берді. Жол-жөнекей кездескен көшпелі жоңғарлар қашып, амалын тауып құтылуға тырысты. Алайда 1728 жылдың көктемінде Ұлытау етегінде, Қарасиыр деген жерде қазақ әскерлерінің жоңғарлармен ірі шайқасы өтті. Шайқастың басталуын, оның барысын, көшпелілердің негізгі қырылған жерлерін ауызша аңыздар, өткендегі зерттеушілердің жарияланған еңбектері бойынша ғана емес, картографиялық деректемелер бойынша да анықтауға болады. Нақ солар қазақ жасақтары Қаратау және Сарысу бойы жағынан шығып, Білеуті өзеніндегі діттеген аймаққа келді деген ойды растайды.

Батыс Сібірдің 1920 жылы он шақырымдық өлшеммен басып шығарылған картасында Қарағайлы саласының Білеуті өзеніне құйылысындағы жер туралы маңызды ақпарат бар. Бұл арадағы зират Қалмақ-шаңғар деп аталады. Үлкен еспе Білеуті өзенінің орта ағысы бойындағы басқа бір жер «Қалмаққырылған» деп белгіленген. Алайда осы топонимнің екеуі де Білеуті өзенінің Қарағайлы саласымен қосылысындағы жер атауына қатысты [4, 170 б.].

Соғыс қимылдарының басы нақ Білеутінің Қарағайлымен қосылысына жақын жатқан жерден басталады. Осы арада шайқастың басында жоңғарлар

алғашқы елеулі шығындарға ұшырады. Қазақ жасақтары табысын дамыта білді. Бұл орайда жоңғарлар шегінуінің бағытына жергілікті жерге тән жер бедері әсер еткен. Шайқас болған кең жазық Қарасиыр деп аталған. Бұл жер Бұланты және Білеути өзендерінің аралығында жатыр.

Соңғы жылдардағы тарихи әдебиетте Итішпес Алакөлдің орналасқан жері туралы барған сайын дау айтылып жүр. Ә.Диваев «Аңырақай» «Итішпес көлі маңында, Алакөл жағында... Арал теңізінен солтүстікке таман жатқан тауларға қарай» жатыр деп санаған. Жер жағдайын жақсы білген М.Тынышбаевтың «Аңырақай Ә.Диваев көрсететін жерде емес, Балқаш көлінің Оңтүстік шетінен оңтүстік-шығыс жағында 120 шақырым жерде жатыр, ол қазақтар арасында «Итішпес деген атпен мәлім» деп санауы орынды [5, 145 б.]. Солай бола тұрса да, «Алакөл» көлінің орналасқан жері туралы пікірталас жалғасып келеді.

Көлдің картасын Аңырақай шайқасынан кейін 180 жыл өткен соң XIX ғасырдың басында Ресей патшалы империясы Қоныс аудару басқармасының П.П. Румянцев басшылық еткен арнаулы ғылыми экспедициясы жасаған. Ол өз қорытындысында «Алакөлдің суы тұзды-ащы... ал жағалаудан 15-20 шақырым ұзағанда тұщы бастайды, былайша тұщы дерлік» деп атап өткен [6, 74 б.].

Осындай сорлардың бірінде, Қошқарбайтұз деген жерде, XX ғасырдың басында тұз өндірілгені мәлім. Оның бір бөлігі түйемен Әулиеата, Пішпек және Верный уездеріне тасып апарылған.

Қоныс аудару басқармасы экспедициясының материалдарында Алакөл көліне сипаттама берілген. «Батпакин және Аиргизен» алқаптарында, - делінген онда, - Алакөлдің жалғауы жалаңаш; тек кей жерлерде судың жағасында ұсақ тал мен аласа қамыс өседі; соңғысы ішінара су басып жатқан қайрандарда да өсіп тұр. Көзге көрінген аралдардың жағалаулары да осындай. Аталған алқаптардың батыс жағындағы жағалау жартасты, солай болғанның өзінде тас сирек ұшырасады. Шығыс жағында – жағалау ойпатты, қамысты, қамыс (дұрысырақ айтқанда, құрағы) барған сайын биіктеп, қалындай түседі, ал Іленің тармағы Топарға жақындағанда Балқаш өңірінің тұтас «джунглиі» басталады. Алакөлдегі су деңгейі біркелкі емес, ол толқын ұрған сызығынан жақсы көрінеді» [6, 75 б.].

Алакөл мен Аңырақай таулары арасында әредік төбелер ұшырасады, шоқ-шоқ баялыш, изен, жыңғыл өскен сортаң-құм дала жатыр. Аңғарларда ебелек аралас жусан көп. Неғұрлым терең сайларда ши қопалары, Хантауға жақындағанда тіпті құраққа кездеседі. Қоныс аудару басқармасының комиссиясы Алакөлде бытырап жатқан, өз бедерімен, өз топырағымен және өсімдіктерімен көршілес шоқалақты далаға, шығылдарға ұқсас көптеген аралдар бар екенін айта келіп, ол кезінде шығанақтардың түбі болған деп жорамалдаған.

Аңырақайдың шығысында Қарой алабы жатыр. Аңырақай таулары (ұзындығы – 75 км, ені – 5 км) Шу-Іле су айрығы жүйесіне жатады. Аңырақайдың батыс сілемдерінен Қарой алабын (шығыс жақта Күрті және Қаскелен өзендері арасында жатқан және Іле өзеніне дейін жететін Қарой жонымен шатыстырмау керек) биік емес Құлжабасы жотасы бөліп тұр. Аңырақай тауларынан Ақсүйек сай, жусан дала жағына баратын Бестамақжол жолына қарай бес сай шығады.

Шу-Іле су айрығының жоталары мен шоқылары арасынан Хантау ерекшеленеді, онда жақындағанда қиыршық тас, кейде тау жыныстары шашылып, көбінесе тақтатастар жер бетіне шығып жатады.

Аңырақай экспедициясы Буырыл Байтал станциясынан Хантауға бағыт алып, атақты Қаңарыққа шықты. Бұл ордың тереңдігі қазір бір метрден сәл артық, ені екі метрге жуық, оның жағалары әлдеқашан құлап, шөп басып кеткен. Бұл ұзындығы бірнеше жүз километрге созылатын алып құрылыс, аңыз бойынша, ол кезде Балқаш, Іле және әсіресе Топар бойында табын-табын болып

жүрегін құлан аулау кезінде Жошы қаза тапқаннан кейін Шыңғысханның әмірімен қазылған. Әлемді дірілдеткен ұлы хан қаһарына мініп, «Балқаштың Қордайға дейін арық қазуға әмір беріп, оның жағасына өз жауынгерлерін қойған, ал айдаушылар оларға Топардан құландарды қуып әкелген. Сөйтіп, арықтан бірде-бір құлан секіріп өте алмаған, ал ол жиегіне дейін қырылған... құландардың қанына толған. Сондықтан да «Қанарық деп аталған» [6, 78 б.].

Сонымен Хантау таулары мен шоқылары аласа, сусыз, топырағы сазды, қиыршық тас басып жатқан, өсімдік өспейді деуге болатын аудан, жоңғарлармен ұрыс жүргізу үшін Аңырақай тауларынан әлде қайда қолайсыз еді.

Бүкіл қазақ жасағы алдын ала ұрысқа тиімді жағдайға орналысып алды. Хантаудағы «Үлкен Орда қонған» деген жерге Орта жүз ханының ордасы орналасты. Кіші жүз ханының да ордасы сонда болды [5, 145 б.]. Қазақ жасақтары Іле өзенінің аңғарындағы, Жусан даладағы тоғайлы ормандарға жайғасты. Жоңғарлардың тылында «Итішпес Алакөл», сусыз дала жатты.

Жау тылында Ақсүйек сай болды. Оған жақын жерде картада Әбілқайыртау көрсетілген. Әбілқайыр ханның ордасы мен Кіші жүз жасағы сонда орналасқан деуімізге негіз бар. Сонымен жеңіліс тапқан жағдайда жау «Итішпес Алакөлге» қарай шегінуге мәжбүр болатын еді, шынына келгенде, ақтық шайқас та сонда болса керек.

М.Тынышбаев өз замандастырының назарын қазіргі Подгорное селосы ауданындағы «Әбілқайырсай» деген атау мен Сұңқайтты (дәлірегі «Сұмқайтты – «жау қайтты» болар) өзеніне аударады. Тегінде осы орасан зор шайқас кезеңдерінің бірінде осы жерлерде ұрыстар жүрсе керек.

Сонымен Аңырақай шайқасының ұрыс қимылдары болған алқап 200 километрдей жерді алып жатыр. Оны ғасыр шайқасы деуге болады. Аңырақай шайқасы далалық Қазақстанның және Қазақстан оңтүстігінің таулы әрі шөлейіт аудандарының шекарасында өткен. Мұндай жер кездейсоқ таңдап алынбаған. Шайқас өтетін жер дұшпанды талқандау жөніндегі ойдың жалпы айла-тәсіліне орайласады, ол жеңіліс тапқан жағдайда Іле өзенінің басына дейін тоқтаусыз шегінуге мүмкіндік береді. Сонымен, бұл шайқасқа керісінше, қазақтар жоңғарларды мәжбүр еткен.

Балқаштың солтүстік-батыс жағында өзеннің өзі жағынан жел өткізбейтін Шу-Іле таулары созылып жатыр. Жел сондай-ақ Қызылқұм мен Мойынқұм жағынан да соғады. Аңырақай тауларының қасында Желдітау, Желдібел орналасқан. Аңырақай тауларында жел аңырап соғатын сияқты (Аңырақ жел). Сонымен бірге халық Аңырақай – жеңіліс тапқан жоңғарлар аңырап жылаған жер деген аңыз шығарған.

1730 жылы жазға салым қазақ жасақтары өз аттарын Мойынқұм құмдарында, Бүркітті, Шабакты, Қарақоңыз, Ырғайтты, Шу өзендерінің аңғарларында тыңайтып алып, Хантау, Аңырақай таулары өңіріне шықты.

Аңырақайдағы шайқасқа Әбілқайыр хан басшылық етті. Нақ осы шайқас оның саяси қызметінің шарықтау шыңы болды. Шайқасқа барлық үш жүздің жасақтары қатысты.

1736 жылы орыстың ішкі, сыртқы аймақтарының географиялық картасын жасаған В.Н. Татищев «Қалмақтардың батысында Сібірді бойлай біз «Қазақ ордасы» деп атайтын Қырғыз-қайсақ жұрты тұрады. Олар Итық үстіртінен сәл жоғарырақ тұрады. Халқы далада еркін көшіп-қонып өмір сүреді, айшықталған нақты шекарасы айқындалмаған, кейде аяқасты шабуылдарға бой ұсынып кететіні болмаса, жайшылықта Тобыл өзенінен бері өтпейді» деп жазады [7, 49 б.].

XVII-XVIII ғасырдағы қазақтың тарихи-географиялық картасы жайлы түрлі энциклопедияларда анықтамалар берілген. Бұл туралы Мұхтар Құл-

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

Мұхаммедтің «Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі» атты зерттеу еңбегінде талданды [8, 60-61 б.].

Орыстар Сібір, Қажы-Тархан (Астрахань), Қорған, Омбы, Орынбор, Сарытау даласы, Еділ, Жайықтың кеуде бойын жаулап алғаннан кейінгі Қазақ территориясының жайын А.И. Левшин төмендегідей талдап көрсетеді. «Қырғыз-қазақ ордасының қиыр солтүстік нүктесі солтүстік ендіктің 55 градусындағы Омск қамалынан алыс емес жатқан Ертістің сол жақтауы. Бұл орданың оңтүстіктегі көшпенділері ендіктің 42 градусына сәл жете бермейді. Батысымен шығыс аралығы 68 градус 35 минут, шығыс меридианның 102 градус бойлығына жетіп жығылады. Ал елдің солтүстік шекарасын төмендегі элементтер құрайды: әуелі Алтай жотасының бөлімдері, Ертіс өзені, Ертістен Тобыл, немесе Сібірдің таулы қойнауы деп аталатын Звериноголовск бекіністері, одан Тобылдың ұялы басына дейін, одан ары Уй, Тобыл өзені, одан ары Уя, Спасск қамалынан басталып Орал, Орынборға дейін, мұны сәл анықтап айтар болсақ, басы Бердянка өзені бойымен тағы да Оралға дейін жалғасады. Батыс шебі Орал, Каспий бөлімдерімен шектелсе, Қазақ жерінің шығысы Каспийдің оңтүстігінде Аралға дейін көшіп-қонып жүрген түрікпен жерімен түйісіп, одан ары Хива, Ташкент, Түркістан, Қара қырғыздар (немесе Бурут) иелігіне дейін жалғасып жатыр. Орданың шығыс шекарасын кіші Бұқарадан солтүстігіне қарай орыс шебіне дейін жалғасатын Қытай бекіністері құрайды» [9, 19-20 б.], деп жазған. XVIII ғасырдың картасы осындай. Қазақ территориясының қалыптасуы тарихтың аса күрделі құбылысы. Оның қалыптасуы Ашшель-мустье дәуірінен басталып XV-XVI ғасырда аяқталды. Мемлекеттік территория, этнобірлік қалыптасуының ұйытқысы Ақ Орда болды. Осыған байланысты тарихшы Амантай Исиннің «XIII-XIV ғасырларда Көк Ордаға қарасты Ертіс пен Сырдария аралығындағы көз жеткізсіз дала, жартылай шөлейт аумақ Қазақ халқының этнотерриториясының негізі болды. Көк Орда билігінің құлауы, Ноғай ұлысының нығаюы, тіптен XV ғасырда «Көшпенді өзбек» мемлекетінің уақытша өрленуі Ертіс-Жайық атты екі дария аралығындағы кеңістікте Қазақ этнотерриториясының қалыптасуының бекемденуіне бөгет бола алмады» [10, 21 б.] деген пікір айтады.

Қорыта келе айтпағымыз, қазақтың этнотерриториясының қалыптасуының негізгі факторы – халық. Бұл - бір. Екіншіден, антропологиялық бет-бейнесі тұрғысынан қазақ ұлты еуропа келбетті жергіліктер мен әр кездерде шығыстан батысқа жылжып қоныстанған монголоидтық типке жататын түріктердің араласуымен қалыптасқан ежелгі ұлт тобы болып табылады. Халықтың этно-мәдени, этно-саяси топтасуы этнотерриториясының қалыптасу процесімен қатар жүрді.

Үшіншіден, байтақ өлкеміздің әр тарапынан ұшырасатын жер аттарының XVII-XVIII ғғ. қазақ хандығының территориясы мен географиялық тарихына қатысты жер-су атауларының тарихы қазақ-жоңғар соғысының өткен тарихының куәсі ретінде сыр шертеді.

Өлкеміздің жер-су атаулары сырттай қарағанда мән-мағынасы, кескін-кейпі соншалық жұмбақ дүние болып көрінгенімен, мұндай есімдердің де ғайыптан пайда болмағаны аян, олардың да дүниеге келіп, халық жадында, тілінде сол бағзы бір күйінде орнығып, өмір сүруінің арғы астары, терең тарихи сыры бар. Мұны зер сала танып, зейін қойып зерттеудің, оның тамырын қазбалап, қайдан келіп, қайдан тұрған сөз екенін жіті ұғынып анықтаудың азаматтық тарихымыздың, ата мекен жеріміздің өткені мен басынан кешкенінен жас ұрпаққа жеткізу адамзаттың білсем деген сауалына жауап беру баршамыздың парызымыз болып қала бермек.

Әдебиеттер:

1. Нұрсұлтан Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір. – Б. 1-2.
2. Масанов Н.Ә. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевнического общества. Изд.2-е, дополненное / Сост. Л.Е. Масанова, И.В. Ерофеева. – Алматы: Print-S, 2011. – 740 с.
3. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3 т. – Алматы: Атамұра, 2010. – 768 б.
4. Аполлова Н.Г. Присоединение Казахстана к России в 30-х годах XVIII века. – Алма-Ата, 1948. – 256 с.
5. Тынышпаев М. Великие бедствия. – Алма - Ата: Жалын, 1992. – 152 с.
6. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области. Том IV. Верненский уезд. – СПб., 1913. – 985 с.
7. Татищев В.Н. Избранные труды по географии России. – М., 1950. – 247 с.
8. Құл-Мухаммед М. Орыс энциклопедиясындағы қазақ шежіресі. – Алматы, 1994. – 224 б.
9. Левшин А.И. Описание Киргиз-казацких или Киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996. – 654 с.
10. Исин А. Казахское ханство и Ногайская орда во второй половине XV-XVI в. – Семей, 2002. – 139 с.
11. Алексеенко Н.В. Население дореволюционного Казахстана (численность, размещение, состав). – Алма-Ата, Наука, 1981. – 110 с.
12. Материалы по обследованию туземного и русского старожильческого хозяйства и землепользования в Семиреченской области, собранные под руководством П.П. Румянцева. – Т.1 – Лепсинский. уезд. Вып. I. – СПб., 1911 – 802 с.
13. Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем. – Пб., 1910. – 66 с.
14. Исенов Ә.И., Қалиев Д. Деши-Қытшақ және «Қытшақ» этнонимі // «Азат елдің».
15. Ономастикасы – мемлекетіміздің рухани қазынасы» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Қостанай, Қостанай мемлекеттік университеті, 2017. – Б. 100-105.

Наурызбаева Э.К.

ТЕРРИТОРИЯ И ГЕОГРАФИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА В XVII-XVIII вв.

На основе исторических источников авторы рассматривают историю названий местностей и водоемов с периода образования Казахского ханства в XVII-XVIII вв., а также историческое пространство и географические регионы направлений летних и зимних кочевых маршрутов кочевников трех жузов.

Наряду с этим уделяется внимание истории приграничной географии Казахского ханства с соседними странами. Дается определение понятию Улытау. Определено историческое пространство битв «Аныракай», «Карасиыр» в период казахско-жонгарских войн в казахской степи. Анализируется история топонимических названий в казахской степи «Улкен Орда конган», «Калмак-шангар», «Калмаккырылган» и др. в обозначенный период.

Авторы статьи обосновывают основной фактор формирования казахской этнотерритории - это народ. С антропологической точки зрения казахская национальность является древней этнической группой, принадлежащей к монгольскому типу, смешанной с тюрками в результате перемещения с востока на запад. Также авторы приходят к выводу, что этнокультурная, этнополитическая консолидация населения совпала с процессом формирования этнотерритории.

Ключевые слова: Топонимика, города, границы, река, поселения, мигранты, племена, Джунгарское ханство, землевладение, Улытау, Актабан шубырынды, казахи, казахское ханство, география, история, община, сообщество, средний возраст, джайлау, зима, орда, калмыки, картография, Аныракай, народ, этнотерритория, меридиан.

**Issenov O.I., Nauryzbaeva E.K., Kaliyev D.
TERRITORY AND GEOGRAPHICAL HISTORY OF THE KAZAKH
KHANATE XVII-XVIII cc.**

On the basis of historical sources the authors consider the history of names of lands and reservoirs in the period of formation Kazakh khanate in XVII-XVIII centuries, as well as historical space and geographical regions, directions of summer and winter nomadic routes of three zhuz nomads.

In addition to that, the great attention is paid for the history of border geography of Kazakh khanate with neighboring countries. It is given the definition for notion Ulytau. The historical space of battles “Anyrakai”, “Karasiyr” in the period of Kazakh-Dzhungar war in Kazakh steppes was identified in the investigation. The history of toponymic names of Kazakh steppes was analyzed in the denoted period, such as “Ulken Orda kongan”, Kalmak-shangar“, “Kalmakkyrylgan” and etc.

The authors of the article give the proof of the major factor of Kazakh ethno territory formation – folk. From the anthropological point of view, Kazakh nationality is the ancient ethnic group, which belongs to Mongolian type mixed with Turkic as the result of movement from East to West. So, the authors draw a conclusion that ethno cultural and ethno political consolidation of population coincided with the process of ethno territory formation.

Keywords: toponymy, Kazakh khanate, land tenure, Ulytau, Aktobe pits, geography, history, community, society, medieval, jailau, winter, orda, kalmyk, cartography, Anyrakay, population, ethnoterritory, meridian.

ӘОЖ 94 (574)

Байбулсинова А.С. – тарих ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті,
Сертаева Г. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенті
E-mail: Alfia_b11@mail.ru

**АЛАШОРДА ҚАЙРАТКЕРІ, С.ДАТҰЛЫ ҰРПАҒЫ САЛЫҚ
ОМАРОВ**

***Аңдатпа.** Мақалада ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси көзқарастарының қалыптасуы, саяси партиялар қызметі, саяси қоғамдық істердегі қазақ арасынан шыққан шешен, меценат, Сырым батырдың ұрпағы Салық Омаровтың қызметі туралы жан-жақты көрсетілген. Сол сияқты автор қос төңкеріс жылдарындағы қазақ даласындағы саяси ауыс-түйіс, қоғамдық ойдың жаңаруы кезеңіндегі саяси науқан, билік жүйесіндегі өзгерістерді тарихи деректер мен мұрағат құжаттары арқылы ашып көрсетуге талпынған.*

***Тірек сөздер:** Алашорданың Батыс бөлімі, меценат, Сырым Датұлы ұрпақтары, Алаш партиясы, Бүкілқазақ Съезі, съезд қаулылары, Алашорданың Уақытша халықтық кеңесі, алаш қайраткерлері.*

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылдың 12 сәуірінде жариялаған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының «Бәсекелік қабілет» деп аталған бірінші бөлімінде «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» деген болатын [1]. Сол бәсекелік қабілеттілік тарихқа үділегін болсақ, қазақ жұртында қай заманда да маңызды орын алғандығын дәлелдейтін факторлар жетерлік.

Солардың қатарында, үстіміздегі 2017 жылы 100 жылдығы аталып өтіп отырған Алашорда өкіметін құрған Алаш қайраткерлерінің тағдыры жөнінде көптеген мәліметтер күні бүгінге дейін анықталып келеді. Соңғы кездері ғылыми әдебиеттер мен жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихының басты оқулықтарында, деректер мен құжаттар жинақтарында Батыс Алашорда үкіметінің дамуына атсалысқан көрнекті тұлғалар туралы мәліметтер көптеп жазылып жатыр. Осы мәселеге орай, бүгінгі негізге алынып отырған ғылыми мақаламыз көрнекті тұлғалардың бірі және бірегейі Салық Омарұлы Омаров туралы болмақ.

ХХ ғасырдың басындағы Қазақстанның батыс аймағында белсенді рөл атқарған саяси және қоғам қайраткері, алашордашыл, Жымпиты уәлаятының белсенді мүшесі - Салық Омаров Орал облысы Жымпиты уезі (қазіргі Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы) Өлеңті болысы Жетікөл ауылында 1868 жылы дүниеге келген. Батыс Алашорда қайраткері. Тегі – Байұлына жататын Байбақты руының Дат бөлімі. Қазақ халқының атақты биі, батыры, қоғам қайраткері Сырым Датұлының шөбересі, батырлығына қоса шешен болған, сол үшін ел ішінде «қанатты Қазы» атанған, полковник Қазы Сырымұлының немересі. Өз әкесі Омар да сөз ұстанған, ел ішінде ықпалды адам болған [2, 421 б.]. Ол ата жолын қуып, қазақтың ұлттық тәуелсіздігі үшін белсенді қызмет атқарды. Бұл іске Салық 1916 жылдан бастап араласты. Патшаның қазақтарды тыл жұмысына – окоп қазуға жөнелту жөніндегі тәртібін Өлеңті болысының управителі кезінде орындаудан бас тартқаны үшін орнынан алынып, жазаланды. Салық Омаров 40 жыл бойы Өлеңті болысының управителі болып сайланды. Бұдан әрі де Салық Омаров ел қызметі жолындағы белсенді еңбегімен халық арасында аты аңызға айналған тұлға (қосымша №1).

Салық Омаровтың өміріне, қоғамдық саяси істеріне байланысты деректерді Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясынан [2, 421 б.] және Алашорда энциклопедиясынан [3, 263-264 б.] іздестірілді. Салық Омаров жас кезінен елдің қоғамдық-саяси өміріне ерте араласқан. Алашорда үкіметінің қызметіне қатысқан. Бұл туралы Қазақ автономиясын құру жолындағы қиындықтар жәйында құжаттар мен деректер жинақталған «Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағынан» мағлұматтар алуға болады [4].

Салық Омаровтың ата-тегі және Сырым Датұлы әулетінің ұрпақтары туралы негізгі зерттеулер тарихшы, өлкетанушылар Ж.Ақбайдың «Сырым елі» еңбегінде [5], Қ.Китаровтың «Сырым батыр ұрпақтары» еңбектерінде [6] жан-жақты берілген. Аталған еңбектерде Сырым Датұлының шежіресі байбақты руының тарқатылуы, сол сияқты ол әулеттен тарайтын ұрпақтары мен олардың тағдыры баяндалады. Мағлұматтар негізінен ел аузынан жиналған және фольклорлық деректерге негізделген.

Салық Омаровтың өмір жолындағы саяси-қоғамдық шараларға араласуы және қоғамдық көзқарастарының қалыптасуы туралы жазушы М.Тәжмұраттың «Батыс Алаш-Орда» еңбегінде [7], тарихшы, алаштанушы Д.Сүлейменованың «Алаш қозғалысы және Жаһанша Досмұханбетов» [8] еңбектерінен табуға

болады. Көрсетілген кітаптарда ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы Қазақстандағы Алаш қозғалысының құрамдас бөлігі Батыс Алаш орданың қызметі мен оның сапындағы алаш қайраткерлері туралы, Батыс Алашорда жетекшісі Жанша Досмұхамедов туралы көптеген тың деректер келтіріледі. Осы мәліметтер қатарында біз зерттеп отырған Салық Омаровтың қызметі мен Алаш орда өкіметінің құрылуы барысындағы атқарған рөлі жан-жақты көрсетілген.

Аталған зерттеу еңбектеріне қосымша қазіргі кезде бұқаралық және электронды ақпарат құралдарында берілген мәліметтерде де алаш қайраткерлері туралы, олармен қатар Салық Омаров туралы <http://yvision.kz/post/30645> сайты «Екпін» жобасы «Алаш» айдарынан [9] және <https://baq.kz/kk/news/dereker/alashorda-ukimetinin-tolik-kurami-168> сайты [10], Дәулетқали Асауов «Алашорда үкіметінің толық құрамы» атты мақалада жазылған [11]. Қайраткердің Батыс Алашорда тарихында атқарған маңызда қызметі туралы қазақ жазушысы С.Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи романынан [12] табуға болады.

Ғылыми мақаланы дайындау барысында мұрағат құжаттарымен жұмыс жасалды. БҚО Орал қаласында орналасқан Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатындағы 992 қор (Материалы по конфискации имущества крупных баев Уральского округа) №5 Іс құжаттары [13] пайдаланылды. Сол сияқты зерттеу жұмысының негізгі деректері Қазақ мәдениет қорының Батыс Қазақстан облысының бөлімшесі құжаттары, оның ішінде «Сырым батыр Датұлы» қоры [14] деректері пайдаланылды.

1. *Салық Омаровтың ата-шежіресі.* Қазақ халқында жеті атасын, үш жұрттың тілін білу замандар қойнауынан белгілі иісі қазақтың міндеті. Еліміздегі қол бастаған көсем, сөз бастаған шешен Сырым Датұлының ұрпақтары екендігімізге әрқашан мақтан етеміз.

Ақылдығымен, шешендігімен, әділдігімен көш бастаған осы Сырым бабамыздың тарихта аты қалған ұрпақтары аз емес. Солардың бірі есімі ел аузында сақталған ХХ ғасырдың басында алмағайып өкіметтердің ауыспалы заманында еліміздің, өлкеміздің тәуелсіздік жолына түсуін қызу қолдап Алаш орда өкіметінің құрамында қызмет жасаған ауызы дуалы би – Салық Омарұлы.

Алдымен Салық Омарұлының ата-шежіресін тарқатып көрсек.

Салық Омаров 1928 жылы айыптауға қарсы өзінің мал-мүлкін тәркілемеу туралы өтініш арызында: *«Сырым батырдың ұрпағымын, бұрын болыстық управитель болғаным мені тізімге енгізуге себеп болған сияқты.*

Мен, шынымен де Сырым батырдың ұрпағымын, Сырым батырдың ел мен халықты бағынышты хандық жүйеге қарсы, қазақ халқының азаттығы үшін көтерілісті бастап шыққаны тарихтан белгілі.

Яғни, қазақ халқы мақтан тұтатын Сырым батырдың ұрпағы мені қылмыскер ретінде құқығым мен қолда барымнан айырып, отбасыммен айдауға жіберді» -деп жазады. Сонымен Датұлы Сырымның 4 әйелі болған. Даттың екінші әйелінен – Дүрданадан – Сырым, одан Қазы, одан Омар әулеті, Омардан Салық Омаров тараған.

2. *Алаш Орда өкіметіндегі қызметі.* Алаш қозғалысының басты мақсаты – Қазақ елінің өзін-өзі басқару, ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құру құқын метрополияға мойындату, түбінде дербес мемлекет құру, қазақ жерлеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қою, әлемдік озық тәжірибені пайдалана отырып, дәстүрлі мал шаруашылығын өркендету, сонымен қатар егіншіліктің, өнеркәсіптің дамуын қамтамасыз ету, нарықтық қатынастарға жол ашу, жеке адам құқығын және басқа демократиялық принциптерді қадір тұту, ұлттық мәдениетті өркендету, оқу жүйесінің, тілдің дамуына қажет шарттар түзу

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

болды. Қазақты «ұлт» ретінде сақтап қалу болды. Солардың бірқатары туралы нақтылы деректер келтіре кетсек.

Алашордалықтарды ұлтшылдар ретінде 1929-1931 жылдар аралығында құрта бастады. Олардың ішінде Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, Жаһанша, Халел Досмұхамедовтар секілді алаштың арыстары болды. Енді өзіміздің өлкеміз Батыс Қазақстан облысындағы қуғын – сүргінге ұшыраған қоғам қайраткерлердің бірі осы зерттеліп отырған қайраткер Салық Омаров 1917 жылы шілдедегі І Жалпықазақ Съезіндегі Құрылтай жиналысына қатысқандардың тізіміне енді. Сол жылы жазда елде Земство Съезін шақыру жөніндегі уездік ұйымдастыру комитетінің жұмысына қатысты, осы орайда И.Қашқынбаев, М.Балтанов бастаған топпен, арада ру алақөздігінен туған қақтығысқа араласты [7].

Салық Омаровтың қоғамдық қызметі 1917-1918 жылдардағы Орал облыстық қазақ комитеті атқару органының құрамында мүше болған кезінде ерекше көрінеді. Орал облыстық қазақ комитеті- 1917-1918 жылдары Жайық өңірінің сол жақ жағалауын қоныстанған қазақ ауылдарын басқару мақсатында құрылған атқару органы болатын. 1917 жылы 19-22 сәуір аралығында Орал қаласында өткен Жайық сырты қазақтарының бірінші сиезінде бұрынғы Жайық сырты бөлігін басқару жөніндегі уақытша комитеттің орнына құрылады. Комитетке мүше болып Ж.Досмұхамбетұлы, Ы.Тоқберлиев, Х.Тасымов, Т.Сарыбөпин, Е.Мұханов, Д.Сәрсенбаев, Ғ.Әлібеков, Д.Күсіпқалиев, Б.Жанқадамов, К.Жәленов, Х.Досмұхамбетұлы, Ғ.Есенғұлов, С.Қаратілеуов, Д.Жұлдызов, Ы.Топтаев, С.Қаратілеуов, Б.Жұмағалиев, С.Омаров және Б.Тілепин сайланады. Комитет бірінші Орал Облыстық қазақ сиезінің Жайық сырты бөлігіндегі бұрынғы төрешіл- бюрократтық басқару жүйесін коллегияльды халықтық басқару жүйесіне ауыстыру жөніндегі шешімінен туындаған барлық қаулы-қарарды жүзеге асырумен шұғылданды. Орал қаласындағы, уездердегі қазақ қаржысына салынған жылжымайтын дүние-мүлікті есепке алып, қазақ пайдасына қызмет еткізу, елден ерікті жылу жинау, оқу орындарын ашу, жәрмеңкелер өткізу, азық-түлікпен қамтамасыз ету, басқа қоғамдық ұйым мекемелермен байланыс жасау ісімен айналысты. 1917 жылы 1-5 маусымда Ойыл жәрмеңкесінде екінші Орал облыстық қазақ сиезін өткізді, осы сиезд аясында бас қосқан комитет мүшелері жиналысында Жайық сырты бөлігінің жер басқармасын сайлайды, сол жылы күзде Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы мүшелерін сайлау және екінші жер басқармасы құрамын сайлау науқанын өткізді. 1918 жылы 18 қаңтарда төртінші Орал облыстық қазақ сиезін шақырды. Соңғы сиезде тартылып өз өкілеттілігін "Ойыл уәлаятының" Уақытша үкіметіне табыстады.

Қазақстан тарихында үлкен бетбұрысты кезең 1917 жылдың 5-13 желтоқсанында Орынборда Жалпықазақ съезі өтті. Бұл съезді ұйымдастырушылар - Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, С.Досжанов, М.Дулатовтар. Съезге Самарханд облысы мен Алтай губерниясы атынан - 58 өкіл, әр түрлі қазақ ұйымдарынан - 8 өкіл, арнайы шақырумен - 15 адам, барлығы - 81 адам қатысқан. Алғаш болып баяндаманы Ә.Бөкейханов жасады. Осы баяндама бойынша қаулы қабылданып, қазақ автономиясы, милиция және Ұлт кеңесін құру мәселерін қарауға жеті адамдық комиссия құрылған. Комиссия атынан Халел Ғаббасов автономия, милиция және Ұлт кеңесі туралы баяндама жасайды.

Мүшелікке кандидаттар:

1. Иса Қашқынбаев (1891-1948) дәрігер, Орал облысынан.
2. Нүсіпбек Жақыпбаев (190-1932) дәрігер, Жетісудан.
3. Ережеп Итбаев (1873-1930) заңгер, Шығыс Қазақстаннан.

4. Сатылған Сабатаев (1874-1921) Қаскелеңнен.
5. Есенғали Қасаболатов (1889-1938) дәрігер, Оралдан.
6. Батырқайыр Ниязов (1872-1924) заңгер, Бөкей ордасынан.
7. Мұқыш Боштаев (1888-1921) заңгер, Баянауылдан.
8. Сейілбек Жанайдаров (1884-1929) заңгер, Атбасардан.
9. Сәлімгерей Нұралиханов (1878-ө.ж.б) заңгер, Бөкей ордасынан.
10. Өмір Алмасов (?-1922) халық мұғалімі, Торғайдан.
11. Сейдәзім Қадырбаев (1885-1938) заңгер, Торғайдан.
12. Аспандияр Кенжин (1887-1938) халық мұғалімі, Атыраудан.
13. Молданияз Бекімов (1882-1930 жылдардан соң белгісіз) әскери қызметкер, Оралдан.

14. Есен Тұрмағамбетов (?-?) Торғайдан.

15. Жанеке (Жақып) Солтанаев, мал дәрігері, қырғыз [3].

Салық Омаров 1917 жылы желтоқсандағы ІІ Жалпықазақ Съезінде Алаш автономиясының Уақытша Ұлт Кеңесі (Алашорда) мүшесіне кандидат (мүше орынбасары) болып сайланды. 1918 жылы қаңтарда Қаратөбеде өткен ІІІ Орал облысының Қазақ Съезіндегі идеялық емес, топтық жікке бөліну тұсында Жаһанша және Хәлел Досмұхамедовтер жақтастарының қатарында болған [2, 220 б.].

1918 жылы күзде Самарадағы Құрылтай жиналысы мүшелері тарапынан мойындалып, күшейе бастаған Батыс Алашорда үкіметінің қызметіне араласты. 1919 жылы қаңтарда Қаратөбе ауданында өткен Ойыл облысы Земство управасы төрағасы Б.Жаңқадамовтың орынбасары болып сайланды. Сол жылы тамыз айындағы Қызыл армияның шабуылы тұсында Алаш әскер-құрамаларын толықтыру үшін құрылған комиссияны және жүзбасы Балғымбаевтың конвой командасын бастап Жымпиты, Калмыков, Тайпақ өңірінде әскерге жігіт алу жұмысын жүргізді. Батыс Алашорданы тарату кезінде Жымпитыда болды.

Бүкілқазақ Съезінің қаулысында Алашорданың Уақытша халықтық кеңесі 25 мүшеден тұрады, оның 10 орны орыстарға және қазақтар арасында тұратын басқа халықтарға беріледі деп көрсетілген. Съезде Алашорда үкіметінің құрамы бекітіліп, оған төмендегідей қайраткерлер мүшелікке: Бөкей Ордасынан – У.Танашев, Орал облысынан – Х.Досмұхамедов, Торғай облысынан – А.Бірімжанов т.б., ал кандидаттыққа: И.Қашқынбаев, Ж.Жақыпбаев, Е.Итбаев, Е.Қасаболатов т.б. сайланады [15, 285 б.].

Салық Омаровтың - XX ғасыр басында Жайық өңірінде орнаған мемлекеттік – автономиялық құрылым "Ойыл уәлаяты" Уақытша үкіметі мүшелерінің құрамында жүріп жергілікпен тығыз қарам-қатынас жасап ел арасынан Алаш әскерін жасақтауға ат салысқан. 1918 жылы сәуір айының соңында Жымпитыда өткен 4-Орал облыстық қазақ сиезінің қарарымен құрылған Үкіметтің құрамына 7 адам: Жанша Досмұхамбетұлы, Хәлел Досмұхамбетұлы, Дәулетше Күсіпқалиев, Өлеңті болысының бұрынғы басқарушысы, С.Датұлының шөбересі Салық Омаров, Саратов университетінің түлегі, экономист Қалдыбай Асанов, Бағдат университетінің түлегі Қуанай хазіреттің баласы, Ғабдол Қосдәулетов мүшелері болып сайланған. Мұнда ақпан төңкерісінен кейінгі жағдайға сәйкес ел ішінді тыныштық сақтау, Құрылтай жиналысына байланысты сайлау өткізуге халықты үгіттеу, обылыстық сиез ашу мәселелері көтерілді. Сиезде қазақ атқару комитеті сайланды. Оның төрағасы Х.Досмұхамбетұлы болды. Уәлаят бірнеше уездерге бөлінді. Олардың тек үшеуі белгілі: Жымпиты уезі (төрағасы – Бижан Жанқадамов), Ойыл уезі (төрағасы – Жанғожа Мергенов), Сағыз уезі (төрағасы белгісіз). 1918 жылы 11 қыркүйекте Ө.Бөкейхан төрағалық еткен Ж. Досмұхамбетұлы, Х.Досмұхамбетұлы, А.Бірімжанов, Ө.Ермеков, М.Тынышбаев, У.Танашев қатысқан Алашорда үкіметінің шұғыл мәжілісінде "Ойыл уәлаяты" үкіметі таратылды [16, 3-4].

2. *Мемлекеттік айыптаулар, өмірінің соңғы кезеңдері.* Қоғам қайраткері Салық Омаровтың өмір жолы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан мен Ресейдегі капиталистік қатынастардың күшейіп, мемлекеттегі билік жүйесіндегі дағдарыс жылдарына сәйкес келді. Сондықтан, Қазақстанның батыс өңіріндегі қоғамдық саяси жағдайлар осы өңірдің С.Омаровтай шаруашылығын дөңгелетіп отырған ауқаттылары үшін үнемі тәуекелге баруға мәжбүр етті. Жергілікті шаруашылықтардың мұндай өкілдері елдегі үздіксіз ауыр алым салықтар мен орыс-казак әскерилері, ресейлік шенеуніктердің қыспағынан жәбір көріп, барлығын Ресей императоры сарайының елді басқарудағы дарынсыздығынан немесе олардың отарлаушылық саясатынын көрді.

Салық Омаровтың қызмет істеген жылдары: 1912 жылы сайлауда орнына орысша сауатты Әжігерей Есеналин сайланғаннан кейін, жеке көзқарастары үйлеспей, уақытша сауда-кәсіпкерлік қызметпен айналысты.

Ол 1917 жылы Ақпан революциясынан соң халықтың өзін-өзі басқару құрылымын түзу кезінде ел ішіндегі көзі ашықтарға және ортағасырлық билік түзіліміне, «азаматына Алаштың» арқа сүйеген. Жаһанша мен Халел Досмұхамедовтер кезінде өз бабалары – тана Малайсары би мен беріш Алдар билер тірек болған Сырымның ұрпағы Салық Омаровты 1917 жылы сәуірде өткен 1-інші Орал облыстық қазақ съезіне арнайы шақырады. Осы кезде Салық Омаров Жайық сырты қазақтарының облыстық комитетіне мүше болып сайланады. Съездегі Салық Омаровтың ықпал күші Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» тарихи- мемуарлық романында сол кезеңнің идеологиялық талабына орайластыра, шындыққа біршама жақын суреттелген [12].

1917 жылы жазда Жымпиты уездік атқару комитетінің жаңа аумақтық межелеу саясатына қарсы шығып, бұрынғы ауылдық-болыстық аумақтық бөліністі сақтап қалуды қызу жақтады. Мұны мемлекеттік сезімі төмендеу, аламандық мінезі күштілеу келетін көшпелі тұрмыс салты ыңғайында жүргізді. Кәрім Жәленов, Бақтыгерей Игіліков басқаратын уатком құрамын күшпен таратып жіберу ісінің басында тұрды.

1917 жылы жазда земстволық съезді шақыруға байланысты құрылған Жымпиты уездік ұйымдастыру комитеті құрамына кірді, уездік земство управасының төрағалығына Бижан Жанқадамовты сайлауға атсалысты. Уақытша үкіметтің 1917 жылдың 3 сәуірдегі үкімімен бекітілген уақытша жер пайдалану тәртібінің орындалу, яғни Құрылтай жиналысына дейін жергілікті халықтан қазына есебінен жаңадан жер алынбауын, жұт жылдары бұрынғы қалған учаскілердің, сондай-ақ бос жатқан мал жайылымдарының күнкөрісі қиындаған ауылдарға бір жылға тегін берілуін қадағалады. Батыс Алашорда Уақытша үкіметі таратылғаннан соң, Орал губкомының Төтенше комиссариаты тарапынан ұсталып, концлагерьге қамалды.

1918 жылы ақпанда Қаратөбеде өткен 3-інші Орал облыстық қазақ съезінде Жайық сырты қазақтарының бөлек облыс болу ниетін қызу қолдап, осыған орай елге түсетін салық ауыртпалығын жұмыла көтеруді жақтады, жаңадан құрылмақшы Алаш әскеріне 200 ат берді. Дінге, ескіше неке қиюға және жекеменшікке қарсы большевиктік саясатты мойындамады.

1918 жылы сәуірде Орал облысы қазақ земство басқармасы мен казактардың әскери үкіметі арасында қол қойылған одақтық келісімшартты қолдап, оны сол жылы Жымпитыда өткен 4-інші Орал облыстық қазақ съезінде бекітуге белсене қатысты. Сол съезде Жайық сырты қазақтарының жоғары билік органы – «Ойыл уәлаяты» Уақытша үкіметіне мүше болып сайланды, жаңа үкімет құрамында жер пайдалану мәселесіне жауап береді.

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

1920 жылы 18 сәуірде 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жөнінде үкім шығарылды. Салық Омаровтың Қазэсревкомға жазған арызынан кейін Ә.Әйтиев, С.Арғыншиевтың араласуымен үкім күшін жойды. Салық Омаров кейіннен елде шаруашылықпен айналысты.

1928 жылы Орал округіндегі ірі байларды тәркілеп, жер аудару науқаны басталар қарсаңында Қызылордаға, Жаһанша Досмұхамедовке келіп, ақыл-кеңес алды. Оралда өзін тәркілеуге іліктірмеу туралы Орал округі бойынша Қазақ өлкелік партия комитетінің уәкілетті өкілі Қ.Сармолдаевқа Жаһанша Досмұхамедовтің жазған хатын әкеледі. Жымпиты ауданы бойынша 28 бай конфескіленіп, жер аударылды. Олардың ең ірілері Салық Омаров, Өтеқожа, Қали Шәуілбековтер болды. Алайда күштеп тәркілеу құрығынан құтыла алмай «жартылай феодал» аталып, бай ретінде, Алаш қозғалысына белсенді қатысушы ретінде мал-мүлкі тартып алынып, Орал округі бойынша тәркіге түскен 113 адам қатарында үй ішімен Жетісу округіне жер аударылды [7].

Қазақ Автономиялы Халық Комиссарлар Кеңесіне Орал округі (бұрынғы Өлеңті болысы), қазіргі Жымпиты ауданы, № 1 қазақ ауылының тұрғыны Салық Омарұлының мұрағаттан алынған арызы:

«Мен 60 жастамын. 57 және 47 жастағы екі әйелім бар. 4 айлық, 3 жас, 16, 17 жастағы – 4 қызым және 11, 13 жарым жастағы екі балам бар, сонымен мені қосқанда отбасы мүшелері – 9 адам.

Менде 7 түйе, соның ішінде өткен жылғы 2 бота; 30 жылқы оның 11-і осы жылғы, 5-6-ы өткен жылғы; ірі қара 30 бас, қой мен өткен жылғы түлектері – 450 бас. Екі әйеліме арналған 2 киіз үй мен 1 қыстағым бар. Тек қана мал шаруашылығымен айналысамын, ешқашан егін еккен емеспін. Жалпы менің малымның саны 140 бастан аспайды. Өзім жартылай көшпелі өмір сүремін. Мені тәркілеу мен жер аударылуы мүмкін тізіміне енгізген. Менің малымның саны декрет белгілеген мөлшерден аспайды, Сырым батырдың ұрпағым, бұрын болыстық управитель болғаным мені тізімге енгізуге себеп болған сияқты.

Мен, шынымен де Сырым батырдың ұрпағым, Сырым батырдың ел мен халықты бағынышты хандық жүйеге қарсы, қазақ халқының азаттығы үшін көтерілісті бастап шыққаны тарихтан белгілі.

Яғни, қазақ халқы мақтан тұтатын Сырым батырдың ұрпағы мені қылмыскер ретінде құқығым мен қолда барымнан айырып, отбасыммен айдауға жіберді. Мен осы 60-қа келген шағымда екі рет (1893 және 1910ж.ж.) болыс управительі болып сайландым. Бірінші рет уез басшысының халыққа зиянын тигізетін бұйрықтарын орындамағаным үшін уақытымнан бұрын (3 жылға дейін) жұмыстан шығарса, екінші рет 1,5 жылдан кейін уақытымнан бұрын биліктің айтқанымен жүрмегенім үшін Орал вице-губернаторы Мордвинов жұмысымнан шығарып тастады. Мені 1916 жылы жігіттерді тыл жұмысына алуға қарсы үгіт-насихат жүргізіп жүрсін деп айыптап, өзіне шақырып алып вице-губернатор Мордвинов мойнымнан жұлқылап асып қоямын және түрмеге қамаймын деді.

Сонда 3 жарым жылдық үзіліспен болыс управительі болған қызметім осындай ауыр жаза жер аударылуыма негіз бола ала ма?

1918 жылы казак үкіметінің қарсылығына қарамастан Орал облыстық қырғыз бөлігінде Облыстық ұлттық үкімет «Ойыл уәлаяты» құрылған кезде, халық мені үкімет мүшелігіне емес, ақсақалдар кеңесінің мүшесі етіп сайлаған болатын, бұл кеңес «Ойыл уәлаяты» үкіметі шешімімен 3-4 айдан соң таратылған болатын. Содан кейін мен Алаш-Орда үкіметінің басқару органы қызметінде жасаған жоқпын.

Яғни, 3 ай ғана ақсақалдар кеңесінде мүше болуым осындай ауыр жазаға негізгі себеп бола ма?» - деп жазылған.

Мұрағаттан алынған мәлімет бойынша Салық Омаровтың отбасы мүшелері:

1. Салық Омаров;
2. Ханифа Омарова;
3. Жамал Омарова;
4. Райхан Омарова;
5. Сапар Омаров;
6. Халет Салықов;
7. Құралай Салықова;
8. Хатима Салықова [13].

Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған 1928 жылғы байларды тәркілеуге қатысты құжаттары ішінде Салық Омаровтың КСРО халық комиссарлар кеңесіне жазған мал мүлкін тәркілеуге қарсы өтініш арызы бойынша ол өзінің Сырым батырдың ұрпағы екендігін, мал санының Үкімет бекіткен декреттегі көрсетілген мөлшерден аспайтындығын жазады. Соған қарамастан, 1928 жылы 20 қыркүйектегі тәркілеу органдарының мәлімдемесінде Өлеңті болысының №1 ауылында тұратын Салық Омаровтың мал мүлкінің тәркілеуге алынып, өзі отбасымен 15 күннің ішінде жер аударылатындығы туралы ескерту берілгенін хабарлайды [13, 657 п].

Кейбір деректер бойынша кейіннен Салық Омаров Жаһанша Досмұхамедовтің көмегімен елге қарай жақын жерге-Орынборға келіп қоныстанып, 1934 жылы 66 жасында Сорочинск ауданы «Революционер» кеңшарында қайтыс болды [6] деп айтылады. Ал 2008 жылы жарық көрген «Алаш қозғалысы» («Алаш» қозғалысы. –Алматы, 2008) энциклопедиялық жинағында [4] 1928 жылы мал мүлкі тәркіленгеннен кейін, отбасымен бірге жер аударылып, ол жақты шаруашылықпен айналысып, елдің зор құрметіне бөленген деп жазылады. Ал 1937 жылы (1938 жыл деген де дерек бар) Жетісудан Челябинге он жылға жер аударылып, 1941 жылы сонда қайтыс болды делінген [3].

Осылайша, Алаш қайраткерлеріне Бүкілресейлік Орталық Атқару комитетінің 1919 жылғы 4 сәуірдегі және 1920 жылғы 15 сәуірдегі шешімімен амнистия жарияланса да, Кеңес үкіметі күшіне мінгеннен кейін, олардың өткенін ешуақытта ұмыта да, кешіре де алған жоқ. Түрлі әдіспен бүркеленген қудалау ақыры, Алаш зиялыларын жаппай қырғынға ұшыратты. Бұл зобалаңнан аман қалған саусақпен санарлық зиялы қазақ, өмірлерінің соңына дейін Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитеті назарынан тыс қалмады. Ал атылғандардың үрім-бұтақтары да соңғыларының кебін киді.

3. Салық Омаровтың ұрпақтары. Иманғалиев Салке 1907 жылы дүниеге келген. Ата-анасы Қаратөбе ауданы бұрынғы Батпақкөл ауылында Үшана елді мекенінде кедей- шаруа күйінде өмір сүрген. Ағасы Қитаров Ақкерейдің қолында бастауыш білім алған. 1930-32 жылдары Оралда педтехникумда оқыған. Оны бітірсімен Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қызыл жар мектебінде оқытушы, оқу ісінің меңгерушісі және мектеп-интернаттың директоры қызметін атқарған [6, 45 б.].

1937 жылы Сырым Датовтың шөбересі- Омардың Салығының қызына үйленді, кедей кедейлерді қолдамайсың, әлеуметтік қауіптілер қатарына жатасың, советке қарсы үгіт жүргіздің деген айып тағып, "халық жауы" аталып 8 жылға сотталды. Осы айдаудан 1946 жылдың басында аман-есен елге оралды, Октябрь 8 жылдық Қарақоға орта мектертерінде орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі болды. Мектептің ішкі және түрліше сыртқы жұмыстарына қызу араласты. 1949-1953 жылы Оралдың пединститутын сырттай оқып бітіріп орыс әдебиеті мен тілі мамандығын алды. 1958 жылдың 28 қаңтарында "Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері" белгісімен марапатталды.

БҰМУ Хабаршы №3-2018ж.

1955 жылдың 19 наурызында СССР Жоғарғы Сотының ұйғаруы бойынша 1937 ж. 6 желтоқсанда Сәлекені халық жауы деп шешкен соттың үкімі заңсыз деп табылып, іс толығымен қысқартылып, жойылып, жазықсыз жанның ақталғаны туралы КСРО Прокуратурасы өзінің №13/10/96195-40 хаты арқылы хабарлады.

Денсаулығының нашарлауына байланысты берген арызы бойынша 1966 жылдың 26 қыркүйегінде мұғалімдік қызметінен босатылды. Дегенмен қарап отырып қалған жоқ: Қалдығайты кеңашарында жеңіл –желпі қызмет істеді-1975 жылға дейін. 1991 жылдың басында ауылдық төңіректен қаттыжарақат алып, толық айығып кете алмай, сол жылы маусымның 9 жұлдызында дүниеден өтті. Өзі көп жылдар қызмет атқарып тұрған жері –Қалдығайтыда жерленді. Басында балалары қойған белгісі бар.

Қорытынды. Сырымдай батырды дүниеге әкелген қасиетті Сырым-Жымпиты елі көпті көрген, ғасырлар бойы тарихи оқиғалардың куәсі болған көне өңір. Сырым елінің тарихы Мәңгілік Қазақ елі тарихының жәй ғана бір бөлігі емес – маңыздылығы және аса күрделі оқиғаларға, сол сияқты даңқты тарихи қайраткерлер ерлігіне толығымен ерекшеленеді. Оның дәлелі көне дәуірден бастап қазіргі заманға дейін сақталып келген тарихи мәдени ескерткіштері мен хатқа алтын әріппен жазылып қалған осы өңірде туып, осында өніп, артындағы ұрпағының еркін, тәуелсіз қазақ халқының ұрпағына лайықты өмір сүруі үшін қызмет атқарған қайраткерлерінің ішінде – Салық Омаровтың да есімін ерекше атауға лайықты.

Қазіргі кезде Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданының орталығы Жымпиты ауылында Сырым Датұлы бабамыздың 265 жылдығына орай тарихи музей ашылып, күні бүгінге дейін белсенді қызмет атқарып келеді. Бұл ғимарат XIX ғасырдың соңында орыс көпесі Якуб Таракановтың жеке үйі ретінде салынып, 1918-1919 жылдары Күнбатыс Алашорда Үкіметінің штаб – пәтері орналасқан. Алаш қайраткерлері Жаһанша және Халел Досмұхамедовтермен бірге мұнда Салық Омаровта қызмет етіп, ел мүддесіне сай талай маңызды шешімдер шығаруға себепкер болған.

Кезінде заңғар жазушы Әбіш Кекілбаев: «Сырым Датұлы тарих абақтысында көп отырып қалды. Батыр дейтінді тарих туады, ұлт туады! Батырлар еріккеннен тумайды, есіргеннен тумайды, жаны қысылғаннан туады. Сондықтан батырды ғасырлап толғатады. Біздің Сырым бабамызды қазақ халқы екі жарым ғасыр толғатқан екен. Мен үшін Сырым Аттиладан бері жалғасатын, Балқан мен Алтайдан бірақ шығатын, арасы алшақ Тайбурыл шаппаса басқамен жете алмайтын қашық тұрған қадау – қадау үлкен тұлғаның біреуі! Сырыммен қазақ тарихында ұлт-азаттық қозғалыс, қазақ бұрын шұғылданып көрмеген жаңа күрес басталады» - деген болатын. Отарлаушылардың озбыр саясатына қарсы шығып, жерінен айырылып, жайылымсыз қалған, патша әкімшілігінің тонауына әбден титықтаған халықтың наразылығына үн қосып, қарулы күреске шыққандардың қатарында да осы Сырым бабамыздың ұрпағы Салық Омаров бар [17, 145 б].

Ғылыми жұмыстарымызды жүргізу барысында 2016 жылы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жыл сайын өткізілетін дәстүрлі «Студент және ғылым» атты студенттермен магистранттардың ғылыми конференциясына қатынасып, онда Салық Омаровтың ата-шежіресі туралы баяндама жасалды. 2017 жылы 26 мамырда Атырау қаласында Атырау облыстық орталық өлкетану музейінің ұйымдастыруымен «Алаш тағылымы және тәуелсіздік» атты ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатынасып, «Қоғам қайраткері, алашорданың белсенді мүшесі-Салық Омаров» тақырыбында баяндама жасалды. Сол сияқты, Алаш Орданың 100 жылдығына орай Орал қаласындағы Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ұйымдастырған «Алаш орда қозғалысы: қазақ мемлекеттілігі идеясының дамуына ықпалы» атты ғылыми конференцияға қатысып, баяндама оқып, бұлардың барлығы аталған

БҚМУ Хабаршы №3-2018ж.

конференция материалдарының жинақтарында жарияланды. Қолға алған тақырыпта зерттеу жұмысымыз әліде жасалғасын табатын болады. Материалдар жинақтау, М.Өтемісов атындағы БҚМУ әкімшілігінің қолдауымен алдағы 2018 жылы мамыр айында БҚО Сырым ауданындағы Сырым музейіне, ауданның тарихы-мәдени ескерткіш орындарына, облыстың киелі жерлер тізіміне енген тарихи орындары экспедицияға шығу жоспарланған. Осы экспедиция құрамында аталған аумақтарда ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізіп, әлі де тың мағлұматтар табуға үміттіміз.

Қазіргі кезде, БҚО «Жайық Пресс» медиахолдингі ұйымдастырған «Құлпытастар сырын ашайық» атты айдармен ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Бұл холдингінің жұмыстарының нәтижесінде Сырым ұрпақтарының жерленген орындары іздестіріліп, табылды. Атап айтсақ, батырдың туған жері Жетікөл елді-мекенінде Сырымның ұлы Қазының зираты, құлпытасы; Сырымның немересі Омардың бейіті, ұрпағы Ыдырыстың бейіті табылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық тарихымызға, оның ескерткіш-белгілеріне, жет бетіндегі өрнек-іздеріне деген шынайы бетбұрысты, мемлекеттік деңгейде пайым биігін аңғартады. Осы мақсатта әлі де батыр ұрпақтарының соңғы қоныс тепкен мекендері, олардың құлпытастары іздестірілуде.

Халық ел ардақтысын, ел кемеңгерін аузынан тастамай, Сырым ұрпақтары мен біз зерттеу нысаны ретінде алып отырған Салық Омаровтың келбетін әрқашан көз алдында ұстайды!

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2017. – 53 б.
2. Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2010. – 419 б.
3. Алаш. Алашорда энциклопедиясы / Құрастырған Ф.Әнес, С.Смағұлова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 544 б.
4. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы / Жауапты ред. М.Қойгелдиев. 2 том. – Алматы: Алаш, 2005. – 496 б.
5. Ақбай Ж. Сырым елі. – Орал, 2007. – 68 б.
6. Қитаров К.С. Сырым батыр ұрпақтары. – Орал, 2007. – 130 б.
7. Тәж-Мұрат М. Батыс Алаш – Орда. – Алматы: Арыс, 2010. – 345 б.
8. Сулейменова Д. Батыс Алашорда тарихы - өлке тарихының құрамдас бөлігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 136 б.
9. «Екпін» жобасы «Алаш» айдары. – <http://yvision.kz/post/306458/>. Пайдаланған уақыты: 12.03.2016 ж.
10. Төлепберген Б. Мәңгі Жас-Алаш идеясы. – Алматы: Аруна, 2012. – 415 б.
11. Асауов Д. Алашорда үкіметінің толық құрамы. – <https://baq.kz/kk/news/derektekter/alashorda-ukimetinin-tolik-kurami-168/> Пайдаланған уақыты: 21. 02. 2016 ж.
12. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуарлық роман. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1977. – 392 б.
13. Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты // Материалы по конфискации имущества крупных баев Уральского округа. Қор 992, тізбе 5, байлам 2, Іс №5.
14. «Сырым батыр Датұлы» // Қазақ мәдениет қорының Батыс Қазақстан облысының бөлімшесі құжаттары. – Орал, 1992. – 46 б.
15. Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы. – Алматы: Атамұра, 1998. – 360 б.
16. Қитаров Қ. «Сырым батыр ұрпақтары» // Еділ Жайық газеті. – 2006. – 11 тамыз. – №18 (331). – Б. 3-4.
17. Төлепберген Б. Мәңгі Жас-Алаш идеясы. – Алматы: Аруна, 2012. – 415 б.

**Байбулсинова А.С., Сетаева Г.
ДЕЯТЕЛЬ АЛАШОРДЫ, ПОТОМОК С.ДАТУЛЫ –
САЛЫК ОМАРОВ**

В статье говорится о деятеле казахской интеллигенции, о меценате, политическом деятеле, потомке Батыра Сырыма - Салыке Омарове.

Также автор описывает политические изменения в казахской степи, обновления общественного сознания, политической ситуации и делает попытки с помощью исторических источников и архивных документов показать изменения в политической системе того периода.


Ключевые слова: Западное отделение Алаш Орды, потомки Сырыма Датова, партия Алаш, Всеказахский съезд, протокол съездов, Временный народный совет Алаш Орды, деятели Алаш.

**Baibulsinova A.S, Sertaeva G.
ALASHORDA A DESCENDANT OF S.DATULY SALYK OMAROV**


The article deals with the figure of the Kazakh intelligentsia, the philanthropist, politician, the descendant of Batyr Syrym Salyke Omarov.

The author also describes political changes in the Kazakh steppe, renewal of public consciousness, political situation, and makes attempts using historical sources and archival documents and makes attempts through historical sources and archival documents to show changes in the political system of that period.

Keywords: Western branch of the Alash of the Horde, The descendants of Syrym Datov, the Party of Alash, the All-Kazak Congress, the minutes of the congresses, the Provisional People's Council of Alash of the Horde, and the Workers of Alash.



БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ
БИОЛОГИЯ И ЭКОЛОГИЯ
BIOLOGY AND ECOLOGY



УДК [597.6+598.1] (574.1)

Ахмеденов К.М. – кандидат географических наук,
ассоциированный профессор, ЗКГУ им. М.Утемисова

E-mail: kazhmurat78@mail.ru

Абуова Р.С. – магистрант Западно-Казахстанского
аграрно-технического университета им. Жангир хана

E-mail: raisa.sabit@mail.ru

Назарова Г.А. – магистрант ЗКГУ им. М.Утемисова

E-mail: nazarovagulzira96@gmail.com

**ДОПОЛНЕНИЯ К ГЕРПЕТОФАУНЕ ГОРЫ МАЛОЕ БОГДО И ЕГО
ОКРЕСТНОСТЕЙ**

***Аннотация.** По результатам исследований, проведенных в 2017–2018 гг., герпетофауна района горы Малое Богдо включает четыре вида: зеленая жаба, разноцветная ящурка, каспийский полоз, узорчатый полоз. Зеленая жаба, узорчатый полоз и разноцветная ящурка здесь ранее не отмечались, каспийский полоз занесен в Красную книгу Казахстана. В окрестностях поселка Сайхин Бокейординского района Западно-Казахстанской области отмечено обитание зеленой жабы, степной гадюки, обыкновенного ужа и прыткой ящерицы. В связи с освоением в районе нерудных полезных ископаемых актуально обоснование создания особо охраняемой природной территории «гора Малое Богдо».*

***Ключевые слова:** земноводные, пресмыкающиеся, гора Малое Богдо, зеленая жаба, разноцветная ящурка, каспийский полоз, узорчатый полоз, Красная книга Казахстана, особо охраняемая природная территория.*

***Введение.** Район горы Малое Богдо находится на территории Бокейординского района Западно-Казахстанской области Республики Казахстан в 40 км к северо-востоку от озера Баскунчак и представляет собой солянокупольное поднятие (абсолютная отметка +64 м). Оно состоит из комплекса простирающихся в широтном направлении, невысоких холмов. Длина поднятия – около 3,5 км. Наиболее высокая точка обособлена в виде холма и находится на восточной окраине поднятия. Карст данного поднятия связан с выходом на поверхность карстующихся пород кепрока, представленных сильно дислоцированными, серыми, толстослоистыми, крупно- и среднезернистыми гипсами нижнепермского возраста (P1kg). Гипсы на поверхности выветрены. Карстующиеся гипсы сверху перекрыты верхнепермскими известняками (плотными, светлыми, однородными). Гипсы карстуются природными талодождевыми водами. Подземные воды залегают неглубоко. Карстовый рельеф представлен поверхностными формами: каррами, понорами, воронками и котловинами [1].*

Публикация материалов по герпетофауне данного района началась в середине XIX в. И.Б. Ауэрбах в 1854 г. на горе Малое Богдо добыл змею, которую К.Ф. Кесслер определили, как «*Zamenis Karelini*?», пояснив: «Между змеями, привезенными г. Ауэрбахом, находится одна небольшая, которая была убита им на Малом Богдо и которая по некоторым признакам, подходит к виду, описанному г. академиком Брандтом под названием «*Coluber (Tyria) Karelini*» [2, с. 73]. А.М. Никольский [3, с. 83] приводит название «*Zamenis karelini*» со ссылкой на Кесслера [2] в качестве синонима *Zamenis gemonensis* – названия каспийского (желтобрюхого) полоза.

